Л.И. Вайзман олигофрен балалардың психомоторикаларын қарастыра келе, оның интеллектуалдық пен қимылдық дамуы байланысын анықтады: адам интеллектісі жоғары болған сайын ол қимыл-қозғалыс бұзылыстарының аз болуына септігін тигізді.

Е.В. Шагинян энцефалопатиялы мінез-құлық сипаты тән балалардың психомоторикасын қарастырғанда ол қатты (жиі) психикалық бұзылыстар моторлы артта қалушылыққа себеп болу мүмкіндігін көрсетті.

Н.А. Шарапанов осы қарастырылып жатқан мәселе жөніндегі оның зерттеулері мынадай қорытынды береді: төменгі сынып оқушыларының дыбыс шығару жүйесінің күрделі бұзылысына бірден бір себеп олардағы артикуляциялық моториканың бұзылысы деп айтуға болады.

АҚШ-ғы көптеген педагогтар, психологтар мен физиологтар, ақыл-ой және физикалық қабілеттердің бірлігі, бір-бірімен байланыстылығы теориясын ұстануда. Мұндай позицияны Н.К. Фултон да ұстануда. Ол былай деп жазды: «орталық жүйке жүйесі» тірі ұлпаға айнала отырып – ұйымдасады анатомиялық сегмент шарттарында қалыптаспайды. Ол қимыл-қозғалыс бейнесінде қалыптасады. Адам организмнің алғашқы кездегі ерте дамуы баланың ерте қозғалыс және бұлшық ет реакциялары болып табылады. Ерте балалық шақта ақыл-ой мен физикалық әрекеттер бір-бірімен тығыз байланыста болады. Бұдан туындайтын қорытынды, моторлы іс-әрекет интеллектуалды дамуда маңызды роль ойнайды. [2]

Әдебиеттер

1. [wiki.iteach.kz>images/a/a9](http://wiki.iteach.kz/images/a/a9)
2. Малофеев Н.Н. Специальное образование в меняющемся мире. Европа : Учебное пособие для студентов педагогических вузов.-Москва: Просвещение, 2009.-128с.

Резюме

Между развитием моторики и психики есть взаимодополняющая связь. Этот феномен доказали многие ученые. Поэтому очень важно использование упражнений для развития мелкой и общей моторики для развития детей с ограниченными возможностями.

Summary

Between the motor and mental development have a complementary relationship. This phenomenon is demonstrated by many scholars. Therefore it is very important to use exercise for the development of fine motor skills and overall development of children with disabilities.

**ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР, АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ
НАУКИ О ЗЕМЛЕ, АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ КОМПЛЕКС**

УДК 628.516

Р.О. Жумабаева - к.б.н.,ст.преподаватель, **С. Столбова** - студентка
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

ЗАГРЯЗНЕНИЕ АГРОЦЕНОЗА И ОХРАНА ПОЧВ В ЮКО

Аннотация: Топыратың ластануында химиялық ластану көп орын алады. Ауылшаруашылық пайдаланудағы топырақтардың ауыр металдармен ластануы ерекше қаіпті болып табылады. Мұндай ластанудың түрі әрі қарай судың ластануына әкеледі, себебі токсикалық заттар төмен жатқан топырақасты суларына шайылып түседі. Сонымен қоса ластанған судың булануы арқылы осы зиянды заттар ауаға ұшып, ластану сферасын ұлғайта түседі.

Загрязнение окружающей среды, а именно почв с конца прошлого века до наших дней остается волнующей научную, экономическую, здравоохранную общественность, а также сельскохозяйственную сферу проблемой Южно-Казахстанской области.

Проведенные учеными медиками исследования показали, что уровень загрязнения свинцом почвы города Шымкента превышает предельно допустимые нормы, что ведет к ухудшению здоровья населения [1].

По сообщению КАЗИНФОРМ от 29 мая 2012 года, специализированной природо охранной прокуратурой Южно-Казахстанской области установлен факт загрязнения окружающей среды и земельных ресурсов.

Это произошло вследствие утечки радиоактивного продуктивного раствора на уранодобывающем предприятии ТОО «СП Катко» в Созакском районе ЮКО [3].

Необходимым условием интенсивного развития сельскохозяйственного производства, как отрасли основным средством производства которой является почва, является охрана и бережное ее использование.

Агроценоз, или агроэкосистема, — это сообщество растений, животных, грибов и микроорганизмов, созданное для получения сельскохозяйственной продукции и регулярно поддерживаемое человеком. Примерами таких экосистем, созданных человеком, являются поля, огороды, сады, парки, лесные насаждения, пастбища.

Загрязнение сельхозугодий происходит не только вследствие поступления в почвы химических элементов, сопутствующих удобрениям (рис.1).



Рисунок 1 Источники загрязнения агроценозов

Особенно опасно загрязнение тяжёлыми металлами почв, находящихся в активном сельскохозяйственном использовании. В крупных плодохозяйствах в течение нескольких десятилетий проводится обработка садов медь- и цинксодержащими фунгицидами, что ведёт к загрязнению почв и ставит под сомнение качество выращиваемой в них

По данным экологических сводок, площадь орошаемых земель области за последние годы несколько увеличилась и составляет около 442,3 тыс.га. Из общей площади орошаемых земель подвержены процессам вторичного засоления в различной степени более 191,0 тыс. га (38%).

10,3 млн. га или 87 % территории области занято сельскохозяйственными угодьями, из них 876,4 тыс. га пашни (7,5 %), в том числе 442,3 тыс.га орошаемой (3,8 %), 28,7 тыс.га многолетних насаждений, 142,3 тыс.га сенокосов (1,2 %), 9095,8 тыс.га пастбищ (77,6 %), по данным качественной характеристики земель около 4,4 (37,7 %) млн.га занимают земли сельскохозяйственного назначения; подверженных эрозии, в том числе ветровой - 3,4 млн. га, водной - около 0,6 млн.га.

Снижение плодородия пахотных земель является результатом серьезных нарушений, плодородие черпалось в основном за счет природного гумуса почв.

Несмотря на сложность и долгосрочность решения проблемы охраны и рационального использования почвенных ресурсов Южно-Казахстанской области необходимо ее незамедлительно решать, так как она напрямую связана с социально-экономическим развитием общества [3].

В настоящее время широко используются физические, химические и биологические методы очистки загрязненных почв.

Широкое использование получили физические методы, основанные на использовании электрического тока. Это технологии электрохимической и электрокинетической очистки загрязненных почв [4].

Технологии, основанные на электрохимических методах используются для очистки почвы от хлорированных углеводородов, фенолов и нефтепродуктов и обеззараживания грунта и почвы.

Метод очистки загрязненных почв фитозэкстракцией заключается в выращивании на загрязненных почвах растений. Наиболее эффективен этот метод для очистки почв от никеля, цинка и меди. Загрязняющие вещества аккумулируются в корневой системе и в надземной части растений. Для достижения гигиенических нормативов концентраций вредных веществ в почве необходимо несколько циклов роста культур. После сжигают, пепел складывается на полигоне опасных отходов, но объем золы значительно меньше объема загрязненной почвы.

Эффективен биологический метод очистки почв, который заключается в направленной активизации почвенной микрофлоры, внесении микробных препаратов, разлагающих нефть, а также фиторемедиации — снижении загрязнения почвы, основанного на стимуляции естественного почвенного сообщества нефтеокисляющих микроорганизмов в результате их тесного взаимодействия с толерантными к нефти растениями [4].

Успешное решение многих теоретических, практических и методических проблем детоксикации загрязненных почв невозможно без знания 4 региональных и локальных закономерностей пространственного варьирования тяжелых металлов в почвах агротехногенных ландшафтов, провинциально-генетических особенностей формирования устойчивости почв к техногенным воздействиям, основных закономерностей и механизмов взаимодействия металлов с разными компонентами почв, трансформации образующихся соединений, их миграции в сопредельные среды.

Ордена Трудового Красного Знамени Казахский научно-исследовательский институт почвоведения и агрохимии имени У.У.Успанова — является ведущим учреждением в республике, занимающийся фундаментальными и прикладными исследованиями в области почвенной и агрохимической науки.

Ведущим научным учреждением, координирующим научные исследования по изучению почв Казахстана планируется долгосрочное развитие Института базируется на приоритетах страны: «Стратегия — Казахстан 2050», где предусмотрены меры устойчивого развития аграрного сектора, в частности совершенствовании существующих и разработка новых агротехнологий возделывания культур на основе сохранения и воспроизводства плодородия почв.

Учеными разработаны и внедряются: наноагрономелиоративные приемы повышения плодородия почв и продуктивности сельскохозяйственных культур, с использованием препаратов-адаптогенов ПА-2; ККМ-1 (39 модификаций) для зерновых, зернобобовых, овощных, плодово-ягодных культур; мероприятия по оздоровлению пашни от загрязнения тяжелыми металлами; приемы освоения, повышения плодородия почв, вышедших из сельскохозяйственного оборота неиспользуемых и низко продуктивных почв; эффективные способы получения биоминеральных и биоорганических удобрений и приемы их применения.

Литература

1. Ширинова М.К.,Кулбалиева Ж.Ж. Анализ и гигиеническая оценка загрязнения свинцом почвы города Шымкента и его влияние на детский организм [Текст]//Новые задачи современной медицины: материалы III междунар. науч.конф. (г.Санкт-Петербург, декабрь 2014г.).-СПб.:Заневская площадь,2014.-С.88-90.
2. [Никитина Т.](http://inform.kz/rus/article/2467650), inform.kz/rus/article/2467650 29 Мая 2012г.
3. Экологическая обстановка Южно-Казахстанской области. knowledge. allbest.ru/ecology /3c0b65. Дата добавления 14.04.2011.
4. Абсеитов Е.Т., Амралин А.У.Эффективность биологического метода очистки почв.КазАгротехУниверситет им.С.Сейфуллина, РГП «Центральная лаборатория биоконтроля, сертификации предклинических испытаний», КН МОН РК.

Summary

Summary Pollution of the soil includes pollution by materials, generally химичес Kimi substances. Pollution is especially dangerous by heavy metals of the soils which are in active agricultural use. Pollution of the soil leads to water pollution since toxic chemicals are washed away in ground waters, and also air, letting out volatile compounds in the atmosphere

Р.О. Жумабаева - б.ғ.к., аға оқытушы, Г. Сейитқазы - аға оқытушы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ОҢТҮСТІК ТАУЛАРЫНДА ЖЕМІСТІЛЕРДІҢ ТАРАЛУЫ

Жер бетінде жабайы алманың 50-ге жуық түрі өседі екен. Соның үшеуі осы Жетісу өлкесінен табылатын көрінеді. Оларды: Сиверс, Недзвецкий және Қырғыз (Қырғызорум) түрлері деп атайды. Жалпы, жабайы алмаларды алғаш зерттеп, жер-жаһанға жария еткен ғалымдардың есімдеріне деген құрмет. Тек соңғысына, Қырғыз (Қырғызорум) деп аталатын түріне – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, биология ғылымдарының докторы Аймақ Жанғалиевтің өзі ат қойған деседі [1].

Қазақстан таулары өзінің табиғаты бойынша аса ірі болған жабайы жемісті өсімдіктер эволюциясының нағыз таптырмайтын ошағы болып табылады. Мұнда 30 туысқа және 13 тұқымдасқа жататын 130 түр өседі. Олардың арасында реликтілік өсімдіктер, көне ландшафттардың эндемдық түрі және фрагменттері – алмалар, өріктер, жаңғақтар, пісте ағаштары бар. Қазақстанның жабайы жемісті агробиологиялық әртүрлілігінің айрықша маңыздылығы белгілі, ол Орталық Азия мәдени өсімдіктерінің гендік орталығының солтүстік шекарасы болып саналады. Мұнда ауыл шаруашылығының ыстыққа да, суыққа да төзімді генетикалық ресурстары жинақталған (Суреттер 1-3). Мұндай қабілеттер культиварлардың генетикалық эрозиясын жеңуге бағытталған әлемдік селекциялық процесс үшін өте қажетті болып табылады.


Бүгінгі таңда республикамыздың жабайы жемістерінің генетикалық ресурстары жемісті дақылдардың селекциясы үшін тұрақты гендерінің әлемдік қайнаркөзі болып есептеледі.



Сурет 1 Сиверс
алмасының піскен жемістері



Сурет 2 Бадам өсімдігінің
аршалы ормандарда мекендеуі



Сурет 3 Бадам өсімдігінің
толық гүлдеу кезеңі

Шие. Ботаникалық тегі бойынша 250 түрді біріктіреді. Бұрынғы ССРО-да 60-қа жуық түрі бар. Шие өте кең таралған өсімдік, басқа сүйектілер тобының ішінде ең тезімді дақыл. Негізгі өндірістік өнім беретін аймақтар: Украина, Белорусь, Солтүстік Кавказ, Ресей. Қазақстанда шие барлық аймақта есіріледі де, бірақ өндірістік түрі аз таралған. Шие бірыңғай өнімділігіне байланысты көп қолданылатын жеміс болғандықтан жаңа піскен күйінде де, қайта өңделген күйінде де өте бағалы.

Итмұрын жер шарының қоңыржай және субтропикалық аймақтарының барлық жерлерінде өседі. 500-ге жуық түрі бар. Табиғатта таулы-тасты жерлерде, беткейлерде, орман да, су жағалауында өседі. Табиғи түрі Қазақстанның барлық тау бөктерлерінде өседі. Ит мұрынның екпе түрлерінің барлығын дерлік раушан (роза) деп атайды. Халық арасында итмұрынның «жабайы раушан» деген атауы кеңінен қолданылады (суреттер 4,5).



Сурет.4 Шие
өсімдігінің гүлдеуі



Сурет 5 Итмұрын жемістерінің пісу кезеңі



Дара алмалы ормандар – әлемдегі жалғыз ғана – алманың пайда болуының гендік орталығы. Сиверс алмалары – *Malus sieversii* (Ledeb.) M.Roem., қазақстандық жемісті ормандардың аборигены болып, *Malus x domestica* алмасының негізін салушы тұқым ретінде құрметке ие болған. Жер шарының мәдени өріктерінің барлығы да Тянь-Шань тауының жабайы өрігінің ізін жалғастырушылар болып саналады.

Жабайы алманың Сиверс алмасы (*Malus sieversii*), Недзвецкий алмасы (*Malus niedzwetzkyana*) Қазақстанның оңтүстік-шығысының таулы аудандарында (Тарбағатай, Жоңғар, Іле, талас Алатауы, Қаратау) және Тянь-Шань тауларының батыс бөлігінде Ақсу-Жабағлы қорығының аймағында кездеседі. Жабайы алманың бұл түрі Қазақстанға жақын Орта Азия мен Батыс Қытай тауларында да өседі [2].

Сиверс алмасының полиморфизм яғни көп формаға ие болу қасиеті болғандықтан селекциялық жұмыстарда алманың жаңа сорттарын шығаруда болашағы үлкен. Тек Алатау бөктерінде оның 500 формасы өсетіндігі анықталды. Құрамы глюкозаға, фруктоза мен сахарозаға, органикалық қышқылдар мен пектиндерге бай Сиверс алмасынан алынған дәмі қышқылтым- тәтті шырыны қант диабетімен ауырған адамның ағзалары мен ұлпаларын тез қоректендіріп, бауырының жұмысын жеңілдетеді және дәріханалық инсулинге салыстырғанда әсері жоғары екендігін қазіргі медицина анықтап отыр.

Жоңғар-Алатауы ұлттық паркі аумағында 2007 жылдан бастап Сиверс алмасының екпе көшеттерін отырғызу қолға алынды. Өгем филиалында 5 гектар жерге 6х6 (м) схемасымен 1400 дана, ал 2009 жылы 4 гектар жерге көрсетілген схемасымен 1008 дана профессор А. Жанғалиевтың басшылығымен іріктеп алынып, орман тұқымбағында өсірілген «Асқар», «Зайлийское осеннеплодное», «Зайлисийское летнее», «Ася», «Джунгарское» деген Сиверс алмасының клондарының көшеттері отырғызылды. Олардың өсіп - дамуына фенологиялық бақылау жүргізілуде. Олардың дамуы мен өсуі жөнінде биометриялық өлшеу жұмыстары жүргізілуде, алынған деректер талдануда. Қазіргі таңда, 2012-2016 жылдарға арналған перспективалық тақырыптық жоспарға сәйкес Сиверс алмасының плантациясын жасау жөніндегі ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады [1].

Академик И.О.Байтулин (1987) бағалы сирек өсімдіктерді питомниктерде өсіріп, олардың гендік қорын екпелерде жинақтау- бұл өсімдіктерді сақтауға ықпалы зор деген. Алматы облысы аймағындағы резерваттың жалпы аумағы 559,9 га. құрайды. Соның ішінде Жоңғар-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи парк аймағында - 360 га, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи саябақ аймағында - 199,9 га тигізеді және үлкен шаруашылық маңызы бар екендігін атап көрсеткен болатын [3].

Біздің зерттеулерімізде Ақсу-Жабағлы қорығы аймағында өсетін жабайы алманың Сиверс және Недзвецкий түрлеріне фенологиялық бақылаулар жүргізілді. Мәліметтер бойынша Сиверс және Недзвецкий алма түрлерінің даму барысы туралы анықтамалар алынды (1-кесте).

Кесте1. Жабайы алманың Сиверс және Недзвецкий түрлерінің өсіп-дамуы көрсеткіштері.

Жабайы алманың түрлері	Бүршіктің ашылуы		жапырактануы		Гүлдеуі		Жемістің кезеңі	
	басталуы	соңы	басталуы	соңы	басталуы	соңы	басталуы	соңы
Сиверс	17.04	26.04	20.04	29.04	26.04	4.05	14.09	29.09
Недзвецкий	18.04	25.04	21.04	30.04	27.04	4.05	15.09	30.09

Сайрам, Өгем МҮТП-і құрылған 2006 жылдан бастап Сиверс алмасының гендік қорын сақтауға ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл ағаш ұлттық парк аумағының Көкбұлақ, Даубаба, Машат, Сайрамсу, Өгем, Келес, Бақшөлпек учаскелерінде таралған.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің 06.05.2011 ж. №138 бұйрығымен бұл объектілер селекциялық-генетикалық маңызды объектілер тізіміне енгізілді. Осы объектілерді-генетикалық резерваттарды ұстаудың негізгі шарты олардың табиғи

тепе-теңдігін бұзатын барлық шаруашылық қызметтерімен айналысуға тыйым салынуы болып табылады. Іле Алатауы мен Жоңғар Алатауы ұлттық табиғи паркітерінің ғылыми бөлімдерінің күшімен мұнда ғылыми жұмыстар және олардың экологиялық жай-күйіне мониторинг ұйымдастырылатын болады [2].

Сонымен, жеміс-жидек дақылдары шығу тектеріне, жемісінің құрылысына, биологиялық және өндірістік ерекшеліктеріне қарай 6 топқа бөлінеді. Олар: шекілдеуікті (семечковые), сүйекті, жидекті, жаңғақты, субтропикалық және тропикалық.

Жабайы алманың Қазақстанда кездесетін негізгі сорттары Сиверс, Недзвецкий, Қырғыз алмалары. Жеміс көшеттерін отырғызудың қолайлы нұсқасы- тік бұрышты етіп және қатарлап егу ұсынылады. Әдістемеде көшеттерге жарық түсу үшін қатарларын солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытта егу тиімді. Жабайы жемістердің зерттелген топтары шекілдеуіктілер мен сүйектілер, жидектер үшін көшет отырғызудың схемалары ұсынылған.

Қазақстанда сүйектілер тобына жататын өсімдіктерді негізінен шие, алхоры, өрік, шабдалы құрайды. Бұл жидектер 13,8 мың гектар жерді алып жатыр немесе барлық жеміс-жидек дақылдары егістігінің 8,6%-ын құрайды.

Әдебиеттер

1. Джангалиев А.Д. Дикая яблоня Казахстана. Алма-Ата. 1977. Б-294
2. Аралбасв Н. и др., 2002. Государственный кадастр растений Южно-Казахстанской области. Кн. 1. Конспект видов высших сосудистых растений. Изд. Ғылым, Алматы, стр. 72-73
3. Аралбасв Н. и др., 2002. Государственный кадастр растений Южно-Казахстанской области. Кн. Красная книга. Дикорастущие редкие исчезающие виды растений. Изд. Ғылым, Алматы, стр. 26-31.
4. Ивашенко А.А. Список высших растений заповедника Аксу-Джабаглы. Мониторинг биологического разнообразия заповедника Аксу-Джабаглы. | Алматы, 2002. -С. 116- 142.

УДК 595.76

Р.О. Жумабаева - б.ғ.к., аға оқытушы, П.Сапарбекова- оқытушы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан


ЖЫЛЫЖАЙДАҒЫ КӨКӨНІС КӨШЕТТЕРІНІҢ ӨНДІРІСІ

Ерте пісетін көкөністер өндірісін ұлғайту үшін синтетикалық пленкалар қолданудың зор маңызы бар. Ерте пісетін көкөністерді өсіретін үлкен пленкалар қолданудың қарапайым, әрі арзан тәсілі-әр түрлі типтегі шағын габаритті пленкалық жаппалар болып табылады.

Көшеттік әдіс өнімнің 20-30 тәулік ертерек пісуіне; тіршілік кезеңі, жылу сүйгіш дақылдарды солтүстік аудандарда өсіруге; өскіндер мен күш алмаған жас өсімдіктерді аурулар мен зиянкестерден қорғауды жақсы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Одан басқа, көшеттік әдісте тұқымның шығынын 5-6 есе кемітуге болады, өскіндерді сиретудің қажеттілігі тумады, қабыршақ пен арамшөптермен күресу жеңілдейді [1].

Қысқы жылыжайларда желтоқсан — қаңтарда көшетті қосымша жарық беріп және алшақ орналастырып өсіреді. Алшақ орналастыру - көшеттерді кеңірек орналастыру - жарықтану жағдайын жақсартады. Көшеттерді жазғы -күзгі айналым үшін табиғи жарықта өсіреді.

Қысқы айларда көшеттерді қосымша жарықтандыру бірінші өнімді 15-20 тәулік бұрын жинауға мүмкіндік береді және жалпы түсімді 20-30 % арттырады (сурет 1).



Сурет1 Өсімдікке қажетті жарықтың спектрлік талдауы

Қазіргі таңда әртүрлі типтегі топырақ қорғау құрылғыларында қолднылатын қосымша жарық құралдарың жаңа лектері өндірістерге енгізілуде, мысалы Артледс компаниясы жарықдиодты технологиялар облысында маманданған және осы орайда теориялық негіздерге сүйенеді. Олардың меншікті өндірісі өсімдікке жарықтың өсімдікке қажетті спектрлік талдаумен сүйемелденеді. Осылайша, өсімдікке көк және қызыл, азғана сарғыш-жасыл жарық, инфрақызыл және ультракүлгін сәулелену керек. Ертеде жылыжай өндірісінде жарықберуші лампалар бірнеше үйлестірілген жарықдиодтарды жинақтау қиындықтармен шешілетін еді. Ендігіде компания қызметкерлері жасалған жаңа технологияларын УСКИ атты люминофор түрінде жасаған. Бұл құрылғы көк жарықты 17%, қызыл спектрлі жарық 65% және сарғыш-жасыл-10%, ал қалғаны инфрақызыл және ультракүлгін спектрлерге келеді [5].

Көшеттерді өсіруде суғару жұмысын аз жүргізу керек, өйткені көп суғарса өсімдіктің өсуі жылдамдап, жапырақ пен сабақтың құрылымы борпылдақ келеді. Көшіріп отырғызу кезінде мұндай көшеттер көп ауырады және ұзақ уақыт калпына келмейді

Өскіндер пайда болғанға дейін күнде кешкі уақытта (4-5 л/м²) суғарып отыру қажет. Өскіндер пайда болғаннан соң 3-4 күн сайын жеткілікті түрде суғарады. Суғару жұмысын кешке қарай көшетханалар мен жылыжайларда ауа құрғақ болуы үшін ертеңгі уақытта жүргізген өте тиімді [2].

Көшеттерді көшіріп отырғызуға дейінгі 5-7 күн ішінде өсімдікті шынықтырады және өсімдіктің солуының алғашқы белгілері пайда болғанша суғару жұмысын тежейді, ылғалдылықты 60-65% деңгейде ұстап отырады.

Көшеттер үшін топырақтың тиімді ылғалдылығы (% ДС) төмендегідей болуы керек (кесте1).

Кесте1. Көшет бөліміндегі топырақ ылғалдылығы (Щепетков Н.бойынша)

Көшеттер	Орамжапырақ	Қызанақ
Әрбір суғарудан кейін	90+5	80±5
Әрбір суғарудың алдында	60+5	60 ±5
Шынықтыру кезінде	65±5	60±5
Отырғызатын күні	90±5	85±5

Ауаның ылғалдылығы желдету арқылы реттеледі. Ауаның және температураның төмендетілуінен басқа ауа қозғалысы көшеттердің тіндеріне механикалық, беріктілік пен серпімділік береді.

Өсімдікті желдету дәрежесінің әсері әр түрлі болып келеді: орамжапырақтың көптеген түрлеріне өте күшті желдету қажет; сәл әлсіздеуі - гүлді орамжапырақ мен кольрабиге, үрмебұршаққа және қызылшаға; орташа желдету - саумалдыққа, барлық асқабақ дақылдарына және бұрыш пен бөрікгүл үшін қажет.

Шынықтыруды көшеттерді ашық жерлерге көшіріп отырғызудың алдында, 10-15 күннің ішінде желдетуді күшейтіп, жарықтандыру арқылы жүргізеді[13].

Көшеттерді булыжайларда және салқын көшетханаларда өсіру технологиясы

Қиярдың көшеттерін өсіру. Қиярдан ерте өнім алу үшін көшеттерін қоректік кубиктарда немесе құмыраларда өсіреді, құмырасыз көшеттер көшіріп отырғызғанды нашар көтереді.

Өне бастаған тұқымдарды екі-екіден кубиктерге отырғызады. Көлемі 6х6х6 см болса, олардың әр қайсысында бір-бірден, ал көлемі 8х8х8 см болса, екі-екіден өсімдік қалдырады. Өскін пайда болғанша булыжайлардың температурасын 23-27°С деңгейінде ұстайды. Өскіндер сарайып кетпеуі үшін 4-5 тәулікте температураны күндіз 19-22°С, түнде 13-15°С-қа дейін төмендетеді[3].

Көшеттерді жылы сумен (22-25°С) суландырады, себебі суық су өсімдіктерді тамыр мойны шірігіне шалдықтырады. Булыжайларды күндіз орташа желдетеді. Ауа ылғалдылығы 85-90 % болуы керек.

Жылу жағдайы жоғары сапалы көшеттерді өсірудің анықтаушы факторы болып табылады. Ашық жерлер үшін өсірілген көшеттердің тиімді температурасы 2-5 °С-тан төмен болмау керек.

Профессор В.А. Брызгалов көшеттік мерзімінің ұзақтығы мен жылуды талап етуіне қарай көкөніс өсімдіктері көшеттерін үш топқа бөледі [4]:

1) төменгі температураны (тиімді 12+4 °С) талап ететін өсімдіктерге ақ қауданды, қызыл қауданды, савой, брюссельдік, пекиндік, гүлді, жапырақты орамжапырақтар, тарна жатады; көшеттік мерзімі 40-60 күн;

2) орташа температураны (16+4 °С) қажет ететін өсімдіктер;

3) А топшасы - көшеттік мерзімі 25-35 күн, оларға қияр, қауын, қарбыз, асқабақ, паттисон, жүгері, үрмебұршақ; Б топшасы - көшеттік мерзімі 45-60 күн, оларға қызанақ, баклажан, бұрыш, физалис дақылдары жатады.

Өсімдіктің жылуға талабы мен көшеттік мерзімінің ұзақтығы қопсытқыш орындардың типін таңдаудың негізгі жағдайы, көшеттерді отырғызу кезіндегі себу мерзімін орнықтыру маңызды болып табылады[2].

Температура әр түрлі болған мерзімде көшеттерді өсірудің талаптары бірдей емес. Осыған сәйкес тұқымды сепкеннен өскіндері пайда болғанға дейін және көшеттерді отырғызудан кейін екпе көшеттерді

тездету кезеңдерінде жоғарғы жылу жағдайын ұстау қажет (кесте 2). Өскіндер пайда болғаннан кейін 4 күн бойы температураны төмендетеді [6].

Кесте 2. Көкөніс дақылдарын өсірудің жылу жағдайы (Нұрғасенов Т.Н.)

Дақыл	Өскіннің пайда болуы	Өскін пайда болғаннан кейінгі 4-7 күнде		Қалған күндерде		Көшеттерді шынықтыру кезінде
		Күндіз	түнде	күндіз	түнде	
Орамжапырақ	18-22	10-12	6-8	14-18	8-10	күндіз 12-14, түнде 5-6
Қызанақ	20-25	12-14	8-12	18-22	8-12	біртіндеп 10-12
Бұрыш	22-26	18-20	16-18	22-25	15-16	14-16
Баклажан	24-28	18-20	16-18	22-25	15-16	14-16
Қияр	27-30	15-18	15-18	20-26	15-18	17-19
Пияз	15-22	8-10	6-8	16-18	6-8	4-6

Өскіндердің пайда болу мерзімінде температураның төмендеуі жер астындағы өсуін тежейді, бірақ тамырлар төменгі температураны талап ететіндіктен тамыр жүйесінің дамуына кедергі жасайды. Сондықтан өскіндердің пайда болу мерзімінде, температураның төмендеуінен кейін жас өсімдіктің тамыр жүйесінің жерасты бөлігінде өсуінің арта түсуіне мүмкіншілік туады. Кейіннен температураны жоғарғы деңгейде ұстайды, күндіз тұқымның өсуі кезіндегі шамада, ал бұлтты күндерде және түнде төмендетеді [4].

Сонымен, қысқы жылыжайларда желтоқсан — қаңтарда көшетті қосымша жарық беріп және алшақ орналастырып өсіреді. Алшақ орналастыру - көшеттерді кеңірек орналастыру - жарықтану жағдайын жақсартады. Көшеттерді жазғы -күзгі айналым үшін табиғи жарықта өсіреді. Қысқы айларда көшеттерді қосымша жарықтандыру бірінші өнімді 15-20 тәулік бұрын жинауға мүмкіндік береді және жалпы түсімді 20-30 % арттырады.

Ашық жерге отырғызар алдында көшет шынығуы керек. Шынықтыруды көшеттерді іріктеуге 10-12 тәулік қалғанда бастайды. Ол үшін булыжайлардың кәсектерін алғашқыда бір күнге, сосын, егер түнде үсік болмайтыны белгілі болса, онда түнде де ашық қалдырады. Көшіріп отырғызардың алдындағы 3-4 тәулікте көшеттерді жаппайды. Көшетті көшіріп отырғызарда алдындағы күні көл-көсір етіп суарады, суаруды өсімдікті іріктер алдында 2-3 сағат бұрын қайталайды. Көшеттердің тамырына зиян келтірмес үшін, оларды топырақ кесегімен алуға тырысады.

Әдебиетер

1. Н.Щепетков, М.Ысқаков. Жеміс-көкөніс шаруашылығы // Алматы 2011ж. 169-175бет.
2. А. Ө.Өтешқалиев. Көкөніс өсіру технологиясы // Алматы, «Білім» баспасы, 2008.-192 б.
3. Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы өндірісін өркендету жүйесі. Алматы. Бастау баспасы. 2006. 431-б
4. Юсупов М., Петров Е., Ахметова Ф. Овощеводство Казахстана, Алматы, 2000. 147 б. artleds.ru
5. Нұрғасенов Т.Н., Қалиев Ә.Н, Сүлейменова С.Е, Асқанбаев С.С. «Өсімдіктер селекциясы және тұқым шаруашылығы негіздері». Астана. 2007ж. 260 б.

Резюме

Выращивание рассады в защищенном грунте важная отрасль тепличного производства. Это направление на данном этапе претерпевает определенный подъем в своем развитии. Успешно подобранные технологии могут обеспечить существенную 20-30 % прибавку к продукции. Инновационные приемы и принципиально новые оборудования и приборы, обеспечивающие высокотехнологичную атмосферу вокруг растения.

Summary

Cultivation of seedling in the protected soil important branch of hothouse production. This direction at this stage undergoes a certain rise in the development. Successfully picked up technologies can provide essential 20-30% an increase to production. Innovative receptions both essentially new the equipment and the devices providing the hi-tech atmosphere around a plant.

Р.О. Жумабаева- к.б.н.,ст.преподаватель, **С. Полякова**-студентка
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

БИОЛОГИЯ И РАСПРОСТРАНЕНИЕ КОЛОРАДСКОГО ЖУКА В КАЗАХСТАНЕ

В Программе «Агробизнес-2020» предусмотрены направления развития Агропромышленного комплекса республики (АПК). В целях обеспечения фитосанитарной безопасности необходимо своевременное проведение мониторинга за развитием и распространением особо опасных и вредных организмов, составление прогноза их распространения с применением современного оборудования, определение координат их распространения для проведения мероприятий по локализации и ликвидации очагов распространения карантинных вредных организмов и по борьбе с вредными и особо опасными организмами [1].

Основным индикативным показателем, характеризующим ожидаемое изменение фитосанитарного благополучия страны, являются показатель площади распространения особо опасных вредных организмов, площадь проведения химических обработок и ее эффективность.

В «...Программе» также указывается, что при ежегодном повышении эффективности химических обработок на 0,2% коэффициент угрозы распространения карантинных и особо опасных вредных организмов к 2020 году составит 0,88 (табл.1).

Таблица 1. Целевые показатели по развитию системы фитосанитарной безопасности

№ п/п	Наименование показателя	Годы реализации							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Коэффициент угрозы распространения карантинных и особо опасных вредных организмов (0,88)	1,02	1,00	0,98	0,96	0,94	0,92	0,90	0,88

За последние годы в Казахстане стал широко распространяться и наносить большие опустошения опасный вредитель картофеля – колорадский жук. Что интересно, до середины 80-х годов республика была практически свободна от этого вредителя, он считался объектом внешнего карантина. Главный путь проникновения колорадского жука на территорию республики – это ввоз картофеля из районов, зараженных вредителем. В 80-е годы, как известно, картофель к нам завозили отовсюду. И вот в 1990–1991 гг. колорадский жук вызвал настоящую панику среди некоторых производителей и особенно среди садоводов-любителей [2].

Выедая ассимиляционную ткань листьев т.е. продуктивную часть всего растения, колорадский жук резко снижает урожай картофеля или даже уничтожает его полностью. Кроме картофеля повреждает и другие культуры из семейства пасленовых: томаты, баклажаны, перец, табак, а также дикорастущие пасленовые.

В зависимости от температуры, [личинки](#) выводятся из яиц через 5—17 дней. У них выделяют четыре возраста, разделённых [линьками](#). Личинки 1-го возраста выгрызают мякоть листа снизу, со 2-го — уничтожают всю мякоть, оставляя только толстые срединные жилки. В 1-м и 2-м возрасте личинки остаются «выводками» на верхушках побегов; в 3-ем и 4-м разбредаются, часто переходя на соседние растения (рис.1). Личинки питаются очень интенсивно и уже через 2—3 недели зарываются в почву для окукливания. Глубина, на которую личинки при этом уходят, обычно не превышает 10 см. [Куколка](#) под землёй образуется через 10—20 дней, в зависимости от температуры почвы, взрослая особь либо выползает на поверхность, либо впадает в диапаузу до следующей весны.

Только что вылупившиеся жуки выделяются ярко-оранжевым цветом и имеют мягкие покровы. Спустя несколько часов они темнеют, становясь коричневыми с розовым оттенком, и вскоре приобретают обычную окраску.



Рис.1 На одном растении иногда встречается несколько фаз развития колорадского жука.

Чтобы эффективно бороться с вредителем необходимо знать его биологию, происхождение, естественных врагов. Как подсказывает название жука, он завезен извне. Первые серьёзные повреждения картофеля колорадским жуком были отмечены в [1855 году](#) в штате [Небраска](#), однако своё название он получил после того, как в [1859 году](#) появился на картофельных полях штата [Колорадо](#). Несмотря на все меры предосторожности, новый вредитель быстро распространился по [Северной Америке](#), а в [1876—1877 годах](#) с грузами на пароходах пересёк [Атлантический океан](#) и впервые появился в Европе, в окрестностях [Лейпцига](#) [3] (Рис.2,3).



Рис.2 Расселение колорадского жука в США и Канаде во второй половине XIX века (1859—1876)¹




Рис.3 Расселение колорадского жука в Европе в 1921—1964 годах

Борьба с колорадским жуком должна состоять из комплекса мероприятий: агротехнических, механических, химических методов борьбы.

Из агротехнических методов борьбы уменьшению численности вредителя в его вредоносности способствуют такие приемы, как перепашка и культивация, внесение комплекса удобрений, соблюдение севооборота, своевременные поливы, рыхление, окучивание, скашивание ботвы перед уборкой и др.

Механические методы борьбы в основном приемлемы на приусадебных и дачных участках. Проводят глубокую весеннюю и осеннюю перекопку почвы со сбором и уничтожением встречающихся жуков. Отлов жуков на пищевые приманки, для чего весной до появления всходов и осенью после отмирания ботвы кусочки клубней раскладывают на поверхность почвы и ежедневно их просматривают. С появлением всходов картофеля проводят систематический ручной сбор жуков, яйцекладок и личинок.

Из химических средств борьбы на посадках картофеля рекомендуется применять один из следующих препаратов: каратэ, с нормой расхода 0,1 л/га, кинмикс (0,2 л/га), конфидор (0,05 л/га), суми-альфу (0,15 л/га), фастак (0,1 л/га), шерпу (0,1 л/га), дурсбан (1,5 л/га) и др[2].

Химобработку следует проводить при заселении личинками вредителя 5—7% кустов картофеля.

Поскольку жук сильно реагирует на запах, можно картофель сажать совместно с другой «сильнопахнущей» культурой, например — [бораго](#). При совместной посадке, картофельные кусты остаются на 95 % целыми. Вместо бораго можно использовать: [календулу](#), [бобы](#), [фасоль](#), яровой [чеснок](#) — высаживать вокруг посадок картофеля или в его междурядьях. Сильно не нравятся жуку: суточный настой [полыни горькой](#), [чистотела](#), отходов [лука](#), отвара [одуванчика](#), [хвоща](#), можно использовать смесь из свежих [березово-еловых](#) опилок (посыпать раз в 2 недели листву и между кустами).

Литература

1. ПРОГРАММА ПОРАЗВИТИЮ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН на 2013-2020 годы (Агробизнес-2020)
2. М.Исин, Караван от 02.11.2007г.
3. ru.rfwiki.org/wiki/Колорадский_жук

Түйін

(*Leptinotarsa decemlineata*) Колорадо қоңызы (*Chrysomelidae*) тұқымдасының нағыз жапырақ жегіш қоңыздарының өкілі болып келе отырып, (*Chrysomelinae*) тұқымдастармағына жатады. Қоңыздың популяциясы аналықтың жоғары өсімталдығына байланысты жылдам өседі; бір ғана ұрықтанған аналық жаңа көп қоңыздар таралатын ошақтың бастамасы бола алады. Колорадо қоңызы бір маусым ішінде бір-бірін жылдам алмастырып келетін әртүрлі даму фазаларынан тұрады, сондықтан өсімдік бойында сырт пішіні-түсі әртүрлі қоңыздарды көруге болады.

summary

The Colorado beetle (*Leptinotarsa decemlineata*) is the representative of family of bugs-listoyedov (*Chrysomelidae* of a subfamily of the real listoyed (*Chrysomelinae*). Population of a bug quickly increases because of high fertility of a female, only one impregnated female can become the foundress of the new center of distribution of bugs. The Colorado beetle has a little quickly the zamenyashchikh of each other of phases of development during the season therefore at the same time on a plant it is possible to see bugs of various appearance.

ӨОЖ 595.25.7

Р.О. Жумабаева - б.ғ.к., аға оқытушы, **Б. Избаева**- оқытушы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ТӘЛІМІ ЖЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДА ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР ТАНАПТАРЫНЫҢ ТОПЫРАҚ ӨНДЕУ ЖҮЙЕСІН ЖАСАУ

Киреев А.Қ пікірінше топырақ өндеудің теориялық негіздеуде бірінші кезекте аймақтың топырақтық және климаттық жағдайы ескерілуі қажет [1].

Топырақ құндылығын сақтау мен арттыру, оларды бақылау әдісін жасау қазіргі кезде жерді өндеуде топырақтың агрофизикалық қасиеттерін оңтайландырумен байланысты. Сондықтан, жер өндеуге объективті заң тұрғысынан қарайтын болсақ, топырақты механикалық өндеу екпе өсімдіктердің өсіп-өнуіне қажетті факторлармен қамтамасыз етуіне жағдай жасауы керек [2].

Қазіргі таңдағы ғаламдық ауа райының жылуын осы мерзім аралығындағы көрсеткіштерді көп жылдық мәліметтермен салыстыру арқылы байқауға болады (кесте 1).

Кесте 1 – Зерттеу жүргізілген 2014—2015 жылдарды көп жылдық орташа ауа райы мәліметтерімен салыстыру

Жылдар	Ауа температурасы, °C				Жауын –шашын мөлшері, мм				Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, %			
	III	IV	V	VI	III	IV	V	VI	III	IV	V	VI
2013	9,8	15,2	20,8	23,8	79,1	42,8	32,6	25,2	69	69	50	39
2014	6,6	16,1	19,4	25,0	72,5	84,1	44,6	5,2	67	71	59	40
2015	12,8	15,1	21,1	26,9	43,0	58,3	22,0	-	55	54	52	32
3 жылдық орташа	9,8	15,5	20,5	25,3	64,9	61,8	30,07	15,2	63,7	64,7	53,7	37
Көп жылдық	5,4	12,8	18,7	23,2	87	78	42	17	69	60	56	43

Тәжірибе жүргізілген шаруашылық Батыс Тянь-Шань тау жүйесінің эфемероидты, қысқа шөпті, жартылай саванналы тау маңында, теңіз деңгейінен 450-500 м биіктікте жатыр. Аймақтың жер бедері Батыс Тянь-Шань тауының маңындағы адырлы бұйратты жазық болып келеді. Еңкіс жазыққа ұласатын жерлердің салыстырмалы биіктігі 10-20 м аралығында ауытқиды [3].

Шаруашылық танаптарының топырағы – кәдімгі оңтүстік сұр топырақ. Топырақ түзуші жыныстары көбіне леес тәрізді саздақ болып келеді. Топырақ қабаттары әлсіз көрінеді. Морфологиялық құрылысы топырақтың қарашірік қабатында орташа қалыңдығымен сипатталады ($A+B=50-60$ см оның ішінде $A=20$ см). Қара шірік қабатының түсі қуаң ашық сұрғылт. Құрылымы бойынша көбіне кесекті қабатты. Қарашірік қабаты төмендеген сайын дәнді немесе кесекті дәнді және тесік (жауын құрттар мен жәндіктер жүргендіктен) құрылысты болады [4].

Тәжірибе жұмыстарына негізі материал етіп дәнді дақылдардың көп таралған түрі күздік бидай алынды. Алғы дақыл - жоңышқа. Далалық тәжірибелер ажыратып жасалған атыздарда жүргізілді (4 рет қайталанды). Бөліну мөлшері: бірінші қатарда 500 м, екіншісі 125 м болады. Тәжірибе танабының жалпы көлемі 1 гектар болды. Зерттеу жұмыстары тәжірибе танабында топырақ өндеудің төрт тәсілін қолдану бойынша жүргізілді.

1-ші тәсіл- топырақты 20-22см тереңдікте аудару.

2-ші тәсіл топырақты 20-22см тереңдікте сыдыра өңдеу.

3-ші тәсіл топырақты 10-12см тереңдікте сыдыра өңдеу.

4-ші тәсіл топырақты өңдемей тікелей себу әдістері.

Нұсқалар 1- бақылау нұсқасы.2-жартылай интенсивті технология (гербицид). 3- Интенсивті технология (гербицид+ тыңайтқыш).

Оңтүстік Қазақстан облысында астық дақылдарының озық технологиямен өсірілетін көптеген сорттары аудандастырылған. Сортты таңдауда оларға қойылатын негізгі талаптар: өнімділігі жоғары, құлап қалуға, ауруларға төзімді, берілген тыңайтқыштар мен химиялық қорғаныс заттарының арқасында мол өнім алатындай болуы шарт. Нақты шаруашылықта күздік бидайдың "Красноводопадская 210", "Стекловидная 24" және "Память 47" (қос жарналы) сорттары өсіріледі[5].

Дақылдың ылғалды қажет етуі алғашқы күндерден ақ басталады. Дән ылғалды сіңіріп ісінгеннен бастап өсе бастайды.Тұқымның ісінуіне ылғал мөлшері көп керек болмағанымен, тұқым тіршілігі үшін осы уақыттағы топырақ ылғалдылығына көп назар аудару керек. Өсімдік өскен сайын ылғалды көп керек ете бастайды.Топырақтағы ылғалдың мөлшері өнімділігіне әсер ететіні белгілі. Тәлімі жерде топырақтағы ылғал көктемде жиналады (кесте 2).

Кесте 2. Топырақ өңдеу тәсілдерінің ылғал қорына әсері, мм

Нұсқалар	Топырақ өңдеу тәсілдері	Тұқым себу алдында	Тұқым түптену уақытында	Өнім жинау алдында
Бақылау	20-22см аударып жырту	153	120	24,6
	20-22см сыдыра өңдеу	168	128	32,0
	10-12см сыдыра өңдеу	160	144	36,8
	Өңдемей тікелей себу	162	134	30,7
Жартылай интенсивті технология	20-22см аударып жырту	154	121	30
	20-22см сыдыра өңдеу	166	136	26
	10-12см сыдыра өңдеу	162	148	31
	Өңдемей тікелей себу	176	141	27
Интенсивті технология	20-22см аударып жырту	155	126	21
	20-22см сыдыра жырту	167	138	24
	10-12см сыдыра өңдеу	160	150	28
	Өңдемей тікелей себу	181	139	24

Кесте 2 мәліметтерінен байқалғандай 2014-2015 жылдары топырақты өңдеу тәсілдері кезінде ылғал қорының мөлшері бақылау нұсқасында153-168мм аралығында болды. Мұнда ең жоғары ылғал қоры 20-22см тереңдікке сыдыра өңдеу тәсілінде 168мм болса ал ең аз ылғал қоры көрсеткіші 20-22мм тереңдікке аударып жырту тәсілінде болды. Ал 10-12см тереңдікке сыдыра өңдеу мен өңдемей тікелей себу тәсілдерінде 160-162мм немесе бір қалапты яғни бір деңгейде болды. 2-ші нұсқа бойынша яғни жартылай интенсивті технология бойынша ең көп ылғал қоры өңдемей тікелей себу тәсілінде 176мм, ең төмен ылғалдылық 20-22см аударып жырту тәсілінде байқалды 154мм. Интенсивті технология бойынша жоғары ылғалдылық қоры өңдемей тікелей себу тәсілінде болса 181мм, ең аз ылғал қоры 20-22см аударып жырту тәсілінде 155мм болды.

Кез-келген өнімнің немесе дақылдың пайдалы көрсеткіші оның өнімділігі екені белгілі.(кесте 3)

Кесте 3Топырақ өңдеу тәсілдері мен нұсқалардың өнімділігіне ықпалы, ц/га

Нұсқалар	Топырақ өңдеу тәсілдері	Өнімділігі,ц/га	
		2014	2015
Бақылау	20-22см аударып жырту	15,1	19,8
	20-22см сыдыра өңдеу	14,8	20,1
	10-12см сыдыра өңдеу	14,9	20,4
	Өңдемей тікелей себу	11,9	16,0
Жартылай интенсивті технология	20-22см аударып жырту	20,0	22,8
	20-22см сыдыра өңдеу	17,6	23,3
	10-12см сыдыра өңдеу	17,2	23,6
	Өңдемей тікелей себу	16,2	21,2
Интенсивті технология	20-22см аударып жырту	19,8	26,8
	20-22см сыдыра жырту	19,3	27,8
	10-12см сыдыра өңдеу	19,2	24,7
	Өңдемей тікелей себу	19,8	25,6

Кесте 3 өнімділік көрсеткіштері көрсетілген. Кестеден байқалғандай, орташа өнімділік нәтижелері бақылау нұсқасынан алынған. Бұл нұсқада өнімділік көрсеткіштері 2014 жылы 11,9-15,1 ц/га құраса 2015 жылы 16,0-20,4 ц/га құрады. Жартылай интенсивті технология бойынша 2014 жылы 16,2-20,0 ц/га өнім берсе 2015 жылы 21,2-23,6 ц/га. Интенсивті технологияда өнімділік көрсеткіштері бақылау нұсқасымен салыстырғанда әдәуір жоғары болып шықты. 2 жылдық орташа көрсеткіштер бойынша 21,9-23,3 ц/га құрады. Дәнді дақылдар егістігінің топырағын өңдеудің көрсетілген нұсқалардан тиімділігі яғни жоғары өнімділік көрсеткіштері жартылай интенсивті және интенсивті технологияларды пайдалану нәтижесінде алынған.

Әдебиеттер

1. Киреев А.Қ. т.б. Тәлімі аймақта арпа өнімділігін арттыру мен топырақта ылғал қорын сақтау іс-шаралары. «Жаршы» ғылыми-сараптамалық журналы. Алматы. Бастау баспасы. 2009. № 3. Б 8-10.
 2. Хидиров А.Э. Топырақ өңдеу тәсілдеріне сай оның көлемдік салмағы. «Жаршы» ғылыми-сараптамалық журналы. Алматы. Бастау баспасы. 2010. №3. б-22-24.
 3. *С. Елюбаев, У. Бектураев. Современное экологическое состояние почв Юго-Западной части Южно-Казахстанской области // В сборнике "Состояние и перспективы развития почвоведения". Алматы 2005 г.*
 4. Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы өндірісін өркендету жүйесі.
 5. Әрінов Қ.Қ., Мұсынов А.Қ., Апушев т.б. Өсімдік шаруашылығы. - Алматы, 2011.
 6. Алматы. Бастау баспасы. 2006ж.
- пробные
1. Әуезов Ә.Ә., Атақұлов Т.А., Сүлейменова Н.Ш., Жаңабаев Қ.Ш. «Егіншілік», Алматы, 2005
 2. Әуезов Ә.Ә., Сүлейменова Н.Ш., Уразымбетова Қ.Н. Егіншілік [практикумы](#), Алматы, 2006
 3. Красноводопад селекциялық станциясынан М.Е. Жаңабековтың [68] хабарлағанындай, Оңтүстік Қазақстан облысының оңтүстік-батыс бөлігінде ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген тәлімі аймақта гектарына 2,5 млн., ал толық қамтамасыздандырылған тәлімі жерлерде 3,0-3,5 млн. дән себу арпаның тұрақты әрі сапалы өнімін қалыптастырған.

Резюме

В наших исследованиях в связи с методами обработки почвы объем влаги в пахотном слое разнился; самый высокий урожай озимой пшеницы при интенсивной технологии был при безотвальной вспашке на глубину 20-22см и равен 181мм, а самый низкий - при отвальной вспашке и равнялся 155мм.; такая взаимосвязь наблюдалась также при полунтенсивной технологии.

Summary

In our researches in connection with methods of processing of the soil moisture volume in an arable layer differed; the most big crop of winter wheat at intensive technology was at bezotvalny plowing on depth the 20-22nd and 181 mm are equal, and the lowest - at dump plowing and equaled 155 mm.; such interrelation was observed also at semi-intensive technology.

ӘОЖ 619.616.(035.3)

Б.К. Ильясов- в.ғ.д., профессор, **К.К. Шатманов** – оқытушы,
А.Ш. Нурдилда- магистрант,
А. Одинаева, Б.А. Кошкинбай-студентер

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕҢ ДАЛАСЫНДАҒЫ КИІКТЕРДІҢ ҚЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭПИЗООТИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

Аңдатпа: Еліміздің табиғи байлықтарының бірі – киіктер. Түз тағыларын қорғауға жұмсалып жатқан шығын да аз. Керісінше, олардың емдік мүйізі, дәмді еті пайдаға асуда. Қазақстанда 40 жылда 90 мың тоннаға дейін ет алынып, экспортқа 250 тонна мүйізі жіберіліп, 120 млн доллар пайда түскен. Ал олардың соңғы кездегі жаппай қырылуы ешкімді бейжай қалдыра алмайды. Мақалада жоғарыда көрсетілген мәселелер жөнінде ой-пікір қозғалады.

Кілттік сөздер: Каспий, Үстірт, киіктер, түз тағылары, жұт, қырылуы, эпизоотия, иммунитет, пастереллез.

Бұрынғы Кеңестер Одағының аумағында киіктер саны жөніндегі деректер өте аз. Белгілісі 1391 жылы Әмір Темірдің 200 мың армиясы қазіргі Қостанай облысының Аманжол ауданында екі күндік аңшылық жүргізген. Осы облыста киіктің өте көптігінен жауынгерлер киік етін таңдап, тек қана дәмдісін

жеген. 1630 жылдары татар, қалмақ, ноғай ұлттарының өкілдері осы киіктерді көп мөлшерде аулаған. Ұлы Шыңғыс хан билігі кезінде киіктер аулау дағдыға айналған.

1769 жылғы деректер бойынша, Оралдың шөбі шүйгін жерлерді – Самара, Жайық өзендерінің бойындағы, әсіресе, Индер тауларында киіктер көптеп болған. Орал қазақтары қаптаған киікті аулап, етке белшелерінен батқан. ХҮІІІ- ғасырдың бірінші жартысында Запорожье қазақтардың жерлерінде киіктердің көптігі сонша, олар бүкіл даланы алып жатқан.

1850 жылғы деректерде киіктер Каспий теңізінің жағалауында Үстіртте, Арал теңізі мен Сырдарияға жақын жерлерге қоныс аударған. 1851-1852 жылдары киіктер Зайсан, Ертіс жағалауында өте көп мекендеген. ХІХ ғасырдың 50-60 жылдары киіктердің миграциясы Шу өзені бойында, кейіннен Батыс Қазақстанды басып Атбасарға жеткен. Волга жағалауы мен Қазақстанда (30-40 жылдары) киіктер шамамен бірнеше жүз мыңдай болып, даму жағдайына бейімделген. Қазақстанда киіктердің жергілікті жерге бейімделіп, өсіп-өнуі қыркыншы жылдан басталып 1947-1948 жылдары олардың көбеюі максималды санға жеткен.

1954 жылы киіктерге авиасанақ жүргізілді. Нәтижесі төмендегідей: Балқаш өзені, Арал теңізі маңындағы аумақта 663 мың бас болған. Киіктердің орналасу тығыздығы бір шақырым аумаққа 0,4-5,7 басты құраған. 1960 жылғы санақта Қазақстанда киіктер саны 1,2-1,3 млн басқа жеткен. Олардың негізгі миграциясы Батпақдаланың Оңтүстік шығыс Шу, Іле тауларында, Сырдария, Солтүстік Балқаш аумағында (киіктердің тығыздығы бір шақырымға 45 бастан, кейбір жерлерде 0,48-9,67 аралығында болған).

Киіктер санының жоғарғы көрсеткіші 1947 жылдың көктемінде тіркеліп (1200 мың бас), ал 1976 жылы екі есеге кеміп, 600 мың бас қалған. Бұның басты себебі, киіктер көп ауланған. (1976 жылы 321 мың және 1977 жылы 351 мың бас және қыс ызғарлы суық және қар қалың болып, олар қолайсыз жағдайға ұшыраған). Сонымен бірге, қасқырлардың көбейгендігі залал келтірген. Осы жылдары киіктер санының қысқаруы байқалған. Волга – Орал, Үстірт, Алакөл маңындағы киік саны қысқарып, көп өсім болмаған. Мысалы, қазіргі Атырау аумағында 1951-1953 жылдары 130 мың бас киік болса, 1969 жылы 34 мың бас қалып, 4 есеге азайған. Орал облысында киіктер саны 85 мыңнан 20-50 мың басқа дейін кеміген.

Жоғарыдағы аталған жылдардағы киіктер санының қысқаруы 1974-1975 жылдардағы құрғақшылықтың болуымен байланысты. Шөп күйіп, су тапшы болды. 1975-1976 жылдары қыс та қатты болып, Жамбыл, Шымкент, Алматы өңірінде көптеген бас киіктер қырылған. Оған қосымша броконьерлердің кесірі тиіп, аң аулау жоспары жоғары болып 500 мың киік ауланған. 1978-1980 жылдары киіктер біршама көбейіп, Қазақстанда 600-800 мың басқа жеткен. Дегенмен, 1949-50, 1951-52, 1953-54, 1963-64 жылдардағы жұтқа ұшырап, олардың саны қысқарса да, кейіннен көбейген. Соңғы жиырма жылда Қазақстанда киіктердің өсіп-өнуі, миграциясы, азықтандыру, су мәселелері жөнінде деректер жоқтың қасы [1].

Соңғы 20 жылда еліміздегі киіктер 1 млн 800 мыңнан 20 мың басқа дейін азайған. Ал соңғы жылдары киіктердің қырылуы үдей түсті. 2001 жылы Бетпақдала, Үстірт Орал топтарында киіктердің саны 70 мың басқа дейін қысқарса, Орал мекендерінде 6,5 мың бас киік қалған. Биылғы жылғыдай киіктердің қырылуы сан жағынан және қырылуы бұрынғы «жұт» жылдарынан артық болмаса кем емес. «Себептері не?» деген сұрақ туындайды.

Ресми мекемелер бұл жұтты пастереллез індетінен деген. Пастереллез болсын немесе басқа вирус ауруларына киіктердің шалдығуы мүмкін, бірақ та соншама қырылудың себебі неде? Көп жылғы тәжірибеде киіктердің өлім-жітімі төмендегі факторларға байланысты. Қыс қарлы, қатал болып, киіктердің азықсыз қалуы немесе олардың оңтүстікке миграциясы; қуаңшылық болуынан және су тапшылығынан; киіктерді аулау жоспарының артуы; қасқырдың көбеюі, броконьерлердің белсенді аңшылығынан және эпизоотиядан. Биыл күн өте ыстық болды және эпизоотиядан киіктер қырылды деуге негіз бар. Бірақ қол жеткен ғылыми әдебиеттерде киіктердің пастереллезден қырылғаны жөнінде деректер жоқтың қасы (оған шалдығуы мүмкін). Өлексені ашып қарағанда пастереллездің қоздырғыштары табылды, бірақ сонша қырылмайды. Керісінше, шөппен қоректенетін жұп тұяқтылардың (оның ішінде киіктер алғашқы орнында) обасы киіктер арасында жиі кездеседі. Аталған обадан ауруға шалдыққан киіктердің 90 пайызы қырылады. Обадан өлген киіктерді ашып тексергенде пастереллезге ұқсас белгілері де жетерлік. Биологиялық жағынан зерделесек, дені сау жабайы киіктер анау-мынау аурудың қоздырғышына беріле қоймайды. Барлық мәселе киіктердің иммунитетінің азаюынан олар инфекцияға шалдығады. Ал иммунитеттің кемуі, ол экологиялық факторларға байланысты (метеорологиялық өзгерістер, радиация, техногендік т.б.).

2015 жылғы киіктердің қырылуында, негізінен олардың еркектері өлген. Киіктің еркектерінің өзіндік биологиялық ерекшеліктері бар. Олар өмірінде ұрғашы киіктерді бір немесе екі рет ғана қашыра алады, тек ұрғашыларына күйлеу мезгілінде гарем (вожак) болады. Ұрғашыларына қарағанда олардың өмірі қысқа, көп болса 3-4 жыл өмір сүреді. (Л.В.Жирнов, 1982) [2,3].

Міне, көбінесе еркек киіктердің қырылу себебі осыдан деуге болады. Осы жоғарыдағы айтылғандар нақты болу үшін шөппен қоректенетін жабайы жұп тұяқтылардың өсіп өнуіне, миграциясы мен топ құрып еркін өмір сүруіне, олардың жиі кездесетін жұқпалы инфекциялық ауруларына бақылау жасау үшін мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, болашақта білікті де білімді жас кадрлар дайындау керек. Қазақстандағы киіктер санының әртүрлі болуының себебі қаржы бөлініп санақтың мезгілінде жүргізілмеуінен. Сондықтан жақын арада авиасанақ жүргізіп, санын анықтап, қорғаныс іс шараларын

жүргізген жөн. Сонымен бірге қасқырлар санын анықтап, оларды атып азайтқан дұрыс. Қоғам болып брокерлермен үгіт-насихат жүргізіп, бүкіл ел болып киіктерді қорғауымыз керек.

Әдебиеттер

1. Слудский А.А. Джуты в евразийских степях и пустынях – Труды института АН.Каз.ССР, 1963, Т.ХХ,С. 5-88.
2. Л.В.Жирнов Возвращенные к жизни. Москва, 1982
3. Жирнов Л, Калецкий А В защиту сайгаков – Охота и охотник хозяйство, 1976, с.116-118.

Резюме

В статье приведены результаты наблюдений и исследовательских работ специалистов – ученых по воспроизводству и массовой гибели сайгаков на территории Казахстана.

Summary

The article is about the results of observational research scientists and specialists in reproduction of mass death of saiga antelopes in Kazakhstan.

ӨОЖ 631.67

П.С. Султанбекова -т.ғ.к., доцент¹, А.Төлеш -магистр
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

СУАРМАЛЫ ЕГІНШІЛІК ЖЕРЛЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа: Суармалы егіншілік мәдениетін арттыру мақсатында топырақ-климаттың аймағына қарай аз шығын мен қаржы жұмсай отырып өнімділікті арттыру және жоғарғы сапалы, бәсекеге қабілетті өнім алу, ауылауылшылық дақылдарын өсіріп баптаудың жаңа тиімді қорықармау технологиясын әзірлеу, сондай-ақ орташа сортаңдану жағдайында топырақты өңдеудің ең ұтымды жаңа әдістерінің жетістіктері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерін ауылшаруашылық өндірісіне енгізу қажет.

Дегенмен, ірілендірудің негізгі мақсаттарының бірі – ауыспалы егіс тәртібін сақтау. Ауыспалы егіс тәртібін сақтау үшін суармалы жер көлемі үлкен болуы тиіс, сонда ғана, суару, культивациялау және агроэкономикалық жұмыстарды бір жерден дер кезінде орындауға болады. Сонымен қатар, жаңа технологияларды және жаңа инновациялық технологияларды пайдалануға мүмкіндік туады.

Кілтті сөздер: суармалы жер, суармалы егіншілік, мелиорация, ирригация, еңістік, вегетация, суару әдістері

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің «Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» мемлекеттік мекемесі «Жердің жағдайын сақтау және жақсарту» Республикалық бюджеттік бағдарламасы негізінде Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстары көлемінде, жалпы көлемі 625,62 мың гектар суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайына кешенді агроэкономикалық бақылау жұмыстарын орындайды.

«Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» мемлекеттік мекемесі есептері бойынша осы жылда облыстың барлық бақылауға алынған суармалы жер көлемінде агроэкономикалық бақылау жүргізілді. 1255 бақылау құдықтарынан 30,47 мың жер асты суы деңгейін өлшеулер жасалынды. Сонымен қатар химиялық құрамын анықтау үшін жер асты және жер беті суларының, сондай –ақ топырақтың 7607 үлгілері алынды.

Суармалы жерлердің ауылшаруашылығы өндірісіндегі маңызы зор. Бұл жерлерде негізінен мақта күріш, жүгері, бақша, картоп, темекі, күнбағыс, жүзім және басқа дақылдар егіледі.

2012 жылдың басында облысымызда жер есебі бойынша 511,7 мың га суармалы жер болған. Оның 416,8 мың га егістік 30,9 мың га көп жылдық егістер, 2,9 мың га шабындықтар мен жайылымдар, 0,14 мың га жеке үйлер жері, 3,7 мың га орман белдеулері мен саябақтар және 57,0 мың га пайдаланылмайтын жерлер.

Суармалы жерлерді суғаруға облысымызда 240 су жүйесі салынған. Қазіргі таңда 57 су жүйесі мемлекет меншігінде де, қалған 183 бірлесіп пайдаланылады. Барлық суармалы жерлердің соңғы жылдары 410 -450 мың га пайдаланылып оның 370-400 мың га суарылады [4].

Мелиорация ауыл шаруашылық өнімдерін арттырып қана қоймай, сондай-ақ ауа райының әртүрлі болған жағдайының өзінде тұрақты өнім алудың негізін жасайды.

Мелиоративті іс-шаралардың кешенділігі маңызды белгісі болып, суарылатын жерлерді жоспарлау болып табылады, яғни тепе-тең суаруға мүмкіндік береді, суармалы такталардың дұрыс орналасуын жеңілдетеді, суармалы суды қолдануды көтереді, суаруды ауылшаруашылық жұмысының және жоғары

механизацияны қолдану мүмкіндігін туғызады, соңында ауылшаруашылық мәдениетіндегі егістіктің көп болуына өз ықпалын тигізеді. Кез келген жерде суармалы жерлер суарудың бағытында жүреді.

Суғарылатын аймақта жүргізілетін мелиорациялық шаралар қатарына, жер бетін тегістеу үшін жобалану нысанында тікесінен тегістеу жұмыстары жүргізіледі. Суарылатын жердің бетін белгілі түрге келтіру үшін олардың бетіндегі дөңестердің топырақтарын ойпат жерлерге жылжытады.

Топырақтық мелиоративтік жұмыстар нәтижесін талдау барысында суғару учаскесі тұзданған болып табылды. Қатты тұзданған суғармалы жерлерде топырақтың тамыр бойлаған қабатынан артық тұзды кетіру үшін сумен шаяды. Шайған кезде су топырақ қабаттарынан өтіп, тұздарды ерітеді де, оларды ыза суына өткізіп жібереді.

Суару микроклиматқа, сондай - ақ топырақ қабатында болатын физикалық, химиялық, биохимиялық және биологиялық процестерге өте күрделі және әр түрлі ықпал тигізеді.

Суарудың топырақтың физика - химиялық қасиеттеріне тигізетін ықпалы өте күрделі: топырақтың дымқылдығын, температурасын, жылу сиымдылығын, механикалық құрамын, борпылдақтығын, құрлымын, су өткізгіштігін, ылғал сиымдылығын, әр қабатындағы химиялық элементтер мен қосындыларын мөлшерін және бөлінуін, жер асты суларының деңгейін, минералдығын өзгертеді [1].

Құрғақ топырақтың жылу сыйымдылығы сумен салыстырғанда бірсыпыра кем болады. Жаздың ыстық айларында су ауамен топырақтан суырақ болады. Оған керсінше жазғытұрым және күзгі күндері су ауа мен топырақтан жылы болады. Ал дымқылды топырақ, құрғақ топырақ пен салыстырғанда күндіз жылулықты көбірек сіңіріп, ал түнде ауаның жер бетіне жақын жатқан қабатының ылғалдануының салдарынан жылылықты кемірек таратады. Осыған байланысты жазды күндері дымқылды топырақ құрғақ топырақпен салыстырғанда суығырақ, ал суық айларда жылырақ болады. Дымқылданған топырақтың бөлшектерінің тіркесу күшінің кемуімен бірге, сазды және саздақ топырақтардың беріктілігі кемиді, ал бұған керсінше, дымқылданған құмды топырақ қатая түседі. Бетіне су жайлаған топырақтың түйірпектері ыдырап, тіпті жойылып та кетеді. Құрғағаннан кейін сазды топырақтардың бетіне қатты қабықтар пайда болып, оларды мезгілінде қопсыту қажет болады.

Суғаруға пайдаланылатын судың құрамында кездесетін асылмалы таспалардың топырақ бетіне шөгілуін және тереңгі қабатына өтіп кетуінің салдарынан оның механикалық құрамы өзгереді. Суғаруға пайдаланатын судың бойында ерітілген минералдық және органикалық қоспалар болады. Суғаруға пайдаланылатын ыза суының минералдығы жоғары болады да, өзен суларының минералдығы кемірек болады. Топыраққа сумен бірге кіретін азот, калий және фосфор қышқылы ондағы керекті заттардың қорын байытады [2].

Сонымен қатар суғаруға пайдаланатын су топырақ бойында кездесетін химиялық қоспаларға жақсы еріткіш болып саналады. Сондықтан жеңіл еритін калий, азот және басқа тұздар сонымен бірге топырақтың жоғарғы қабатынан төменгі қабатына ауысады. Ал суару нормасының мөлшері өте жоғары болған және топырақты шайып суғарғанда олар топырақтың өсімдіктердің тамыры орналасқан негізгі қабаттарынан төмен өтіп кетіп, топырақтың сапасы төмендейді. Дегенмен пайдалы тұздар мен бірге зиянды тұздары да шайылып кетіп, топырақтың сапасын жақсартады. Кезекті суару аралығында су өзінің құрамындағы ерітінді тұздар мен бірге топырақтың қыл түтіктері арқылы жоғары көтеріліп буланады да, ол тұздар топырақтың жоғарғы қабатында қалып қояды. Сөйтіп, өсімдіктердің өсу дәуірі кезінде жүргізілген суару жұмыстары сумен минералды тұздардың үнемі қозғалыста болуына себебін тигізеді. Осының салдарынан уақ топырақпен тұздар төменгі қабатқа түсумен бірге ерітінділерден ажырап су мен ауаны өте аз өткізетін қатты қабат жасайды. Осындай нығыздалған лайлы қабат суарылатын жеңіл топырақтардың 120...300 см тереңдігінде, ал ауыртопырақтардың 45...120см тереңдігінде кездеседі. Осы қабаттан өсімдік тамырлары төмен жатқан қабатын дымқылдандыру қиындап, жоғары жатқан қабатының дымқылдығы мөлшерден артып кетеді.

Топырақтың төменгі қабатынан судың қайтуы қамтамасыз етілмеген жағдайда жерді мол суғарғанда ыза судың деңгейі көтеріліп, суармалы жердің батпақтанып кету қаупі туады. Сондай-ақ ыза судың құрамындағы тұздар зиянды болған жағдайда судың жер бетінен көп мөлшерде булануының салдарынан оның жоғарғы қабатында тұздар шөгіліп, топырақ қайтадан сорланып, ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге жарамсыз болып қалуы мүмкін.

Жер суару топырақтағы микробиологиялық процестерге пайдалы ықпалын тигізеді. Ол анаэроптық микроптардың әрекетін жылдамдатып, өсімдік қалдықтарының минералдауын бәсеңдетеді және қара шіріктердің жиналуына ықпалын тигізіп нитрификациялық процестерді күшейтеді. Дегенмен дымқылдылығының белгілі мөлшерден артып кетуі оның жоғарғы қабаттарында нитраттарды азайтады. Жер суару жауын құрттарының өсіп өнуіне қолайлы ықпалын тигізіп, топырақ құрылысын жақсартады [1].

Суғару мелиорациясы, яғни суғару, судың табиғи жолмен келуі жеткіліксіз болғандықтан ауыл шаруашылығы дақылдары өнімділігі күрт төмендейтін немесе мүлдем болмайтын аймақтарда қолданылады. Сонымен суғару деп, ағын суды топырақ және атмосфера ылғалдықтарына айналдыратын шараны немесе топырақ ылғалдылығын жасанды түрде арттыру әдісін айтады. Д.И. Шашконың ұсынысы бойынша суғару жылдық жауын - шашын мөлшері 500 мм-ден аспайтын аудандарда қолданылуы тиіс. Суғару топырақтың тек сулық режимін реттейді деп шектелуге болмайды. Себебі суғару нәтижесінде топырақтың басқа да мелиоративтік режимдері де жақсарады. Сондықтан суғармалы жерлерде ауыл шаруашылығы

дақылдарының алдын - ала көзделген, яғни жоспарланған өнімдерін алу мүмкіндігі өте жоғары болады. Суғарудың тағы бір артықшылығы: ауыл шаруашылығы дақылдары өнімділігінің жауын-шашын мөлшеріне байланысты ауытқуы күрт кемиді. Суғару белгіленген мерзімінде жүргізілмесе жаңа сорттың да, сапалы орындалған агротехника шаралардың да тиімдіктері күрт төмендейді.

Суарудың тәсілдері суды топыраққа енгізу тәсіліне қарай үш түрге бөлінеді:

- Беткейлеп, немесе беткі жағынан суару тәсілі бұл әдісті қолданғанда су топырақ бетіне суару бороздалары, алқаптары және атыздары арқылы тартылады. Бұл әдіс біздің елімізде кеңінен тараған.

- Жаңбырлатып суару тәсілі- бұл әдісті қолданғанда жаңбырлатқыш аппараттар арқылы су жоғары шашыратылып, онда тамшыларға бөлініп жер бетіне табиғи жауын, жауып ауаның жер бетіне жақын қабатын, өсімдіктерді және топырақты ылғалдандырады. Қазіргі уақытта суарудың бұл әдісі шаруашылықтарда өте көп тараған.

- Егісті астыңғы жағынан суару әдісін қолдану үшін су топырақтың жыртылатын қабатының астыңғы қыртысына енгізіледі. Бұл әдіс әзірше көп тарамаған және кзргі уақытта толық жетілдіру үстінде.

Тамшылатып суару - ең алдымен судың ысырабын азайтып, екіншіден, өнім көлемі арттыратын суарудың үнемді әдісі.

Тамшылатып суаруға арналған алғашқы тәжірибелер жүргізіліп, тамшылату әдісімен 450 мың гектардан астам жер суғарылды. Тамшылатып суару жүйелері АҚШ, Германия, Франция, Австралия т.б. елдерде салынууда. Тамшылатып суару негізінен мамандандырылуы жеміс-жидек, жүзім және көкөніс дақылдарын суаруға қолданылады.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне әсіресе климат пен топырақ қабаттарының қасиеті үлкен ықпал жасайды. Аймақтың топырақ-климат жағдайларына рельефтің ерекшеліктері, температура мен жауын-шашын ғана емес, сондай-ақ климаттың басқа элементтері де бұлтқа, ауаның ылғалдығына, қардың қалыңдығына, желдің бағыты мен жылдамдығы ықпал жасайды. Табиғаттың ауыл шаруашылығында маңызды орын алатын ең негізгі факторларының бірі – ауа райы. Ол бір қалыпты болмайды, ылғалдылығы, жеткіліксіз және тұрақсыз ауасы өте құрғақ, тікелей түскен күн саулесінің әсерінен жердегі ылғал өте жылдам ұшып кетеді. Топырақ қабатында көптеген құмдауыт массивтер, тақыр тәріздес ашық-сұрғылт топырақтар кездеседі [3].

Суармалы егіс еңбекті дұрыстап ұйымдастыруды, жоғарғы агротехниканы және жер мен суды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуі керек. Бір мезгілде суарылатын жердің көлемі отамалы дақылдарды суарғаннан кейін тәулік ішінде культивацияланатын жердің көлеміне сәйкес болуы керек. 1- кестеде топырақтың су өткізгіштігіне және жер беті еңістігіне байланысты жүйектерге суару әдісінің үйлесімді элементтері келтірілді.

Кесте – 1. Топырақтың су өткізгіштігіне және жер беті еңістігіне байланысты жүйектерге суару әдісінің үйлесімді элементтері

№ р/с	Су өткізгіштік дәрежесі	<i>Көрсеткіштер</i>	Өлшем бірлігі	Суаратын жүйектердің еңістігі				
				0,05-0,03	0,03-0,02	0,02-0,01	0,01-0,005	<0,005
1	Күшті	Жүйектің ұзындығы	м	50	80	110	180	200
		Су шығыны	л/с	0,22	0,35	0,5	0,8	0,5
2	Орташа	Жүйектің ұзындығы	м	110	135	160	260	300
		Су шығыны	л/с	0,13	0,15	0,18	0,3	0,35
3	Шамалы	Жүйектің ұзындығы	м	150	180	210	350	400
		Су шығыны	л/с	0,05	0,06	0,08	0,12	0,15

Суармалы егіс танаптары өлшемі жағынан біркелкі болуы керек, олардың бірінен-бірінің өлшем айырмашылықтары 10%-ке дейін және жер бедерінің өте күрделі болған жағдайында 15-20%-ке дейін ғана мүмкін болады. Суармалы егіс танаптарын орналастырғанда топырақтың сорлануын, ыза судың тереңдігін және оның минералдығын, топырақтың су сіңіргіштігін, жер беті бедерін, каналдардың орналасуын, учаскелердің кескін үйлесімін ескеру қажет.

Суармалы егістің әр танабы топырақ және гидрогеологиялық жағдайларына қарай біркелкі болып, өзінің, кескіні жағынан ауыл шаруашылық жұмыстарын механикаландыруға ыңғайлы және өлшемдері жеткілікті болуы керек. Суару учаскесінің ең жақсы сыртқы пішіні болып кабырғалар қатынасы 1:2 немесе 1:3-ке тең тік бұрыштар саналады [2].

Суармалы жер учаскесін суару үшін төмендегідей негізгі іс шараларды қарастырамыз:

- магистралды каналдан шаруашылық таратқыштар шығады, олардан су уақытша құлақ арықтар бойынша суғару танабы мен жүйектерге беріледі;

- суғарылатын жерді тікесінен тегістеу жұмыстары жүргізіледі;

- суғару жүйесіне гидротехникалық құрылымдарды орналастырылады;

- тұзданған жерлерді шаю жұмыстарын жүргізіледі;

- артық суларды қашыртқы каналы бойынша құрғақ арнаға шығарылады;
- ауыспалы танап шекаралары мен барлық суғару алаңы бойына орман жолақтары отырғызылады;

Зерттеу жұмыстарын талдай келе суармалы егістікте суару технологиясын дұрыс таңдау, суару техникасын сақтау суармалы егіншілік жерлерін тиімді пайдалануға және топырақ құндылығын сақтауға мүмкіндік береді. Суармалы егіншілік жерлерін суару кезінде палдар жасау арқылы жерді тез суарып біту, батпактануды бодырмау тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар, су жүйелерін, су жүйелеріндегі гидротехникалық құрылымдарды, жолдарды талапқа сай пайдалануы, сондай-ақ сол суармалы жерлердегі кәріздік жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуіне қол жеткізіледі, су кодексіне сәйкес гидромелиоративтік кондоминимум құрып, мелиоративтік объектілерді бірігіп пайдалану мүмкіндігі артады.

Әдебиеттер

1. Атақұлов Т.А. Рациональное использование земельных и водных ресурсов Восточного и Южно-восточного Казахстана при орошении. – Алматы, 1995.
2. Мұстафаев Ж.С., Рявцев А.Д., Сағаев Ә.Ә., Қозыкеева Ә.Т., Қалманова Г.Қ. Суландыру жүйесін пайдалану. –Тараз, 2007. -321 бет.
3. Султанбекова П.С., Медеуова К.С., Полан Г., Сулейменова Ж. Суармалы жерлердің агромелиоративтік жағдайын талдау /Ауезов оқулары-14, халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. – Шымкент. 2014.
4. Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы республикалық мемлекеттік мекемесінің суармалы жерлердің ақпараттық есебі, 2013ж

Резюме

В статье рассмотрены основы организации орошаемых площадей в оросительных системах. Показано, как наиболее эффективный выбор метода полива способствует улучшению мелиоративного состояния сельскохозяйственных земель.

Рассматривается использование мелиоративного орошения в областях, где отсутствует недостаток естественный приток воды, что воздействует снижению урожайности сельскохозяйственных культур.

Рассмотрены особенности дождевального орошения: ускоряется физиологический процесс не только за счет увлажнения почвы, но и за счет увлажнения растения; возможность обеспечить равномерный режим увлажнения почвы с помощью меньших оросительных норм и частым проведением орошения; по сравнению с поверхностным орошением, дождевание хорошо увлажняет поверхностный слой атмосферы, снижает ее температуру и положительно воздействует на микроклимат почвы.

Summary

The basis of this article irrigated areas, irrigation systems are provided. Choose the most effective method of watering improve agricultural land reclamation.

Irrigation reclamation, irrigation, when there is no enough water naturally lead to reduced crop yields basis of the operation or not at all.

Sprinkling features: only under the influence of soil moisture, but also moisture plant physiological processes due to less accelerates irrigation norm and often can make the soil evenly dampness mode, compared to surface sprinkling irrigation, which is close to the surface layer of the atmosphere moisture, and reduces the temperature of the climate that considered a good impression.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ТІРШІЛІК ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ**

ӘОЖ 575.661

Л.С.Ашықова - магистранты, **Г.Т.Бозшатаева** - б.ғ.к.доценті,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

РАДИАЦИЯЛЫҚ ЛАСТАНУ МЕН УРАН ӨНДІРІСІНІҢ ТАБИҒАТҚА ӘСЕРІ

Аңдатпа: Мақалада радиоактивті элементтер мен радиациялық ласанудың шығу көздері мен тірі ағзаларға әсері, радиобиология мен радиоэкологияның Қазақстан Республикасында дамуы туралы ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған.

Радиоактивті ластану заманауи экологияның шешуді қажет ететін маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. 1930 жылдан бастап радиоэкологиялық зерттеулер кеңінен зерттеле бастады. Иондалатын сәулелердің ағзада мутациялық өзгерістер туғызатынын радиогенетиктер жан-жақты зерттеп, радиоэкология табиғи генетикалық фактор ретінде анықталды. Ядролық энергияның тірі ағзаларға тигізетін әсері туралы алғашқы ғылыми деректер алына бастады. Республикамыздың территориясындағы радиациялық ахуал, соның ішінде қоршаған ортаның ластануын туғызудың көздердің бірі ретінде – Созақ ауданындағы уран қоры мен оны игерудің қоршаған ортаға әсері туралы мәселелерге сараптама жасалған.

Кілттік сөздер: уран, радиоактивті элементтер, радиациялық ластану, уран кен орны, мутациялық өзгеріс.

Экологиялық жағдай мемлекеттің дамуының барлық салаларына демографиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси әсер ететін маңызды фактор болып отыр. Көптеген мәселелерді белгілі бір дәрежеде, салыстырмалы түрде аз ресурстар мен уақыт жұмсай отырып шешуге болатын болса, қоршаған орта

Радиоактивті ластану заманауи экологияның шешуді қажет ететін маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. 1930 жылдан бастап радиоэкологиялық зерттеулер кеңінен зерттеле бастады. Иондалатын сәулелердің ағзада мутациялық өзгерістер туғызатынын радиогенетиктер жан-жақты зерттеп, радиоэкология табиғи генетикалық фактор ретінде анықталды. Ядролық энергияның тірі ағзаларға тигізетін әсері туралы алғашқы ғылыми деректер алына бастады [1].

Иондалатын сәуле шығару әсерінің заңдылықтары мен механизмдерін зерттеу дами түсті. Олардың физикалық-химиялық қасиеттерінің ерекшеліктерінің биообъектілерге қалай әсер ететінінің теориялық және эксперименталдық тұрғыдан зерттелуінің ауқымы кеңейді. Олар әртүрлі салаларда кеңінен қолданыла бастады.

Әсіресе, радиоактивті элементтердің сәулеленуінің өсімдік шаруашылығында пайдалана отырып, өсімдіктердің 200-дей жаңа түрлері алынған. Бірақ ядролық энергияның адамзатқа пайдалы әсерімен қатар зиянды әсерін де есепке алу қажет.

Қазақстанның радиологиялық ахуалының қолайсыз қалыптасуына Қазақстанның Солтүстік-Шығыс бөлігіндегі кенес одағы кезеңінен қалған ядролық сынақ полигонының әсері болды. 40-жылға жуық «Балапан» және «Дегелен» жерлеріндегі ядролық қаруды сынау қоршаған орта мен жергілікті халықтың денсаулығына орнына келмес зиян келтірді. Қоршаған орта мен адам денсаулығына келтірген зиянды әсерінің дәрежесіне байланысты Семей аймағы бірнеше зоналарға бөлінген. Аса ластанған объектілерге Телкем -1 және Телкем -2, Балапан көлі (Атомдық көл), Шаған өзені мен Дегелен таулы массивінің шахталарының суы. Әртүрлі радионуклидтердің әртүрлі объектілердегі концентрациясының мөлшері бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Себебі олар жүргізілген ядролық сынаулардың сипатының әртүрлі болуына байланысты.

Соңғы кезде жерлердің таукен өндірісі, металлургия және энергетика кәсіпорындарының улы және канцерогенді заттарымен улануы ушығып отыр. Оңтүстік облыстар топырақ пен рельефке қысым көрсететін өндірістің дамуымен сипатталады. Мұнда республикадағы фосфориттердің 71,9% баланстық қорының, шпаттың 68%, алтынның 8,8%, мыстың 3%, уранның 0,7% орналасқан.

Қазіргі кездегі Қазақстандағы экологиялық мәселелердің ушығуы да осы кен орындарын табу мен пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты болып отыр. Көптеген кен орындарының жұмысы қазір шет елдік компаниялармен тығыз байланысты. Олардың көпшілігі сәйкес заңдардағы экологиялық ережелерді бұза отырып, ресурстар мен қоршаған ортаға немқұрайлы қарау үйреншікті жағдайға айналды. Сондықтан олардың қоршаған ортаға мұндай көзқарасын өзгерте отырып, еліміздің экологиялық заңдарын құрметтеуге үйретуіміз қажет [2].

Аймақтардың экологиялық қауіптілігінің рейтингі аймақтың өнеркәсіптік дамуының индексі болып табылады. Біз халықаралық тәжірибеден өнеркәсіптік дамудың қоршаған ортаға зиянын келтірмей

өркендеуін алуымыз қажет. Ол үшін өндіріс орындарының еліміздің табиғатына әсерін үнемі бақылап отыруымыз қажет.

Соңғы кездерде қоршаған ортадағы антропогенді әсер нәтижесінде пайда боған өзгерістерді бақылау өзекті мәселе болып отыр. Осы бақылаулар мен болжаулардың жүйесі экологиялық мониторингтің мәнін көрсетеді. Бұл мақсатта қоршаған ортаның мониторингін жүргізудің айтарлықтай тиімді және арзан әдісі - биоиндикация, яғни тірі ағзалардың көмегімен қоршаған ортаның жағдайын бағалау жиі қолданылады.

Биоиндикация әдісі қоршаған ортаның жағдайын тірі ағзалардың реакциясы арқылы бағалауға негізделген. Тірі ағзалардың болуы, күйі және олардың мінез-құлқы бойынша қоршаған ортаның жағдайын, соның ішінде ластаушы заттардың бар екендігін көруге болады. Қоршаған ортаның ластану дәрежесін анықтауда қолданылуы қымбат, әрі көп еңбекті қажет ететін физикалық-химиялық әдістерді тірі индикаторлармен алмастыруға болады.

Биоиндикаторлар ретінде өсімдіктер кеңінен пайдаланылады. Бұл олардың қоршаған орта жағдайларына сезімталдығымен түсіндіріледі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы уран өндірісінің қоршаған ортаға әсерін бағалауды әртүрлі өсімдік биотесттерінің көмегімен зерттеу.

Жоғарыда көрсетілген мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер алға қойылды:

- Заманауи өндірістің қоршаған ортаға әсері;
- Оңтүстік Қазақстан облысының экологиялық жағдайына сипаттама;
- Қоршаған ортаның мониторингіне биоиндикациялық әдістерді қолдану;
- Созақ ауданындағы Қыземшек елдімекеніндегі уран қоспасын өндірудің қоршаған ортаға әсерін биотесттер көмегімен зерттеу;

- Уран өндірудің қоршаған ортаға әсерін бағалау мақсатында оған ең жақын орналасқан (Уанас (2 км)) және одан ең алыс елді мекендермен салыстыра отырып зерттеу (южный Инкай (180км)).

Облысымыздың территориясының радиоактивті ластануы туралы айтқанда ең алдымен әрине, Созақ ауданындағы уран өндірісі ерекше орын алады. Созақ ауданының эколого-географиялық тұрғыдан алғандағы сипаттамасына тоқталайық.

Аудан облыстың солтүстігіндегі әкімшілік аумақтық бөлік болып табылады. Жерінің аумағы 41,0 мың шаршы шақырым, облыс жерінің 35,0%-ын қамтиды. Тұрғыны 50,0 мың адам. Аудан аумағындағы 36 елдімекен 2 кенттік (Қыземшек, Таукент), 10 ауылдық округке біріктірілген. Орталығы – Шолаққорған ауылы. Аудан 1928 ж. қаңтар айында Теріскейді мекендеген 6 болыс ел мен Жылыбұлақ болысы негізінде құрылды.

Аудан жерінің көпшілік бөлігін тасты-құмды шөлдіжазық (Бетпақдала, Мойынқұм) алып жатыр. Оңтүстік және оңтүстік-батысын ала Қаратау жотасы орналасқан. Солтүстік-батысында Ащыкөл ойысы, Тамғалы соры, орталық бөлігінде Тамғалынұра қонысы мен сор жерлер орналасқан. Ауданның ең биік жері — Бессаз (Мыңжылқы 2176 м). Климаты тым континенттік. Қысы солтүстігіндесуық, оңтүстігінде біршама жылы. Жазыстық, қуаң, аңызқты. Қаңтар айының орташа температурасы -7-12°C, шілдеде 24-27°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 150-250 мм.

Қаратаудан Үшбас, Үштөбе, Торлан, Балдысу, Жылыбұлақт.б. шағын өзендер басын алады. Қызылкөл, Ақжайқын, Айдынт.б. көлдері бар.

Ауданда уран кентасы, таскөмір өндіріледі. Жерінің басым бөлігі сұр топырақты, сор, сортанды, құмды. Өсімдіктерден жусан, бұйырғын, көкпек, жыңғыл, сексеуіл; таулы өңірде киікоты, тобылғы, қызыл қайың өседі. Жануарлардан қасқыр, қарсақ, түлкі, қоян, жабайы шошқа, киік, күзен, борсық, бауырымен жорғалаушылар мекендейді.

Ауданның тұрғындарының құрамы көпұлтты. Халқының 90,7%-қазақтар, 6,4%- өзбектер, 2,0%- орыстар қалғаны басқа ұлт өкілдері. Орналасу тығыздығы 1 шаршы шақырым жерге 1,2 адамнан келеді. Аудандағы ірі елді мекендер: Шолаққорған (8,9 мың адам), Созақ (4,1), Теріскей (4,0), Таукент (3,5), Қыземшек (2,6), Шақырық (2,3), Қарақұр (2,2), Құмкент (2,0) ауылдары.

Ауылда қаракөл қойын, түйе, жылқы, биязы жүнді қой, етті-сүтті ірі қара, астық өндіруге маманданған 10 кеңшар болған. Олардың негізінде 329 шаруашылық нысаны құрылды: 8 өнеркәсіп нысаны, 321 агроқұрылым. Өнеркәсіп кәсіпорындары облыстағы тау-кен өндірісінің негізгі (87,5%) өндірушілері. Ауыл шаруашылығының жетекші саласы - ет, ауыл шаруашылық өнімінің 58,8%, сүт 17,2% өндіру болып табылады. Облыстағы ірі қараның - 3,2%, қой мен ешкінің - 9,6%, қаракөл қойының - 24,7%, жылқының - 5,8%, түйенің - 50,1%, құстың — 2,1% өсіріледі.

Қазақстандағы уран өндірісі негізінен акцияларының жүз пайыздық үлесі мемлекетке тиесілі «Қазатомөнеркәсіп «Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы жүзеге асырады.

Бұл компания уран және оның қосылыстарының экспорты мен импорты, сонымен қатар атомдық энергетикалық станциялар үшін ядролық отын, арнайы құрал-жабдықтар мен технологиялар, пайдаланылатын материалдарды қолдану мәселелерімен айналысады. Кестеде осы компания туралы мәліметтер берілген.

Кесте - «Қазатомөнеркәсіп «Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы		
Тілі	Толық атауы	Қысқартылған атауы
На казахском языке	«Қазатомөнеркәсіп «Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ
На русском языке	Акционерное Общество «Национальная атомная компания «Казатомпром»	АО НАК «Казатомпром»
На английском языке	Joint-Stock Company «National atomic company «Kazatomprom»	NAC «Kazatomprom»

Бұл компанияның қызметінің негізгі бағыттары төмендегідей:

- табиғи уранды өндіру;
- уран өнімдерін өндіру;
- бериллий өнімдерін өндіру;
- танталды, ниобий өнімдері мен плавик қышқылын өндіру;
- электр, жылу энергиясы мен суларын өндіру.

Бұл жұмыстарды бірнеше кәсіпорындар жүзеге асырады: «Катко» ЖШС, уран кен орны «Мойынқұм», ЖШС «БК «Инкай», шет елдік инвестициялардың қатысуымен жұмыс істейтін «Казахстан-Ресей-Қырғыз» «Заречное» БК.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес бұл кәсіпорындардың қызметі мен қоршаған ортаға әсері үнемі бақылауда болады.

Әдебиеттер

1. Жатқанбаев Ж. Экология негіздері.- Алматы: «Зият Пресс», 2004, 208б.
2. Алишева К.А.Экология .- Алматы: HAS, 2006.324б.

Резюме

В статье приведены результаты аналитического обзора по проблеме состояния радиоактивного загрязнения и источников данного вида загрязнения на территории Республики Казахстан. Настоящее состояние и перспективы разработки урановых месторождений на территории Сузакского района ЮКО.

Summary

Results of the anaticesky review on a problem of a condition of radioactive pollution and sources of this type of pollution in the territory of Republiki Kazakhstan are given in article. The real state and prospects of development uranium the field in the territory of Suzaksky district of YuKO.

ӘОЖ 631.30

Г.К. Молдабекова, Г.Т. Бозшатаева, Г.С.Оспанова
№77 Асанбай Асқаров атындағы мектеп-лицейі,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа: Жобалық әдіс қосымша білім беру мен сабақан тыс уақытта белсенді қолданылып жүрген әдістердің бірі болып табылады. Соңғы он жылда жобалық әдіс жалпыпедагогикалық технология ретінде көптеген зерттеулердің зерттеу нысаны болды. Бұл әдіс бойынша педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде мәліметтер жеткілікті дәрежеде қарастырылған. Көптеген зерттеушілердің жұмыстарында оқушылардың жобалық қызметінің потенциалы, оқу жобаларының кезеңдері, олардың әрқайсысындағы мұғалімнің рөлі көрсетілген, жобалық қызметті бағалау жолдары ұсынылған.

Оқушылардың жобалық қызметінің қалыптасуын талдау, атап айтқанда биологиядан, қазіргі мектеп тәжірибесінде бұл әдістің оқытудың тұлғаға бағытталған әдіс ретіндегі педагогикалық потенциалының мүмкіндіктерін толық пайдаланбай отырғанын көрсетті.

Кілттік сөздер: ғылыми жоба, мектеп оқушылары, ұйымдастыру, зерттеу қабілеті

Мектепте сыныптан тыс жұмыспен байланысты жобалардың маңызы зор. Қазір жобалық қызмет мектептердің білім мен тәрбие беру үдерісінде кеңінен пайдаланылады.

Экология – бүкіл әлем болып шешуді қажет ететін көптеген мәселелерді қамтитын ауқымды ұғым. Қоршаған ортаның экологиялық жағдайы адамзат өркениетінің тұрақты дамуына бағытталған ең өзекті және кезек күттірмейтін бағыттарының бірі болып табылады.

Ауаның, судың, топырақтың ластануы, қалпына келмейтін табиғи ресурстардың сарқылуы, биосфераның тұрақтылығының бұзылуы мен алуан түрлілігінің кемуі, адамдардың денсаулығының және өмір сүру жағдайларының нашарлауы күшейіп отыр. Адамның қоршаған ортаға мұндай айтарлықтай әсері экологияның анықтамасын өзгертті.

Ол көптеген білім салаларына кеңінен енді. Экологиямен жаратылыстану және техникалық ғылымдардың гуманизациясы, экономика, әлеуметтану, мәдениет және т.б. байланыстырыла бастады.

Экологиялық білім беруге деген қажеттілік адамның өміріне қажет қолайлы ортаны қамтамасыз етумен байланысты. Қоршаған ортаның сапасы адамның негізгі құқығының бірі — денсаулықты және дамудың негізгі мақсатын анықтайды. Экологиялық білім беру табиғатқа адамгершілік қатынасты қалыптастыру, табиғатты өзгертудің шекті мөлшерін анықтау үшін, адамның одан әрі өмір сүруі мен дамуына мүмкіндік беретін мінез-құлқының арнайы әлеуметтік-табиғи заңдылықтарын меңгеру үшін қажет.

Оқушыларда, студенттерде, сондай-ақ, жалпы халықта табиғатқа деген тұтынушылық қатынас басым; экологиялық мәселелердің әр адамның жеке басы үшін маңызды екенін қабылдау деңгейі төмен; адамды қоршаған ортаны зерттеу мен сауықтыруға арналған жұмыстарға іс - жүзінде қатысуға деген қажеттілік дамымаған.

Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты — табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету. Экологиялық білім беру дегенде әрбір адамның жалпы экологиялық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталған үздіксіз білім, тәрбие беру және даму процестерін түсінеміз. Экологиялық жауапкершілік адамның мына қасиеттерімен байланысты: өз іс-әрекетін бақылау, табиғи ортадағы өзінің іс-әрекетінің жақын кезеңдегі және болашақтағы нәтижелерін болжай білу, өзіне және басқаларға сын көзбен қарай білу және т.б.

Қызметі табиғи ортаға және адамың денсаулығына зиянды әсер етуімен байланысты адамдардың барлығының қажетті деңгейде экологиялық дайындығы міндетті түрде болуы керек.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты педагогтардың халықаралық экологиялық қозғалысы қоршаған орта саласындағы білім беруді (экологиялық білім беру) жалпы білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды бағыты деп есептейді.

Бір-бірімен байланысты экологиялық білім беру мен білім беру жүйесін экологизациялауды бөліп көрсетуге болады.

Экологиялық білім беру дегеніміз - әр түрлі деңгейдегі экологиялық білімдерді меңгеру. Экологиялық білім берудің екі негізгі бағыты бар: қоршаған ортаны қорғаудың жалпы ілімі негізінде тәрбиелеу және табиғат пен антропогенді экосистемалардың өзара қатынасының жалпы заңдылықтары туралы арнайы білім беру. Ал білім беру жүйесін экологизациялау - экологиялық ойлардың, ұғымдар, принциптер мен көзқарастарды басқа пәндерге енгізу және экологиялық білімді әр түрлі салалардың мамандарын дайындау.

Мектептен бастап балаларға экологиялық білім мен тәрбиені қалыптастырудың, тәжірибеміз көрсетіп отырған тиімді жолдарының бірі - жобалық-экологиялық жұмыс.

Мектепте жүргізілетін жобалық-экологиялық жұмыс оқу-тәрбие үдерісінің шеңберіндегі болашағы үлкен практикалық қызметтің түрі болып табылады. Бұл қызметтің зерттеушілік сипаты мектеп оқушыларында белсенділікті, ғылыми экспериментке жауапкершілікпен қарау, өз аймағының, қаласының, тұрғылықты жерінің экологиялық жағдайын зерттеушілігіне қызығушылықты арттырады. Бұл қызмет түрінің даму келешегін мектептердің жоғары оқу орындарымен тығыз қарым- қатынастар, жоғары оқу орындарының оқытушыларының, ғалымдар мен Ғылыми-зерттеу институттарының мамандарының зерттеушілік практикумдар жүргізуі мен зерттеу жобаларына жетекшілік етуі арқылы арттыруға мүмкіндік бар. Мысалы, мектептегі экологиялық мониторинг (су қоймасының, өзеннің күйін зерттеу мен бақылау, қыналық мониторинг және т.б.) аясында орындалатын жұмыстар [1].

Мектеп тәжірибесі оқушылардың жобалық зерттеушілік жұмыстарының тиімділігінің жоғарылығын көрсетеді. Себебі, ол белсенді танымдық, іздену, зерттеу, автор позициясынан дәлелдеуге қабілеттің қалыптасуы және оны қорғауға бағытталған. Өте тиімді зерттеушілік жобалардың мысалы ретінде мыналарды атап көрсетуге болады: «Таза су», «Сүйікті қалама - таза ауа», «Жануарлар дүниесін қорғау» және т.б.

Шығармашылық жобалар, әдетте қатысушылардың бірлескен қызметінің нақты құрылымының болмауымен сипатталады. Олар соңғы нәтиженің жанрының түрінің талаптарына сай туындайды және дамып отырады.

Ойын түріндегі жобалар экологиялық білім берудің тәжірибесінде әдетте, сирек қолданылады, бірақ мұндай жобалар ойын жағдайында оқушылардың шешім қабылдау тәжірибесін алуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық жобалар белгілі бір объектілер, құбылыстар туралы ақпарат жинауға, жобаға қатысушыларды осы ақпаратпен таныстыруға, оларды талдауға және қорытындылай білуге бағатталған. Мұндай жобалар, зерттеушілік жобалар сияқты нақты анықталған құрылымнан тұрады: жобаның тақырыбы,

оның өзектілігі, жобаның мақсаты, ақпаратты алу көздері (статистикалық өңдеу, талдау, салыстыру, қорытындылау және т.б.), нәтижелерді шығару түрі (мақала, реферат, баяндама, бейнефильм, мектепшілік конференция).

Практикалық іс-әрекетке бағытталған жобалар қатысушыларды басынан белгіленген сипаттағы нәтижені алуға бағытталған қызметті орындауына негізделген. Мысал ретінде соңғы нәтижесі мынадай түрде болатын жобаларды келтіруге болады: мектептің ғылыми қоғамының жұмыс бағдарламасы, мектеп жанындағы үлескі жобасы және т.б. Практикалық іс-әрекетке бағытталған жобалар нақты анықталған құрылымды қажет етеді. Ол жобаға қатысушылардың әрқайсысының қызметін анықтайтын, әрқайсысының қорытынды нәтижені шығарудағы қатысу дәрежесін көрсететін сценарий түрінде болуы мүмкін. Кезеңдерге бөлінген жұмыстарды жүргізу, талқылау қатысушылардың бірлескен қызметін үйлестіруге мүмкіндік береді.

«Менің отбасым электр қуатын тиімді пайдалана ма?», «Менің отбасым суды тиімді пайдалана ма?», «Менің жасыл достарым», «Қоқыстар А -дан Я-ға дейін» атты экологиялық жобалары облыстық деңгейдегі «Менің экоүйім» бағдарламасының құрамдас бөліктері болып табылады. Бұл жобаларға қатысу оқушыларда ғылыми техникалық шығармашылықтың, қоршаған ортаға және өзінің денсаулығына жауапкершілікпен қараудың дамуына әсер етеді. Бағдарламаның мәні балалар мен ересектерді отбасының қорын пайдалану, оларды тиімді қолдану әдістерін зерттеуге бағытталған практикалық қызметке тарту болып табылады. Бағдарлама ресурстарды (су, электр қуаты) тиімді пайдалану әдістері мен пайдалану әдістемелерін; бөлме өсімдіктерінің тұрғындардың денсаулығына әсер етуі мен түрлік құрамы мен қасиеттерін; жас зерттеушілердің отбасыларындағы тұрмыстық қоқыстың әртүрлі түрлерінің табиғат пен шаруашылықтағы қайта өңдеу барысында ыдырауының әдістері мен уақытын зерттеу әдістемелерін қамтиды.

Өзінің және көршілерінің отбасыларының мүшелеріне сауалнама жүргізе отырып, өз пәтерлеріндегі есептегіш құралдардың, электр қуатын және су есептегіш құралдарының, көрсеткіштерін зерттей келе, отбасының суға жұмсайтын, қаптау құралдарына шығындарын есептей отырып, балалар «керек емес заттарды» тастамауға, ресурстарды пайдаланудың тиімді жолдарын пайдалана бастады.

Алған білімдері мен практикалық дағдыларын балалар мектепте, мысалы мектептің экологиялық паспортын жасауда, пәтерді жасылдандыруда, ғимараттарды қысқа дайындауда, жылытуда, электр құралдарын сатып алу мен су есептегіш құралдарын орналастыруда қолдана алады.

Сыныптардың кәсіптік бағдарына байланысты жобалар. Мектептегі экология - көптеген жалпы білім беретін пәндердің (география, биология, химия, физика, информатика, шет тілі және т.б.) арасындағы байланыстырушы тізбек болып табылады. Көптеген гимназиялардың екінші сыныбынан тоғызыншы сыныбына дейін «Экология» пәні енгізілген. Экологиялық бағдарлама шеңберінде балалар өздері тұратын қаладағы қоршаған ортаның күйін зерттеуге бағытталған экологиялық зерттеулер жүргізеді. Экологиялық жобалар әртүрлі пәндер бойынша алған білімдерін интеграциялауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ оларды бағдарламаның бөлімдері бойынша қорытынды сабақтарды жүргізудің нұсқасы ретінде немесе бағдарламада ұсынылған материалды сабақ сабақтан тыс жұмыстардың құрылымында тереңірек меңгеру мақсатында көлемді шығармашылық жұмыс түрінде пайдалануға болады.

Мектепте сыныптан тыс жұмыспен байланысты жобалардың мағызы зор. Жобалық қызмет мектептердің білім мен тәрбие беру үдерісінде кеңінен пайдаланылады. Мысалы, жоғары сынып оқушылары орындаған «Республика үй» жобасы мектеп Парламентінің құрылымын жетілдіруге бағытталған.

Жоба бойынша жұмыс істеу әдістемесі үш кезеңнен тұрады:

- ұйымдастыру-дайындық кезеңі: идеяның пайда болуы, тақырыпты анықтау, ақпарат көздерін таңдау, жобаны жүзеге асырудың бағыттық, маршруттық сызбасын жасау, шығармашылық топты құру, болашақ қызмет пен іс-әрекеттерді жоспарлау;

- технологиялық: ақпаратты жинау мен талдау, қажетті эксперименттерді жүргізу, нәтижелерді өңдеу;
- презентациялық, жариялау: мини-маркетинг, жобаны қорғау.

Бұл оқыту әдісінің дәстүрлі әдістерден түбегейлі айырмашылығы жұмыстың әртүрлі кезеңдерінде оқушылар өз бетінше жұмыс істейтіндігінде болып табылады. Педагог кеңесші немесе жобаның толыққанды қатысушысы болуы мүмкін. Мұғалімнің жобалық жұмысты ұйымдастырудағы рөлі төмендегідей:

- оқушыға практикалық маңыздылығы бар, қызықты тақырыптарды таңдауға көмектесу не ұсыну;
- оқушылардың өз бетінше зерттеушілік жұмысын ұйымдастыра білу, зерттеу, іздену әдістерін мұғалімнің өзінің жақсы меңгеруі;

- пән бойынша оқу-тәрбие үдерісін оқушылардың өзбетінше жұмыстарының әртүрлі басымдылықтарына бағыттау (өзбетінше жұмыстың шығармашылық, ізденістік, зерттеушілік сипаты бар жеке, жұптық, топтық түрлері) [2].

Жобаның жүзеге асуының табысты болуы үшін, жұмысты бастамас бұрын мұғалім төмендегі мәселелерді шешіп алуы тиіс:

- жобаның білім беру мақсаттары, оның әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз етілу мүмкіндіктері және т.б.;

- жобаға қатысушылардың саны (қатысушылардың тобы, сынып және т.б.);

- берілген жоба бір пәннің шеңберінде орынала ма, жоқ бірнеше пәндердің интеграциялануы арқылы орындалады;

- жобаның мерзімі мен шеңбері;

- ақпараттың мүмкін болатын барлық көздері (кітапхана, кеңес беру, дәрістер, сауалнамалар, бақылау, теледидар, Интернет, ұсынылған әдебиеттер тізімі, білім беру және басқа мекемелермен, ғалымдармен байланыс жасау нұсқалары және т.б.).

Жобаны орындау барысында оқушыларға төмендегі нұсқаулар беріледі:

- жобаның атын ойлап табыңыздар;

- шешілетін экологиялық мәселелерді бөліп көрсету. Объектілердің орналасуының сызбасын салыңыздар.

Табиғат ортасының күйін анықтау үшін төмендегі зерттеулерді жүргізу қажет: қажетті зерттеу әдістерін таңдау, зерттеу мақсаттарын түсіндіріңіздер. Сіз қандай әдістерді таңдадыңыз, олардың мәні неде? Өзіңіздің жобаңызды негіздеу үшін жүргізілген зерттеулердің қандай нәтижелері қажет? Қандай зерттеулерді сіз өз бетінше орындай аласыз?

Жоба төмендегі бөлімдерден тұруы керек: тақырыптың өзектілігі, экологиялық мәселелер, олардың орын алу себептері, қоршаған ортаның сапасын анықтауға мүмкіндік беретін әдістер, экологиялық мәселені шешудің тиімді жолын теориялық тұрғыдан негіздеу.

Жобалық сипаттағы тапсырмаларды бағалағанда төмендегі көрсеткіштер есепке алынады:

- мәселенің өзектілігін анықтау;

- экологиялық мәселені талдау тереңдігі;

- мониторингтік зерттеулердің әдістемелерді меңгеру;

- экологиялық жағдайлардың дамуын болжауға арналған зерттеулердің практикалық маңыздылығы;

- экологиялық жағдайды шешуге қосқан жеке үлесі.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай іс-әрекеттік білім беру мен жобалық әдіс жаңа тұрпатты мектептің міндеттерін жақсы шешеді. Оқушылар бүкіл оқу материалын зерделеп, өз басынан өткізуі керек. Бұл үшін жобалық әдіспен оқыту өте тиімді. Жобалау оқушыларға өмірдегі және оқытудағы білімнің рөлін түсінуге көмектеседі. Білім алу мақсат емес, оқытудың құралы бола отырып, әрбір жобаға қатысушының мәдени құндылықтарды өзбетінше меңгеруге мүмкіндік береді. Оқушының қандай-да бір жобаны жасауға белсенді қатысуы, адам қызметінің жаңа тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді [3].

Жобалық әдістің факторларына мыналарды жатқызуға болады: оқушылардың мотивацияларын жоғарылату, белсенді практикалық іс-әрекетке қабілетті дамыту, мұғалім мен оқушылардың бірлескен шығармашылық іс-әрекеті арқылы оқу тәрбие үдерісінің демократизациялануына қол жеткізеді.

Оқыту жобалары балалар мен ересектер ұжымдарының жағдайында жеке қызметтердің бөлінуі арқылы жүреді. Жұмысқа көптеген мамандар тартылады. Олар қойылған мәселені шешудің мүмкін болатын технологиялық шешімдері мен ойлау қызметін ұйымдастырудың жолдарын көрсетеді. Топтарда жеке адамдар арасында серіктестік қатынастар негізінде шығармашылық орта қалыптасады. Жобалық іс-әрекет мектеп оқушыларында ұжымдылық сезімдерін дамытуға жағдай жасай отырып, әрбір жобаға қатысушының бөлектенген қызметінің мүмкіндіктерін кемітеді.

Мектептегі экологиялық зерттеулерді орындау және нақты экологиялық жобаларды жүзеге асыру деңгейіне өту, экологиялық білімдердің тек танымдық жағы ғана емес, сонымен қатар оларды нақты іс-әрекетте жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі бейінді мектеп жобалық мектеп ретінде қарастырылады. Ол белсенді танымға, ізденіске, зерттеуге, авторлық көзқарасын дәлелдей білуге және оны қорғауға бағытталған. Жобалық технологиялар міндетті оқу бағдарламасын оқытуда да, қосымша пәндерді оқытуда да, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында да қолданылады.

Жобалық зерттеу жұмыстарын орындау нәтижесінде оқушылар алынған білімдері мен қалыптасқан дағдыларын іс жүзінде, мысалы үйінің немесе мектептің экологиялық паспортын жасауда, бөлме өсімдіктерін өсіруде, т.б. қолдана алады.

Әдебиеттер

1. Пахомова, Н.Ю. Проектное обучение в учебно-воспитательном процессе школы / Н.Ю.Пахомова //Методист. – 2009. – № 4. – С. 44–49.
2. Саломатова, О.С. Становление коммуникативной компетентности школьников в ходе проектно-исследовательской деятельности /О.С.Саломатова //Начальная школа. – 2012. – № 7. – С.40–43.
3. Матяш, Н.В. Проектная деятельность школьников: [Книга](#) для учителя начальных классов / Н.В.Матяш, В.Д.Симоненко. – М.:Вентана-Граф, 2011. – 112 с.

Резюме

В статье рассмотрен метод проектов, который активно используется в системе дополнительного образования и во внеурочной деятельности школьников.

Приведен анализ состояния школьной практики формирования проектной деятельности учащихся при изучении биологии. Результаты исследования позволили сделать вывод о том, что современная школа не в полной мере реализует педагогический потенциал метода проектов как личностно ориентированной технологии обучения.

Рассмотрены методические вопросы организации и проведения школьниками экологических проектов во внеурочное время.

Summary

In article the method of projects which is actively used in system of additional education and in extracurricular activities of school students is considered.

The analysis of a condition of school practice of formation of design activity of pupils when studying biology is provided. Results of research have allowed to draw a conclusion that the modern school not fully realizes the pedagogical potential of a method of projects as personally focused technology of training.

Methodical questions of the organization and carrying out ecological projects by school students after hours are considered.

ӘОЖ 551.586:58.035

Г.Е.Осаева, Х.К. Кидирбаева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕНДРОФЛОРАСЫНЫҢ ФИТОПОТОЛОГИЯСЫ

Өсімдік өмір сүру барысында қоршаған ортамен тікелей байланыста болады. Оның өсуі, дамуы міндетті түрде температураға, ылғалдылыққа, топырақтың химиялық құрамына, ауаға, әртүрлі фактілерге байланысты болады.

Қоршаған ортаның жағдайлары өсімдіктің керекті талаптарына сай болса, оның морфологиялық және функционалдық өзгерістері болмас еді. Кез-келген өзінің мөлшерінен асып немесе кем болса, өсімдікке басқа бөгде организмдер әсер етіп, зат алмасуы және физиологиялық қызметтері, анатомиялық құрылысы және өсімдіктің сыртқы бейнесі өзгеріп патологиялық процесс немесе ауруға ұшырауы мүмкін.

Өсімдіктің ауруы – бұл өте күрделі патологиялық процесс, сыртқы факторлардың әсер етуі.

Қоршаған ортаның зиянды факторлары өсімдіктің ауруының дамуына әсер етуін биотикалық және абиотикалық деп бөлуге болады. Биотикалық дегеніміз өсімдікке тірі организмдердің әсері. Абиотикалық дегеніміз тірі емес фактордың әсер етуі.

Егер ауру тірі организммен берілсе, онда ол міндетті түрде ауру өсімдіктен сау өсімдікке беріледі. Бұндай ауруларды жұқпалы деп атайды. Ауру организмді ауруды шақырушы аурудың қоздырғышы немесе патоген деп атайды. Өсімдіктің ауруын шақыратын организмдерді фитопатоген деп атайды. Өсімдікке кіріп, оның тамағымен қоректенетін патогенді – өсімдіктің иесі деп атайды. Өсімдіктің жұқпалы ауруларын көбінесе фитопатогенді микроорганизмдер шақырады: саңырауқұлақтармен (саңырауқұлақпен берілсе, микоз деп аталады), бактериямен (бактериоз), гельминттермен (гельминтоз), актиномицеттермен және вирустармен, микоплазмамен.

Ауру фитопатогенді организмдермен емес, керісінше абиотикалық факторлармен беріліп және ауру өсімдіктен сау өсімдікке берілмесе, онда оны жұқпалы емес аурудың түріне жатқызуға болады.

Жұқпалы болсын, жұқпалы емес болса ауруларды бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайды. Табиғатта ол екеуінің арасында анықталған байланысты байқауға болады: үнемі жұқпалы аурулар алдын ала зақымдаған өсімдіктің жұқпалы емес ауруымен ауруынан пайда болады.

Көптеген жағдайларда жұқпалы емес патологиялық процесс өсімдікке патогеннің енуіне негіз болды. Ағаштардың қабығының күйіп қалуы немесе үсіп кету жұқпалы ісік ауруларының алдыңғы сатысы. Физиологиялық процестердің нашарлауы және ұсақ тамырлардың өлуі, оттегінің жетіспеуінен топырақтың тығыздануына қылқан жапырақтыларда тамырірінге әкеп соғады. Жұқпалы аурулармен көбінесе ағаш тектес өсімдіктер зақымдалады. Оған уақытында жағдай жасалмаса, топырақтың және ауа-райы жағдайлары әсер еткенде.

Өсімдіктің клеткасы және тканьдері әртүрлі ауруларда патологиялық реакциясы әртүрлі болады. Көзбен көрінбейтін аурудың белгілерін симптом деп атайды. Симптомдарды типтік және типтік емес деп бөледі. Типтік – ол осы ауруда үнемі пайда болады; негізгі (осы ауруға сәйкес); арнаулы (осы ауруға ғана тән) және жалпы (әртүрлі ауруларда байқалады); бірінші (инкубациялық мерзімнен кейін пайда болатын) және екінші (аурудың әрі қарай дамуы). Зерттеудің ең негізгі нақтысы әртүрлі қоздырғыштардың әртүрлі симптомдарды шақыруы. Бірақ әртүрлі қоздырғыштар бірдей ауруды шақыруы мүмкін емес. Осындай

белгілердің сәйкестігі симптомдардың конвергенциясы деген атқа ие болды. Мысалы, ағаштардың төбесінің курауы құрғақшылықтың, тамырдың шіруі ауруынан, ісікті некроз ауруларынан байқалады. Кейбір жағдайда, керісінше, бір патоген әртүрлі өсімдік түрлерінде немесе әртүрлі мүшелерде бір өсімдік иесі әртүрлі симптомдардың пайда болуына әсер етеді. Сондықтан, арнаулы аурулардың жеке симптомдары олардың бірігуін және аурудың диагностикасы жеке белгілері бойынша емес, олардың анықталған сәйкестілігі арасындағы байланыстың пайда болуын көрсетеді.

Аурулардың ішінде сыртқы белгілері көрінбейтін симптомдарында болуы мүмкін (мысалы, кейбір вирусты аурулар). Бұндай ауруды симптомсыз аурулар деп атайды. Симптомсыздық ол өсімдіктің қоздырғышқа төзімділігін көрсетеді. Ауру алғашында симптомсыз беріліп, одан кейін шықса, онда оны патентті деп атайды. Кейбір кезде сыртқы факторлардың әсерінен шыққан симптомдар уақытша көрінбей қалады (мысалы, жапырақтардың мозаикалық түстері, кейбір вирусты ауруларға тән, ыстық күндері көрінбейді, суық күндері қайтадан шығады) Бұл құбылыс симптомдардың москировкасы деп аталады. Қоршаған ортаның кейбір жағдайлары симптомдардың пайда болуына әсер етіп, кешіктіруі мүмкін. Аурудың типтері деп аурудың топтарын айтады. Аурудың типі патоген мен иесінің өсімдіктегі потологияның өзгерістерді көрсетеді. Ол патогеннің қасиетіне, ерекшелігіне, кейбір кезде өсімдіктің жағдайына және жасына байланысты болады.

Көбінесе ағаш тектес өсімдіктерде кездесетін аурудың типтерін төмендегідей түрлерге бөлуге болады:

1) шіру. Аурудың бұл типі саңырауқұлақпен немесе бактериямен шақырылады. Оларға тән мінездеме өсімдік құрылысының өзгеруі және мүшелердің тканьдерінің зақымдалуы. Өсімдіктің әртүрлі бөліктері шіруі мүмкін: жемісі, тұқымы, түйіні, тамыры, діңі және т.б. Өсімдіктің тканінің химиялық құрамымен құрылысына байланысты қоздырғыштың ферменттерінің әсер етуі, патологиялық процестің дәрежесіне қарай жұмсақ және қатты, ылғалды және құрғақ шірулер болып бөлінеді;

2) Ісік. Осы термин арқылы ауруға мінездеме беруге болады.

Өскіндер, клеткалардың өсуі, жаралардың болуы, жаралардан шайырдың ағуы. Ісіктер өсімдіктің діңінде, тамырларында және тағы басқа мүшелерінде кездесуі мүмкін. Көбінесе ісікті аурулар ағаш тектес өсімдіктерде саңырауқұлақпен немесе бактериямен беріледі, бірақ ісіктің алғашқы дамуы механикалық зақымдалудан болуы әбден мүмкін, температураның күрт өзгеруі және басқа факторлар әсер еткенде;

3) Вилт. Өсімдіктердің өткізгіш жүйелерін зақымдайтын және өсімдіктің түгелімен немесе кейбір мүшелерінің курауына әкеп соғатын ауру. Осы аурудың қоздырғыштары саңырауқұлақ арқылы берілсе, онда оны трохеоликоз, ал бактериялар арқылы берілсе – трохеобактериоз деп атайды. Аурудың инфекциялық жолмен берілетін осы түрі инфекциясының құр аурудан айырмашылығы бар (механикалық зақымданулар, курады ж. т. б.) себептерге байланысты;

4) Қабық некрозы. Саңырауқұлақпен берілетін аурудың типі қабығымен камбийдің зақымдалуы, түсінің өзгеруі, зақымданған тканьдердің өлуі және арнаулы саңырауқұлақтың өсінділерінің қалыптасуы;

5) Тат саңырауқұлақтары. Осы атаумен көптеген саңырауқұлақтардың тат аурулары белгілі. Кейбір белгілері бойынша тат саңырауқұлақтарында пустул қалыптасып, қызғылт-сары, қоңыр-тат және қара споралармен толтырылуы, сыртқа ол жабын тканьдерін тесіп, эпидермис, жапырақтың кутикуласы, діңі және бұтақтары арқылы сыртқа шығады;

6) Шютте. Осы аурудың типі қылқан жапырақтыларда кездеседі. Неміс тілінен аударғанда schütten, түсу деген мағынаны білдіреді. Шютте аурудың типі әртүрлі саңырауқұлақтардың түрлері арқылы беріліп, түсінің өзгеруіне, қылқандарының өліп түсуіне әкеп соғады. Жұқпалы емес аурудан бұл аурудың белгілері бойынша жұқпалы ауруларға қылқанында споратасымалдаушы қоздырғыштардың қалыптасуы;

7) Ақ ұнтақ. Бұл аурудың типі ақұнтақ саңырауқұлақтары арқылы беріледі. Олардың ерекшелігі патогеннің мицелиі өсімдіктің үстіңгі жағында орналасады, өте тығыз ақ түсті дене түзеді. Саңырауқұлақтың спорасы жаппай қалыптасқанда сеуіп тастаған ақ ұнға ұқсайды;

8) Күю. Күюмен берілетін аурудың типі саңырауқұлақпен немесе бактериямен берілуі мүмкін. Олар ағаштардың әртүрлі мүшелерінде кездесуі мүмкін: жас бүршіктерінде, гүлінде, діңнің қабығында, бұтақтарында, жапырақтарында. Гүлдері мен бүршіктері тез арада өліп қарайып кетеді. Жапырақтары да қараяды, бірақ түспейді. Бактериялармен күйгенде зақымдалған жапырақтармен қабығының жарылуынан сұйықтық ағады, онда көптеген бактериялар кездеседі;

9) Теңбілдену. Бұл табиғатта кең таралған өсімдіктердің аурулары. Теңбілдену саңырауқұлақтармен, бактериялармен, вирустармен және қолайсыз абиотикалық факторлармен беріледі. Негізінен теңбілденумен көбінесе жапырақтар зақымдалады, кейбір ағдайларда жемістері, жас бүршіктерінде кездеседі. Бұл аурудың типі тканьдердің өлуіне, түсінің, құрылысының өзгеруіне, саңырауқұлақпен берілсе, патогеннің спорасы пайда болады. Теңбілдену түсіне, пішініне, теңбілдің құрылымына қарай әртүрлі. Олар қара, ақ, қоңыр, ұсақ, дөңгеленген, бұрыштанған, нүктелі, тесік болып келуі мүмкін;

10) Мумификация. Саңырауқұлақпен берілетін осы ауру паразиттің мицелиі барлық мүшелердің тканьдерін зақымдап, оны қара тығыз «мумию» деген денеге немесе склероциалды стромаға айналдырады.

Үнемі көп кездесетін ол жемістер мен тұқымдардың мумификациясы, бірақ өсімдіктің басқа да мүшелері мен жапырақ бөлімдері мумификациялануы мүмкін;

11) Парша. Парша кейбір саңырауқұлақтардың түрлерімен беріледі. Тал, терек, көктеректің жемістерінде кездеседі;

12) Антрокноз. Саңырауқұлақпен берілетін ауру, өсімдіктің мүшелерінде өте тереңге кеткен жаралардың, құрғақ шірудің белгілері осы ауруда кездеседі;

13) Мыстанкемпірдің сыпыртқысы. Осы ауру көбінесе өсімдіктерге саңырауқұлақтармен және вирустармен беріледі. Патогеннің әсер етуі арқылы ұсақ-ұсақ көптеген жіңішке жіпшелердің өсімдікті орап алуы;

14) Деформация (қисаю). Әртүрлі факторлардың әсерінен немесе саңырауқұлақтар мен вирустар арқылы берілуі, өсімдіктердің мүшелердің қисаюына әкеп соғуы мүмкін. Деформацияның типі әртүрлі. Жапырақтардың деформациясы олардың оралуына, әжімденуіне, көпіршікті томпашықтардың пайда болуына әкеп соғады. Қап тәрізді немесе жапырақ тәрізді зақымдалған тканьдердің өсімдіктердің жемістері мен тұқымдарының деформациясын туғызады. Гүлдердің деформациясы кезінде генеративтік мүшелердің вегетативтік мүшелеріне айналуы немесе гүлдің дамымауы. Сонымен қатар бүршіктер мен сабақтардың қисаюы және жуандауы кездеседі;

15) Хлороз. Хлороз дегеніміз жапырақтарға хлорофилдің жетіспеуінен сарғайып, түссізденуі. Хлороздың пайда болуына себеп - өсімдікте минералдық қоректің бұзылуы, кейбір кезде хлороз вирус арқылы да беріледі;

16) Мозайка. Жапырақтардың түсінің тең болмауы, жасыл түстің орнына ақшыл түстің болуы. Өсімдіктерде бұл ауру вируспен беріледі. Кейбір жағдайда элементтердің қорының жетіспеуімен де байланысты;

17) Плесень. Саңырауқұлақтардың спораларымен мицелилерінен тұратын әртүрлі түсті тор сияқты өсімдік мүшелерінде кездесетін ұнтақ.

Ағаш тектес өсімдіктердің ауруларының классификациясынан басқа, аурулардың типтері арқылы өсімдіктердің жас ерекшеліктеріне қарай классификациялайды. Өсімдіктерде жалпы және отырықшы ауруларды ажыратуға болады.

Әдебиеттер

1. Қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 1997 жылғы 15 шілдедегі № 160. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. -1997. -№ 17-18.
2. Культиасов М.В. Из истории подмосковных ботанических садов //Бюл./ ГБС АН СССР. -1950. – Вып.6. – С. 95-99
3. Лучник З.И. Интродукция деревьев и кустарников в Алтайском крае. –М. Колос, 1970.- 656 с.
4. Штанин Н.Ф. Сибирское плодородство, его прошлое, настоящее и задачи, подлежащие разрешению в будущем //Первый Сибирский краевой научн.-иссл. съезд. –Новосибирск: О-во изуч. Сибири и ее производ. сил, 1927. –С. 203-209.
5. Морякина В.А. Направление интродукционной работы в ботаническом саду //Растительные богатства Сибири и Дальнего Востока. – Новосибирск: Наука Сиб. Отд-ние, 1976. – С. 13-25.

Резюме

В статье рассматриваются исследование видового состава грибов возбудителей болезни у древесно-кустарниковых растений.

Summary

In article are considered research of specific structure of mushrooms of infecting agents at wood and shrubby plants.

¹Б.Ж. Темирбеков, Т.Т. Заурбеков

¹М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан инженерлі – педагогикалық халықтар Достығы университеті
Шымкент, Қазақстан

БЕТ ИНВАРИАНТТАРЫНЫҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ МАҒЫНАСЫ. БЕТТІҢ ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ОРТА ҚИСЫҚТЫҒЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада бет инварианттарының геометриялық мағынасы вектор функция ұғымында берілген. Сонымен қатар беттің толық және орта қисықтығы вектор функция және Гаусс қисықтығы арқылы түсіндірілген.

Бет инварианттарының геометриялық мағынасын ашуға кірісейік. Инварианттар нөлден өзгеше деп болжаймыз. Ең алдымен олардың бетпен байланысқан регулюс (түзусызықты бет) инварианттары арқылы өрнектелуін көрсетейік.

Егер беттегі кейбір сызықтың бойында бетке нормальдар жүргізетін болсақ регулюс түзеледі.

Беттегі қандай сызықтар үшін бұл регулюс торсқа (жайылмалы бетке) айналады? Беттегі кез келген

$$v = v(u) \quad (1)$$

сызығын қарастырайық. осы сызықтың нүктелеріндегі нормальдардан жасалған регулюсті

$$\bar{R} = \bar{r} + \lambda \bar{e}_3$$

теңдеуімен беруге болады. бұл регулюс торс болу үшін, дифференциалдардың (1) шартындағы есептелуінде

$$(d\bar{r}, \bar{e}_3, d\bar{e}_3) = 0$$

болу керек.

(1) формулаларын пайдалана отыра

$$(\omega^1 \bar{e}_1 + \omega^2 \bar{e}_2, \bar{e}_3, -I_3 \omega^1 \bar{e}_1 - I_4 \omega^2 \bar{e}_2) = 0$$

ескеріп жоғарыдағы шартты

$$ab(I_4 - I_3)dudv = 0 \quad (2)$$

түріне келтіреміз. Мұнан $I_3 \equiv I_4$ беттері үшін торс кез келген сызықтар бойында түзелетіні, ал өзге беттер үшін тек қана координаталық $u = const, v = const$ сызықтары, яғни қисықтық сызықтар бойында түзелетіндігі шығады.

Монж теоремасы. Қисықтық сызығы бойындағы бет нормальдарынан жасалған регулюс – торс.

Бұл торстардың мойын нүктелері және инварианттарын анықтайық. формуласы бойынша $v = const$ сызығын қиятын торс үшін

$$\lambda_M = -\frac{(\bar{r}_u, \bar{r}_{3u})}{|\bar{e}_{3u}|^2} = \frac{-(a\bar{e}_1, -A\bar{e}_1)}{A^2} = \frac{aA}{A^2} = \frac{A}{I_3},$$

$u = const$ болғанда

$$\lambda_M = -\frac{(\bar{r}_u, \bar{r}_{3u})}{|\bar{e}_{3u}|^2} = \frac{bB}{B^2} = \frac{A}{I_4}.$$

Демек, I_3 және I_4 инварианттары қисықтық сызықтарының бойындағы нормальдардан жасалған торстардың мойын нүктелері абциссалар беттің бас қисықтық радиустары аталынып R_1, R_2 әріптерімен белгіленеді.

Сонымен

$$I_3 = \frac{1}{R_1}, I_4 = \frac{1}{R_2} \quad (3)$$

I_3 және I_4 инварианттарының өздері беттің бас қисықтықтары деп аталынады. Олардың қосындысы Н әрпімен белгіленіп беттің орта қисықтығы, ал көбейтіндісі К әрпімен белгіленіп, беттің толық (немесе Гаусс) қисықтығы делінеді. Сонымен

$$H = I_3 + I_4 = \frac{1}{R_1} + \frac{1}{R_2}, K = I_3 I_4 = \frac{1}{R_1 R_2} \quad (4)$$

Енді әрбір нормаль бойында нормальдар торстарының фокустары болып келетін қос

$$\begin{aligned} \bar{F}_1 &= \bar{r} + R_1 \bar{e}_3 \\ \bar{F}_2 &= \bar{r} + R_2 \bar{e}_3 \end{aligned} \quad (5)$$

нүктелеріне ие боламыз. Бұл нүктелермен сызылатын беттер оның эволюталары атанып бетпен тығыз байланыста болады: қисықтар теориясына ұқсас, алынған беттің нормальдары эволютанның жанамалары болады екен.

Шынында да,

$$\begin{aligned} \bar{F}_{1u} &= \bar{r}_u + R_{1u} \bar{e}_3 + R_1 \bar{e}_3 = (a - AR_1) \bar{e}_1 + R_{1u} \bar{e}_3 = R_{1u} \bar{e}_3 // \bar{e}_3 \\ \bar{F}_{1v} &= \bar{r}_v + R_{2v} \bar{e}_3 + R_2 \bar{e}_3 = R_{2v} \bar{e}_3 // \bar{e}_3. \end{aligned}$$

Бұл формулалардан $\bar{R} = \bar{r} + \lambda \bar{e}_3$ нормалінің бірден екі эволютаның да жанама жазықтықтарында жататындығы шығады.

Енді торстарымыздың «косиналарын» есептейік. (5) формулаларынан $v = const$ үшін

$$b = \frac{(\bar{e}_3, \bar{e}_{3u}, \bar{e}_{3uu})}{|\bar{e}_{3u}|} = \frac{(\bar{e}_3, A\bar{e}_1, A_u \bar{e}_1 + A\bar{e}_{1u})}{|\bar{e}_{3u}|^3} = \frac{(\bar{e}_3, \bar{e}_1, \bar{e}_{1u})}{|A|} = \pm \frac{av}{bA} = \mp \frac{I_1}{I_3};$$

$u = const$ болғанда

$$b = \frac{(\bar{e}_3, \bar{e}_{3v}, \bar{e}_{3vv})}{|\bar{e}_{3v}|} = \mp \frac{I_2}{I_4}.$$

Сонымен I_3 және I_4 инварианттары таңба дәлдігімен қисықтық сызықтарының бойында нормальдардан түзелген торстардың фокустарына кері шамаларын сәйкес торстың қосынасына көбейткенге тең.

Инварианттардың өзге мағынасы төменде алынып келтіріледі. Мұнда кеңістік сызығының қисықтығымен ұқсастығын көрсететін толық қисықтықтың геометриялық мағынасын келтірейік. Жоғарыда көргеніміздей, сызық қисықтығы екі жақын жанаманың арасындағы бұрыштың жанасу нүктелері арасындағы доға ұзындығына қатынасының шегімен сипатталатын. Жанамалар арасындағы бұрыш τ вектор – функция келбетінің (бастары ортақ нүктеден салынған τ векторларының ұштарымен сызылатын сфералық сызық) доға ұзындығына эквивалент.

Егер берілген бет нүктесі аймағында барлық u, v мәндеріне сәйкес ортақ бас нүктесі бар $\bar{e}_3$ векторлары салынса, олардың ұштары бірлік радиусты сфераның бөлігін толтырады. Бұл сфера бөлігін жоғарыдағы сфералық сызыққа ұқсас сфералық индикатриса дейді.

Әдебиеттер

1. Норден А.П. «Теория поверхностей». М., ГИТТЛ, 1956
2. Мусин А.Т. «Векторлық және тензорлық есептеуге кіріспе», Қарағанда, 2007
3. Погорелов А.В. «Дифференциальная геометрия». М., Наука, 1974
4. Бакельман И.Я. «Высшая геометрия». М., 1965

Резюме

В этой статье рассматривается инвариантная геометрическая поверхность посредством векторной функции. Вместе полная поверхность и средняя кривизна вектор функции и дано объяснение с помощью кривизны Гаусса.

Summary

In this article the invariant geometrical surface by means of vector function is considered. Together a full surface and sredny curvature a function vector the objesngeniye with nomoiu Gauss's curvature is also given.

ӘОЖ 66.022.62

Ғ.Е. Тилеуов, А. Құланбек
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАТТЫ ДЕНЕЛЕРДІҢ ҚАРАПАЙЫМ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ

Аңдатпа: Қатты денелердің қарапайым қозғалыстары, ілгерілемелі және айналма қозғалыстарына талдау жасаған.

Кілттік сөздер: теория, механика, математика, қолданбалы математика.

Материалдық дененің кез келген берілген екі нүктесінің арасындағы қашықтығы өзгерместен қалатын болса, онда оны абсолютты қатты дене деп атаймыз. Бұдан кейінгі тұжырымдарымызда қатты дене дегенде абсолют қатты денені түсінеміз. Қатты денелердің қарапайым қозғалыстарын, ілгерілемелі және айналма қозғалысы деп бөлеміз.

Қатты денелердің ілгерілемелі қозғалысын қарастырайық. Материалдық дененің қозғалысы нәтижесінде траекториядан алынған кесінді өзіне-өзі параллел қозғалса, қозғалысты ілгерілемелі деп атаймыз (1-сурет). Мысалы, велосипед педалының қозғалысы, түзу жолда қозғалыс жасап жатқан автомобилдің қозғалысы, т.б. ілгерілемелі қозғалысқа кіреді [1].

Ілгерілемелі қозғалыста дене нүктелері бірдей траектория сызады, әрбір мезеттегі жылдамдығы менен үдеуі де бірдей. Нәтижеде C нүктесі қандай траекторияны сызатын болса, $\overrightarrow{CM}$ бойынша нүктелер де сондай траектория сызады (1-сурет). C және M нүктелер радиус-векторларыны сол сәтте $\vec{r}_C, \vec{r}_M$ дейтін болсақ:

$$\vec{r}_M = \vec{r}_C + \overrightarrow{CM} \quad (1)$$

M нүкте жылдамдығыны табу үшін (1) ден t уақыты бойынша туындысын аламыз:


$$\frac{d\vec{r}_M}{dt} = \frac{d\vec{r}_C}{dt} + \frac{d\overrightarrow{CM}}{dt}$$

$\overrightarrow{CM} = \text{const}$ болғаны үшін:

$$\frac{d\overrightarrow{CM}}{dt} = 0; \quad \frac{d\vec{r}_M}{dt} = \frac{d\vec{r}_C}{dt} \text{ немесе } \vec{V}_M = \vec{V}_C \quad (2)$$

(2)-ден t уақыты бойынша туындысын алсақ, үдеу векторы пайда болады:

$$\frac{dV_M}{dt} = \frac{dV_C}{dt} \text{ немесе } \vec{a}_M = \vec{a}_C \quad (3)$$



Сурет 1 - Ілгерілемелі қозғалыс

Енді айлану қозғалысындағы дененің бұрыштық жылдамдығыны және бұрыштық үдеуін қарастырамыз.

Айталық, $t = t_0$ -де дененің бұрылу бұрышының мәні φ_0 , ал $t = t_1$ уақытта бұрыш φ_1 болсын. Олай болса, t уақытының өзгеруі $\Delta t = t_1 - t_0$ бұрылу бұрышының өзгеруіне $\Delta\varphi = \varphi_1 - \varphi_0$ тең болады[3].

Бұрылу бұрышының өзгеруін уақыттың өзгеруіне байланысты дененің орта бұрыштық жылдамдығы деп атаймыз және ω_{op} -мен белгілейміз.

$$\omega_{op} = \frac{\Delta\varphi}{\Delta t} \quad (4)$$


Дененің бұрылған моменттегі бұрыштық жылдамдығыны табу үшін (4) өрнектен Δt нөлдегі шегін аламыз:

$$\lim_{\Delta t \rightarrow 0} \frac{\Delta\varphi}{\Delta t} = \frac{d\varphi}{dt}$$

немесе

$$\omega = \frac{d\varphi}{dt} \quad (5)$$

M материалдық денесінің бұрыштық жылдамдығының формуласы, бұрылу бұрышының t уақыты бойынша алынған бірінші дәрежелі туындысына тең. Бұрылу бұрышының өлшемін $rad/сек$ немесе $1/сек$ -пен өлшейміз. M материалдық денесінің бұрыштық жылдамдығының мөлшері бұрылу бұрышының қалай жылдам өзгеруін және осы өзгеріс бағытын анықтайды. Сондықтан бұрыштық жылдамдығын вектор ретінде сипаттаймыз. Берлген сәттегі векторды дененің айлану өсінің кез-келген нүктесіне орналастырып және бағытты сондай етіп таңдаймыз, оның ұшынан қарағанда дене әрдайым сағат тілінің қозғалысына қарсы бағытта айлансын (2-сурет) [5].



Сурет 2 - Айлану қозғалысындағы M денесінің бұрыштық жылдамдығы менен бұрыштық үдеуі

Жалпы, M материалдық денесінің бұрыштық жылдамдығы t уақыты барысында өзгеріп отырады. $t = t_0$ -де бұрыштық жылдамдық ω_0 , $t = t_1$ -де ω_1 болсын. Бұрыштық жылдамдықтың өзгеруін $(\Delta\omega = \omega_1 - \omega_0)$ -ді уақыттың өзгеруіне $(\Delta t = t_1 - t_0)$ -ге қатысты дененің орта бұрыштық жылдамдығы деп атаймыз:

$$\varepsilon_{op} = \frac{\Delta\omega}{\Delta t} \quad (6)$$

бұл жерден $\Delta t \rightarrow 0$ кездегі шегі:

$$\lim_{\Delta t \rightarrow 0} \frac{\Delta\omega}{\Delta t} = \frac{d\omega}{dt}$$

немесе

$$\varepsilon = \frac{d\omega}{dt} = \frac{d^2\varphi}{dt^2} \quad (7)$$

Енді, (7)-өрнектен, M материалдық денесінің бұрыштық үдеулері, олардың бұрыштық жылдамдығының t уақыты бойынша бірінші туындысына немесе бұрылу бұрышының екінші дәрежелі туындысына тең болады.

Көп кездесетін механикалық есептерді шешуде, көбінесе 1 минуттағы айландудың саны n анықталған. Сондықтан, $\varphi = 2\pi n$, $t = 60c$ тең деп,

$$\omega = \frac{2\pi n}{60} = \frac{\pi n}{30} \quad (8)$$

аламыз.

Кейбір есептерде кез келген t_1 уақыттағы айлану санын табу қажеттігі туындайды. Онда айлану саныны N мен белгілеп, ол келесі формула түрінде анықтаймыз:

$$\varphi = 2\pi N, \quad N = \frac{\varphi}{2\pi} \quad (9)$$

Егер бұрыштық үдеу ($\varepsilon = \text{const}$) өзгермейтін болса, M денесінің қозғалысы бір қалыпты айналу қозғалысынан тұрады. Онда:

$$\frac{d\omega}{dt} = \omega = \text{const}$$

бұл өрнектен келесіні аламыз:

$$\omega = \varepsilon t + \omega_0, \quad \varphi = \pm \frac{\varepsilon t^2}{2} + \omega_0 t + \varphi_0 \quad (10)$$

Сонымен, (10)-дің екінші теңдеуі бір қалыпты айналма қозғалысының заңыны сипаттайды.

Әдебиеттер

1. Жуковский Н. Е. Теоретическая механика. –М.: Гос. изд-во технико-теоретической литературы, 1952. –812 с.
2. Бухгольц Н.Н. Основной курс теоретической механики. Часть 1, 6-е изд. –М.: Наука, 1965. –468 с.
3. Ландау Л.Д., Лифшиц Е.М. Теоретическая физика, в 10-ти томах. Том I. Механика. Издание 4-е, исправленное. –М.: Наука, 1988. –169 с.
4. Мещерский И.В. Задачи по теоретической механике: Учебное пособие. 50-е изд., –СПб.: Издательство «Лань», 2010. –448 с. ил.
5. Яблонский А.А. Курс теоретической механики. 4-ое изд. –М.: Высшая Школа, 1971.
6. Вильке В.Г. Теоретическая механика. Учебник. – 3-е изд., испр. и доп. –СПб.: Лань, 2003. — 304 с.
7. Айзерман М.А. Классическая механика. 2-е изд. –М.: Наука, 1980. –367с.
8. Журавлев В.Ф. Основы теоретической механики. Изд. 2-е, перераб., –М.: Изд-во физико-математической литературы. 2001. –320 с.
9. Добронравов В.В., Никитин Н.Н. Курс теоретической механики. 4-ое изд. –М.: Изд. МВТУ им. Н. Э. Баумана, 1983.
10. Болотин С., Карапетян А., Кугушев Е., Трещев Д. Теоретическая механика. –М.: Изд-во «Academia», 2010.
11. Кирсанов М.Н. Решебник. Теоретическая механика /Под ред. А.И.Кириллова - М.: Физматлит, 2002, 2008 (2-е изд).

УДК 519.6

* М.А.Султанов - к.ф.-м.н.,доцент, ** М.А.Тугеленова - магистрант
Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави
e-mail: murat.sultanov@ayu.edu.kz, tulegenova_m@mail.ru

ОБ УСТОЙЧИВОСТИ ОДНОМЕРНОЙ КОЭФФИЦИЕНТНОЙ ОБРАТНОЙ ЗАДАЧИ ДЛЯ УРАВНЕНИЯ ТЕПЛОПРОВОДНОСТИ

Аннотация: В работе доказана теорема устойчивости решения одномерной коэффициентной обратной задачи для уравнения теплопроводности. Метод доказательства основан на получении априорных оценок карлемановского типа с весом.

Ключевые слова: устойчивость, обратная задача, карлемановская оценка, коммутатор операторов

В работе доказаны теоремы устойчивости решения одномерной коэффициентной обратной задачи для уравнения теплопроводности. Метод доказательства основан на получении априорных оценок

карлемановского типа с весом, принимающим максимальные значения на тех многообразиях, где известны следы решения краевой для уравнения теплопроводности.

Обратные задачи теплопроводности возникают во многих прикладных задачах, таких как тепло и массообмен, диагностике плазмы и многих других. Необходимость их решения появляется при проведении различных тепловых физических исследований, при проектировании и эксплуатации различных технических систем, при определении оптимальных параметров технологических процессов и других [2,7,8].

Различные постановки обратных задач для уравнения теплопроводности методом их решения посвящены работы многих авторов [см. 1,5,6 и указанную там литературу]. К обратным задачам методом карлемановских априорных оценок впервые был применен А.Л.Бухгеймом и М.В.Клибанов [4]. Им доказаны теоремы единственности решения многомерных обратных задач в «целом». В дальнейшем этот метод развивался многими авторами, а некоторые модификации этого метода рассмотрены в работах [3,10,11,12].

1. Постановка задачи и формулировка результата

Пусть $u(x, t)$ – гладкое решение следующей краевой задачи для уравнения теплопроводности:

$$u_t - u_{xx} - a(x)u = 0, \quad 0 < x < r, \quad t \in R, \quad (1)$$

$$u(x, 0) = f(x), \quad x \in [0, r], \quad (2)$$

$$u_x(0, t) = 0, \quad u_x(r, t) = 0, \quad t \in R. \quad (3)$$

Требуется, зная след решения $u(x, t)$ при $x = 0$

$$u(x, t) = g(t), \quad t \in [-T, T], \quad (4)$$

по функциям f и g восстановить коэффициент $a(x)$.

Теорема. Пусть $a_1(x), a_2(x)$ – два решения обратной задачи (1)–(4) с данными (f_1, g_1) и (f_2, g_2) соответственно. Пусть, кроме того, $a_j, f_j \in W_2^8(0, r)$, где $W_2^8(0, r)$ – пространство Соболева, $f_2(x) \neq 0$ для всех $x \in [0, r]$, $d^k a_j / dx^k = 0$, $d^k f_j / dx^k = 0$ при $x = 0$ и $x = r$, $j = 1, 2$, $k = 1, 2, \dots, 7$. Тогда существует число ε_0 такое, что для всех $\varepsilon \in (0, \varepsilon_0)$ имеет место оценка устойчивости

$$\begin{aligned} \|a_1 - a_2\|_{L_2(0, r)}^2 &\leq \varepsilon^2 \left(\|a_1 - a_2\|_{W_2^8(0, r)}^2 + \|f_1 - f_2\|_{W_2^8(0, r)}^2 \right) + \\ &+ c^2(\varepsilon) \left(\|f_1 - f_2\|_{W_2^8(0, r)}^2 + \|g_1 - g_2\|_{W_2^8(-T, T)}^2 \right). \end{aligned} \quad (5)$$

Здесь $c(\varepsilon) \leq c \cdot \exp(\text{const} / \varepsilon)$.

2. Краткая схема доказательства теоремы

Предполагая, что обратная задача (1)–(4) имеет два решения (u_1, a_1) и (u_2, a_2) соответствующие (f_1, g_1) и (f_2, g_2) и обозначая $u_1 - u_2 = u$, $a_1 - a_2 = a$, $f_1 - f_2 = f$, $g_1 - g_2 = g$, получаем

$$Pu \equiv u_t - u_{xx} - a_1(x)u = a(x)u_2(x, t) \equiv h(x, t) \quad (6)$$

$$u(x, 0) = f(x), \quad (7)$$

$$u_x(0, t) = 0, \quad u_x(r, t) = 0, \quad (8)$$

$$u(0, t) = g(t). \quad (9)$$

Заметим, что правая часть уравнения (9) удовлетворяет следующему обыкновенному дифференциальному уравнению первого порядка:

$$u_2(x, t)h_t - (\partial_t u_2)h = 0.$$

В предположении, что $u_2(x, t) \neq 0$, это уравнение можно записать с помощью оператора Q :

$$Qh = (\partial_t - b(x, t))h = 0, \quad b(x, t) = (\partial_t u_2) / u_2. \quad (10)$$

Применяя оператор Q к уравнению (6) и коммутируя его с оператором P , получим

$$PQu = [P, Q]u. \quad (11)$$

Уравнение (11) можно также записать в виде системы уравнений, введя неизвестную функцию $v = Qu$:

$$\begin{aligned} Pv &= [P, Q]u, \\ Qu &= v. \end{aligned} \quad (12)$$

Эта система представляет собой две связанные с коммутатором $[P, Q]$ задачи Коши для функций v и u с данными Коши при $x = 0$ и $t = 0$ соответственно. Используя условие (7), задачу Коши для уравнения $Qu = v$ можно решить в явном виде:

$$u(x, t) = Q^{-1}v = u_2(x, t) f(x) / f_2(x) + \int_0^t K(x, t, \tau) v(x, \tau) d\tau, \quad (13)$$

где $K(x, t, \tau) = u_2(x, t) / u_2(x, \tau)$. Учитывая, что $[P, Q] = b_1 \partial + b_0$, где $b_1 = -2b_x$, $b_0 = b_t - b_{xx}$, $\partial = \partial / \partial x$, из (12) получаем

$$\begin{aligned} v_t - v_{xx} &= a_1 v + (b_1 \partial + b_0)(u_2(x, t) f(x) / f_1(x)) + \\ &+ \int_0^t \{ (b_1 K'_x + b_0 K) v(x, \tau) + b_1 K v_x(x, \tau) \} d\tau. \end{aligned} \quad (14)$$

При выводе уравнения (14) мы пользовались тем, что $u_2(x, t) \neq 0$ в области $\bar{\Omega}_0 = \{x, t \mid 0 \leq x \leq r, -T \leq t \leq T\}$. В терминах исходных данных f выполнения этого условия можно добиться, потребовав, чтобы $f_2(x) \neq 0$ для всех $[0, r]$. Тогда, взяв в качестве Ω область, сосредоточенную в некоторой малой окрестности отрезка $[0, r]$ оси x можно из соображений непрерывности гарантировать выполнение условия

$$u_2(x, t) \neq 0 \quad \forall (x, t) \in \bar{\Omega}. \quad (15)$$

Примером такой области может служить область Ω , определенная следующим образом:

$$\Omega = \{x, t \in \mathbb{R} \mid \varphi(x, t) > 0, \quad x > 0\}, \quad \varphi(x, t) = \exp(\lambda \psi(x + \delta, t)) - 1, \quad (16)$$

$$\psi(x + \delta, t) = 1 - \left(\frac{x + \delta}{r + \delta} \right)^2 - \left(\frac{t}{T} \right)^2.$$

Здесь λ — достаточно большой положительный параметр, $\delta > 0$, T — настолько мало, что выполнено условие (15).

Пусть функция φ и область Ω определены формулой (16). Тогда для функции $v = Qu$ имеет место равенство (14) и из него получим

$$|v_t - v_{xx}| \leq c(|v| + |J|v| + |J|v_x| + |f| + |f'|), \quad (17)$$

$$\begin{aligned} v(0, t) &= g'(t) - g(t)g_2(t), \\ v_x(0, t) &= 0, \quad v_x(r, t) = 0, \end{aligned} \quad (18)$$

где $(Jv)(x, t) = \int_0^t v(x, \tau) d\tau$. При выводе краевых условий (18) мы воспользовались условиями (8) и формулой (10).

Из уравнения (13) имеем

$$\begin{aligned} |u| &\leq c(|J|v| + |f|), \quad |u_t| \leq c(|v| + |J|v| + |f|), \\ |u_{xx}| &\leq c(|J|v| + |J|v_x| + |J|v_{xx}| + |f| + |f'| + |f''|). \end{aligned}$$

Последние два неравенства получили после дифференцирования (13) по t и два раза по x соответственно. В силу этих неравенств, из уравнения (6) получаем

$$|a(x)| \leq c(|v| + |J|v| + |J|v_x| + |J|v_{xx}| + |f| + |f'| + |f''|). \quad (19)$$

Введем семейство весовых L_2 — норм

$$\|v\|_s^2 = \int_{\Omega} e^{2s\varphi(x,t)} |v(x, t)|^2 dx dt,$$

где число $s \geq 0$, а область Ω и функция φ определены выше. Далее, введенной выше норме получаем следующую оценку для коэффициента $a(x)$ из неравенства (19):

$$\|a(x)\|_s^2 \leq c(\|v\|_s^2 + \|v_x\|_s^2 + \|v_{xx}\|_s^2 + \|f\|_s^2 + \|f'\|_s^2 + \|f''\|_s^2). \quad (20)$$

Для получения оценки (5) теоремы необходимо получения оценки устойчивости решения задачи Коши (17), (18) для интегро-дифференциального неравенства. Оно получается известным путем [9] оценивание нормы $\|P'v\|_s^2$ снизу, где $P' = \partial_t - \partial^2$, $\partial^2 = \partial^2 / \partial x^2$.

Литература

1. Алифанов О.М., Артюхин Е.А., Румянцев С.В. Экстремальные методы решения некорректных задач. — М.: Наука, 1984. — 288 с.
2. Алифанов О.М. Обратная задача теплообмена и исследование тепловых процессов и проектировании технических систем // Инженерно-физический журнал. — 1977. Т.33, №6. — с. 972-981.
3. Бухгейм А.Л. Введение в теория обратных задач. — Новосибирск: Наука. Сиб. отд-ние., 1988. — 184 с.
4. Бухгейм А.Л., Клибанов М.В. Единственность в целом одного класса многомерных обратных задач // Докл. АН СССР. — 1981. — Т. 260, №2. — с. 269-272.
5. Кабанихин С.И., Гасанов А., Пененко А.В. Метод градиентного спуска для решения обратной коэффициентной задачи теплопроводности // Сибур журн. Вычисл. Математики. — Новосибирск. 20008. — Т. 11, № 1. — с. 41-51.
6. Клибанов М.В. Об одном классе обратных задач для нелинейных параболических уравнений // Сибирский мат. журнал. -1986. —Т 27, №5. — с. 83-94.
7. Коздуба Л.А.; Круковский П.Г. Методы решения обратных задач теплопереноса. — Киев: Наукова думка, 1982. — 359 с.
8. Мацевитый Ю.М. Электрическое моделирование нелинейных задач технической теплофизики. — Киев: Наукова думка, 1977. — 254 с.
9. Hörmander L. Linear Partial Differential Operators. Springer-Verlag, 1963.

-
10. Imanuvilov O. Y., Yamamoto M. Lipschitz stability in inverse parabolic problems by the Carleman estimate // *Inverse Problems* **14**(1998), pp. 229–245
 11. Isakov V., Kinderman S. Identification of the diffusion coefficient in the a one – dimensional parabolic equation // *Inverse problems*. 2000. - №16. –pp. 665—680.
 12. Tataru D. Carleman estimates and unique continuation for solutions to boundary value problems. // *J. Math. Pures Appl.* **75** (1996), 367–408.

Түйін

Жұмыста жылу өткізгіштік теңдеуі үшін коэффициенттік кері есеп шешімінің орнықтылық теоремасы дәлелденген. Дәлелдеу әдісі зілдемелі карлеман типті априорлық бағалауларды алуға негізделген.

Summary

We prove of the stability theorem of solutions of one-dimensional inverse problem for the heat equation. The method of proof is based on obtaining a priori of Carleman type estimates with weight.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

Г.Н. Ағабекова, Қ.У. Уалиханова

Аймақтық Әлеуметтік-Инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

kuanish_forever_94@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЭКОНОМИКАҒА
ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОР**

Аннотация: Бүгінгі таңда нарыққа байланысты елеулі мәселелердің бірі – жұмыссыздық мәселесі. Жұмыссыздық әлемдегі ортақ проблемалардың бірі болып табылады. Кез-келген жұмыссыздықтың болуы – қоғам үшін ең ауыр экономикалық және әлеуметтік сілкініс. Жұмыссыздықты зерттеу олардың пайда болу себептерін анықтайды, мемлекеттің тарапынан шараларды анықтайды. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы болып табылады. Сонымен қатар мақалада жұмыссыздыққа талдау жасай отырып, оның еңбек нарығы факторларына әсері бағаланып, регрессиялық модельдер құрылды.

Кілттік сөздер: еңбек нарығы, жұмыссыздық, жастар, еңбекпен қамту, инновация, сұраныс, экономикалық тұрмыс жағдай.

Жұмыссыздық қоғам өміріне тән құбылыс. Ол бұған дейін де болған, алдағы уақытта да бола бермек. Бұдан кейде әрқилы әлеуметтік-экономикалық проблемалар да туындап қалып жатады. Қазіргі нарық жағдайында қай жерде болсын жастар арасында жұмыссыздар санының көбейе түсер ықтималдығы да мол. Себебі, оның мынандай факторлары бар екендігі екіншісі біріне белгілі жайт. Мысалы, өндірістің жаппай автоматтандырылып, механикаландырылуы, еңбекті интенсификациялау деңгейінің артуы, әлемдік қаржылық дағдарысқа байланысты өнеркәсіптің т.б. мекемелердің дағдарысқа ұшырауы, тіпті соның кесірінен жабылып қалуы, сондай-ақ мамандандырылудың біржақты жүргізілуі (қаржыгер, мұнайшы) – осындай себептерден жұмыссыздық асқына түсері мәлім.

Танымал экономист Янош Корнаидың пікірінше: «Құрылымдық жұмыссыздық – капитализмге терең енген механизмнің өнімі нәтижесі. Капиталистік экономиканың инновациялық үдерісі мен динамизмі, шумпеторлық жасампаз бұзылым жұмыс орындарын үнемі ашады және бір мезгілде жояды».[1, 171]. Оның пікірінше құрылымдық жұмыссыздық еңбек ресурстары саласында сұраныс пен ұсыныстың келісімділігі проблемасы байқалған кезде фрикциондықпен толығады. Бұл екі құбылыс – экономиканы құрылымдық қайта құру және сұраныс пен ұсыныс келісіміндегі кедергілер тоғысқан кезде еңбек нарығында жұмыс күшінің тапшылығы мен молдығы бір мезетте туындайды, - деп санайды Корнаи. [1, 173].

Соңғы уақытта мамандар жұмыссыздықтың себептері - шын мәнінде экономикалық конъюнктураның құбылуы ғана емес, сондай-ақ едәуір көп факторлар кешені, - деген ойға көбірек ойысады. Дж. Сакстың пікірінше: «Американың алаңдап отырған жұмысқа орналастыру дағдарысы макроэкономиканың кемістігін емес, еңбек нарығының жұмыс істеу кемістігін көрсетеді». [2, 226].

Көптеген елдерде, оның ішінде посткеңестік бірқатар мемлекеттерде де (Қазақстан, Ресей) қарама-қайшылықты жағдай байқалады. Яки жұмыссыздық бар, бірақ соған қарамастан шетелдік жұмыс күші сырттан ағылып келіп жатыр. Қазақстан мен Ресейде шетелдік жұмыс күші импортының екі түрі бар; бірінші – бұл аз жалақы төленетін гастарбайтерлер тобы, ал екінші топ – шетелдік компаниялар әкелетін аздаған мамандар.

Бұл парадоксты түсіндіру үшін экономикалық себептерді зерделеу аздық етеді. Әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен нормаларды кеңінен қарастыру қажет.

Жергілікті жұмыс күшінің «абыройсыз» жұмыстан бас тартуы немесе жұмыс берушінің төлейтін еңбекақысын асырғандықтан сырттан келетін гастарбайтерлерге сұраныс пайда болады. Ал жергілік жұмыс күші өздерін қанағаттандыратын жұмыс немесе жоғары жалақы төленетін жұмыс таба алмағандықтан үкіметтің беретін жеңілдіктеріне, кездейсоқ жалақыға күнелтеді. Олардың басым көпшілігі ата-анасының немесе өзге де туысқандарының арқасында күнін көріп, оларға масыл болып жүреді.

Сондай-ақ жергілікті жерде дипломы бар мамандар жұмыссыздығының дамыған елдермен салыстырғанда пайыздық үлесі жоғары болып отыр. Еуропа мен АҚШ еңбек нарығында білікті мамандар жоғары бағаланады. Осыған орай Дж. Сакс «Америкадағы жұмыспен қамту мәселесі жұмыскерлердің жеткіліксіз біліктілігінен басталады» дейді. Ол 2015 жылдың желтоқсан айындағы жұмыссыздық көрсеткішін қарастыра келіп, қазір Америкадағы жұмысшылар колледжде білім алғандар және онда оқымағандар деген екі топқа бөлінеді деген қорытындыға келеді.

Ал, Люк Болтанскидің пікірінше «дипломның беретін кепілдігі – жұмыссыздыққа қарсы ең жақсы сақтандыру болып табылады»[3, 22].

Кеңес дәуірінен кейінгі елдердің көпшілігіндегідей Қазақстанда да колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері жұмыссыздар қатарын толықтыратын басты үміткерлердің бірі болып табылады. Я болмаса, мықтағанда, олардың басым бөлігі дипломдарында жазылған мамандықтардан басқа жұмысқа орналасады. Бұндай жағдайдың себептері - бірқатар мамандықтар бойынша, әсіресе заңгерлік және экономикалық мамандықтар бойынша түлектерді жаппай артық дайындау және диплом иегерлерінің көпшілігінің біліктілігінің өте төмен болуы. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының көптеген түлектерінің мансапқұмарлығы да өте жоғары болып келеді. Дегенмен біліктілігі төмен, ал амбициясы жоғары жастар көп жағдайда өмірден орнын таба алмай жатады. Осыдан келіп олар қоғамдық ортаға көңілі толмай, наразылық қозғалыстарының пайда болуына себепкер болады. Бұл - көптеген елдердің басында бар жағдай.

Қазақстандағы еңбек нарығындағы ахуал – қоғамдық санадағы бұрынғы құндылықтардың әлі де сақталып, тіпті сақталып қана қоймай, басымдыққа ие болып отырғандығының нәтижесі десек қателеспейміз. Яғни бүгінгі заман талабына сәйкес келетін, сұранысқа ие кәсіпке емес, керісінше кезіндегі беделі жоғары болған мамандықтарға ұмтылуы, оған ата-аналарының да қолдау көрсетуі осындай проблеманың туындауына ықпал етеді. Мұндай келеңсіз жағдай тек посткеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы арқылы ғана өзгеруі мүмкін.

Жұмыссыздық – ол әлеуметтік жағдай, ол кезде экономикалық белсенді азаматтар әр-түрлі себептерге байланысты жұмыс істемейді, сол себептен ел экономикасының дамуына өз үлестерін қоса алмайды, қайта керісінше кері әсерін тигізеді (қылмыс және т.б. жолдарға түсіп). Жұмыссыздықтың деңгейі көптеген факторларға байланысты. Жұмыссыздықтың түрлері де көп. Олар жұмыссыздардың санына, техникалық мәселелерге, уақытқа, еңбек күшінің түрлеріне қарап бөлінеді. Қазақстанда жұмыссыздық көптеген жағдайда цикликалық, фрикциялық және структуралық түрлерінде кездеседі,

Мамандар жұмыссыздың себептерін талдай отырып, оның әртүрлі нысандарын тудыратын нақты факторларын қарайды. Жұмыссыздықтың мынадай саналуан нысандары болады:

-Ағымдағы немесе фрикциондық жұмыссыздар. Адамдар бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысады, бір жерден екінші жерге көшеді, жұмыс іздейді, оны күтеді. Осы себептерге байланысты жұмыссыз болады, оны фрикциондық немесе ағымдағы жұмыссыздар дейді. Сонымен, фрикциондық жұмыссыздық жұмыс күшінің объективті қажеттілікпен қозғалысына байланысты.

-Құрылымдық жұмыссыздық – жұмыс күшінің құрылысына жұмыс орнының құрылымының сай келмеуіне байланысты болады.

Өндірістегі технологиялық өзгерістер жұмыс күшіне сұраным құрылымын өзгертеді. Жұмыс орнының жаңа құрылымы бұрыннан келе жатқан (ескі технологияға сай) жұмыс күшінің құрылымына сай келмейді, осыған байланысты жұмысшылардың белгілі бір бөлігі өндірістен ығыстырылып, құрылымдық жұмыссыздарды құрайды. Жұмыссыздықтың жоғарыда келтірілген екі түріде шарасыз, сондықтан егер елде жұмыссыздықтың фрикциондық және құрылымдық түрлері болса, онда жұмыссыздық жоқ деп есептелінеді.

-Технологиялық жұмыссыздық – ғылыми – техникалық прогресспен байланыты (ҒТП). ҒТП – жоғарғы қарқынмен дамыған кезде жұмыс орындары босайды, оның саны тез көбейіп кетеді. Сонымен қатар ҒТП – тің ерекшеліктері де бар. Технологиялық зерттемелердің еңбек сыйымдылығы жоғары процестеріне қызмет жасау үшін жұмыс жасау күшін тартады. Сайып келгенде ҒТП жұмыссыздықтың өсуіне алып келеді, сондықтан мемлекет еңбек нарығын реттеуге әсер ететін шараларды қарастыру қажет.

-Циклдық жұмыссыздық – экономикалық дағдарыста өндірістің төмен құлдыраған (спад) кезеңінде пайда болады. Жұмыссыздықтың бұл түрі жалпы тұтынушы және инвестициялық шығындардың бірден қысқаруымен сипатталады. Тауар мен қызметтерге жалпы сұраным қысқарып, жұмыссыздық өседі. Сондықтан жоғарыдағы себепке байланысты, оны сұраным ділгірлігіне (тапшылығына) (дефицит) байланысты жұмыссыздық деп те атайды.

-Көрінбейтін немесе маусымдық (сезондық) жұмыссыздық – белгілі бір уақытта жұмыс істеп, қалған уақытында жұмыссыз (ауыл шаруашылығы, құрылыс, туристтерге қызмет көрсету) немесе толық емес жұмыс күнінде жұмыс жасау.

Аймақтық жұмыссыздық – жеке аймақтарда тарихи, демографиялық, әлеуметтік – психологиялық жағдайлардың әсерінен қалыптасады. Мысалы, көмір өндіретін өндірістің шоғырланған аймақтар. Әлемдік тәжірибе бойынша жергілікті мемлекеттік мақсатты бағдарламалар негізінде шешеді.

Жұмыссыздық деңгейін есептеу төмендегідей формуламен анықталады:

ЖБ=ЖС/ЖК*100

Мұндағы – ЖБ – жұмыссыздық деңгейі;

ЖС – жұмыссыздар саны;

ЖК – жұмыс күшінің саны.

Жұмыссыздық үдерісі қоғамға көптеген зиян келтіреді; инфляцияның өсуіне ықпал жасайды, сондықтан еңбекке қабілетті адамдардың бар бөлігі өнім өндіруге қатыса алмайды. Сөйтіп олар жұмыспен қамтылмағандықтан ақшалай жұмыссыздыққа ақы алады, осыдан барып мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігі өсе түседі.[4]

Сондықтан жұмыссыздық мәселесін төмендету үшін барлық шараларды қарастыруымыз керек. Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздардың үлесін төмендету, жұмыспен қамту көлемін арттыру мақсатында мемлекет тарапынан қабылданған «Жол картасы» бағдарламасы әрі қарай болашақта жалғасын тауып, мемлекеттік бюджеттен қаражат ресурстары көптеп бөлініп, алдағы уақытта жас мамандарға жұмыс орындары ашылса, халықтың әлеуметтік – экономикалық тұрмыс жағдайы көтеріледі, сондай-ақ экономикамыз алға басады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. Янош Корнай «Размышления о капитализме» - «Издательство института Гайдара» М., Спб 2012;
2. Джеффри Сакс «Цена цивилизации» - «Издательство института Гайдара» М., 2012;
3. Люк Болтански, ЭвКьяпелло «Новый дух капитализма» «Новое литературное обозрение» М., 2011.
4. Салов А.И. Экономика, Безработица и ее формы, М. Экономикс

ӘОЖ 004.9

Г.Н. Ағабекова, Қ.Ү.Уалиханова

Аймақтық Әлеуметтік-Инновациялық Университеті, Шымкент, Қазақстан

kuanish_forever_94@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨМЕНДЕТУДІҢ ТЕТІКТЕРІ


Аңдатпа: Безработица сегодня главная проблема стран с развитой рыночной экономикой. Безработица - это социально-экономическое явление, при котором часть рабочей силы (экономически активного населения) не занята в производстве товаров и услуг. Безработица представляет собой макроэкономическую проблему, оказывающую наиболее прямое и сильное воздействие на каждого человека.

Ключевые слова: рынок труда, безработица, занятость, экономическое активное население, производительность, реальная заработная плата.

2014 жылдың 11 қарашасындағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан Республикасының Президенті, ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында қазақстандықтардың жұмысқа тартылуы міндеттер кешенінің қатарында екендігін «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясат біздің экономикамыздың таяу жылдардағы өсімінің драйвері болады. Тек жол құрылысы арқылы ғана жаңадан 200 мың жұмыс орны құрылды. Ал бұл халықтың жұмыспен қамтылуын және табыстарының өсуін білдіреді» – деп атап көрсеткен болатын [1]. Сонымен қатар ұлттық қордан экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014-2015 жылдарға 500 миллиард теңгеден екі транш бойынша 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданды. Олардың барлығы жаңа жұмыс орындарының ашылу мақсатында жүзеге асырылуда.

Еңбек нарығы – бұл еңбекке сұраныс пен жұмыс күшінің ұсынысы қалыптасатын, қызметкерлер бөлініп, еңбек қызметінің әртүрлі түрлерінің бағасы анықталатын көрсететін нарықтық қатынастар саласы [2]. Жұмыссыздық – бұл елдегі жалданумен жұмыс істеуге ынтасы және қабілеті бар, бірақ өз мамандығы бойынша жұмыс табуға мүмкіндігі жоқ немесе жұмысқа орналаса алмайтын адамдар саны [3].

Жұмыссыздықтың негізгі типтері [4]:



Сурет 1 – Жұмыссыздықтың негізгі түрлері.

Еліміздегі соңғы жылдардағы еңбек нарығы көрсеткіштеріне тоқталайық. Нарыққа өту кезеңінде еңбек нарығындағы жағдайда республика бойынша еңбек ресурстарының төмендеуі және жұмыссыздықтың көбеюі байқалды. Дегенмен бұл жағдай қазір біртіндеп оңтайланып келеді.

2015 жылғы IV тоқсанда¹ 15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны 9,0 млн. адамды құрады. Республика экономикасында 8,5 млн. адам жұмыспен қамтылды немесе 15 және одан жоғары жастағы халықтың 67,6%. Жалдамалы қызметкерлер саны 6,2 млн. адамды құрады және 2014 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда олардың саны 121,5 мың адамға (2,0%-ға) артты.


	15 және одан жоғары жастағы халық			
	IV тоқсан			2015ж. III тоқсан
	2013ж.	2014ж.	2015ж.	
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, мың адам	9042,4	9109,7	8961,8	9078,4
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8576,0	8651,1	8510,7	8634,6
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	5979,9	6103,6	6225,1	6294,9
Өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер, мың адам	2596,1	2547,5	2285,6	2339,7
Жұмыссыз халық, мың адам	466,4	458,6	451,1	443,8
Экономикалық тұрғыдан енжар халық, мың адам	3568,6	3590,7	3632,5	3603,2

Сурет 2 – 2013-2015 жылдардың IV тоқсанындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары

Жалданып жұмыс істейтіндердің негізгі үлесі кәсіпорындарда (ұйымдарда) жұмыспен қамтылды – 88,3% (5,5 млн.адам). Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны 2,3 млн. адамды құрады. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың негізгі бөлігі өз қызметін ауыл шаруашылығында (45,2%), сондай-ақ сауда саласында (25,0%), құрылыста (9,0%) және көлік қызметін көрсетуде (10,4%) жүзеге асырды.

2012 жылдың IV тоқсанында экономикалық белсенді халық 2401,8 мың адамды құрса, 2014 жылдың IV тоқсанында бұл көрсеткіш 2277,5 болып, 124,3 мың адамға азайған. Жұмыспен қамтылған халық 2278,7-тен 2162,8-ге төмендеді. Ал жұмыссыздың деңгейі 2012 жылдың IV тоқсанында 123,1 болса, 2014 жылдың IV тоқсанында 114,7-ге азайған [5].

Жұмыссыздық деңгейінің жылдар бойынша көрсеткішін келесі кестеден көруге болады.
пайызбен



Сурет 3- 2013-2015 жылдардағы жұмыссыздық деңгейлері

2015 жылғы IV тоқсанда жұмыссыз ерлердің үлесі 45,0% (203,0 мың адамды), әйелдердің үлесі – 55,0% (248,1 мың адамды) құрады. 2015 жылғы IV тоқсанда жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге дайын болған 15 және одан жоғары жастағы адамдар) 451,1 мың адамды құрады және 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,5 мың адамға немесе 1,6% қысқарды. Жұмыссыздық деңгейі 5,0% (2014 жылғы IV тоқсанда – 5,0%) құрады[5].

Енді осы еңбекпен қамту және жұмыссыздық көрсеткіштерінің ҚР экономикасына әсерін талдау жасау үшін, келесідей белгілеулер қолданылған, олардың 2001-2014 жылдардағы мәндері қарастырылды:

GDP - Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге

E - Жұмыспен қамтылған халық, мың адам

PROD - өнімділік, мың теңге

U - жұмыссыздық, мың адам

RW- нақты жалақы, мың теңге

INF- инфляция;

I - инвестиция;

POVERTY- кедейшілік деңгейі.

Аталған факторлар арасындағы мультиколлинеарлық мәселелерін жою үшін, корреляциялық матрица құрылды.

Кесте 1 – 2001 ж. мен 2015 ж аралығындағы жылдық көрсеткіштер бойынша жұптық корреляция коэффициенттері:

	U	RW	PROD	POVERTY	INF	I	GDP	E
U	1,00	-0,95	-0,96	-0,96	0,09	-0,96	-0,93	0,56
RW	-0,95	1,00	0,99	0,99	-0,14	0,98	1,00	-0,53
PROD	-0,96	0,99	1,00	0,99	-0,14	0,97	0,99	-0,52
POVERTY	-0,96	0,99	0,99	1,00	-0,12	0,99	0,98	-0,56
INF	0,09	-0,14	-0,14	-0,12	1,00	-0,08	-0,18	-0,39
I	-0,96	0,98	0,97	0,99	-0,08	1,00	0,97	-0,59
GDP	-0,93	1,00	0,99	0,98	-0,18	0,97	1,00	-0,50
E	0,56	-0,53	-0,52	-0,56	-0,39	-0,59	-0,50	1,00

Бұл кестеде жұмыссыздық пен басқа да еңбек нарығы факторларының экономикалық көрсеткіштер арасындағы корреляциялық коэффициенттері көрсетілген. 2001 ж. мен 2015 ж аралығындағы мерзімде жұмыссыздық пен ЖІӨ (0,93), нақты жалақы (0,95), кедейшілік (0,96), өнімділік және инвестиция

арасындағы байланыс тығыз, ал инфляцияға әсері (0,09) аз. ЖІӨ мен өнімділік, кедейшілік, инвестиция арасында тығыз оң байланыс бар, ал еңбекпен қамту мен барлық көрсеткіштер арасында байланыс орташа.

Еңбек нарығының көрсеткіштерінің Қазақстан экономикасына әсерін анықтау үшін көптеген модельдер құрылды. Солардың ішінде:

1. сызықтық тәуелділік;
2. дәрежелік тәуелділік;
3. уақыттық факторлармен сызықтық тәуелділік;
4. уақыттық факторлармен дәрежелік тәуелділік.

Коэффициенттердің мәнділігін бағалау үшін Стюденттің критикалық мәндері алынды, ал теңдеудің сапалылығын тексеру үшін Фишердің кестесі қолданылды.

Құрылғын жұптық және көптік регрессия модельдері ішінен ең жақсы модель ретінде жұмыссыздық, еңбекпен қамту және ЖІӨ арасындағы дәрежелік модель алынды.

$$\log(GDP) = 71.356 - 4.627\log(U) + 3.243\log(E) + \varepsilon_t. \quad (1)$$

(18.662) (0.321) (2.493)

$$DW=1.641; R^2=0.967; F=163,441.$$

Барлық коэффициенттер мәнді, теңдеудің жалпы сапасы адекватты, автокорреляция мен гетероскедастикалық құбылыс жоқ. Сонымен, жұмыссыздық көлемі мың адамға өзгергенде, ЖІӨ 4,627 млрд. теңгеге төмендейді, ал жұмыспен қамтылған халық мың адамға өзгерсе, ЖІӨ 3,243 млрд. теңгеге өседі деп айтуға болады.

Осылайша өткен кезеңдегі мәліметтерді салыстыра отырып, Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздардың үлесін төмендету, жұмыспен қамту көлемін арттыру мақсатында мемлекет тарапынан қабылданған «Жол картасы» бағдарламасы әрі қарай болашақта жалғасын тауып, мемлекеттік бюджеттен қаражат ресурстары көптеп бөлініп, алдағы уақытта жас мамандарға жұмыс орындары ашылса, халықтың әлеуметтік – экономикалық тұрмыс жағдайы көтеріледі, сондай-ақ экономикамыз алға басады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев: «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» 11 қараша 2014 жыл;
2. Сакс Джеффри Д., Ларрен Фелипе Б. – Макроэкономика. Глобальный подход. – РФ. – М.: Изд-во «Дело», 1996.
3. Determinants of Unemployment in Namibia – Joel Hinaunye Eita and Johannes M.Ashipala – International Journal of Business and Management –10 october ,2010.
4. Экономика труда и социально-трудовые отношения – М издательство Че-Ро –1997ж - 623 бет
5. ҚР Статистика агенттігі www.stat.kz;

Summary

Unemployment is now the main problem of countries with developed market economies. Unemployment - a socio-economic phenomenon in which part of the labor force (economically active population) is not engaged in the production of goods and services. Unemployment is a macroeconomic problem, have the most direct and profound effect on every person.

ӘОЖ 338.3

Г.Т. Апасенбетова, Г.Т. Утемисова, Н.А. Садыков
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ӨНІРДІҢ ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУДЕГІ РӨЛІ

Андатпа: Қазақстанда қазіргі уақытта өндірілген экономикалық реформалардың басым бағыттарының бірі өндірістік кәсіпкерлікті қалыптастыру және дамыту болып табылады. Өндірістік кәсіпкерлік нарықтық тетіктерін қалыптастыру үшін негізгі шарттардың бірі және қазіргі заманғы нарықтық жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Кәсіпкерлік өнеркәсіп секторының әртараптандырумен бірлікте Қазақстан дамуының негізі болып табылады. Қазақстанда кәсіпкерлік нарықтық экономикалық жүйенің құру қажетті қадам, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік трансформация ең маңызды элементі болып жатыр.

Кілттік сөздер: кәсіпкерлік, өнеркәсіп, әлеуеті, аймақ, бәсеке, шағын және орта бизнес

During the forthcoming period the main directions of development of branch are connected with creation of incentives for modernization and diversification of productions on processing of local raw materials (cotton, wool, skin) in the textile, clothing, tanning and shoe industry. Ensuring diversification and increase of competitiveness of production of light industry in the long-term period with strengthening of its social efficiency is necessary.

УДК 336

Ғ. Мырзабаев

Магистратура Национального Банка Республики Казахстан АО «Университета
Нархоз», Алматы, Казахстан
info.magi@mail.ru

ПЕРСПЕКТИВЫ ВНЕДРЕНИЯ МЕТОДОВ МИНИМИЗАЦИИ БАНКОВСКИХ РИСКОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация: Основная задачей исследования данной научной статьи было выявить перспективы развития методов минимизации банковских рисков в Казахстане. В начале статьи описываются основные характеристики систем управления рисками, а также области их применения. Также затрагивается вопрос необходимости постоянного совершенствования данной системы из за быстрых темпов развития финансовых рынков. Также описывается метод стресс тестирования, как инструмент предназначенный для оценки финансовых потерь компаний при экономических спадах и неблагоприятных экономических тенденциях. Далее поднимается вопрос о роли Базельских соглашений для финансового сектора Республики Казахстан. В заключительной части рассматривается метод скорректированной на риск рентабельности капитала (RAROC), который успешно используется в зарубежных странах. Также описываются какие проблемы может решить наличие комплексной системы управления рисками в компаний.

Ключевые слова: система управления рисками, стресс - тестирование, качественный и количественный анализ, Базельское Соглашение, скорректированной на риск рентабельности капитала, RAROC, Value at Risk (VAR).

Система управления рисками направлена на организацию комплекса последовательных действий по анализу и выявлению рисков, выбору инструментов для их оценки и классификации, разработки программ мероприятий по их предупреждению, снижению или предотвращению и использованию этих программ.

Управление рисками должно обеспечить предупреждение финансовой уязвимости банка перед потенциальными неблагоприятными факторами.

Быстрые темпы развития финансового рынка в последние годы, появление новых продуктов, развитие финансовых групп, как показатель степени интегрированности финансового рынка, принесли субъектам финансового рынка не только новые возможности развития бизнеса, но и возросшие риски. В сложившейся обстановке регулирующий орган должен уделять больше внимания новым методам оценки рисков финансовой системы. Доминирующая роль банковского сектора в финансовой системе предполагает и более тщательную оценку финансовой стабильности банков, от которой в конечном счете зависит устойчивость всей финансовой системы в целом. Как следствие, оценку потенциальных рисков финансовой системы, в первую очередь, следует начать с оценки финансовой устойчивости банковского сектора.

Одним из аналитических инструментов, призванных обеспечить оценку потенциальных потерь финансовых организаций в случае возможных спадов в экономике и иных негативных экономических тенденций, является стресс-тестирование, получившее широкое распространение в международной финансовой практике.

В рамках стресс-тестирования учитывается ряд факторов, которые могут вызвать экстраординарные убытки в портфеле активов финансовой организации либо предельно усложнить управление его рисками. Данные факторы включают в себя различные компоненты рыночного, кредитного рисков и риска ликвидности.

В настоящее время уполномоченным органом проведена разработка методики проведения стресс-тестирования банков второго уровня, которое включает в себя компоненты как количественного, так и качественного анализа. Количественный анализ направлен прежде всего на определение возможных колебаний основных макроэкономических показателей и оценку их влияния на различные составляющие активов и капитала банка. С помощью методов количественного анализа определяются вероятные стрессовые сценарии, которым могут подвергнуться банковские организации. Качественный анализ акцентирован на двух основных задачах стресс-тестирования:

- оценка способности капитала финансовой организации компенсировать возможные крупные убытки;
- определение комплекса действий, которые должны быть предприняты финансовой организацией для снижения уровня рисков и сохранения капитала.

В августе 2004 года в рамках Программы оценки финансового сектора (FSAP) специалистами Международного валютного фонда и Всемирного банка был проведен стресс-тестинг банковской системы Казахстана. По результатам теста международными экспертами были даны соответствующие рекомендации [1].

Одним из наиболее динамично развивающихся направлений банковского бизнеса является кредитование, связанное с недвижимостью. Банки активно кредитуют недвижимость, причем темпы роста в данной сфере превышают увеличение кредитования других отраслей. Более трети (36,96%) суммарного ссудного портфеля банков второго уровня занимают ипотечные займы и займы на строительство. Несмотря на то, что невозможно определить, какую часть составляют займы банков на сопутствующие отрасли, все это говорит о достаточно высокой концентрации банковских займов на рынке недвижимости.

Быстрый рост займов в недвижимость существенно влияет на рост банковских рисков. Среди рисков, связанных с ипотечным кредитованием, можно выделить связанные с неплатежеспособностью заемщика, резким снижением цен на жилье, изменением рыночной процентной ставки, ликвидностью банков и т.д.

В целях обеспечения стабильности финансовой системы уполномоченным органом будет проведен анализ и подготовлены предложения по снижению рисков банков, связанных с кредитованием приобретения и строительства недвижимости.

Для Казахстана важен опыт мирового сообщества. Принятие Нового Базельского соглашения открывает собой новую эпоху в развитии и глобализации финансового - банковских систем всего мира, в том числе и Казахстана. Реализация на практике «Базеля 2» представляет собой не менее сложный и продолжительный процесс, чем выработка самого текста Соглашения, занявшая свыше пяти лет. Переход на более совершенные и чувствительные к риску методики расчета рисков для целей достаточности капитала потребует не только пересмотра нормативной базы надзорным органом, но и огромной подготовительной работы в самих банках, наиболее дальновидные из которых начали ее еще в конце 1990-х – начале 2000-х годов [2].

Реализация нового Базельского соглашения по капиталу в банковской системе Казахстана будет сопряжена с многочисленными трудностями, главными из которых, на наш взгляд, признаются:

- отсутствие национальных рейтинговых агентств, а также сравнительно малое количество эмитентов, получивших рейтинги от международных рейтинговых агентств;
- неразвитость систем внутренних рейтингов кредитоспособности в большинстве банков;
- недостаточный объем статистических данных по потерям вследствие кредитного и операционного рисков в пригодной для анализа форме в распоряжении банков, желающих перейти на передовые подходы в оценке рисков;

- неясность с объемом полномочий национальных органов надзора при реализации «Базеля 2» в части трактовки и конкретизации отдельных положений Соглашения, отнесенных к их компетенции.

Несмотря на это, необходимо внедрить «Базель 2» в Казахстане, взяв лучшее опыта зарубежных стран, с учетом своей национальной специфики.

Кроме методики предложенной Базельским комитетом целесообразно изучить метод скорректированной на риск рентабельности капитала (RAROC), которая успешно применяется в банках ряда стран и может быть не менее успешно применен в банках Республики Казахстан.

Рассмотрим сущность данного метода и его применимость в казахстанских банках.

Метод оценки финансового риска и потребности в капитале на уровне отдельных направлений бизнеса и банка в целом, получивший название скорректированной на риск рентабельности капитала (RAROC), был впервые разработан инвестиционным банком Banker'sTrust в конце 1970-х годов [3].

Появление методики RAROC и ее аналогов было обусловлено тенденцией к все большей диверсификации банковского дела в странах Запада, когда банки стали осваивать новые для них виды операций (например, торговлю производными инструментами), которые, в отличие от традиционных операций кредитования, требовали очень мало капитала в качестве источника их финансирования, но создавали условные обязательства для банка, размер убытка по которым мог стать катастрофическим для организации в целом.

Метод RAROC предназначен для обеспечения банка капиталом на уровне достаточном для покрытия непредвиденных расходов вследствие реализации всех основных видов риска с определенной степенью уверенности.

Таким образом, главной целью применения RAROC с точки зрения интегрированного риск – менеджмента является оптимизация совокупной величины и структуры капитала банка.

Для банка скорректированная на риск рентабельность капитала может быть рассчитана следующим образом [4]:

$$RAROC = E-EL/RC, \quad (2)$$

Где E– чистая прибыль, рассчитанная с учетом затрат на частичное хеджирование рыночного и кредитного риска;

EL – ожидаемые потери вследствие экономического риска;

RC– капитал, резервируемый против совокупного нехеджируемого риска (выражаемого волатильностью денежных потоков по банку в целом либо отдельно по направлению бизнеса).

При кажущейся на первый взгляд простоте расчета показателя RAROC основная трудность заключается в оценке входящих в формулу параметров, особенно ее знаменателя.

Первая проблема возникает уже при выборе временного горизонта для расчета RAROC. На практике показатель RAROC обычно рассчитывают с временным горизонтом в один год, при этом, с целью повышения его прогнозной ценности и снижения зависимости от исторических данных оценки рисков, требования к экономическому капиталу обновляются ежеквартально.

К числу достоинств метода RAROC можно отнести:

- объективность: более точная оценка в капитале и экономической выгоды операций по сравнению с традиционными показателями, такими как рентабельность капитала или активов;
- комплексность: интеграция в одном показателе оценок основных видов финансового риска (рыночного, кредитного и операционного);
- универсальность: возможность применения в стратегическом планировании, ценообразовании и системах мотивации персонала на всех уровнях управления в банке.

Важным преимуществом RAROC является возможность оценивать риски «снизу вверх», по отдельным операциям, портфелям, клиентам, последовательно поднимаясь на все более высокие уровни путем агрегирования рисков с учетом эффектов диверсификации между различными направлениями деятельности.

Эти достоинства вместе с появлением в 90-х годах 20 в. математических моделей для расчета экономического капитала на покрытие рыночного, кредитно и операционного риска на основе методики VAR обусловили широкое распространение метода RAROC среди крупных транснациональных банков.

С практической точки зрения метод RAROC имеет следующие слабые стороны:

- неприменимость к оценке рентабельности инвестиций в безрисковые активы, для которых рыночный, кредитный и операционные риски пренебрежимо малы. Для таких операций показатель RAROC будет бесконечно большой, что экономически бессмысленно;

- сложность расчета для все более мелких подразделений, отдельных операций и продуктов, для которых определение размера задействованного капитала и отнесение прибыли или затрат является проблематичным.

Несмотря на эти недостатки модели, считаем, что она заслуживает внимания со стороны казахстанских риск – менеджеров, как один из методов снижения рисков в современных условиях. Необходимо постоянно совершенствовать методики оценки риска, использовать новые расчеты, для улучшения отечественной системы управления рисками.

Основные направления развития корпоративного управления рисками в банковском секторе определяются теми рекомендациями, которые выработаны Базельским комитетом по вопросам повышения корпоративного управления рисками. Безусловно, рекомендации Базельского комитета намечают только основные направления для разработки стратегии банков. На их основе каждый банк должен разработать собственные правила и процедуры, в которых в необходимой мере будут учтены особенности его сфер деятельности, его финансовые возможности, клиентская база, техническая оснащенность и т.д.

Стресс-тестирование поможет банкам выявить их слабые стороны в отношении системы управления рисками и те риски, которые могут быть реализованы. А RAROC, который предназначен для обеспечения банка капиталом на уровне достаточном для покрытия непредвиденных расходов вследствие реализации риска. Зная, какие могут риски реализоваться банки могут минимизировать риски посредством хеджирования, страхования, и распределения.

Также данные инструменты могут решить следующие проблемы в системе управления рисками:

- ужесточение требований к капиталу;
- ужесточение пруденциальных требований к банкам по управлению рисками;
- наличие количественной оценки каждого риска, но отсутствие единой, универсальной оценки для всех рисков;

- усложнение банковских продуктов.

Таким образом, перед банком встает ряд проблем при внедрении методов снижения риска, для эффективного функционирования системы управления рисками:

- отсутствие единой терминологии рисков не только на уровне банка, но и в риск-менеджменте в целом;

- конфликт интересов с подразделениями банка, которые являются источникам риска;
- высокие требования к техническому обеспечению;
- сложность «доказательства» адекватности моделей автоматизации перед надзорными органами;
- несовершенства программных продуктов для управления рисками;
- сложность в реализации оперативного продвинутого анализа;
- проблемы интеграции в существующую систему [5].

Выше указанные проблемы решаются наличием комплексной системы управления рисками, которая позволяет:

- выявлять угрозы в реализации стратегии банка и бизнес-процессах и информировать о них акционеров;
- оценивать потери, которые банк может понести, и своевременно принимать необходимые меры с целью их избежания;
- обеспечивать снижение риска банка (подразделения, процесса, операции) до установленного целевого уровня;
- стать дополнительным инструментом информационно-аналитической поддержки руководства банка;
- рассчитать уровень риска (в деньгах), в объеме которого банк может рисковать без ущерба для стабильности банка и показывать данный фактор как конкурентное преимущество;
- обеспечивать выполнение требований законодательства;
- обеспечивать инвестиционную привлекательность банка через раскрытие информации о рисках и методах управления ими;
- повысить уровень корпоративного управления в банке и качество принимаемых решений;
- повысить уверенность руководства и акционеров банка в надежности и стабильности методов ведения бизнеса.

Литература

1. Lisak BI "Integrated risk management in banks," 2013. 100-138 p.
2. Encyclopedia of financial risk management / Ed. A.A.Lobanova and A.V.Chugunova. TH .: "Harvard Business Review", 2009, p. 93
3. Range of practices and issues in economic capital frameworks, Bank for International Settlements, 2009. p. 33
4. Shevchenko ES "Methods of assessing and managing a commercial bank aggregate financial risk", 2013. p. 29.

-
5. The Basel Committee on Banking Supervision. International Convergence of Capital Measurement and Capital Standards: a Revised Framework. June 2004 / ed. from English. Basel 2005. - www.cbr.ru.

Summary

The main objective of this article was to identify the scientific article prospects of development of methods of minimization of banking risks in Kazakhstan. At the beginning of this article describes the main characteristics of the risk management systems, and their applications. Also need to address the issue of continuous improvement of the system due to the rapid pace of development of financial markets. stress testing method is also described as an instrument designed to assess the financial losses of companies during the economic downturn and adverse economic trends. Next, the question is raised about the role of the Basel Agreement for the financial sector of the Republic of Kazakhstan. The final part examines the method of risk-adjusted return on capital (RAROC), which has been successfully used in foreign countries. It also describes what problems can solve availability of a comprehensive risk management system in the company.

**ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ**

ӘОЖ 343.1(574)

А.А. Альшуразова, Р.А. Альшуразова, Г.З. Зиябекова
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРОРЫНЫҢ АКТІЛЕРІНДЕГІ ТОЛАССЫЗ ҚАДАҒАЛАУ ӘДІСІН
ІСКЕ АСУЫ**

Аңдатпа: Мақалада қылмыстық процестегі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің алдын ала тергеу сатысындағы прокурорлық қадағалаудың өзекті мәселері қаралады. Жұмыста прокурорлық қадағалаудың маңызы, алдын ала тергеу заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру мәселесі, сонымен қатар, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бірден-бір кепілі болып табылатын прокурордың қылмыстық істерді қосымша тергеу үшін қайтаруының процессуалдық негіздемелері, қылмыстық іс қозғау сатысындағы прокурорлық қадағалаудың қызмет ерекшелігі зерттеледі.

Кілттік сөздер: сыбайлас жемқорлық, тергеу, жедел-іздіксіз қызметі, шаралар, дәлелдеме, қылмыс, сот, тактика, қылмыстық процесс, сот өндірісі.

Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы ретінде адамның және азаматтың өмірін, құқықтары мен бостандықтарын танытын демократиялық, құқықтық мемлекет – Қазақстан Республикасында аталған құндылықтарды қорғау мен қамтамасыз ету тетіктері барынша жаратылды [1, 4 б.]. Мемлекеттік биліктің дәстүрлі үш тармағымен қоса жалпы құқық жүйесінің құрамында мемлекеттік-құқықтық жүйені қалыптастырған билік органдары да бұл бағытта тиісінше пайдалы үлесін қосуда. Аталған институттардың ішіндегі прокуратура ел аумағындағы заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады [2]. Демек, мемлекет аумағында заңдылық режимін қамтамасыз ету бұл органға тән басты міндет. Ал, құқықтық мемлекетке тән заңдылық келесідегі құндылықтар мен қағидаларды: қоғам өміріндегі құқықтың жоғары мәртебелілігін; заңның үстемдігін; баршаның заңның алдындағы теңдігін; құқықтық актілердің бұлжытпай сақталуын; құқық пен бостандықтарды жүзеге асыруда тосқауылға жол берілмеуін; құқықтың дұрыс және тиімді пайдаланылуын; құқық бұзушылықпен күресті күшейту мен заңды бұзушылық үшін жауаптылықтың болмай қалмауын; лауазымды тұлғалардың тарапынан озбырлыққа жол берілмеуін; құқықтық тәртіптің тұрақтылығын; құқықтық реттеу тетіктері қызметінің тиімділігін міндетті түрде қамтуы тиіс.

Мемлекеттің қылмыстық саясатын тиімді іске асыру қылмыстық сот өндірісінің оптималдық моделінсіз мүмкін емес деп көрсетілгенді 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасында. Мұнда қылмыстық іс жүргізу құқығын бұдан әрі қарай жетілдірудің келесідегі бағыттары нақтыланды:

- қылмыстық процесті, әсіресе сотқа дейінгі өндірісті қарапайымдылау мен оның тиімділігін арттыру;
- тергеу алдындағы тексеруді, оның шектерін заңнамамен реттеу арқылы анықтау;
- қамауға алуға альтернативті бұлтартпау шараларын, соның ішінде кепілді қолдану аясын кеңейтуге алғышарттар жасау;
- сот әділдігінің тараптарды татуластыру мен залалды өндіруге негізделген қалпына келтіру институттарын біртіндеп енгізу;
- жеке және жеке-жариялы айыптау тәртібінде қылмыстық қудалауы мен айыптауы жүргізілетін қылмыстық істердің санаттарын ұлғайту;
- алқа билердің қатысуларымен қаралатын қылмыстық істердің санаттарын біртіндеп ұлғайту;
- қылмыстық істер бойынша айыптаушылар мен сезіктілерге қоса жәбірленушілерге, куәлерге де білікті заң көмегін көрсету тетіктерін әрі қарай жетілдіру [3].

Сонымен, құқықтық жүйені жетілдіре отырып, жаңартудың басты көздемелері оны құрайтын элементтерін (соның құрамында прокуратураны да) барынша тиімдеу, олардың демократиялық, құқықтық мемлекетті құрудың әр кезеңдеріндегі мақсаттары мен қажеттіліктеріне сай болуын қарастыру мен осыған бағыттау маңызды әрі қажетті болып табылады.

Қылмыстық істер бойынша прокурордың қадағалау қызметін қайта құрып және қалыптасқан қылмыстық-процестік қарым қатынасты түбегейлі өзгерткен 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қазақстан Республикасының Заңымен қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодексінің мәні ерекше назар аудартты.

1-қаңтар 2015 жылдан бастап заңды күшіне еніп, қолданысқа енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі тергеу және сот тәжірибесінде құқық қолдану мәселесі бойынша көптеген көкейкесті мәселелерді туындатты. Мысалы демекші, бүгінгі күнге дейін процессуалды прокурордың келбеті туралы түсінік қалыптасқан жоқ еді. Ал 04.07.2014 жылғы жаңа ҚР ҚПК-де 17.11.2014 жылы осының төңірегінде прокурордың процессуалдық қызметі мен процессуалдық мәртебесіне өзгерістер енгізілген болатын. ҚР ҚПК-нің 7-бабының 35) тармағына сәйкес процесс прокуроры – прокуратураның басшысы ҚПК-ке сәйкес қылмыстық іс бойынша заңдардың қолданылуын қадағалауды жүктеген прокурор – деп анықтама берілген [4].

Бұл дегеніміз, аталған институт сұранысы мен маңыздылығына қарамастан, зерттеудің тиісті салдарынсыз және толықтай өңдеусіз жүзеге асырылды. Мысалы: ҚР Бас прокуратураның сарапшылары ҚР ҚПК қабылдауға дейін «процесс прокуроры» – деген қылмыстық процестің жаңа қатысушысының тұлғасын нақты жүзеге асырмауымен байланысты өздерінің қауіптерін айтып білдірген еді: «Жыл сайын сот органдарымен ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша 12 мыңға жуық істер, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар бойынша 35-40 мың істер қаралады [5]. Жаңа ҚК қабылдануымен бұл аталған көлемге 38 мыңға жуық қылмыстық теріс қылық туралы істер қосылса, онда прокурорлар жыл сайын шамамен 90000-ға жуық қылмыстық істер бойынша сотта айыпты қолдаулары тиіс.

Егер процесс прокурорына сотқа дейінгі тергеп тексеруді қадағалауды жүзеге асыратын және қылмыстық істер бойынша сотта мемлекет мүддесін білдіретін барлық қызметкерлерді жатқызатын болсақ, яғни, ол дегеніміз 900-ге жуық қызметкерлер, онда әр қайсысына жылына 100 немесе айына 9 істер тиесілі болады.

Көп жағдайда сот талқылауы бір айға дейін, ал ауыр және аса ауыр санаттағы күрделі істер бойынша бірнеше айға, кейде жылдарға да созылады (БТА банк, Хоргос, Мухтар Жакишев, Ташенов пен Жакишевтің судьялары, Челах және т.б. істері), әдетте, мұндай жағдайда мемлекеттік айыптаушылар тобы (2-3 прокурорлар) қатысады [5].

Дегенмен, ауқымды әкімшілік аумақтардағы қылмыстық теріс қылықтардың, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстардың жалпы көлемінің ұлғаюы, процесс прокурорларына ауыр жүктеме болады, яғни тергеушінің істері және судьялар мен процесстердің арасында үлгере алмай жүреді.

Сол себептен, егер қосымша штат болмаса, онда бір уақытта бірнеше істер бойынша процесс прокурорының функциясын жүзеге асыру қиындық туғызады, сонда барлық жүктеме қалған қызметкерлерге жүктеледі.

2014 жылы Ішілдеден бастап Астана қаласында, Қарағанды облысы мен СҚО-да жаңа сотөндірісінің моделіне барынша жақын Бас прокуратураның бастамасымен эксперимент жүргізілуде. Бірақ ол эксперимент жалғасын таппағандықтан, қазіргі нәтиже қандай да бір қорытынды тұжырым жасауға мүмкіндік бермейді. Оның үстіне барлық жұмыс заңнамада бекітілгендей өкілеттік шеңберінде жүргізіледі. Басқаша айтқанда, сотқа дейін қадағалауды жүргізген прокурор айыпты қолдайды.

Сонымен, бір айлық эксперименттің нәтижесі кадрдың жетіспеушілігімен байланысты мәселені бірден айқындады. Қарағанды облысы мен СҚО нақты қылмыстық істер бойынша прокурорлардың ауыстырылмауы қамтамасыз етілмей жатыр. Әкімшілік істер жаңа Қылмыстық кодекс бойынша теріс қылыққа айналса да, бұдан алдын ол бойынша сотта әкімшілік қадағалаудың қызметкерлері қатысатын.

Эксперимент нәтижесін есепке алғанда, мұндай тәуекелді төмендету үшін 2-ші Департаментпен процесс прокурорының құзыреттілігін бөлудің баламалы сызбасы ұсынылып отыр: аудандық деңгей – ауыр және облыс прокуратурамен жіберілген қылмыстар; облыстық деңгей – аса ауыр және Бас прокуратурамен жіберілген қылмыстар; орталық аппарат – артықшылығы мен иммунитетке ие тұлғалар, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері мен олардың орынбасарлары, сондай ақ мамандырылған прокурорлармен тергелетін қылмыстық істерді жатқызуға болады.

Жоғарыдағы аталғандардың негізінде, егер қажет штаттық бірліктер саны бөлінбесе, онда қылмыстық теріс қылықтар бойынша істерді бірінші сатыда қарауда прокурордың қатыспауына мүмкіндік беретін, сонымен қатар қысқартылған тәртіпте қарастырылатын істер бойынша жаңа ҚПК-гі өзгерістер мен толықтыруларды қайта өңдеу қолайлы болып табылады».

Көріп отырғанымыздай, дәл осы қауіп тәжірибе жүзінде өзінің дәлелін тапты, сондықтан 17 қарашада 2014 жылы ҚПК енгізілген шұғыл өзгерістер осымен негізделеді.

Осы орайда М.Ч.Коғамовтың Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне берілген түсініктемесіне сүйенетін болсақ: ҚПК-тің 7-бабының 34-тармақшасында көрсетілген «прокуратура органының басшысы» [6] деген түсініктің регламенттелуінің себебі, ҚПК-ке прокурордың сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізудегі оның ерекше өкілеттіктері туралы нормалардың енгізілуімен түсіндіріледі. Норманы талқылау негізінде Қазақстан Республикасының Прокуратура органының бірыңғай жүйесін құрайтын Бас Прокуратура, облыс прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық прокуратуралар, аудандық, қалалық және оған теңестірілген әскери және басқа мамандандырылған прокуратуралар (Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 9 бабы) жатады [2]. ҚР прокуратура органдарының жүйесіндегі тиісті бөлімшелерін басқаратын прокурорлар әрі прокуратура органдарының басшылары

ретінде танылады. ҚПК-тің 193-баптың 2-тармағына сәйкес: Прокурорлардың сотқа дейінгі тергеп тексеру сатысындағы өкілеттіктерінің аражігін ажыратуды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды.

Прокуратура органы басшысының айрықша өкілеттіктеріне:

- 1) ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу;
- 2) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының заңсыз қаулыларының, сондай ақ тергеу бөлімі мен анықтау органы бастықтарының, төмен тұрған (бағынышты) прокурордың қаулылары мен нұсқауларының күшін жою;
- 3) сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүзеге асыратын адамнан не органнан қылмыстық істі алып қою және оны сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізу үшін басқа адамға не органға беру;
- 4) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары бар адамдарды қол сұғылмаушылығынан айыруға және қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін ұсыну енгізу;
- 5) қылмыстық істерді тергеп тексеру мерзімдерін ұзарту;
- 6) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының, тергеу бөлімі және анықтау органы бастықтарының, сондай ақ төмен тұрған прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау;
- 7) тергеуші, анықтаушы заңдылықты бұзған кезде оларды қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізуден шеттету;
- 8) процесс прокурорының қылмыстық істі қосымша тергеп тексеру жүргізу үшін қайтару туралы қаулысын бекіту жағады.

«Процесс прокуроры» деген ұғым (ҚПК 7 б. 35 т.) «прокуратура органының басшысы» деген терминнің түсініктемесімен тығыз байланыста, өйткені прокуратура органының дәл осы лауазымды тұлғасы қылмыстық істер бойынша қадағалауды жүзеге асыратын процесс прокурорын айқындайды.

Процесс прокуроры қылмыстық іс бойынша қадағалауды сотқа дейінгі тергеп тексеру басталған кезден бастап жүзеге асырады және бірінші сатыдағы сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысады. Процесс прокуроры алмастырылмайды, бірақ Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда, прокуратура басшысының шешімі бойынша басқа процесс прокурорымен ауыстырылуы мүмкін (ҚПК 193 б. 3 т.). Процесс прокурорының негізгі өкілеттіктері ҚПК-тің 193 бабының 1 тармағында бекітуін тауып, қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеу барысында жүзеге асырылады [4].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодекстің 58-бабқа сәйкес: 1. Прокурор – өз құзыреті шегінде жедел-ізвестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды [4], сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына және ҚР ҚПК-ке сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыратын лауазымды адам: ҚПК-те белгіленген өкілеттіктер шегінде іс-әрекет жасайтын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары, орынбасарлары, олардың аға көмекшілері мен көмекшілері, Қазақстан Республикасының Бас әскери және Бас көлік прокурорлары, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың прокурорлары және олардың орынбасарлары, департаменттердің, басқармалардың және бөлімдердің бастықтары, олардың орынбасарлары, аға көмекшілер мен көмекшілер, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары және прокурорлары, аудандардың, қалалардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға прокурорлар мен прокурорлар.

Соттың қылмыстық істі қарауына қатысатын прокурор айыптауды қолдау арқылы мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады делінген.

2. Прокурор күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға немесе олардың әрекеттері үшін мүлдітік жауаптылықта болатын тұлғаға:

1) өзінің дәрменсіз күйіне, күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға тәуелді болуына немесе өзге де себептер бойынша талап қою және оны қорғау құқығын өз бетінше пайдалануға қабілетсіз жәбірленушінің;

2) мемлекеттің мүдделерін қорғап талап қоюға құқылы.

3. Прокурор өз қаулысымен істерді өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және бұл ретте тергеуші өкілеттіктерін пайдалана отырып, тергеп-тексеруді жеке өзі жүргізуге құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды осыған уәкілеттік берілген прокурор жүзеге асырады.

4. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру және соттың істі қарауы кезіндегі өкілеттіктері осы Кодекстің [190](#) (екінші және үшінші бөліктерінде), [187](#) (сегізінші бөлігінде), [190](#) (жетінші бөлігінде), [192](#), [193](#), [196](#) (екінші бөлігінде), [234](#) (бірінші бөлігінде), [290](#), [301–305](#), [321](#) (алтыншы бөлігінде), [337](#), [414](#) (екінші бөлігінде), [428](#) (алтыншы бөлігінде), [429](#) (жетінші бөлігінде), [454](#) (бесінші бөлігінде), [478](#) (бесінші бөлігінде), [480](#) (алтыншы бөлігінде) [484](#), [486](#), [494](#) (бесінші бөлігінде), [502](#) (бірінші бөлігінде), [513](#) (үшінші бөлігінде), [518](#) (бесінші бөлігінде) - баптарында, [57](#), [58](#), [59](#), [60](#), [61](#), [62](#), [63-тарауларында](#), [628](#) (бірінші бөлігінде), [643](#) (сегізінші бөлігінде), [668](#) (алтыншы бөлігінде) -баптарында айқындалады.

5. Прокурор өзінің процестік өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде тәуелсіз болады және заңға ғана бағынады.

6. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры өз құзыреті шегінде осы Кодекстің нормаларын қолдану мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды, олар қылмыстық қудалау органдарының орындауы үшін міндетті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдардың нормативтік құқықтық актілері олардың құзыреті шегінде, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісу бойынша қабылданады деп баяндалынған [4].

Бастапқыда «толассыз қадағалау» термині Бас прокурордың 2004 жылғы 19 мамырдағы «Тергеу және анықтау заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту» туралы № 28 бұйрығының 13 тармағында анықталды: «Саяси мемлекеттік қызметшілер жасаған қылмыстарға байланысты, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуға байланысты үлкен қоғамдық жаңғырық болған қылмыстық істерді қозғаудың негізділігі және тергеудің заңдылығы қамтамасыз етілсін. Осы қылмыстық істер бойынша өзара іс-қимыл жасау, тергеу және анықтау заңдылығы мен оларды сотта қараудың заңдылығын пәрменді қадағалау белгіленсін [7].

Аса маңызды не үлкен қоғамдық жаңғырық туғызатын қылмыстық іс қозғаған кезде прокурор қадағалаудың толассыз әдісін қамтамасыз ету үшін оперативтік қызметкерлерден топ құру туралы шешім қабылдасын, ол топ қылмыстық іс қозғалған сатыдан бастап аяқталғанға дейін, заңды күшіне енген сот шешімінің заңдылық жағдайына шейін қадағалау жүргізеді».

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жоғарыда көрсетілген мәселені жүзеге асыру тәсілін анықтаған. Осыған сәйкес прокуратура органдарының әр түрлі қызметкерлерімен қылмыстық іс жүргізудің барлық сатысында қадағалауды жүзеге асыруға қарағанда, қылмыстық істі іс қозғалған сәтінен бастап соттың үкім шығарғанына дейінгі қадағалауды бір қызметкер жүзеге асырғаны тиімдірек.

Кейінірек, толассыз қадағалау әдісі Бас прокурордың өзге де нормативтік құқықтық актілерінде өз көрінісін тапты.

Яғни, Қазақстан Республикасының Бас прокурорының 2006 жылғы 17 тамыздағы «Аса маңызды не үлкен қоғамдық жаңғырық туғызатын қылмыстық істерді тергеу және сотта қарастыру кезіндегі толассыз қадағалау тобының жұмысын ұйымдастыру туралы» № 45 бұйрығы анықтады:

«Аса маңызды не үлкен қоғамдық жаңғырық туғызатын қылмыстық іс қозғаған кезде прокуратураның тәжірибелі қызметкерлерінен топ құру туралы шешім қабылдасын, оның ішіне анықтау мен тергеудің заңдылығын қадағалау, жедел іздестіру, сотта істі қарастыру бойынша қадағалау бөлімдерінің қызметкерлері қосылуы тиіс.

Аса маңызды не үлкен қоғамдық жаңғырық туғызатын қылмыстық іс өзге бөлім прокурорының бастамасымен қозғалған жағдайда, топ құрамына сол бөлімнің қызметкерлері қосылуы тиіс [8].

Қабылданған шешімнің заңдылығына, істі қозғауға бастама білдірген бөлім басшысы жауапты. Сондай-ақ анықтау мен тергеу бойынша заңдылықты қадағалайтын бөлім жауапты.

Аталған категориядағы істердің тергеу барысына, жедел іздестіру қызметінің заңдылығына және сотта қылмыстық істерді қарастыру бойынша заңдылықты қадағалау – толассыз топтардағы қызметкерлермен өзара қатынастағы топ басшыларымен жүзеге асырылсын.

Қылмыстық істерді аса маңызды деп тану және жұмыс тобын құру, олардың басшыларын анықтау, құрамын және санын белгілеу туралы шешімді қабылдай алады:

- Бас прокуратурада – Бас Прокурор және оның орынбасарлары;
- Облыс прокуратураларында және оларға теңестірілген прокуратураларда – облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор;

- Қала, аудан және оған теңестірілген прокурорлар жоғары тұрған прокурор алдында, осы бұйрықтың 2-тармағында көрсетілгендей қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын қалалық және аудандық органдарда нақты қылмыстық істер бойынша толассыз қадағалау тобын құру туралы өтініш білдіре алады.

Қылмыстық істі қозғаған органға қарамастан, жұмыс топтарын құру. Жұмыс тобын құру туралы шешімді тиісті өкіммен рәсімдеу, оның ішінде қозғалған қылмыстық істі аса маңызды немесе үлкен қоғамдық жаңғырық туғызған деп тану туралы дәлелдеме көрсету» [8].

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас прокурорының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы «Алқабилердің қатысуымен өтетін сот өндірісіндегі заңдардың орындалуының заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі» № 78 бұйрығында келесі позициялар бекітілген:

2-тармақ – «Алқабилердің қатысуымен сотта қаралатын қылмыстық істер бойынша міндетті түрде толассыз қадағалау тобын құру. Топ басшысы болып Астана, Алматы қаласы, облыс прокурорларының орынбасарлары және оларға теңестірілген прокурорлар тағайындалады»;

9-тармақ – «Алқабилердің қатысуымен сотта қаралатын қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеу сатысында қылмыстың мән-жайларын мұқият зерттеу мен мінсіз білу мақсатында, толассыз қадағалау тобының мүшелерінің арасынан мемлекеттік айыптаушыны тағайындау»;

10-тармақ – «Қылмыстық істі сотқа жібергеннен кейін, алқабилердің қатысуымен қаралатын сотта, істі алдын ала тыңдау кезінде прокурордың белсенді және объективті қатысуын қамтамасыз ету»;

20-тармақ – «Бас әскери прокуроры, Астана, Алматы қаласы, облыс прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар толассыз топтың жұмыс құрамына прокуратураның білікті және ең дайындалған кадрларын қосу. Олардың шығармашылық және кәсіби дағдыларын жақсарту және ынталандыру [9].

Осылайша, 04.07.2014 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіндегі процессуалдық прокурор институты, бұрын жеке санаттағы (алқабилердің қатысуымен қаралатын іс) немесе аса маңызды және үлкен қоғамдық жаңғырық туғызды деп танылған нақты бір қылмыстық істер бойынша толассыз қадағалау әдісінің логикалық дамуы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл, ресми.мәтін: 02.02.2011ж. / Изд. «Жеті жарғы», 2011. – 159 б.
2. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2709 Заңы // «Заң» базасы - Қазақстан Республикасының электрондық жүйеленген нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы.
3. Жаңа онжылдық-жаңаэкономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2010 ж. Қазақстан халқына жолдауы // Айқын.– 2010, қаңтар – 30.- № 15 (1439).
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 4 шілде 2014 ж. № 231-V. – Алматы: ЮРИСТ, 2014. – 356 б.
5. www.pravstat.prokuror.kz
6. Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. Общая и Особенная части (извлечения). – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – 352 с.
7. ҚР Бас прокурордың 2004 жылғы 19 мамырдағы «Тергеу және анықтау заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту» туралы № 28 бұйрығы.
8. ҚР Бас прокурорының 2006 жылғы 17 тамыздағы «Аса маңызды не үлкен қоғамдық жаңғырық туғызатын қылмыстық істерді тергеу және сотта қарастыру кезіндегі толассыз қадағалау тобының жұмысын ұйымдастыру туралы» № 45 бұйрығы.
9. Қазақстан Республикасының Бас прокурорының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы «Алқабилердің қатысуымен өтетін сот өндірісіндегі заңдардың орындалуының заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі» № 78 бұйрығы.

Резюме

В статье рассматриваются актуальные проблемы прокурорского надзора на досудебном стадии уголовного процесса. А также определено, что при возбуждении прокурорами уголовного дела, имеющего особую значимость либо большой общественный резонанс, принимать решение о создании группы из оперативных работников, для обеспечения сквозного метода надзора, когда группой сотрудников осуществляется надзор за соблюдением законности со стадии возбуждения уголовного дела до окончания его разрешения вплоть до вынесения судебного решения, вступившего в законную силу.

Summary

In article actual problems of public prosecutor's supervision on pre-judicial stages of criminal trial are considered. And also it is defined that at excitement by prosecutors of the criminal case having the special importance or great public outcry to make the decision on creation of group of quick workers, for providing a through method of supervision when the group of employees exercises supervision of respecting the rule of law from a stage of initiation of legal proceedings before the termination of his permission up to the adjudication which has entered into force.

Ж.С.Калканова - з.ғ.к., доцент, **Ш.Қ.Аскарбекова**-магистрант,
Аймақтық әлеуметтік инновациялық университет, Шымкент, Қазақстан

ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Андатпа: Қылмыстылықпен күрес бағдарламасын жүзеге асыруды тікелей қамтамасыз етуде көп аспектілі сипат бар. Ол - басқарушылық қызметті, бақылауды, кадрлар іріктеуді, оларды даярлауды, оңтайлы орналастыруды, олардың біліктілігін көтеру жұмысын ұйымдастыруды, жаңа криминологиялық және ауқымды әлеуметтік шындықтарды ескеріп оларды қайта даярлауды, жаңа техника жасауды, қабылданатын шаралардың тиімділігін талдауды және бағдарламаларға түзету енгізуді қамтиды.

Кілттік сөздер: Қылмыстылық, әлеуметтік факторлар, криминогенді детерминант, құқық қорғау органдары, экономикалық қатынастар, экономика саласындағы қылмыстар

Кез келген құбылыстың пайда болуын сипаттайтын жалпы категория «детерминация» (латын сөзі, «determinare», «анықтау» деген мағынаны береді) деп аталады. «Детерминация» - бұл құбылыстар, процестер мен жағдайлардың объективті тәуелдігі. Айналамызды қоршаған түрлі құбылыстар бір-бірімен байланысты, олар барлық уақытта диалектика заңына сәйкес қозғалыста болады. Детерминация төмендегідей өзіндік ерекшеліктерге ие: жағдай, қызметтердің байланысы, коффеция, себептілік және басқалар.

Қылмыстылықтың детерминация процесі байланыстардың әр түрлі нысандарының күрделі өзара әрекеттесуі болып табылады: ол күйдің және өзгелердің тек себептік қана емес, сонымен қатар функционалдық, статистикалық байланыстары. Олардың саны отыздан асады.

Қылмыстылықтың қандай да бір басқа құбылыспен немесе процеспен өзара байланыстық фактісін айқындауды жеткілікті деп санауға болмайды. Одан кейін өзара байланыстың сипатын анықтап тұру керек.

Себептілік - әмбебап өзара әрекеттестік нысандарының бірі ретінде, детерминацияның генетикалық байланысын ғана білдіретін түрлерінің бірі ретінде қаралады.

Орыс тілінде «келтіру (причинять)» сөзі бірдемені «өндіру» мағынасында қолданылды. «Себептілік» - бұл заттар мен құбылыстар байланыстарының бір түрі, бұл - өндіруші, немесе басқаша айтқанда «генетикалық» байланыс, яғни қандай да бір құбылыстың, процестің туындау фактісін анықтаушы байланыс. Себептілік туралы айтқанда «себеп және салдар», «себептік-салдарлық байланыстар», «себептік тізбектер», «себептік кешендер» және басқа да санаттар пайдаланылады.

Себептік байланыстың айрықша ерекшелігі мынада: біріншіден, себеп әрекетке апарады, одан салдар туындайды. Себептен әрекет туындауы үшін қандай да бір жағдайлар болуы тиіс, бірақ бұл жағдайлар өздігінен салдар әкелмейді.

Қылмысты көзімен көргендердің енжарлығы – қылмыс нәтижесінің ойдағыдай болуының жағдайы, бірақ қылмыстың себебі емес.

Себептің әрекет ету аймағы, ол, бәрінен бұрын, сылтаурату және шешім қабылдау кезеңдері. Нақты тәсілді таңдау (қорқытып талап ету немесе алаяқтық), қылмыстық қастандық жасаудың нақты объектісін таңдау және іс-әрекеттің өзге де бірқатар сипаттамалары едәуір шамада жағдайлармен анықталады (әр түрлі объектілердің күзетілу жағдайы, криминалдық дағдының бар-жоғы және т.б.).

Екіншіден, себептер мен салдарда уақыт бойынша кезектілік бар. Себеп бойынша уақыт әрқашанда салдардан ерте келеді, бірақ ол уақыт аралығы кейде аз болуы мүмкін. Сондықтан да қылмыстылықтың әлеуметтік салдарын оның себебі мен оның өзгеруінің себебі деп қабылдамау керек.

Үшіншіден, салдар сол себептің себебі бола алмайды. Мысалы, қылмыстылықтың жаңа күйі қоғамның жаңа күйін тудырады, ал қоғамның мұндай жаңа күйі өз кезегінде, бұрынғы қылмыстылықті емес, жаңа сипаттамасы бар басқа қылмыстылықті тудырады. Төртіншіден, себеп пен салдардың бір мағыналы қатынасы бар: бірдей себептің бірдей жағдайдағы әрекеті бірдей салдар әкеледі.

Бесіншіден, себепті салдармен біріктіруге болмайды. Салдар себепті қайталамайды. Ол – объектінің қайта құрылуының, өзгеруінің нәтижесі. Егер, мысалы, мекемеде іс-қағаздарын жүргізу нашар болса, кадрлар бетімен кетсе және олардың біліктілігі төмен болса, онда бұл мекемеде паракорлық жаппай сияпт алғанға дейінгі жағдай осындай болған деп санау керек. Жағдайдың нашарлауына паракорлар өз үлесін қосқан, олар жоғары білікті және тәртіпті қызметкерлерді жұмысқа алмаған немесе ұстап қалмаған.

Қылмыстылық себептері мен шарттары әр алуан және олар әр түрлі деңгейде болады. Осыған байланысты оларды ғылыми және практикалық тұрғыдан танып білу үшін тиісті бір дәрежеде жіктеу қажет. Ол былайша жүзеге асады: а) әрекет ету деңгейі бойынша (субординация), б) мазмұны бойынша, в) табиғаты және басқа да өлшемдері бойынша.

Қылмыстылық іс-жүзіндегі детерминация процесіне сәйкес осы жөнінде айтылған көзқарастардың бәрін пайдалана отырып кешенді талдау жүргізуі қажет.

Әрекет ету деңгейі (субординация) бойынша себептер мен шарттар былайша ажыратылады: а) тұтастай қылмыс бойынша (кейде жалпы себеп деп айтылатын), б) қылмыстың түрлері бойынша (санаты, тобы), в) жекелеген қылмыстар бойынша.

Өзінің мазмұны жағынан криминогенді детерминанттар әлеуметтік-экономикалық, саяси, әлеуметтік-психологиялық, тәрбиелік, құқықтық, ұйымдық-басқарушылық болып бөлінеді.

60 жылдары криминология тек қылмыстылықтың күйі, жолдары мен құралдары жөніндегі ғылым ретінде қарастырылды. Қылмыстылықтың нақты бейнесін, оның дамуын анықтау, қылмыспен күресте не істеу керек деген сауалға жауап бермейді. Кез келген қылмыстылықтың пайда болуына қоғамдағы қайшылықтар себеп болады. Қылмыстылықты танып, баға беру мен күресу барысында қылмыстылықтың детерминациясы, себептері мен қылмысқа жол беретін жағдайларды міндетті түрде анықтау қажет болғандықтан, кейінгі оқулықтарда криминология қылмыстылықтың себептері мен қылмыстылықтың шарттарын зерттейтін болған[1].

Ғалымдар қылмыстылықтың әмбебап себептерін анықтауға тырысқан. Түрлі жағдайларға қарамастан қылмыстылықтың пайда болуының нақты жолы, негізгі, дәлме-дәл себептері жоқ. Барлық халыққа, уақытқа ортақ қылмыстылықтың да бейнесі болған емес, бұл өзгермелі, тұрақсыз құбылыс. Кудрявцев В.Н., Эминов В.Е.: «Кез келген қоғамдағы қылмыстылықтың жалпы себебі – жалпы әлеуметтік қайшылықтар» - дей келе, қылмыстылықтың себептерін қоғамның түрлі салаларына қатысты қарастыруды ұсынған.

Қылмыстылықтың себептері әлеуметтік әдебиеттерде екі бағытта түсіндіріледі: әлеуметтік және биологиялық.

Қылмыстылықтың себептері ұғымына қатысты түрлі көзқарастар бар. Бір ғалымдар қылмысқа әсер ететін құбылыстарды себеп пен қылмысқа жол беретін жағдайларға айыру «фактор теориясын» жоққа шығарады,- дей келе, бұл құбылыстарды «фактор» деп атаған. Бір жағдайда фактор - бұл қандай да бір процестің сипаты мен белгілерін анықтайтын, оның қозғаушы күші, себебі болып табылады. Екіншіде фактор - ол құбылыстың өзгеріп, дамуы кезінде басшылыққа алатын белгілердің жиынтығы, себептедің тобы. «Фактор» – «себеп», «шарттары», «жол беретін жағдай», «мән-жайлар» ұғымдарын алмастырушы категория. Курганов С.И. қылмыстардың себебі мен жол беретін жағдайлар, қылмыстылықтың шарттарына ортақ «мән жайлар» деген атау беруді ұсынған. Кузнецова Н.Ф. қылмыстылықтың себептері мен шарттарын «криминогенді детерминант» ұғымына жатқызды[2].

Ғылыми еңбектерде «қылмыстардың себептері» мен «қылмысқа жол беретін жағдайлар, шарттар» ұғымдарының арақатынасы зерттеледі. Қайыржанов Е.І., себеп пен жол беретін жағдай ұғымдары арасында салыстармалы ерекшеліктер бар екенін айта келе, себеп генетикалық сипатқа ие болғандықтан нәтиже тудырады, итермелейді, ал жол беретін жағдай - нәтиженің болуына жағдай жасайды, мүмкіндік береді, деп есептейді[3].

Қылмыстылық себептері мәселесін дұрыс, нақты шешудің жолы оны ғылыми топтау болып табылады. Криминологияда қылмыстылық себептері, кеңес дәуірі тұсында логикалық жүйеге келтірілді. Қылмыстылықтың себептері қамтылу деңгейіне, әлеуметтік құбылыстардың мазмұны мен сипатына, мақсатына, әлеуметтік факторлардың қылмыстылыққа әсер ету механизміне, қоғамдағы әлеуметтік формациялардың ерекшеліктеріне қарай бөлінеді. Профессор Қайыржанов Е.І. қылмыстардың себептерін екі топқа бөледі: макродәрежедегі мән-жайлар (әлеуметтік-экономикалық формацияның, идеологиялық, әлеуметтік құндылықтардың және т.б. өзгеруімен), екіншісі - нақты қоғамға қауіпті әрекеттердің жасалуына әсер ететін микродәрежедегі мән-жайлар.

Құқық қорғау органдарына кадрлар даярлау мәселесі ертеден-ақ айтылып келе жатқан күрделі сұрақ. Құқық қорғау органдарында қызметшілер жиі ауысып, арнайы білімі бар мамандар іс жүргізуге қатыстырыла бермейді. Қылмыспен күресте мамандандырылған полиция қызметкерлерінің тұрақты ядросының болмауы бүгінгі таңда қылмыстың өсуіне басты жол ашып беріп отыр. Мамандандырылған полиция қызметшілерінен айырылудың себебін еңбек қатынасындағы олқылықтар мен әлеуметтік әділеттілік қағидасына сәйкес, материалдық қамсыздандыру мәселесінің нашар болуымен де түсіндіруге болады. Білікті мамандарды қызметке тарту, жас мамандарды тәрбиелеу, еңбекке баулу сынды қасиеттер сөз жүзінде қалмай, іс жүзінде орындалса екен.

Разведка и добыча углеводородов, в соответствии с законодательством Республики Казахстан – это любые операции, которые связаны с поиском и разведкой нефти и включают: полевые геолого-геофизические исследования, структурное бурение, бурение поисковых и разведочных скважин, а также опытно-промышленные работы на месторождениях, находящихся в разведке (разведка), а также любые операции, связанные с извлечением на поверхность нефти и включает в том числе: строительство и эксплуатацию подземного и наземного промышленного оборудования и сооружений; извлечение нефти на поверхность, организацию и поддержание рабочего процесса в эксплуатационных скважинах; обработку и очистку нефти; извлечение попутных компонентов из нефти. [1]

Поясним, что нефть - это сырая нефть, газовый конденсат и природный газ, а также углеводороды, полученные после очистки сырой нефти, природного газа и обработки горючих сланцев или смолистых песков. [2]

Перечень углеводородов указывает на виды:

1. Алифатические и алициклические углеводороды (насыщенные и ненасыщенные):

а) углеводороды ряда метана: бутан, изобутан, пентан, изопентан, гексан, октан, изооктан, нонан;

б) углеводороды ряда этилена: бутилены, амилены, изобутилен;

в) циклические непредельные углеводороды: циклопентадиен, циклопентадиен, циклопентадиенилтрикарбонил марганца;

г) ароматические углеводороды одно- многоядерные: бензол, ксилол, толуол, этилбензол, кумол (диизопропиленбензол), ксилолы, стиролы, дефенил, нафталин и их производные.

2. Галогенопроизводные углеводороды жирного ряда:

а) фторпроизводные: фторэтилен, дифторэтилен, трифторэтилен, тетрафторэтилен, трифторпропилен, дифторэтан, декафторбутан и т.д. [3]

Таким образом, углеводород – это продукт, полученный в результате обработки нефти, газа и др. продуктов недр. Следовательно, говоря о вопросах правового регулирования углеводородов, мы будем анализировать законодательство республики Казахстан о недрах, нефти, газе и окружающей природной среде.

На сегодняшний день проблематика охраны окружающей среды в области недропользования стоит особо остро. Это связано с некоторыми причинами, одну из которых составляет политика государства, направленная на всемерную охрану окружающей природной среды. Другая немаловажная причина обуславливает стратегические интересы в экономико-сырьевом потенциале страны. Нефть и газ – это именно то природное сырье, с помощью которого Казахстан, в первые и трудные годы становления своей независимости, смог утвердиться на мировом рынке и стать государством, которое признали многие развитые страны. Политики в сфере недропользования и на сегодняшний день остается актуальной. И объясняется это двумя противоречивыми предпосылками: во-первых, нефть, углеводороды являются источниками хороших прибылей для государства; а во – вторых, приоритеты охраны окружающей среды, обязывая соблюдать интересы нации, складывающиеся в сохранении природных богатств (и особенно богатств недр), здоровья населения.

Рассмотрим в этой связи насколько соотносятся эти противоположные интересы, будучи не только объектом правового регулирования, но и политико-правовым и экономическим инструментом курса государственного строительства.

В своем выступлении на Всемирном экономическом форуме в г. Давосе, Швейцария (январь 1995 г.). Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев отметил, что «суверенным Казахстан представляет собой аграрно-индустриальную страну с достаточно развитой инфраструктурой, богатым промышленным

потенциалом». [4] Уголь, газ, нефть и др. сырье, которое дают нам наши недра становятся основными составляющими топливно-энергетического комплекса страны. Исследования, проведенные экспертами Всемирного банка, определили эту отрасль как наиболее привлекательную с точки зрения вложения инвестиций и кредитования. Возможности для наращивания республикой добычи углеводородного сырья - огромные. Общий объем прямых инвестиций по проектам, связанным с разработкой нефтяных месторождений в Казахстане, оценивается в 32,3 млрд. долларов США, а с разведкой углеводородных ресурсов 31 млрд. долларов США. [5] Таким образом, Казахстан может и должен рассматриваться мировым сообществом, прежде всего европейским, как будущий крупный производитель и экспортер нефти и газа. Отметим, что Республика Казахстан со своими богатыми природными ресурсами, привлекательным инвестиционным климатом, некоторой стабильностью национального экономического законодательства, является неким центром нового Евразийского бизнеса.

В последние годы в стране создана определенная правовая база для совершенствования государственного управления, подъема экономики, развития рыночных отношений, привлечения и защиты иностранного капитала, развития науки и внедрения новой технологии.

Снижению зависимости Казахстана по поставкам нефтепродуктов и преодолению хронического дефицита нефтепродуктов на внутреннем рынке экспорта нефти и нефтепродуктов, во многом зависит не только от строительства нефтепроводов (Карачаганак, Тенгиз, Кумколь), реконструкции и расширения нефтеперерабатывающих заводов (Атырауского, Павлодарского и Шымкентского), создания нефтехимических производств: пропилена и бензола, но и от бережного использования наших природных ресурсов, которое, в свою очередь, заключается в том, чтобы использование недр производилось под строжайшим контролем государства.

Основополагающее начало принципам охраны окружающей среды при разведке и добыче углеводородов закладывается в нормах статьи 31 Конституции Республики Казахстан, согласно которой «государство ставит целью охрану окружающей среды, благоприятной для жизни и здоровья человека. Соккрытие должностными лицами фактов и обстоятельств, угрожающих жизни и здоровью людей, влечет ответственность в соответствии с законом». В соответствии с Законом «Об охране окружающей среды» в Казахстане экологический контроль может быть: государственным и общественным (п.2 ст. 63). Норма в статье 31 Конституции Республики Казахстан, таким образом, акцентирует важную роль именно государства в охране окружающей среды, обеспечивающей гражданам нашей республики конституционное право на благоприятную окружающую среду.

Назначение принципа охраны окружающей среды и его социальная сущность неразрывны с политико-правовым курсом Казахстана, направленным на укрепление экологической безопасности. Единым распоряжением Президента Республики Казахстан от 30 апреля 1996 г. N 2967 охватываются две концепции: Общественная и Экологическая, что говорит об их неразрывной связи и важности. В Концепции экологической безопасности, в частности, указывается, что «по естественным особенностям окружающей среды (биосферы) более половины территории Республики относятся к пустынным и полупустынным, а по естественным - историческим условиям и при сложившейся преимущественно ресурсно-сырьевой системе природопользования остаются экстремально высокими техногенные нагрузки добывающих и перерабатывающих предприятий, промышленных зон народно-хозяйственного комплекса, военных объектов на экологически уязвимые природные системы (биогеоценозы) и проживающее в них население. В связи с этим в стране сложилась неблагоприятная, а в ряде регионов кризисная экологическая обстановка.

Наиболее опасные проявления экологического кризиса региональное техногенное опустынивание, деградация почв, истощение и загрязнение водных ресурсов, загрязнение атмосферы, обезлесение, необратимое сокращение биологического разнообразия и разрушение генетического фонда живой природы, активизация угрожающих жизни стихийных природных явлений и промышленных катастроф, накопление опасных и токсичных отходов.

В некоторых регионах положение обострилось настолько, что нарастает опасность неотвратимых необратимых и непредсказуемых явлений и резко сокращаются возможности прогнозирования управления и сохранения устойчивого природопользования». [6]

Применительно к сфере использования и охраны недр особую тревогу вызывает регион Прикаспийский, богатый сырьевыми и биологическими ресурсами. Добыча углеводородного сырья ведется в регионе с 1899 г. Нефтегазоносность установлена от девона до палеогена включительно. Основные разрабатываемые запасы нефти и газа приурочены к каменноугольным, нижнепермским, пермотриасовым, юрским и меловым отложениям. Так, например, в Атырауской области разрабатываются ресурсы 43 месторождений нефти и газа, в том числе и уникальное Тенгизское месторождение. В 2000 г. открыто крупнейшее Восточно-Кашаганское месторождение нефти и газа, расположенное в 70 км к юго-востоку от г. Атырау в мелководной зоне моря в скором времени начнутся работы по его разработке. В 2001 г. подтверждена нефтегазоносность месторождения Западный Кашаган в Мангистауской области разведано 69 месторождений, из них на 27 месторождениях ведется добыча нефти и газа. В 1998 г. в Прикаспийском регионе добыто 18,2 млн. тонн нефти, а в 2003 - 28,8 млн. тонн нефти.

Вместе с тем, развитие промышленности, устаревшие технологии добычи, транспортировки и переработки полезных ископаемых (главным образом, нефти и газа, стройматериалов), нерациональное

использование сырья и энергоносителей, продолжающееся уже много лет бесполезное экономически и вредное экологически сжигание на факелах попутных и технологических газов на нефтегазовых промыслах и предприятиях нефтепереработки и нефтехимии, а также плохая организация сбора (попутной воды, нефтешламов) утилизации, обезвреживания и захоронения отходов промышленности, сельского хозяйства отрицательно влияют на качество окружающей среды. Произошло значительное загрязнение воздуха, воды, возросла заболеваемость населения.

Выбросы на душу населения по Атырауской области в 1985-1987гг. составили 207 кг, а в 1997 г. - 403 кг. Участки, примыкающие к действующим и законсервированным нефтяным месторождениям, затопленным старым нефтяным скважинам Северного и Восточного побережья особенно подвержены токсикации нефтепродуктами и их производными вследствие подъема уровня моря и сгонно-нагонными явлениями, при которых происходит подтопление и сток в море технологических отходов береговых предприятий. Нефтяное загрязнение наиболее опасно на севере Каспия из-за очень низкого объема воды - 0,94% от общего объема при площади 27,73% от площади моря, при средней глубине 6,2 м, т.е. если вылить тонну нефти в единицу объема воды в разных частях моря, на Северном Каспии примерно в 100 раз сильнее действуют загрязнители на экосистему, чем в остальной части моря. Однако в настоящее время отсутствует анализ существующей системы управления прибрежной зоны. Контроль на местах за деятельностью предприятий осуществляет областное управление охраны окружающей среды, которое не имеет достаточной материально-технической базы и средств для рекультивации земель. [7]

Таким образом, выше указанные примеры подтверждают, что неблагоприятное экологическое состояние усугубляет экономический кризис, переживаемый в настоящее время страной, способствует обострению социального напряжения, в то же время решение экологических и социальных проблем населения сдерживается экономическими трудностями. Следовательно, непринятие адекватных экологической обстановке мер, помимо ущерба для здоровья народа, чревато угрозой социальных конфликтов и прямым блокированием ряда важнейших направлений народнохозяйственного развития». [8]

Поэтому сегодня, на наш взгляд, особо остро стоит проблема правового регулирования использования нефтепродуктов, в частности углеводородов в республике. Грамотный подход к нормотворческому процессу в данной области призван содействовать экологической стабилизации, а с учетом стратегически важных для республики отношений в нефтегазовой отрасли, отношений по добыче полезных ископаемых, руд, металлов и др. и стабилизации в экономико-политическом секторе страны.

Таким образом, основным принципом при разведке и добыче углеводородов выступает конституционный принцип охраны окружающей среды (ст. 31). Данный принцип конкретизируется в нормах отраслевого (экологического) законодательства. Так, например, в Программе развития нефтехимической промышленности Республики Казахстан на 2004-2010 годы [9] указано, что в Казахстане, в большинстве случаев, попутные газы сжигаются в факелах. Сухие газы нефтепереработки содержат, в основном, метан и могут быть использованы, помимо топлива, как источник дешевого водорода и олефинов (этилен, пропилен и др.). Жирные газы нефтепереработки содержат C2-C4 углеводороды - ценное нефтехимическое сырье для получения простейших мономеров и осуществления дальнейших синтезов на их основе. Кроме того, в жирных фракциях содержится до 7% олефинов, которые могут быть непосредственно использованы для дальнейших синтезов. В первую очередь эти олефины могут использоваться для алкилирования бутан-бутиленовой смеси с получением высокооктанового бензина. Жирные газы нефтепереработки используются в качестве сырья для получения этилена, пропилена, бутиленов, бутадиена и других соединений. Кроме того, в Казахстане промышленность продолжает использовать на ТЭЦ мазут в качестве топлива, хотя именно из него извлекают самые дорогостоящие нефтепродукты, например, смазочные масла, производство которых в Казахстане отсутствует. Из этой части нефти получают гудрон - сырье для получения битума, столь необходимого сегодня для дорожного строительства. Таким образом, из анализа состояния нефте- и газоперерабатывающих мощностей в Республике Казахстан видно, что извлекаемое углеводородное сырье в значительном количестве без глубокой переработки вывозится из Казахстана за рубеж на экспорт, а природные (частично) и попутные газы (полностью) слабо используются в отраслях экономики Казахстана.

Для развития нефтехимической отрасли промышленности Республики Казахстан на базе добываемого углеводородного сырья необходимо разработать три варианта сценария:

1. Пессимистичный - реабилитация и модернизация существующих нефте и газоперерабатывающих мощностей (6 заводов) для обеспечения глубокой очистки углеводородного сырья и частичной утилизации природного и попутного газов для обеспечения сырьем производственные мощности действующих нефтехимических предприятий;

2. Реалистичный - одновременно с реализацией мероприятий пессимистического сценария, учитывая возрастающие объемы добычи нефти и газа в Казахстане, создать дополнительные производственные мощности для глубокой очистки и переработки большего объема углеводородного сырья, в том числе попутных газов, с целью создания необходимых сырьевых ресурсов и условий для работы действующих и вновь создаваемых нефтехимических производств. Деятельность всего комплекса нефтехимических предприятий обеспечит на внутреннем рынке Казахстана импортозамещение основного объема нефтехимической продукции.

3. Оптимистичный - создание вертикально интегрированных производств, структурные формирования которых на основе современных высокотехнологичных производств будут осуществлять комплекс мероприятий от добычи, очистки и до переработки необходимого объема углеводородного сырья, в том числе попутных газов. Это обеспечит выпуск конкурентоспособной, экспортоориентированной нефтехимической продукции по завершающим стадиям переработки углеводородного сырья с выпуском на региональный и мировой рынок широкой гаммы нефтехимической продукции по цепочке добавленных стоимостей.

По первому сценарию развитие нефтехимической отрасли ориентировано на оптимизацию возможностей уже существующих структур, включающих мероприятия по реконструкции и технологическому перевооружению действующих нефте- и газоперерабатывающих заводов. Параллельно необходимо завершить и осуществить комплекс мероприятий по развитию производственной деятельности нефтехимических предприятий с использованием новейших достижений мировой науки и практики, передовой техники и технологий по выпуску нефтехимической импортозамещающей и экспортоориентированной продукции адекватно потребностям внутреннего рынка республики.

Мероприятия первого сценария не будут адекватно реагировать на возрастающие объемы добычи углеводородного сырья в республике и только перекроют определенные объемы потребностей внутреннего рынка на нефтехимическую продукцию, что позволит в полном объеме использовать существующие производственные мощности.

Второй сценарий развития позволит осуществить модернизацию нефтехимической отрасли в целом и с определенной базой для перспективного развития. По второму сценарию, помимо реконструкции и технического перевооружения действующих производств с использованием новейших достижений мировой науки и практики, передовой техники и технологий по выпуску конкурентоспособной нефтехимической продукции адекватно потребностям внешнего и внутреннего рынков, необходимо создать на их базе новые дополнительные мощности. Реализация второго сценария лишь частично учтет возрастающие объемы добычи углеводородного сырья, создаст основу для экспорта нефтехимической продукции с высокой добавленной стоимостью и полностью решит проблемы внутреннего рынка.

Реализация третьего сценария ориентирована на освоение значительного объема инвестиций. Конечная цель третьего сценария создание нефтехимического комплекса республики в виде вертикально интегрированных структур, способных осуществлять весь спектр работ от добычи, очистки и переработки до выпуска конкурентоспособной, экспортоориентированной нефтехимической продукции по завершающим стадиям переработки углеводородного сырья с выпуском на региональный и мировой рынок широкой гаммы нефтехимической продукции с высокой добавленной стоимостью. Мероприятия третьего сценария позволят реально оценить и использовать возрастающий объем добычи углеводородного сырья, а создание и работа комплекса обеспечат адекватное реагирование на любые колебания мировых цен на углеводородное сырье.

Таким образом, Министерство энергетики и минеральных ресурсов Республики Казахстан (МЭМР) и Закрытое акционерное общество "Национальная компания «КазМунайГаз» (ЗАО «КМГ») осуществляют реализацию мероприятий по второму и третьему сценарию:

- ведутся работы по реконструкции, модернизации и техническому перевооружению перерабатывающих углеводородное сырье производств. К концу 2005 года будет завершена модернизация АНПЗ, в сентябре 2003 года введена в эксплуатацию вторая очередь ЖГПЗ и начато строительство третьей очереди, завершение которой планируется в 2005 году;

- будет возобновлена деятельность нефтехимических предприятий: с 2001 года восстановлена деятельность предприятия по производству полистирола различных марок; производство резинотехнических изделий имеет устойчивую динамику роста в соответствии с действующими мощностями. Проведены пробные запуски нефтехимических предприятий по производству шинной продукции (декабрь 2002 года) и полипропилена (2002 г.). Пуск производства полипропилена после реконструкции планируется произвести в 2004 году. Нефтехимическими предприятиями разработаны планы мероприятий по модернизации производств и инвестиционные проекты по строительству дополнительных мощностей.

Статья 31 Конституции РК также устанавливает принцип обеспечения государством благоприятной окружающей природной среды для населения страны. Таким образом, приоритетным становятся личные интересы людей граждан их права на здоровье и отраслевым законодательством предусмотрены определенные гарантии. Так, например, в соответствии с нормами Совместный приказ Министра энергетики, индустрии и торговли Республики Казахстан от 25 сентября 2000 года N 327 и Председателя Агентства Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям от 13 октября 2000 года N 235 «Об утверждении Правил безопасности в угольных шахтах», [9] установлено, что «шахты, в которых выделяются жидкие и парообразные углеводороды, а также газообразные углеводороды (кроме метана), если содержание последних превышает 10% от общего объема горючих газов, относятся к опасным по нефтегазопрооявлениям.

Порядок ведения работ в таких шахтах регламентируется требованиями настоящего раздела Правил и инструкцией по безопасному ведению работ в угольных шахтах, опасных по нефтегазопрооявлениям. В

случае обнаружения в выработках шахты, не опасной по нефтегазопрооявлениям, запаха нефтепродуктов, не связанного с применяемой технологией, должны быть немедленно отобраны пробы воздуха и направлены в институт по безопасности работ, имеющий лицензию на данный вид деятельности, для анализа на тяжелые углеводороды. На шахтах с выделением сернистого газа или сероводорода в паспортах выемочных участков, проведения и крепления подземных выработок должны предусматриваться дополнительные меры по обеспечению безопасности работ в условиях выделения этих газов, согласованные с институтом по безопасности работ, имеющим лицензию на данный вид деятельности».

Литература

1. Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу закона, от 27 января 1996 г. N 2828 «О недрах и недропользовании» (с изменениями, внесенными Законами РК от 11.05.99 г. N 381-I; от 11.08.99 г. N 467-I).
2. Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу закона, от 28 июня 1995 г. N 2350 О нефти (внесены изменения Законами РК от 13.06.97 г. N 122-I; от 11.08.99 г. N 467-I; от 07.04.03 г. N 403-II; от 16.05.03 г. N 416-II).
3. Постановление коллегии Министерства труда Республики Казахстан и Министерства здравоохранения Республики Казахстан от 22 мая 1995 г. N 4-7/16/1 О порядке бесплатной выдачи молока и других равноценных пищевых продуктов рабочим и служащим, занятым на работах с вредными условиями труда.
4. Казахстан станет крупным экспортером нефти и газа // Советы Казахстана, 1995, 3 февраля.
5. Там же.
6. Распоряжение Президента Республики Казахстан от 30 апреля 1996 г. N 2967 «О концепциях общественной и экологической безопасности Республики Казахстан».
7. Совместный приказ Министра энергетики, индустрии и торговли Республики Казахстан от 25 сентября 2000 года N 327 и Председателя Агентства Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям от 13 октября 2000 года N 235 Об утверждении Правил безопасности в угольных шахтах
8. Программа развития нефтехимической промышленности Республики Казахстан на 2004-2010 годы. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 января 2004 г. N 101.
9. Совместный приказ Министра энергетики, индустрии и торговли Республики Казахстан от 25 сентября 2000 года N 327 и Председателя Агентства Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям от 13 октября 2000 года N 235 Об утверждении Правил безопасности в угольных шахтах.

Summary:

This article is devoted to the exploration and production of hydrocarbons in accordance with the legislation of the Republic of exploration and production of oil and gas fields and includes any operations as follows: Field geological and geophysical studies, exploration and drilling of exploration wells, as well as the development of his intelligence (Intelligence) deposits, as well as any operations related to the production of oil in the world, and include work in agriculture, construction and operation of underground and surface facilities and industrial equipment; oil well on the organization and conduct of the process; refining and processing; components associated with oil production.

Түйін:

Бұл мақалада Мұнай және газ кен орындарын барлау және өндіру Республикасының заңнамасына сәйкес көмірсутегі шикізатын барлау және өндіру үшін арналған және мынадай кез келген операцияларды қамтиды: Field геологиялық және геофизикалық зерттеулер, барлау ұңғымаларын барлау мен бұрғылау, сондай-ақ оның интеллект (Intelligence) дамыту депозиттер, сондай-ақ әлемдегі мұнай өндіру қатысты кез-келген операциялар, сондай-ақ жер асты және жер үсті нысандары мен өндіріс құрал-жабдықтарын ауыл шаруашылығы, құрылыс және пайдалану жұмысты қамтиды; процесін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мұнай; қайта өңдеу және қайта өңдеу; мұнай өндіру байланысты компоненттер.

С.Ж. Жорабеков, А.Б. Байғұл, Р.А. Альшуразова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУ КЕЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ШАРАЛАРЫ

Аңдатпа: Берілген мақалада сыбайлас жемқорлық қылмыстарды тергеу кезінде жүзеге асырылатын жедел-ізвестіру шараларының түсінігі, мәні және олардың түрлері сипатталады. Қылмыстық процестегі жедел-ізвестіру қызметінің ролі, сонымен қатар, оның дәлелдеу процесінің элементі болып табылатыны айқындалған.

Кілттік сөздер: сыбайлас жемқорлық, тергеу, жедел-ізвестіру қызметі, шаралар, дәлелдеме, қылмыс, сот, тактика, қылмыстық процесс, сот өндірісі.

Ғалымдар мен практиктер процессуалдық дәлелдеу мен жедел-ізвестіру қызметінің өзара байланысты мәселелерін осы уақытқа дейін тиянақты түрде зерттеп келеді.

Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жаппай қорғау, заңдылықты нығайту қылмыстық заңның дәлме-дәл және дұрыс қолданылуын талап етеді. Заңды дұрыс қолдану үшін оның әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайын және оның не үшін шығарылғанын, мазмұны мен мағынасын түсініп, заңшығарушының ойын ұғына білу қажет. Ал бұған заңды түсіндіру жолымен қол жеткізуге болады.

Р.С. Белкин осы мәселе бойынша бірқатар авторлардың ғылыми көзқарастарын талдай келе, өз кезінде жедел-ізвестіру шаралары дәлелдеу ісіне сәйкес ақпарат алу құралының ролін атқарады деген қорытындыға келген еді.

Ондай ақпараттың мазмұны мына төмендегідей болуы мүмкін:

1) дәлелдемелік ақпарат болуы мүмкін объектілерді көрсету олардың сипаты, орны, олардан дәлелдеме көздерін алудың тәсілі, іс жүргізуде қолданылуының мейілінше тиімді мақсаттағы әдістері;

2) тергеудің дәлелдеу ісіндегі қатысушының немесе соттағы болуы мүмкін әрекет-қылықтары туралы мәлімет;

3) дәлелдеуге жататын, дәлелдеу құралдарын аса тиімді таңдап алу мәселесін шешуге мүмкіндік беретін жағдайлары, дәлелдеме жинаудың тактикалық және техникалық әдіс-тәсілдері жайында бағыт-бағдар беретін мәліметтер;

4) іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді дұрыс бағалауға жағдай жасайтын мәліметтер.

Мұнымен бірге, Р.С. Белкин дәлелдеу ісіне жағдай жасау онсыз да қылмысқа қарсы күрес саласында шеңбері кең жедел ізвестіру қызметімен шектеліп қоймайды дегенді айтады [1, 38-43]. Практикалық қызметкерлер үшін А.Я. Гинзбургтың белгілі бір жағдайда жедел-ізвестіру шаралары дәлелдеу ісінің элементі болып табылады деген пайымдауы назар аударарлық. Бұл оның көзқарасынша, мыналарға байланысты:

Біріншіден, жедел-ізвестіру жаңа заңдылықтарды ескере отырып, дәлелдеу ісіне ақпараттық, бағдарлық және көмекші материал ретінде төменде көрсетілген жағдайларда пайдаланылуы мүмкін:

1) тергеуді ұйымдастыруда, іс қозғау туралы шешім қабылдауда, болжаулар ұсынуда, тергеуді жоспарлауда;

2) тергеу әрекеттерін жүзеге асыруда, тактикалық әдіс-тәсілдерді таңдап алу мен оны жүргізуде, тактикалық комбинациялар мен операцияларды жүзеге асыруда;

3) дәлелдемелік ақпараттары бар объектілерді анықтауда;

4) тергеу ісіндегі келесі жедел ізвестіру шараларын ұйымдастыру мен өткізуде.

Екіншіден, жедел ізвестіру шаралар жүргізу жолымен, қылмыстық іс жүргізу заңдылықтарына сәйкес, тексерілгеннен кейін қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде қолданылатын материалдар алынуы мүмкін [2, 26-27].

Жедел-ізвестіру қызметі қылмыстық іс жүргізу кезеңдері мен сатыларының қатарына ресми түрде еңбесе де, ол қылмыстың алдын алу, жолын кесу, ашу және сол қылмысты жасаған адамдарды ізвестіру мақсатындағы арнаулы тактикалық әдістемелер мен құралдарды қолдануға қатысты заңға және заңға бағынышты актілерге негізделген шаралар жүйесінің бір буыны ретінде көрінеді.

Тергеуші мен анықтау органының қызметі тергеудің бастапқы кезеңінде тек процессуалдық әрекеттер жүргізумен ғана шектеледі. Солай бола тұрса да, қылмыстық сот өндірісінің бөлігі ретіндегі бастапқы кезеңнің құрылымын тек қана процессуалдық қызмет пен қылмысты тергеу қызметін құрайды. Оның негізінде тиісті іс жүргізу шешімдерін қабылдау мен оны жүзеге асыруға жағдай туғызатын дәлелдемелерді жинау, тексеру және бағалау қызметтері жатыр. Тергеудің бастапқы сатысының кезеңімен сай келетін ұйымдастырушылық, жедел-ізвестіру және басқа іс жүргізу шаралары оны процессуалдық емес жағынан қамтамасыз етеді.

Тергеудің бастапқы кезеңінің мазмұнын әрқилы іс жүргізу әрекеттері құрайды.

Тергеу ісін жүргізу әрекеті деп қылмыстық іс жүргізу заңымен қарастырылған әрекеттерді түсіну керек.

Қылмыстық іс жүргізу заңы дәлелдемелер алу мүмкіндігін тек тергеудің ғана емес іс жүргізудің басқа да әрекеттерінің көмегімен алуды қарастырады. Мәселен, тергеуші мен анықтау органының заттар мен құжаттарды сұратып алу мен ұсынылуын (ҚПК-бабы) қылмыстық іс жүргізу теориясы дәлелдеме жинаудың дербес әдісіне жатқызады. Бұл әдістер дәлелдеме жинаудың ең қарапайым түріне жатады.

Кейбір қылмыстық іс жүргізу әрекетін мақсатты тағайындау қылмыстық іс жүргізу заңына негізделеді де, көбіне олар іс бойынша тергеушінің қабылдаған шешімімен іс жүргізудің бейнесін ғана көрсетеді деп санайтын И.М.Лузгинмен де санаспауға болмайды [3, 96].

Мұнымен бірге тергеуші іс жүргізуге процессуалдық емес әрекеттерді де қоса жүргізеді.

Олар тергеудің бастапқы кезеңінің құрылымына кірмейді, оның процессуалдық қаңқасын құрамайды, бірақ ерекше маңызды көмекші орын алады. Егер тергеушінің кейбір ұйымдастыру шаралары — жауап алуға шақырту, тапсырма беру — Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік кодексінің ережелерімен қамтылып, процессуалдық делінетін болса, тергеу әрекетін жоспарлау, өзара әрекеттес органдармен хабар алмасу, қолдануға жататын ғылыми техникалық құралдарды дайындау сияқты шаралар процессуалдық емес әрекеттер болып саналады.

Кейінге қалдырылмайтын тергеулік әрекеттер бастапқы жедел-іздістіру шараларында анықтау органының өндірісімен тығыз байланыста болады. Әдетте, оны жүргізумен бірге жедел-іздістіру жолымен анықталған мәліметтер жүзеге асады.

Сыбайласқан лауазымды адамдардың жасаған құқыққа қайшы келетін әрекеттерін тергеу, ашу мен дәлелдеу, шын мәнінде іздерді анықтаудың жалпы ережесінен айырмашылығы жоқ, сонымен бірге оны жүргізу мен қылмыстық іс жүргізу қызметтері де сондай.

Сонымен бірге, өмірдің өзі мен шетелдік тәжірибелер көрсеткеніндей, сыбайлас жемқорлық қылмыстарды әшкерелеу мен тергеу саласындағы тендесі жоқ тұстары жедел-іздістірудің, әсіресе арнайы шараларын ақпараттық делеледемелер алудың техникалық жолдарымен лайықты пайдалану; осындай жолдармен алынған нақты мәліметтерді дәлелдеу ісінде пайдалана білу; сыбайлас жемқорлық қылмыстардың механизмін білу; сыбайласқан лауазымды адамдар мен ұйымдасқан қылмыс тарапынан қарсылықтарға шыдап тұра білу; тергеу ісі мен соттың істі қарауларын тұрақты түрде қадағалап, сүйемелдеп отыру; қылмыскерді әшкерелеуде құқық қорғау органдарына көмек көрсеткен адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете білу.

Жүзеге асырылатын осындай жедел-іздістіру шаралары, бәрінен бұрын алдын ала тергеу мен соттың істі қарауда пайдаланатын және кейіннен дәлелдемелері жоғалып кететін жасырын немесе нақты мәліметтерді анықтауға бағытталады.

Жедел іздістіру қызметінің сыбайлас жемқорлық туралы дәлелдемелік мәлімет алатын заңмен белгіленген шараларының мейлінше тиімділерінің қатарына: қажетті мәліметтер алу мақсатында лауазымды адамдар мен азаматтарға сұрақ қою; азаматтармен жария және жария емес қатынастар қалыптастыру арқылы олардың мәліметтерін пайдалану; қызметкерлерді қылмыскерлер арасына астыртын енгізіп жіберу; қылмыстық әрекетті жасанды түрде бейнелейтін қылықтарды пайдалану; астыртын кәсіпорындар мен ұйымдар құру; тауарлар мен шикізаттарды және басқалардың жеткізіп тұрушылығына бақылау жүргізу; байланыстың техникалық арналарынан, компьютерлік жүйелерден, басқа да техникалық құралдардан мәліметтер алу; арнаулы техникалық құрал-жабдықтарды қолдану; сыртынан қадағалау, соның ішінде дыбыс-бейне, кино-фото түсірілімдер және басқа да техникалық құралдарды пайдалану; тұрғын және басқа да үйлерге, ғимараттарға, құрылыстарға, учаскелерге, көлік және басқа да техникалық құралдарға оларды тексеріп-зерттеу үшін жасырын түрде өтіп кету; зерттеу үшін еынама мен үлгілер тандап алу, сондай-ақ криминалистикалық және басқалар бойынша зерттеулер мен тексерулер жүргізу.

Көп уақыт бойы жедел-іздістіру қызметі жария етілмейтін сипатта болып, құпия нұсқаулармен, үкімдермен реттеліп келді. Ал оның нәтижелерін, яғни құпиясын ашуға болмады және сондықтан оның дәлелдемелік мәні онша болмай жатты. Тиісінше мұндай көзқарас бір кезде заңгерлік салада да қалыптасып барып, тоқтады [4, 207].

Жедел іздістіру шараларының ең бір кең тараған түрлерінің бірі — қажетті мәліметтер алу мақсатында азаматтардан соның ішінде лауазымды адамдарға сұрақ қою болып табылады. Неше түрлі арнаулы және оперативтік-техникалық құралдарды пайдалану, айғақтық заттарды зерттеу жетістіктеріне қарамастан, адамдар сол бұрынғысынша оқиға мен соған қатысушылар туралы мәліметтер мен хабарлардың көзі болып қала береді. Бір қарағанда, бұл қарапайым болып көрінгенімен азаматтарға сұрақ қойып, сауал салу жедел-іздістіру шараларының күрделісі болып табылады. Ол жедел-іздістіру қызметкерлерінен аса жоғары жалпы және кәсіби даярлықты, мәдениеттілікті, адамдарды және олардың психологиясын жетік түсіне білуді, оперативтік-тактикалық әдіс тәсілдерді терең игере білуді талап етеді.

Ерекше айта кететін жай, сыбайласқан лауазымды адамдардың қылмыстық әрекеттерін құжатқа түсіру үшін жедел-іздістіру қызметкерлерінің азаматтар мен ашық және астыртын қарым-қатынас орнатуының, оларды жедел-іздістіру қызметіне пайдалануда тамаша мүмкіндіктері бар.

Сыбайлас жемқорлық фактілерін құжатқа түсіру үшін, сондай-ақ арнаулы жедел-іздігіру шараларының да ерекше маңызы бар. Бұл жөнінде заң шығарушылар арнаулы жедел-іздігіру шараларының төмендегі түрлерін бөліп қарайды:

- сотталғандардың хат-хабарларын цензурадан өткізу;
- почталық жөнелтілімдерді бақылау;
- сырт бейнесінің белгілері бойынша точта-телеграф байланыс арналарымен жедел іздеу салу;
- байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйесінен және басқа да техникалық құрал-жабдықтардан мәліметтер алу;
- қадағалау, соның ішінде арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс-бейне жазба, кино-фото және басқа техникалық құралдар) адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зияны жоқ материалдар мен заттарды пайдалану арқылы;
- тұрғын жай мен басқа да орындарға, ғимараттарға, көліктік және басқа құралдарға өтіп, кіріп, мініп оларды тексеру.

Кейбір жедел-іздігіру шараларын арнаулы деп қорсету оларды кәсіби емес деңгейлерде жүзеге асыру жағдайында адамның конституциялық құқықтарының бұзылу мүмкіндіктерін болдырмас үшін, сондай-ақ осы шараларды жүзеге асыру міндеті жүктелген органның азаматтық жауапкершілігін жоғарылату мақсаттарымен байланысты. Осы саладағы лауазымды қызметкерлердің жоғары кәсіби шеберлігі, сақтығы, тиянақтылығы мен ұқыптылығы осы әрекеттерді жоспарлау мен орындаудың алғышарттары болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, оның түрлерінің бірі коммуникациялық станция тораптарына тікелей жалғасуы арқылы іске қосылатын Интернет жүйесі болып табылатын деректі электрлі байланыс жүйесіндегі бақылаудың мейілінше тиімді екені байқалып отыр. Бақылаудың бұл түрінің мәні мынада, байланыс қызметін көрсететін Интернет-провайдерлер міндетті түрде коммуникациялық жабдықтар құрамына ене отырып "полицай-блоки" деп аталатын байланысты сыртқа шығаратын басқару пультін іске қосады. Осы көрсетілген құралдар арқылы тиісті буындар немесе тұтынушылар оператордан немесе провайдерден бөлек кез келген абонент не пайдаланушының хабар алмасуларын тындауды және бақылау жасауды жүзеге асыра алады.

Осы жабдықтар құрамына енетін әрбір провайдер мейлі ұялы байланыс болсын, мейлі сымды телефон, ғарыштық не басқа да байланыстар болсын іске қосылғанда бірыңғай телекоммуникациялық жүйені құрайды. Көптеген дамыған елдерде осындай байланыстың техникалық құралдардың құрамындағы станциялық құрылғылар арқылы арнаулы жедел-іздігіру шараларын өткізу міндетті түрде байланыс операторларына арнаулы лицензия беру жөнінде шарттар қояды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, арнаулы шараларды қамтамасыз етудің базалық аппараттық-бағдарламалық құралдарын жасау мен пайдалану жоғары ғылыми-техникалық басымдылықты, алдыңғы қатардағы технологиялық базаларды талап етеді. Еркін таратылатын жүйелер арқылы мәліметтерді қорғауға қарағанда компьютерлік жүйелерді бұзу әдістері жөнінде шындықты айтатын мәліметтердің және жалпыға бірдей қолданудың мүмкіндіктері болмауы жағдайды қиындата түседі.

Әдебиеттер:

1. Белкин Р.С. Собрание, исследование и оценка доказательств. Сущность и методы. — М.: Наука, 1996. — 295 с.
2. Гинзбург А.Я. Основы оперативно-розыскной деятельности. — Алматы, 1997. - 79 с.
3. Лузгин И. М. Методологические проблемы расследования. — М.: Юр. Лит., 1973. - 215 с.
4. Горский Г.Ф., Кокарев Л. Д., Элькинд П.С. Проблемы доказательств в советском уголовном процессе. — Воронеж : Изд-во Воронежского ун-та, 1988. - 303 с.

Резюме

В статье рассматриваются оперативно-розыскные мероприятия, осуществляющие при расследовании коррупционных преступлений. Определены понятия и значения оперативно-розыскных мероприятий и проанализированы виды данных мероприятий.

Summary

In article the operational search actions which are carrying out at investigation of corruption crimes are considered. Concepts and values of operational search actions are defined and types of data of actions are analysed.

Ж.С.Калканова - з.ғ.к., доцент, Е.А.Аманкулов-магистрант,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША СУРРОГАТ АНА ТУРАЛЫ ШАРТ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Суррогат ана қызметіне деген сұраныстың болуы көптеген баласыз жұптардың өз балаларының болуын қалауымен сипатталады. Өйткені суррогат ана сияқты қосалқы репродуктивтік технология әдісінің мақсаты, әлеуметтік катаклизмедер, экологияның нашарлауы мен басқада қолайсыз факторларының салдары болып, бедеулік мәселесін жартылай шешу болып табылады. Осы әлеуметтік феноменнің жоғары бейімділігіне қарамастан, суррогат ана туралы шарты негізінде қалыптасатын қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеуді жетілдігу қажеттілігі бар.

Кілттік сөздер: суррогат ана, репродуктивтік технология, суррогат ана шарты, донорлық эмбрион.

Қазақстан Республикасы қазіргі кезде алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені, соның қатарында медицина саласындағы тәжірибені сәтті қабылдауда. Қазақстанда әйелдердің, ер кісілердің бедеулігін емдеуде қосалқы репродуктивтік технологияларының қазіргі заманғы әдістерін белсенді меңгіруде, бұл: ЭҚҰ, эмбриондарды криоконсервация, донорлық жыныстық жасушаларымен байланысты бағдарламалар, жүктілікке дейінгі эмбриондағы ұрық қуалайтын ауруларыны имплантация алдындағы диагностика және суррогат ана.

Қазіргі заман шынайылығындағы суррогат аналық дегеніміз бұл туған балаларының болуына табиғи өнімділікке қабілетсіз әйел мен ер кісінің қарапайым табиғи қарауын шың мәнінде жүзеге асырудың әдістерінің бірі. Суррогат ана қызметіне деген сұраныстың болуы көптеген баласыз жұптардың өз балаларының болуын қалауымен сипатталады. Өйткені суррогат ана сияқты қосалқы репродуктивтік технология әдісінің мақсаты, әлеуметтік катаклизмедер, экологияның нашарлауы мен басқада қолайсыз факторларының салдары болып, бедеулік мәселесін жартылай шешу болып табылады.

Мамандардың айтуынша, Қазақстан Республикасында статистика бойынша некелік одақтарының 15% балалары жоқтар, осындай жұптардың 30%, бұл жылына шамамен 7 мың жұп, қосалқы репродуктивтік технологияларды қолдануды қажет ететіндер [1].

Қазақстан Республикасында суррогат ана мәселесіне жоғары төзімділікпен қарайды. Осы әлеуметтік феноменнің жоғары бейімділігіне қарамастан, суррогат ана туралы шарты негізінде қалыптасатын қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеуді жетілдігу қажеттілігі бар. Осылайша, 2004 жылдың 16 маусымында «Азаматтардың репродуктивтік құқықтары мен оны жүзеге асырудың кепілдіктері туралы» ҚР Заңы қабылданды, оның 3 тарауында суррогат ананы келесідей регламентацияланған.

Суррогат ана бұл: «суррогат ана болу сыйақы төлене отырып, суррогат ана мен ерлі-зайыптылар арасындағы шарт бойынша балаға (балаларға) жүкті болуды және, мерзімінен бұрын босану жағдайларын қоса алғанда, бала (балалар) тууды білдіреді» - делінген.

Шарт жасағанға дейін, суррогат ана болуын қалайтын әйел, суррогат ана әдісін қолдануды шешкен адамдарға өзінің дене, психикалық және репродуктивтік денсаулығы туралы толық ақпаратты, сонымен қатар медициналық-генетикалық тексеру қортындыларын ұсынуы тиісті. Суррогат ананың медициналық, соның ішінде медициналық-генетикалық тексеруден өтуімен байланысты материалдық шығындары онымен шарт жасайтын адамдар көтеруі тиісті.

Суррогат ана шарты бұл балалы болуын қалайтын адамдар мен эмбрионды имплантациялау әдісін қолдануға келісімін берген әйел арасындағы мәміле.

Суррогат ана шарты мазмұнында келесілер болуы тиісті:

1) балалы болуын қалайтын тұлғалар мен суррогат ана болуына келісімін берген әйел туралы деректер;

2) суррогат ананың күтіміне арналған материалдық шығындарды төлеу тәртібі мен шарттары;

3) жақтардың құқықтары, міндеттері және жауаптылығы;

4) суррогат ананың туған баланы онымен шарт жасаған адамдарға беруден бас тартуы жағдайында оған қатысты жағдайлар және шаралар, сонымен қатар тапсырыс берушілердің баладан бас тартуы жағдайындағы оларға қатысты жағдайдар және шаралар;

5) жақтар келісімі бойынша анықталатын басқада шарттары.

Суррогат ана шарты жазбаша түрде жасалынады және нотариалды куәландыруға жатады, суррогат ана туралы шартты бұзу, суррогат ананың жүкті болу тәртібін әдейі бұзу жағдайларында ғана орын алуы мүмкін.

Суррогат ананың міндеттері:

1) жүктіліктің алғашқы мерзіміде (он екі аптаға дейін) медициналық тіркеуге тұру;

2) дәрігерге үнемі қаралу және оның нұсқауларын қатаң орындау;

3) өзінің денсаулығының күйіне үнемі бақылау;

4) осымен шарт жасаған тұлғаларды жүктілік барасы туралы ақпарат беріп отыру.

Суррогат ана өзі туған баланы онымен шарт жасаған тұлғаларға беруден бас тартуға, сонымен қатар баланы басқа адамдарға беруге құқығы жоқ.

Суррогат ана әдісін қолдануды шешкен тұлғалар, оны қолданумен байланысты, сонымен қатар суррогат ананың жүктілігі, босануы мен босанған соң елу алты күнге (босанудың асқынуы жағдайында немесе екі не одан көп бала туылуы жағдайларында жетпіс күнге) денсаулығын қалпына келтірумен байланысты барлық материалдық шығындарын көтереді.

Суррогат анамен шарт жасаған адамдардың баланы алудан бас тартуы жағдайында, олардың суррогат анадан медициналық тексерілуіне, қосалқы репродуктивті технологияларды қолдануына, денсаулығын қайта қалпына келтіруіне, сыйақы қарастырылған жағдайында оныда, және басқада шығындарының өтеуін талап еуге құқығы жоқ.

Суррогат анамен шарт жасаған адамдардың баладан бас тартуы кезінде, және ол баланы суррогат ананың алуы жағдайында осы адамдар суррогат анаға шартта белгілерген көлем және тәртіп бойынша өтемақы төлеулері міндетті.

Суррогат анамен шарт жасаған адамдардың баладан бас тартуы жағдайында, ана құқығы суррогат анаға қалдырылады. Суррогат ана баланы ата-анасына табыстаған сәтінен бастап аталған балаға деген барлық құқықтарынан айырылады.

2012 жылдың 18 қаңтарында 2011 жылдың 26 желтоқсанында қабылданған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі қолданысқа енгізілді.

Қазіргі күні азаматтар суррогат анамен байланысты құқықтық қатынастарына жиі-жиі қатысатын болған. Осылайша, мысалы, Қазақстанда тек 2011 жылдың өзінде суррогат ана қызметіне 200 ерлі-зайыптылар жұбы жүгінген екен.

Оған себептер өте көп. Бірі осындай құқықтық қатынастарына медициналық көрсетулері (мысалы, бедеулік) бойынша қатысса, басқалары экономикалық және басқада себептермен қатысады.

Осындай құқықтық қатынастарының мәні жоғарыда аталған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 1 бабы 33) -35) пунктерінде, ал нақтырақ 9 тарауында көрсетілген. Осы тарауда суррогат ана институтына жататын негізгі түсініктері ашылған: суррогат ана шартын жасау мен оның мазмұны; суррогат анаға қойылатын талаптар; шарт жақтарының құқықтары мен міндеттері; қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларын қолдану; суррогат ана шартының құқықтық салдары.

Кодекс, қоғам үшін маңызды неке-отбасылық қатынастарын реттеумен қатар, отбасының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. кодекстің жобасын құрастыру кезінде құқықтық олқылықтарды жою мақсат етілген, соның қатарында суррогат анаға қатысты мәселелері. Атап айтқанда, суррогат анаға арналған бүтін бір тарау енгізілді, тарауда шарт жақтарының құқықтары және міндеттері туралы, шарттың құқықтық салдары туралы нормалары мазмұнымен қамтылған, бастысы қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларын қолдануды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметтік тұлғаларының, суррогат ана шартың куәландыратын нотариустардың құпияны сақтау міндеті қарастырылған.

Сонымен, бірінші мәрте, заңнамалық деңгейде, біздің елдегі суррогат ана шартының болуы туралы аталды. 2011 жылдың 26 желтоқсанында қабылданған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 54 бабында жазылған:

«1. Суррогат ана болу шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптары сақтала отырып, жазбаша нысанда жасалады және міндетті түрде нотариатта куәландыруға жатады.

2. Суррогат ана болу шартының жасалуы қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде туған балаға ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) ата-аналық құқықтары және міндеттерінің болуын әдейі көздейді.

3. Суррогат ана болу шартымен бір мезгілде ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) тиісті қызметтер көрсететін, қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйыммен шарт жасайды» [2].

Суррогат ана кезіндегі медициналық көмек көрсету шарттары 2009 жылдың 18 қыркүйегінде қабылданған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 100 бабымен регламенттелінген (13.02.2012 ж. күніне толықтырулар мен өзгерістер). Аталған бапқа сай, «суррогат ана болу, суррогат ана (донорлық эмбрионды ендіргеннен кейін құрсақ көтеретін әйел) және ықтимал ата-аналар арасындағы шарт бойынша балаға жүкті болуды және, мерзімінен бұрын босану жағдайларын қоса алғанда, бала (балалар) тууды білдіреді».

Суррогат ана ретінде жасы жиырмадан отыз бес аралығындағы, психологиялық, соматикалық және репродуктивті денсаулығының қанағаттанарлығы туралы медициналық қортындысын, соның ішінде медициналық-генетикалық тексеру нәтижелерін алған әйел бола алады.

Суррогат ана шартының мазмұны, атап өткеніміздей, 2011 жылдың 26 желтоқсанында қабылданған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 55 бабымен регламентацияланған. Осылайша, аталған 55 бапқа сай, суррогат ана шартында келесідей мәліметтер болуы қажет:

1) ерлі-зайыптылар және суррогат ана туралы мәлімет;

- 2) суррогат ана күтіміне арналған шығындарын төлеудің тәртібі және шарттары;
- 3) келісімнің шарттарын орындамау кезіндегі жақтардың құқықтары, міндеттері және жауаптылығы;
- 4) өтемақы мөлшері және төлеу тәртібі;
- 5) басқада жайғайлар, соның ішінде форс-мажорлы жағдайлары.

Бір қарағанда, қолданыстағы суррогат ана туралы шартты құқықтық реттеудің нормалары ешқандайда бір күмән тудырмайды. Бірақ, тәжірибеде заңгерлер құқықтың толық аяқталмауына байланысты көптеген күрделі мәселелерге тап болады.

Біріншісі – суррогат ана шартының өзінің құқықтық табиғатын анықтау. Осы бойынша түрлі ойлар бар. Осылайша, Д.В.Огородов суррогат ана туралы шартты аралас шарт ретінде қарастырады, шартта аталуы бар (алып-сату, қызмет) және аталуы жоқ (баланы көтеру туралы шарт) элемент үйлесімін тапқан деген пікірді ұстанады [3].

О.Ю.Косованың айтуынша, суррогат ана туралы шарттарын, адамгершілік пен құқықтық тәртіп негіздерін бұзушы, пәстік келісімдер қатарына жатқызу қажет [4].

Бірақ, қазақстандық заңшығарушы осы сәттерінде ескеркеріп, 2009 жылдың 18 қыркүйегінде қабылданған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 99 бабы 4 тармағында бекітті, ол бойынша эмбрионды коммерциялық шарт заты ретінде қарау мүмкін еместігі айтылған: «Адам эмбрионын коммерциялық, әскери және өндіріс мақсаттары үшін алуы мүмкін емес».

Е.С.Митрякованың ойынша, суррогат ана туралы шарт – бұл ақылы қызмет көрсету шарты, орындаушының (суррогат ананың) міндеті – тапсырыс берушілердің тапсырмасымен белгілі бір қызмет көрсету (бала көтеру мен оны туу), ал генетикалық ата-ананың міндеті – осы қызметтің ақысын төлеу.

«Суррогат ана кезінде, - деп жазады Е.С.Митрякова, - генетикалық ата-ана бөтеннің баласын сатып алмайды, олар суррогат анаға өздерінің баласына құрсақ көтеріп, туу үшін ақысын төлейді». Е.С.Митрякова өз мысалына көрнекілік беру үшін, суррогат ананың денесін тапсырыс берушілер үшін бала көтеру мақсатында, белгілі бір уақытқа пайдалануды (шамамен тоғыз айға) жалға алу шартымен салыстырады.

А.А.Пестрикованың жазуынша, «өз табиғаты бойынша суррогат ана шарты ақылы қызмет көрсету шартына жақын. Аталмыш шарттың өзіндік еркшелігіне қарамастан, суррогат ана мен ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастарын қызмет деп бағалауға болады» [5].

Біздің пікірімізше, суррогат ана шартының ақылы қызмет көрсету шарттарына ұқсастығына қарамастан, жиі ақысыз шарттардың кездесуіне байланысты, оны ақылы қызмет көрсету шарттарының бірінеде жатқызуға болмайды. Мысалы, суррогат ана ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) жақын туысы болған жағдайларында. Суррогат ана шартын шарттың дербес түрі ретінде қарастырылуы тиісті. Суррогат ана шартының құқықтық табиғатын дұрыс анықтау үшін нормативтік-құқықтық базаны әрмен қарайғы жетілдірумен қатар, суррогат ана шартын тәжірибеде қолданылуын зерттеу қажетті.

Ал осы салада туындайтын азаматтық құқықтық қатынастарын реттеуші нормаларының жетілдіруіне келер болсақ, біздің оймызша, Қазақстандағы суррогат ана шарттарын құқықтық реттеудің күрелі мәселелерін шешуіне көмек беруі мүмкін, бірқатар құқықтық мәселелеріне назар аударылуы тиісті.

Ұсынысымыз бойынша, заңшығарушыға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 9 тарауындағы суррогат ана туралы шартын құқықтық реттеудің келесідей мәселелерін жетілдіру қажетті:

- суррогат ана шарты бойынша өлі баланың туылуы жағдайларындағы құқықтық салдар туралы еш бір сөз айтылмаған. Өз кезегінде бұл, өте күрделі мәселе, өйткені бұл жерде мәселе болашақ ата-ана болуын қалаған (тапсырыс берушілердің) босқа жаратылған уақытымен бірге, осы бойынша жаратылған шағындарымен байланысты мәселеменде байланысты. Өлі бала туылуы жағдайында, оны көтерген әйелдіңде, медициналық жұмысшыларыныңда мұнда кінәсі болмаған кезде, суррогат ана не істеуі керек, ал егер жаңа туылған сәбидің өліміне медициналық жұмысшыларының кінәсі болса ше? Суррогат ана туралы шартының барлы қатысушылары үшін қандай құқықтық салдары келеді?

- суррогат ананың баланы тапсырыс берушілерге (ата-анаға) беруден бас тартуына құқықтық регламентация жасада өте маңызды көрінеді. Бұл жайт «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР жаңа Кодексінде қарастылмаған, бұған жол берілмейді деп саналады.

Ойлауымызша, тек «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР жаңа Кодексіне суррогат ананы құқықтық реттеу жағы ғана толықтыруды қажет етумен қатар, 2009 жылы 18 қыркүйекте қабылданған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 1 бабына толықтыру қажет, оның мазмұнында суррогат ана, суррогат ана болу мен суррогат анадан туылған бала анықтамалары мүлдем қарастырылмаған.

Бүгінгі күні, осындай сияқты әлеуметтік мәселелерді құқықтық реттеуді жетілдіру мәселесі, біздің Елбасы Н.Назарбаев ең маңызды міндеттердің қатарына қойылған. ҚР Президенті өзінің 2012 жылдың 27 қаңтарында «Әлеуметтік-экономикалық жаңарту – Қазақстан дамуының басты векторы» атты Қазақ еліне арналған жолдауында медициналық-әлеуметтік мәселелерін, атап айтқанда бала туу және денсаулық сақтауды құқықтық реттеудің маңыздылығын ерекше атап өтті [6].

Зерттеу үшін ұсынылған мәселелер мәнмәтінің атап өтеріміз, ел ішіндегі заңнамалық сауытты реттелінген бала туылу мәселелері біздің жас мемекетіміздегі адамзат капиталының даму процесін реттеуіне қабілетті.

Әдебиеттер

1. Славикова Н. Долгожданные дети. // Казахстанский Медицинский Журнал. – 2011 - № 2 (20). С. 20.
2. 2011 ж. 26 желтоқсанында қабылданған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі. №518-IV.
3. Огородов Д.В. К вопросу о видах смешанных договоров в частном праве / Д.В. Огородов, М.Ю. Чельшев // Законодательство и экономика. 2006. № 2. С.55.
4. Косова О.Ю. Семейный кодекс Российской Федерации и некоторые вопросы регулирования брачно-семейных отношений // Известия ВУЗов. Правоведение. 1996. № 2. С. 46-53.
5. Пестрикова А.А. Обязательства суррогатного материнства. // Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. – Самара, 2007. С. 78, 79.
6. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» // <http://www.akorda.kz>

Резюме

Бездетность является одной из наиболее острых проблем современного общества. В таких ситуациях многие семьи находят выход путем усыновления детей. Институт суррогатного материнства, позволяет обеспечить реализацию родительских функций с одной стороны, и воспитание ребенка в семье – с другой. Правовая база регулирования этих отношений достаточно полно обеспечивает права и интересы и ребенка, и приемных родителей, подробно регламентируя процедуру усыновления, что во многом позволяет избежать правовых проблем при возникновении юридических споров.

Summary

A childlessness is one of the most sharp problems of modern society. In such situations many families find an exit by adoption of children. Institute of substitute maternity, allows to provide realization of paternal functions from one side, and education of a child in family - with other. The legal base of adjusting of these relations provides rights and interests of both child and receiving parents fully enough, in detail regulating procedure of adoption, that in a great deal allows to avoid legal problems in case of occurring of legal spores.

ӘОЖ(343.3/.7)

Х.Б. Қонысбаева, Е.Т. Бекбосынов
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖОЛМЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕРДІ ЖЫЛЫСТАТУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ БОЙЫНША АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА МЕН ШЕТЕЛ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУДЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған ұлттық заңнама мен шетел ұлттық заңнамасын салыстырмалы-құқықтық талдаудың кейбір қырлары қарастырылады. Салыстыру арқылы ұлттық заңнамалардың кейбір ерекшеліктері мен ұқсас тұстары анықталып, тиісті ұсыныстар жасалады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған ұлттық заңнама мен шетел ұлттық заңнамасын салыстырмалы-құқықтық талдау ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңызы бар ғылыми іс-шара болып табылады. Себебі, біріншіден, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы жаңа мазмұнда қабылданған болатын; екіншіден, өзара салыстырудың тәсілдері ұлттық заңнаманы жетілдірудің негізгі жолы ретінде саналады; үшіншіден, Қазақстан Республикасында қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған ұлттық заңнаманы шетел ұлттық заңнамасымен салыстырмалы-құқықтық талдау жасау арқылы ұлттық заңнаманың олқы жерлерін дәл анықтауға, сондай-ақ маңызды және тиімді ұсыныстарды жасауға нақты түрде мүмкіндікті береді. Сондықтан Қазақстан Республикасында қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған ұлттық заңнаманы шетел ұлттық заңнамасымен салыстырмалы-құқықтық талдау жасаудың қажеттілігі туындайды.

Бірінші ретте Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасының жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған ұлттық заңнамаларын өзара салыстырудан бастаймыз. Қазақстан Республикасының жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған негізгі заңы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді

заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» [1] деп аталса, ал енді Молдова Республикасының жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған негізгі заңы «Ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен күресу және алдын алу туралы» [2] деп аталған. Аталған заңдардың атауынан белгілі болғандай, Қазақстан Республикасының заңында «қылмыстық жолмен алынған кірістер» деген сөздер қолданылған болса, ал енді Молдова Республикасының заңында «ақшаны жылыстату» деген ұғымдық тіркес қолданылған. Бұл жерде біздің елдің заңының атауы нақты әрі тиісті ұғымдарды қамтып кететін сөздерді дәл пайдаланған. Мысалы, «қылмыстық жолмен алынған кірістер» деген сөздер деген кезде тек «ақшаны жылыстату» деген ұғым ғана қамтылмайды, сондай-ақ «мүліктерді заңдастыру» деген ұғымды және тағы басқа терминдерді де қамтиды дегенді білдіреді. Молдова Республикасының осы заңында «күрес» деген сөз пайдаланылған болса, Қазақстан Республикасының заңында «қарсы іс-қимыл» делінген ұғымдық тіркес қамтылған. Негізінен құқықтық тұрғыдан екі сөзді пайдалануға болады. Дегенмен, біздің пікіріміз бойынша «қарсы іс-қимыл» делінген ұғымдық тіркес қолданылған жөн деп есептейміз. Өйткені, белгілі бір мемлекеттің аумағында тек ұлттық заңнама және оны тікелей іске асыруға құзыретті органдар ғана қызмет жасайды. Сондықтан да мемлекеттің аумағында «қарсы іс-қимыл» делінген ұғымды пайдаланған абзал. Сонымен, тиісті салыстыруды қорытатын болсақ, Қазақстан Республикасының заңының атауы нақты, қисынды тұрғыда қойылған деп түйіндейміз. Ал енді Молдова Республикасының заңының атауындағы кейбір сөздерін ауыстыру әрі алып тастау керек деп санаймыз. Мысалы, «алдын алу» деген сөзді атауынан алып тастап, оны заңның мәтінінде пайдалануға бола береді. Себебі, «күрес» және «қарсы іс-қимыл» делінген сөздермен бірге «алдын алу» деген сөздің тікелей қатысы бар. Бұл ретте, «ақша» деген терминді заңның атауынан алып тастау керек. Оны тек заңның мазмұнында ғана пайдалану керек. Осы орайда, айтар жайт, тиісті заңның атауы және ондағы негізгі ұғымдар аталған заңның тиісті объектісін нақты түрде көрсетіп береді.

Ал ендігі кезекте Армения Республикасының жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған негізгі заңның атауын «Ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен күресу туралы» [3] назарға алатын болсақ, оның атауы Молдова Республикасының заңына ұқсастау келеді. Тек Армения заңының атауында «алдын алу» делінген сөз жоқ. Демек, жоғарыда ұсыныс етілгендей, аталған елдің заңынан тиісті сөздерді ауыстыру немесе оларды алып тастау ұсыныс етіледі. Осы орайда, Ресей Федерациясының тиісті заңының атауы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру» [4] Қазақстан Республикасы заңының атауына ұқсас келеді. Ал енді Қырғыз Республикасының тиісті заңы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және террористік немесе экстремистік іс-әрекеттерді қаржыландыру» [5] делінген атауға ие. Осы заң атауынан нақты көрініп тұрғандай, Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының заңдарының атауының бірінші бөлігі ұқсас, ал енді заң атауының екінші жартысында «немесе экстремистік іс-әрекеттер» делінген сөздер қосылған. Ал Украина заңы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып жою қаруларын таратуға қарсы іс-қимыл және болдырмау туралы» [6] деп аталған. Бұл заңның тиісті атауынан байқалып тұрғандай, онда «жаппай қырып жою қаруларын тарату» және «болдырмау» делінген сөздер қамтылған. Демек, заңның атауына өзге мәселелерді қосып қойған деп айтуға болады. Бұл жағдай, біздің ойымыз бойынша негізінен «Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы» атты БҰҰ Конвенциясының атауымен үйлеспейді. Өйткені, аталған конвенцияның талаптарын орындау міндеттелген.

Ендігі кезекте «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңындағы негізгі ұғымдарды шетел заңнамасында бекітілген ұғымдардың анықтамаларымен өзара салыстыруды жөн көреміз. Осы орайда, негізгі ұғым ретінде мынадай анықтаманы саралаймыз: «қаржы мониторингі – осы Заңға сәйкес уәкілетті орган және қаржы мониторингі субъектісі жүзеге асыратын, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және пайдалану жөніндегі шаралар жиынтығы» [1]. Аталған анықтама ықшамды мазмұнда берілген әрі бекітілген анықтама болып табылады. Ал енді Украина заңында «ішкі қаржы мониторингі» деген ұғымдық тіркеске тиісті анықтама берілген. Анықтаманың негізгі элементтері: «1. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалауға негізделген ұстанымды қолданумен ішкі қаржы мониторингіге жататын қаржы операцияларын анықтау бойынша іс-шаралар жиынтығы; 2. Клиенттерді идентификациялау, верификациялау (клиенттер өкілдерін), осындай операциялар есебін және тиісті олардың қатысушылары туралы мәліметтерді жүргізу; 3. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып жою қаруларын таратуға қарсы іс-қимыл және болдырмау аясында күдікті тудыратын қаржы операциялары туралы, сонымен қатар осы заңмен қарастырылған жағдайларда қосымша және өзге ақпараттарды мемлекеттік саясатты іске асырушы атқарушы биліктің орталық органына есеп беру міндеттілігі» [6]. Жоғарыда келтірілген анықтамалардың тиісті элементтерін өзара салыстыратын болсақ, Қазақстан Республикасының заңында бекітілген анықтаманың мазмұны ықшамды түрде тұжырымдалған болса, өз кезегінде Украина заңында кеңейтілген түрде анықтама берілген. Сонымен қатар, айта кетер жайт, Қазақстан Республикасының жоғарыда аталған анықтамаға мына бір сөздерді толықтырып қосу қажет деп есептейміз. Мысалы, «жинау» деген сөзден кейін «бекіту», себебі жиналған материал тиісті уәкілетті органның басшысымен бекітіледі. Осыдан соң

«талдау» деген сөзден кейін «бағалау» деген сөзді қосу керек, себебі жиналған материал тиісті басшымен бекітілген соң, әлгі материал өңделіп, талданады, одан кейін тиісті негізде бағаланады және пайдаланылады. Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының 3-бабын, яғни «Қаржы мониторинг субъектілері» атты бапты өзге шетел заңнамасындағы осындай тәріздес баппен өзара салыстырамыз. Аталған баптың мазмұны: «1. Осы заңның мақсаттары үшін қаржы мониторингінің субъектілеріне:

1) банкаралық ақша аудару жүйесінің операторын қоспағанда, банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

2) биржалар;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары;

5) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, орталық депозитарий;

6) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен нотариаттық іс-қимылды жүзеге асыратын нотариустар;

7) адвокаттар, заң мәселелері бойынша басқа да тәуелсіз мамандар мынадай қызметтерге: жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға; клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға; банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға;

компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға; заңды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда;

8) бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлер, аудиторлық ұйымдар;

9) ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушылар;

10) ақша аударымы қызметін көрсететін почта операторлары;

11) микроқаржы ұйымдары;

12) банктер болып табылмайтын электрондық ақша жүйелерінің операторлары жатады. 2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары қаржы мониторингінің субъектілері болып табылмайды» [1] делінген. Осы баптың мазмұнынан нақты анықталғандай, қаржы мониторинг субъектілері ретінде жалпы 12 тармақта бекітілген ұйымдар, кәсіби мамандар, тиісті операторлар көрсетілген. Ал енді Ресей Федерациясының жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша заңының 5-бабы «Ақша қаражаттармен немесе өзге мүліктермен операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар» деп аталады. Ондай ұйымдар: «кредиттік ұйымдар; бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары; сақтандыру ұйымдары (міндетті медициналық сақтандыру аясында қызметін жүзеге асыратын сақтандырушы медициналық ұйымдарды қоспағанда); сақтандыру брокерлері және лизингтік компаниялары; федералдық пошта байланысы ұйымдары; ломбардтар; құнды материалдар мен тастарды, сондай-ақ олардан жасалған зергерлік бұйымдар және ондай бұйымдардың сынығын сатып алу және сату-сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар; тотализаторлық және букмекерлік кеңселерді қамтамасыз ететін ұйымдар; инвестициялық қорлар, үлестік инвестициялық қорлар және мемлекеттік емес зейнетақы қорлар компаниялардың басқарушылары; жылжымайтын мүліктерді сату-сатып алу мәмілерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтерді көрсететін ұйымдар; төлемдерді қабылдау бойынша операторлар; қаржылық агенттер ретінде ақша талаптары бойынша қаржылық келісім шарттарды жасайтын коммерциялық ұйымдар; кредиттік тұтынушы кооперативтер, оның ішінде ауылшаруашылық кредиттік тұтынушы кооперативтер» [4]. Аталған баптар мазмұнынан салыстыратын болсақ, Қазақстан Республикасының заңында бар болған «биржа», «адвокат», «нотариус», «бухгалтер», «аудиторлық ұйымдар» және сондай-ақ «банктер болып табылмайтын электрондық ақша жүйелерінің операторлары» деген сөздер қамтылмаған. Ал енді Ресей Федерациясының заңындағы «ломбардтар», «лизингтік компаниялар», «құнды материалдар мен тастарды, сондай-ақ олардан жасалған зергерлік бұйымдар және ондай бұйымдардың сынығын сатып алу және сату-сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар» және «инвестициялық қорлар, үлестік инвестициялық қорлар және мемлекеттік емес зейнетақы қорлар компаниялардың басқарушылары; жылжымайтын мүліктерді сату-сатып алу мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтерді көрсететін ұйымдар» делінген сөздер мен сөйлемдер Қазақстан Республикасының заңында белгіленбеген. Демек, екі мемлекеттің аталған заңдарына толықтырулар жасау керек деп санаймыз. Бұл толықтыру екі мемлекеттің өзара халықаралық ынтымақтастықты сапалы негізде жүзеге асыруға, ұлттық заңнама нормаларын тиімді қолдануға мүмкіндік береді деп есептейміз. Бір жағынан екі мемлекеттің және өзге мемлекеттердің ұлттық заңнамасын құқықтық тұрғыдан үйлесімдік негізде қолдануға тиісті жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңында бекітілген 15-баптың атауы «Үәкілетті органның міндеттері». Оның мазмұнында:

«Үәкілетті органның міндеттері:

1) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау, мемлекеттік органдардың осы қызмет бағытындағы жұмысын үйлестіру;

3) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай ақпараттық жүйені құру және республикалық деректер базасын жүргізу;

4) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен өзара іс-қимылды және ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

5) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру болып табылады» [1] делінген. Аталған баптың мазмұнынан анықталғандай, Қазақстан Республикасының уәкілетті органның, яғни Қаржы мониторинг комитетінің негізгі бес міндеті бар. Бұл ретте, жалпы жинақтап айтар болсақ, «мемлекеттік саясат», «мемлекеттік органдардың тиісті жұмысын үйлестіру», «деректер базасын жүргізу», «шетелдің құзыретті органдарымен өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу» және «халықаралық ұйымдарда мемлекеттің мүдделерін білдіру». Енді Ресей Федерациясының тиісті заңындағы уәкілетті органның міндеттеріне нақты назарды аударсақ, ол заңның 8-бабы «Уәкілетті орган», одан кейінгі 8-1-бабы «Уәкілетті органның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында ақпараттарды ұсыну», сонымен қатар 8-2-бабы «ақпараттар мен құжаттарды ұсыну» [4] деп аталған. Жоғарыда аталған 8-бапта «егер тиісті жасалған операция қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) немесе терроризмді қаржыландырумен байланысты екендігіне дәлелді негіз болса, онда уәкілетті орган құқық қорғау немесе салық органдарына тиісті ақпараттар мен материалдарды жібереді» [4] делінген міндет уәкілетті органға жүктелген. Ресей Федерациясының бұл заңының 9-бабын жинақтап айтар болсақ, «уәкілетті органдарға барлық тиісті мемлекеттік органдар, түрлі мемлекеттік корпорациялар мен өзге ұйымдар, сақтандыру, зейнетақы қорлары және басқа ұйымдар тиісті заңға сәйкес ақпараттар мен материалдарды беруге» [4] міндеттейді. Бұл салыстырудан тиісті байқалғандай, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының тиісті заңдарында біршама ұқсастық, сондай-ақ өзіндік ерекшеліктердің де бар екендігі белгілі. Дегенмен, Қазақстан Республикасының уәкілетті органға арналған баптарда Ресей заңындағы баптарына қараған кезде, тек міндеттер ғана емес, сондай-ақ «Уәкілетті органның функциялары» (16-бап), «Уәкілетті органның құқықтары мен міндеттері» (17-бап), «Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы» (18-бап), «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастық» (19-бап) [1] деп аталған баптар қамтылған. Осы тұста, тиісті айта кетер жайт, Қазақстан Республикасындағы заңның 19-бабында халықаралық ынтымақтастық бойынша тиісті ережелер осы баптың тармақтарында қамтылған болса, ал Ресей заңында «ақпараттар алмасу және құқықтық көмек» (10-бап), «шетел мемлекет сотының шығарған үкімдерін (шешімдерін) мойындау» (11-бап) және «Беру және транзиттік тасымалдау» (12-бап) деп аталған баптар бар және олар бөлек тиісті тарауда көрсетілген. Осы орайда, айтар жайт, халықаралық ынтымақтастық аясында ақпараттар алмасудың өзі де құқықтық көмектің бір түрі болып табылады.

Осы орайда, айта кетер жайт, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған ұлттық заңнаманы жақын шетел мемлекеттерінің ұлттық заңнамасымен өзара салыстыру жүргізілгендігі белгілі. Бұл ретте, аталған ұлттық заңнаманы алыс шетел мемлекеттерінің ұлттық заңнамасымен салыстыру қажеттілігі туындап отыр. Демек, зерттеу жұмыстарын көбейту керек деп есептейміз.

Сонымен, Қазақстан Республикасында қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған ұлттық заңнама мен шетел ұлттық заңнаманы салыстырмалы-құқықтық талдаудың кейбір қырлары көрсеткендей, жалпы негізде біршама ұқсастық бар. Бұл ұқсастық жағдай ұлттық заңнамалары салыстырылған мемлекеттердің ТМД ұйымына қатысушы мемлекеттер болуымен, осыған байланысты аталған халықаралық аймақтық ұйымның аясында қабылданған халықаралық келісім шарттардың қатысушысы ретінде болуымен де түсіндіріледі. Сараланған тиісті заңдардың негізгі ерекшелігі заңды техника тұрғысынан емес, керісінше филологиялық тұрғыдан көрінеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, аталған заңдардың ортақ кемшін тұстарына мыналар жатады: қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша арналған заңдардың тиісті мәтінінде қолданылатын негізгі ұғымдардың құқықтық анықтамаларын тұжырымдаған кезде арнайы ұғымдар мен арнайы сөздердің толыққанды түрде қамтылмауы; сондай-ақ тиісті баптар атауларының өз дәрежесінде нақтыланбауы; олардың қазіргі халықаралық шарттар мазмұнында бекітілген бірқатар ұғымдардың аталған заңдардың мазмұнында көрініс таппауы; осы заңдардың мазмұнында қолданылған ұғымдардың және сөздердің өзіндік жерлерінде қолданылмауы; заңдардың мәтінінде бекітілген ұғымдардың анықтамаларының мазмұндық мағыналарында біршама алшақтықтың болуы.

Әдебиеттер

1. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 191-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0900001917>.
2. «О предупреждении и борьбе с отмыванием денег и финансированием терроризма» Закон Республики Молдова от 26 июля 2007 года № 190-XVI // http://base.spininform.ru/show_doc.fwx?rgn=19266.
3. «О борьбе с отмыванием денег и финансированием терроризма» Закон Республики Армения от 21 июня 2008 года № ЗР-80-Н // http://base.spininform.ru/show_doc.fwx?rgn=73783.
4. «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма» Федеральный закон Российской Федерации от 7 августа 2001 года №115-ФЗ // http://base.spininform.ru/show_doc.fwx?rgn=1779.
5. «О противодействии легализации (отмыванию) преступных доходов и финансированию террористической или экстремистской деятельности» Закон Кыргызской Республики от 31 июля 2006 года №135 // http://base.spininform.ru/show_doc.fwx?rgn=13246.
6. «О предотвращении и противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, финансированию терроризма и финансированию распространения оружия массового уничтожения» Закон Украины от 14 октября 2014 года №1702-VII // http://base.spininform.ru/show_doc.fwx?rgn=74107.

Резюме:

В данной статье рассмотрены некоторые аспекты сравнительного анализа законодательств по противодействию легализации (отмыванию) и финансирование терроризма некоторых государств. На основе проведенного исследования авторами предлагается продолжения рекомендательного характера по совершенствованию законодательств по противодействию легализации (отмыванию) и финансирование терроризма некоторых государств.

Summary

Some aspects of comparative analysis of legislation on counteraction of legalization (to washing) and financing of terrorism of some states are considered in this article. On the basis of undertaken a study authors are offer suggestions of recommendation character for perfections of legislation on counteraction of legalization (to washing) and financing of terrorism of some states.

А.Қ.Құнанбаева, Қ.Т.Бименов, С.А.Мәжінбеков

«Авицена» Медициналық колледж, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

М. КЕМАЛДЫҢ РЕФОРМАЛАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КЕМАЛИЗМ БАҒЫТЫ

Аңдатпа: Бұл мақалады Түркия Республикасының Президенті М. Кемалдың ең маңызды бес реформалары және жүзеге асулары қарастыралған

Ататүрік Түркия үшін өмірлік маңызы зор бірқатар реформаларды жүзеге асырды. Бұл реформалар келесідей бес топқа бөлінеді:

1. Саяси реформалар:

- Сұлтанаттың жойылуы (1922 ж. 1 қараша);
- Республиканың жариялануы (1923 ж. 29 қазан);
- Халифаттың жойылуы (1924 ж. 3 наурыз).

2. Қоғамдық өмірдегі реформалар:

- Әйелдерге ерлермен тең құқықтардың берілуі (1926 – 1934 жж.);
- Бас киім мен киім реформасы (1925 ж. 25 қараша);
- Діни шіркеулер мен ордендардың қызметтеріне тыйым салынуы (1925 ж. 30 қараша);
- Фамилиялар туралы Заң (1934 ж. 21 маусым);
- Аттарға лақап аттар мен атақтар түріндегі қосымшалардың алынып тасталуы (1934 ж. 26 қараша);
- Халықаралық сағат, күнтізбе және өлшем жүйелерінің енгізілуі (1925 – 1931 жж.).

3. Құқық қорғау саласындағы реформалар:

- Медреселер күшінің жойылуы (шариғатқа негізделген заңдар жинағы) (1924 – 1937 жж.);
- Жаңа Азаматтық кодекс пен басқа да заңдар қабылдау нәтижесінде зайырлы мемлекеттік басқару жүйесіне көшу.

4. Білім беру саласындағы реформалар:

- Барлық білім беру органдарының бір басшылыққа бағындырылуы (1924 ж. 3 наурыз);
- Жаңа түрік әліппесінің қабылдануы (1928 ж. 1 қараша);
- Түрік лингвистикалық және тарихи қоғамдарының құрылуы;
- Университеттік білім берудің реттелуі (1933 ж. 31 мамыр);

- Әсемдік өнерлер саласына жаңалықтардың енгізілуі.

5. Экономика саласындағы реформалар:

- Ашар жүйесінің (ауыл шаруашылығының ескірген салық салу жүйесі) жойылуы;
- Ауыл шаруашылығындағы жеке кәсіпкерліктің ынталандырылуы;
- Үлгілі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының құрылуы;
- Өнеркәсіп туралы Заңның шығарылуы және өнеркәсіптік кәсіпорындардың құрылуы;
- 1-ші және 2-ші Индустриалды даму жоспарларының қабылдануы (1933-1937 жж.), бүкіл ел

аумағында жол құрылыстарының жүргізілуі.

1922 ж. 1 қарашада Ұлы ұлттық мәжіліс Мехмед VI сұлтанатын таратып, ал 1924 ж. 3 наурызда халифаттың қызметін тоқтатты. Содан кейін бірден халиф пен оның қолшоқпарларын елден қуып жіберіп, түрік азаматтықтарынан айырды, сондай-ақ, олардың мүліктерін тәркіледі [1].

Барлық діни мекемелер мемлекеттік аппараттың құрамдас бөлігіне айналды. Діни мекемелер департаменті имамдар, муәззиндер және уағызшыларды тағайындау мен орындарынан алумен, сондай-ақ, мешіттер мен мүфтилердің қызметтерін бақылаумен айналысты. Құран түрік тіліне аударылды. Азан (халықты намаз оқуға шақыру) түрік тілінде айтыла бастады. Мешіттер ерекше бақылауға алынды. 1925 ж. 30 қарашада діни шіркеулер мен ордендардың қызметтеріне тыйым салынды. Түркияның Қылмыстық кодексі дін негізіндегі саяси қауымдастықтардың қызмет етуіне тыйым салды. Сонымен қатар, халиф, шайқы, дәруіш, мүрит (шайқының ізбасарлары), сеид (Мұхаммедтің ұрпағы), челеби (дервиштік орденнің басшысы), т.б. діни атақтарды қолдануға тыйым салынды [2].

Бірақ, Кемал Ататүріктің мұндай іс-шараларды атқаруы оның діннен бас тартуын білдірмейді. Ислам Ататүріктің кезінде бұрынғысынша азаматтардың жеке өмірлерінің маңызды бөлігі болды. Бұл үрдіс әлі күнге дейін сақталып келеді. Мұхаммед пайғамбардың туған күні мейрам күні болып жарияланды. Ал ислам діни Түркияның мемлекеттік діни ретінде сақталып келеді. Түркияның қазіргі Конституциясының преамбуласында: «зайырлы мемлекет қағидасына сәйкес, киелі діни сезімдер мемлекеттік істер мен саясатқа ешқандай әсерін тигізбеуі тиіс», - делінген. Сонымен қатар, 24-бапта: «әр адамның ар-намыс, иман және дін ұстану еркіндіктеріне құқығы бар. Құдайға құлшылық ету, діни салт-жоралар еркін жүргізілуі қажет. Ешкімді діни ғұрыптар ұстануға немесе діни салт-жораларға қатысуға, діни наным-сенімдерін білдіруге мәжбүрлеу керек. Ешкім өз иманы үшін айыпқа тартылмайды немесе сотталмайды», - деп айтылған. Зайырлы республикада діни әдеп пен мәдениетті үйрету бастауыш және орта мектептердің оқу жоспарларының негізгі элементі болып табылады, бірақ, мемлекеттің бақылауымен жүзеге асады [3].

Кемалдың барлық іс-әрекеттері исламға емес, діни тұғырнамада тұрған және исламды өз билігін сақтап қалу құралы ретінде қолданған феодал-шенеуніктерге қарсы бағытталды. Кемалдың саясаты Түркияны басып алу үшін діни тұғырнамада тұрған феодал-шенеуніктерді пайдаланған Англия мен Францияның бақылауына қарсы бағытталды. Сонымен қатар, Кемал да, бүкіл түрік ұлты да діни тұғырнамада тұрған феодалдардың Осман империясын күйреткенін көрді. Сондықтан, Кемал исламды өздерін байыту әрі өз биліктерін сақтап қалу құралы ретінде пайдаланған адамдардың ары қарай әрекет етуіне ешқандай мүмкіндік бермеді. Ол бұл адамдарға ұлтқа ықпал етудің аз мүмкіндігін қалдырғанның өзінде, олар оны бірден елдегі билікті басып алу мақсатына пайдаланатынын жақсы түсінді. Осыдан кейін бұл адамдардың бүлдірушілік саясаты салдарынан тіпті Осман империясының қалған азғантай бөлігі, яғни, қазіргі Түркия шекарасы да сақталмас еді.

1934 ж. Түркияда фамилиялар туралы Заң қабылданды. Оған дейін империяда тек есімдер мен лақап аттар ғана қолданылып келген болатын. Мұндай аттар, әдетте, адамдардың кәсіптеріне немесе өзіндік ерекшеліктеріне байланысты қойылды, бірақ, олардың балаларына берілмеді. Мұстафа Кемал пашаның түрік халқының, Түркияның алдында сіңірген орасан зор еңбегін ескеріп, ТҰҰМ (парламент) арнайы қаулымен оған «Ататүрік» («түріктердің әкесі» деген мағынада) фамилиясын берген. 1930 ж. әйелдерге муниципалитеттерге, ал 1934 ж. парламентке сайлану құқығы берілді. Әйелдер бетперделерін шешіп, қоғамдық өмірге белсене араласа бастады. Мұндай саясаттың нәтижесінде бірнеше ондаған жылдардан кейін елдің премьер-министрі болып әйел, Тансу Чиллер, тағайындалды [4].

1925 ж. 25 қарашадан бастап Түркияда түрік дәстүрлі киіміне қатысты қарсылықтар туындай бастады. Себебі, кемалшылдар дәстүрлі киімді артта қалғандықтың белгісі деп есептеді. Мұстафа Кемал өзінің бір сөзінде түрік дәстүрлі киімін кию жайында өз ойын келесідей түрде білдірген болатын. «Тақияны киюге тыйым салып, оның орнына қалпақ кию қажет болды. Себебі, тақия надандық, бейберекеттік, бірбеткейлік, өркениетке жек көрушілікпен қараудың белгісі болып табылады, ал қалпақты бүкіл өркениетті әлем пайдаланады. Біз бұл қадам арқылы түрік ұлтының ойлау деңгейі мен басқа да қырлары жағынан өркениетті қоғамдық өмірден еш қалыспайтынын көрсеткіміз келді». Түрік шенеуніктерінен костюм, яғни, «әлемнің барлық өркениетті ұлттары үшін ортақ киім» киюді талап еткен декрет шығарылды. Сонымен, бұдан бұлай тақия киюге тыйым салынып, ұлттық бас киім ретінде қалпақ пен кепеш танылды [5].

1925 ж. желтоқсан айында Түркияда халықаралық сағат, күнтізбе және өлшем жүйелері енгізілді. Мұсылмандардың хижра жыл санау жүйесін (хижра жылы, яғни, 622 жылы Мұхаммед пайғамбар мен оның жақтастары Мекке қаласынан Мәдина қаласына қоныс аударды) қолдану тоқтатылды. Батыстық кәсіпкерлермен жұмысты оңтайландыру мақсатында демалыс күн жұмадан жексенбіге ауыстырылды. 1924 ж. 8 сәуірде Түркияда сот реформасы туралы заң қабылданды. Бұл заңға сәйкес, шарифат соттары жойылды.

1926 ж. 4 қазаннан бастап жаңа азаматтық кодекс заңды күшіне енді. Аталған кодекс бойынша неке, ажырасу, мұрагерлік және жеке меншік қатынастары мәселелері реттеле бастады. Сонымен қатар, көп әйел алуға тыйым салынды, әйелдерге ажырасу мен мүлікті мұраға қалдыруда ерлермен тең құқықтар берілді. Ататүрік қысқа уақыт аралығында сауатсыздық деңгейін төмендетуді көздеді. 1920-жылдары Түркияда сауатсыз адамдардың саны 90-95 %-ды құрады. Тіл реформасы жүзеге асқаннан кейін, бұл көрсеткіш күрт төмендеді. 1928 ж. 1 қарашада араб әліппесі қарапайым әрі ыңғайлы латын әліппесімен алмастырылды [6].

Кемализм бағыты Түрік Республикасының мемлекеттік идеологиясының негізін қалады. 1937 ж. Түркия Конституциясына енгізілген кемализмнің алты қағидасы:

1) республикашылдық (Осман абсолюттік монархиясына балама ретінде конституциялық демократиялық республиканы алу);

2) халықшылдық (таптық теңсіздік пен сословиелік артықшылықтарға қарсы күресу);

3) ұлтшылдық;

4) мемлекетшілдік;

5) зайырлылық (мемлекеттен дінді бөлу);

6) реформизм (тоқырауға жол бермеу, үнемі даму үстінде болу) [7].

Жаңа мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық құрылымы едәуір артта қалды. Түркиядағы 14 млн. халықтың 77 %-ға жуығы ауылдарда тұрды. Осы 14 млн. халықтың 81,6 %-ы ауыл шаруашылығында, 5,6 %-ы өнеркәсіпте, 4,8 %-ы саудада және 7 %-ы қызмет көрсету саласында жұмыс істеді. Ұлттық табыстағы ауыл шаруашылығының үлесі 67 %-ды, ал өнеркәсіптің үлесі 10 %-ды құрады. 1920-жылдардың басына қарай Түркияда ұлттық түрік кәсіпкерлігі болмады. Өнеркәсіп салаларының көп бөлігі шетелдік капиталға тиесілі болды. Француздық компаниялардың өндіру өнеркәсібіндегі үлесі 67,5 %-ды, ағылшын компанияларының өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 75 %-ды және неміс компанияларының теміржол құрылысындағы үлесі 67,5 %-ды құрады [8].

Елдегі көпестердің басым бөлігі гректер, армяндар және еврейлерден тұрды. Теміржолдардың көпшілігі шетелдіктердің қолында қалды. Сонымен қатар, шетелдік капитал банк ісіне, сақтандыру компанияларына, муниципалдық кәсіпорындарға, тау-кен өнеркәсібіне қожалық етті. Оттомандық банк ақша басып шығару құқығымен қоса алғандағы мемлекеттік банк функцияларын ары қарай да атқара берді. Сол уақытта Оттомандық банк ағылшын-француз капиталының бақылауында болды. Жергілікті өнеркәсіп қолөнер кәсібі мен ұсақ кәсіпшіліктер түрінде болды. Ол халықты тек ең басты қажеттіліктегі тауарлармен, яғни тамақ және киіммен қамтамасыз етті. Фабрикадан шыққан тауарларға сұраныс импорт есебінен қанағаттандырылды. Бірнеше мемлекеттік фабрика нарықты емес, тек әскерлерді шұға, мата, етік, оқ-дәрі, зеңбірек, мылтық, т.б. қамтамасыз етті. Түрік үкіметі 1920-1930 жж. аралығында ішкі нарықта шетелдік бәсекенің ықпалын азайту үшін, сырттан әкелінетін импорттық тауарларға шектеу қойды. Жаңа кәсіпорындар құрыла бастады. Түрік өнеркәсібінің көлемі артты. Мемлекет қаржысына жаңа теміржолдар салынды. Республиканың Орталық банкі ашылды.

1927 ж. 1 маусымда өнеркәсіпті ынталандыру туралы Заң өз күшіне енді. Бұл заң баптарында қарастырылған жеңілдіктердің өнеркәсіпті дамытуда маңызы өте зор болды. Кәсіпорын ашқысы келген өнеркәсіпшіге 10 га жер телімі тегін берілді. Сонымен қатар, бұл өнеркәсіпші жабық орындар, жер телімдері, табыс, т.б. салықтардан босатылды. Құрылыс жұмыстары мен кәсіпорынның өндірістік қызметі үшін импортталатын материалдарға кеден баждары мен салықтар салынбады. Мұндай материалдарды теміржолмен және кемемен тасымалдау құны 30 %-ға кемітілді. Өр кәсіпорынға бүкіл өндірілген тауар құнының 10 %-ы көлемінде сыйлықақы тағайындалды. Бұл сыйлықақылар кәсіпорындардың өндірістік қызметтерінің тек бірінші жылында ғана берілді.

1929 ж. сыртқы сауданы реттеуге толық бақылау орнатылды, баж салықтарын шамамен 50 %-ға көтеруді қарастырған кеден тарифі бекітілді [9].

1920-1930-жылдары ұлттық жеке капитал өңдеу өнеркәсібінің мақта-мата, тоқыма салаларында дамуға мүмкіндік алды. Үкіметтің жергілікті тоқыма өнеркәсібін қолдауының қызық бір түрі 1925 ж. желтоқсанда қабылданған заңға сәйкес жүзеге асырылды. Мемлекеттік қызметкерлер отандық өндіріс матасынан тігілген киім киюге міндетті болды, тіпті ол мата шетелдікінен 10 %-ға қымбатқа түссе де солай етуге тиіс. Бағаның айырмашылығы мемлекеттік мекемелер мен муниципалитеттер есебінен жабылды. Бұл өнеркәсіп түрі мақта өндірісі мен оны сыртқа шығару дамыған аудандарда (Адан және Эгей) орналасты [10].

Мақта-мата фабрикалары жүн току фабрикаларына қарағанда жылдамырақ өсті. Себебі, мақта-мата фабрикалары ел ішіндегі шикізатпен қамтамасыз етілді. Мақта сұрыптары үнемі жетілдіріліп отырды. Жүн току фабрикалары жергілікті жүнді (қылшықты, қысқа талшықты сұрыптар) тек жарым-жартылай ғана пайдаланды, ал, меринос жүнін өзге елдерден импорттауға мәжбүр болды. Жергілікті меринос тұқымдарын өсіру бойынша талпыныстар ұзақ уақытқа дейін жағымды нәтижелер бермеді.

Жеке кәсіпкерлік тоқыма және тамақ өнеркәсіптері салаларында үлкен табыстарға қол жеткізді. Себебі, осы салалардағы қор иелері қорғау және ынталандыру жөніндегі іс-шаралардан өте үлкен пайда көрді. Олар мақта, жүн, астық сияқты шикізат түрлері өндірісімен, олардың саудалануымен (экспортты қоса алғанда) тығыз байланыста болып, тұрақты әрі жеткілікті түрде өзін-өзі қаржыландыра алды. Өнеркәсіптің басқа салалары несие алуға көбірек мұқтаж болды.

Елдің өндіргіш күштері еркін дами алу үшін, ортағасырлық аграрлық қатынастар қалдықтарын жоюға тиіс болды. Ірі жер иелері өз жерлерінде ешқандай ірі шаруашылық түрлерін жүргізбеді, қайта оларды шаруаларға өңдеуге берді. Шаруалар өз кезегінде шыққан егіннің жартысына жуығын жер иелеріне беріп отырды. Жерді бұлай пайдалану жүйесі шаруаларды кедейлендірді. Шаруалар егін өнімдері салықтары (ашар) мен ақшалай салықтар да төлеп отырды. Егін шаруашылығындағы феодалдық қалдықтарды жою қажеттілігі айқын болса да, ірі жер иелерімен тығыз байланыстағы басқарушы топ радикалды аграрлық реформа жүргізуден бас тартты. Оның орнына олар бірқатар іс-шаралар (несиелер, сырттан егіншілік құралдарын әкелген жер иелеріне жеңілдіктер беру) арқылы ірі жер иелері мен кулактарды ынталандырып, оларды егіншілер-кәсіпкерлерге айналдыруға тырысты [11].

1929 ж. қарай дәнді және техникалық дақылдардың егістік алқаптарының көлемі соғысқа дейінгі деңгейіне жетті. Бірақ, олардың көпшілігінде шығымдылық төмендегендіктен, жинау мөлшері тек шамамен 80 %-ды, ал үй малының саны соғысқа дейінгі деңгейінің 85 %-ын құрады. 1923-1945 жж. аралығында өкімет 1,1-1,2 млн. га жуық өңдеуге жарамды жерлерді жер иелеріне сатты және тегін берді. Бұл сол уақыттағы бүкіл ауыл шаруашылығы алқаптарының 10 %-ын құрайды. Нәтижесінде, 270 мыңдай отбасы жер иелеріне айналды [12].

Сонымен, төңкеріс нәтижесінде зайырлы ұлттық тұғырнамада тұрған түрік феодал-шенеуніктер діни тұғырнамада тұрған түрік сұлтаны мен феодал-шенеуніктерден билікті күшпен тартып алды. Сөйтіп, олар Осман империясының қалған аумағын, яғни, қазіргі Түркия шекараларын сақтап қала алды.

Әдебиеттер

1. Лавров Н.Н. Турция в 1918-1939г. М., 1897 – 152с
2. Миллер А.Ф. «Новейшая ист. Турции» М 1948 г. -124с.
3. Киряев Н.Г. История этатизма в Турции М 1991 –321 с.
4. Всемирная история: Учебник для вузов (Под. Ред. Г.Б. Поляка, А.Н. Марковой.-М.: Культура и спорт, ЮНИТИ,1997.-496 с.
5. Новичев А.Д. Турция краткая история М., 1948 г – 232с.
6. Минтер Шахинлер «Кемализм: зарождение, влияние, актуальность» Париж 1991 г. – 445с.
7. Кемаль Ататюрк Анкара 1991г. – 125с
8. Шамсутдинов Р. «Национально- освоб. Борьба в Турции» 1918-1925 М., 1968 -521с.ү
9. Миллер А.Ф. Турция. Актуальные проблемы новой и новейшей истории. М., 1978.-741с
10. Васильев Л. С. История Востока. Т.1,2. М., 1994 . – 452с
11. Васильев Л. С. История религий Востока. М., 1988 -536с.
12. Гасратян М.А., Орешком С.Ф., Петросян Ю.А. Очерки истории Турции. - М.: Наука, 1983. – 294с.

Резюме

Бұл мақалада Түркия республикасының ең алғашқы тәуелсіздік алған жылдары жүзеге асырылған реформалары мен білікті көшбасшылардың еңбегі қарастырылған. Осман империясының мұрагері ретінде көрінге Түркия елі елдегі діни реформаларға көртеген өзгерістер жасалды.

Summer

Since the collapse of the USSR, Russia is trying to improve integrational relations with other neighboring countries in order to strengthen security in the region.

А.Қ.Құнанбаева, Қ.Т. Бименов, С.А.Мәжінбеков
«Авицена» Медициналық колледжі, М. Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент, Қазақстан

ОРЫС ГЕОСАЯСАТЫНЫҢ БАСТАМАСЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада орыс геосаясатының бастамасы ретінде біршама тарихи деректер мен саяси фактілер қарастырылған

XVIII ғасырдың аса ірі ойшылы Шарль Монтескьенің айтуы бойынша, кіші мемлекеттер сыртқы жаулардың әсерінен жоқ болып кетеді, ал ірі мемлекеттер ішкі сатқындардың нәтижесінен жоқ болып кетеді дейді. Өкінішке орай, ұлы жазушы Пушкин пікірінше, Ресейде Ұлы Петр кезіндегідей тек батырлар уақыты ғана болған жоқ, сонымен қатар, жамандық, сатқындар уақыты да болды. Осы жағдайға ұқсас, Горбачев, Яковлев, Ельцин де тек КСРО-ны бұзып, ыдыратқанымен қатар, XX ғасырдың 90 жылдарының басындағы бүкіл Еуропаның геосаяси жүйесіне жаман әсерлі соққы береді.

Геосаясат терминін ғылыми айналымға 1899 ж. швед мемлекет қайраткері Рудольф Челлен (1864-1922) енгізді [1]. XXғ. басында бұл ғылым белгілі болғанымен, 1934 ж. Кеңес Одағында геосаясат мәселелерін көтеруге тыйым салынды, ал басқа елдерде зерттеліп дами берді.

Геосаясаттың шығу тегі көптеген қоғамдық ғылымдар мен жаратылыстану пәндерінен бастау алады. Г.Паркер геосаясатты география мен саясаттың өзара қатынасын, байланысын көрсету арқылы түсіндіреді [2]. К.Гаджиев геосаяси идеялар мемлекеттік экспансия және империялық мемлекет құбылысымен қатар пайда болған деп пайымдайды. Сонымен қатар ол геосаясат дегендегі «гео»-ны географиялық немесе кеңістік тұрғысынан ғана емес, дүниежүзілік, планета деңгейінде қарастыруды ұсынуда. В.Дергачевтың ойынша, геосаясат география, тарих, экономика, этнология және т.б. ғылымдардың шектеріндегі білімді талап етеді [3].

Аса ірі ұлттық дағдарыс 1991 жылы, желтоқсан айында Кеңес Одағында, Ельцин, Кравчук, Шушкевич үшеуінің кінәсінің нәтижесі болды.

Беловеждік келіссөздің қорытындысы, ірі американдық редактор М. Цукерманның еңбегінде, КСРО бір мезетте атын, жалауын, біріктіретін идеологиясын және территориясының жартысын жоғалтады. Ресей территориялық жағынан КСРО-ның шекарасында орналасқан. Ал қазір НАТО ұшақтарына Калининградқа жету үшін 1минут, Минскке жету үшін 4 минут, ал Мәскеуге жету үшін 12-15 минут қажет етеді. Польша, Чехия, Венгрия елдерінің соңынан НАТО есігін Прибалтика елдері, Украина, Грузия, Азербайжан қағып тұр. Яғни, агрессивті блок Ресейді 3 жағынан қоршап алуға тырысады: батыс, солтүстік-батыс және оңтүстік.

Кеңес Одағының ыдырауының мағынасын қазіргі күнгі позициямен түсіндіру оңай емес. КСРО-ның ыдырауынан кейінгі өткен уақыт, тарихтың өлшемі бойынша өте аз. Сондықтан да, Ресейдің шекарасын әлі де анықталып тұрақталған жоқ, ал оның геосаяси жағдайы бұдан да бетер шатасып тұр, яғни анықталмаған: саяси жүйе, халықаралық қатынастар мінездемесі, геосаяси кеңістікте орны өте түсініксіз.

Соңғы жылдардағы қайғылы оқиғаларға сүйенер болсақ, Кеңес Одағында болған жағдайдың барлығы тура американдық сценарий бойынша дамып отырды. Ең дәлелді факт болып, Вашингтондағы стратегтердің ойлаған жобаларының барлығы дәлме-дәл іс жүзіне асты. 1989 жылы социалистік лагерьге қарсы құпия соғыс Шығыс Еуропада заңды үкіметтің құлауын алып келді, ал келесі жылы Варшава келісімі жоққа шығады. Яғни, осы жағдайлардың нәтижесінде, АҚШ КСРО-ны Шығыс Еуропа аймағынан ығыстырып тастады. Осы әрекеттің барлығы КСРО-ның ішкі жағдайын әлсіретіп және сонымен қатар елдің геосаяси позициясын әлсіретеді. 1991 жылғы контрреволюциялық төңкеріс көмегімен және келесі Беловеждік қылмыстық келісімнің нәтижесінде, кеңес ұлы державасының күйзеліске ұшырауы КСРО ыдырауының екінші деңгейі болады.

1991 жылдан бастап, әсіресе НАТО-ның Римдегі отырысынан кейін, келесі мақсатқа қадам жасады – Шығыс Еуропаны басып алу, яғни НАТО-ның Шығысқа қарай кеңею лозунгымен шығады. Олардың жоспары Макиндердің геосаяси императивіне сүйенеді: «Шығыс Еуропаға басшылық еткен, сол Еуразияға басшы болады» дейді. Яғни НАТО-ның кеңею жоспары – бұл мемлекетті басып алу және оны күшпен ұстап тұру мағынасында. Бұл жоспар мемлекеттердің суверенитетін бұзу болып саналады. НАТО-ның сол уақыттағы маңызды мақсаты, бір жағынан Шығыс Еуропаны ұстап тұру болса, екінші жағынан Шығыс Еуропаны басып алу. Бұл жерде Ресейді бірнеше бөлікке бөлуге кірісетін болды. Яғни бұның анық бегісі Чечнядағы соғыс, негізінде бұл соғысты Вашингтон КСРО ыдырағаннан кейін артынша болады деп жоспарлаған. Экономикасы, КСРО ыдырағаннан кейін күрт төмендеді, 2 Дүниежүзілік соғысымен салыстырғанда, одан асып түсті. «НАТО-ның Шығысқа қарай кеңеюі» жоспарымен басталған АҚШ-тың Шығыс Еуропаны басып алуы және Балкан жарты аралындағы американдық доминантын нығайтуы. Яғни осындай агрессивті соғыстар, Ресейде де Чечня соғысы және басқа Ресей аймағындағы соғыстай, КСРО-ны емес, енді Ресейді ішінара ыдыратып, Ресей Федерациясын отаршыл экономикалық кеңітікке айналдыруы болды.

Ресей геосаясаты бірнеше бағытта қамтамасыз етіліп отырды, яғни бастамасы географиялық, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланыста болды. Бұл жерде Данилевскийдің ғылыми қызығушылығы жөнінде әлі де алда сөз барал В.Ф. Головачев еңбегі «тарихи тұрғыдан Ресейге әсерін тигізетін флоты», С.А. Скрегиннің еңбегі «теңізде жүру және оның Ресей мемлекеттерінің дамуына тигізетін әсері» атты еңбектерді атап көрсетпеуге болмайды.

Геосаяси идеяларға өзінің қорытынды әсерін география тигізеді. Ірі орыс ғалым-географтар А.И. Волков («Будет ли Тихий океан главным морским путем земного шара?»), географ және демограф В.П. Семенов-Тянь-Шанский («Значение России в колониационном движении европейских народов»), Л.И. Мечниковтың еңбегі («Цивилизация и великие реки. Географическая теория развития современных сообществ»). Әскери географ Д.А. Милютин және т.б. ұлттық геосаяси мектебінің тасын қалауына жақсы теоретикалық-методологиялық база дайындады.

Осы мектептің басты қалаушылары ретінде әскери географ Д.А. Милютин және А. Вандамды айтуға болады. Олар 1912 жылы «Наше положение» атты геосаяси еңбегін жарыққа шығарады. Алайда орыс геосаяси мектептің басты өкілін В.П. Семенов-Тянь-Шанскийді атап айтуға болады. Яғни, бұл жалғыз автор және Кеңес Ресейдің геосаяси идеясын дамытқан деп есептесек болады.

Ресейде алғаш рет, мемлекеттің дамуына кеңістіктің басты маңызды рөлін атқаратынын түсінген полковник Языков және Ресейдің генерал-фельдмарш-шал Д.А. Милютин.

Француз республикасының және Наполеонның соғыстары және олардың кең көлемдегі кеңістік әскери операциялардағы кеңістіктің рөлін мойындауға ой тастайды.

Әскери географияға арналған алғашқы орыс кітабын полковник Языков орыс Академиясының бас штабына арналып жазылады. Языков өз еңбегінде әскери іс-қимылдарға тек топографиялық ғана емес, сонымен қатар халық құрамы, экономика, мемлекеттік жүйе, әскери әкімшілік, климат, этнология, философия және дін өз әсерін тигізеді деп жазған.

Дмитрий Алексеевич Милютин (1816-1912 жж) көптеген еңбектердің авторы, бірақ геосаяси жағынан басымырақ «Критическое исследование значения военной географии и военной статистики» атты еңбегі шығады. Яғни осы еңбекте орыс геосаясатының идеологиялық және теоретикалық маңызы жатыр.

1846 жылы орыс армиясының полковнигі Д.А. Милютин әскери географияға түсінік береді. «Критическое исследование значения военной географии и военной статистики» атты еңбегін шығарады.

Милютин Ресейдің геосаяси жобаларына дәл анықтама береді. Ресей геосаясатының басты қарсыласы Британ империясын санайды, алайда оған қарсы іс-әрекетін жасаған жоқ. Себебі 1853-1856 жылдары Қырым соғысынан кейін күшін жинаған жоқ еді. Еуропада және Таяу Шығыста тепе-теңдігін сақтап тұруға, әскери-саяси одақ Германиямен қажет болды.

Орталық Азияда Ресей өзіне үлкен Түркістан жерін өз қоластына алғысы келді. Милютин Түркістанда белгілі бір орынды алу үшін әрекеттер жасады, Ресейдің Түркиямен де геосаяси қатынастары өте қиын әрі юр-біріне қарама-қайшы болып келеді. Милютиннің жоспары бойынша түріктерді Еуропадан қуып шығып, Еуропа қоластында Балкандық конфедерация құрып, бұғаздар бейтарап позициясын ұстау қажет.

Персия мен Қытай Ресейден ағылшын саясатын қорғаныспен қамтамасыз етілді. Персия мен Қытайды, АҚШ сияқты Милютин Ресейдің одақтары деп санады. Милютиннің геосаяси есептері бойынша Ресей жемістерін 1877-1878 жылдар аралығында жинай алатын еді. Орыс әскерлері Балканда түріктерді соғып жатты, ал ағылшын эскадрасы Дарданеллада іс-әрекетін жасады [4].

Еуропада және Балканда 10-11 жыл ішінде мүлдем басқа геостратегиялық және геосаяси жағдай туындап кетті. Әскери география мен әскери статистиканың маңызы Милютин ойы бойынша, мемлекеттің ішкі дамуында – саяси жүйе, экономикалық және саяси күш, территория, географиялық орны, сонымен қатар ортақ топографиялық мәні – шекара сызығы, көршілес мемлекеттер: «бір мемлекет кең аумақты алып немесе бөлініп шашылып жатса, енді біреуі дөңгелекше, бір массаны құрайды; біреуі континентальды бір мемлекет болса, келесісі теңіз, су мемлекеті; біреуі екіншісіне қарағанда әскері көбірек болады; біреуі құрлықтағы әскерге көп көңіл бөлсе, енді біреуі флотқа көңіл бөледі».

Орыс әскери ғалым Милютин еңбегінде, кеңістіктің рөлі жөнінде, жағалаулық сызықтар мен шекара жөнінде, өз мемлекетін қорғау қандай да бір әскердің рөлі жөнінде түрлі сұрақтар қоятын. Сонымен қатар, Милютин геосаясаттағы маңызды принциптер, халық мәселесінің және мемлекеттік жүйенің рөлін геосаясатта және геостратегиялық қатынаста қарастырады.

XX ғасырдың басында ерекше геосаяси-еңбектер пайда болады. А. Вандамның еңбегін айтып кетсе болады, яғни «Наше положение» (біздің жағдай) 1912 жылы жарыққа шығады. Ресейдің орналасқан жеріне мінездеме береді және: «территорияның үлкен пішініне қарамастан, орыс ұлты, басқа ұлтпен салыстырғанда, өмір сүретін жағдайларсыз тұруда» дейді. осы ойды әрі қарай дамыту барысында, ғалымның айтуы: «Солтүстікте қыстың ызғарлы суығы Ресей тұрғындарының іс әрекетіне кісен қояды, Батыс танымайтын, білмейтін қиыншылықтан өтеді. Теңізге ашық жол таппай, өз бұйымдарын шетелге шығаруға кедергі етеді, сыртқы сауда дамуын тоқтатады, яғни бар байлықты тартып алады» [5].

Вандам толығымен Милютиннің ой-пікірін қолдайды, яғни Милютин айтуы бойынша, Ресейдің басты геосаяси, геостратегиялық қарсыласы Англия дейді. Егер геосаяси түсінігінен айтатын болсақ, онда бұл теңіз және құрлықтағы державалардың қарама-қайшылығы. Вандамның жазуларында: «Англосактардың

әлемдік патшалыққа орыс халқы басты қарсыласы». Олардың басты мақсаты – орыстарды, яғни Ресейді Азиядан ығыстырып тастау.

Англосаксондарға қарсы тұра алу үшін, тепе-теңдік құру керек. Яғни Британдық империяға қарсы коалиция құру керек. Орыс геосаясаткердің ойы бойынша, бұл коалицияға Ресей, Франция, Германия кіру керек.

Вениамин Петрович Семенов-Тянь-Шанскийдің геосаяси еңбегін «Ресейдің ұлы территориялық иеліктері» 1915 жылы жарық көреді, яғни барлық сұраққа жауап табады.

Ресей геосаясатының ерекшелігі және геосаяси мүдделері. Ресей тек саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени тұрғыдан ғана күшті, дара мемлекет емес. Яғни, бұл дара геосаяси мемлекет болып табылады, және бұрынғы геосаяси территориялар мен ұлттың мұрагері. Ресей көптеген геосаяси структураны жұтып алып, геосаяси вектор бөлігі етті. Яғни экспансияға көзқарасты бір саты жоғары деңгейге көтерді. Ресейдің басып кірген және шегінген территорияларды геосаяси зонаға ірі әсері қалыптасты. Қазіргі уақытта Ресей Федерациясы біршама Солтүстікке және шығысқа қарай орналасқан – бұрынғы КСРО мен Ресей Империясымен салыстырғанда. Бұл гигантты геосаяси катастрофалар зонасы. Мемлекеттің үлкен бөлігі жер жыртуға қолайсыз, ал қалған бөлігі «рискованное земледелие» зонасына жатады. Кең тараған нұсқау бойынша Ресей шығыстан –батысқа қарай пайда болған дейді, алайда шын мәнінде солтүстіктен оңтүстікке қарай қалыптасты. Солтүстікте де, оңтүстікте де Ресей – геосаяси тұрғыда қалыптасып болды, яғни оның шекарасы жағалық сызықпен сәйкес келеді. Алайда жағалық сызық дәстүрлі түрде қауіпті қалыптасу болып саналады, себебі бұл жерде құрлықтың да, теңіздің де қауіпі бар. Бірақ теңізбен жүру бұл жағалауда аса қауіп төндірмейді. Егерде, шабуыл теңіз жақтан болған жағдайда, қалыптасып үлгермеген инфрақұрылымның іс-жүзіне айналдыруға жол бермейді.

Құрлық мемлекеттерімен теңіз мемлекеттерінің қарама-қайшылығы геосаясатта маңызды болып саналады. Бұлардың бірі дәстүрлі қоғам, әлеуметтік жүйенің адал шешімін қолдап отырса, енді біреуі, сауда қатары мен модернизация, рынок экономикасы мен индивидуализмді қолдап отыр. Ең маңыздысы, континенттің басқа мемлекеттеріне қарағанда Ресей маңызды бөлік – «heartland»-ті оккупациялар отыр. Яғни бұл жердің ортасы және тарихтың географиялық осі болып табылады. Мұның мәні, территориялар кімнің иелігінде болса, онда ол қосып отырған бүкіл Еуразия атынан шыға алады. Ресей хартленд территориясында орналасуы толығымен емес. Ал хартленд территориялары Ресей территорияларына толығымен енбей отыр. Яғни, Қазақстан, Монғолия, т.б Ресеймен шекаралас мемлекеттер хартленд территориясында орналасқан.

Хартлендте қоныстанып отырған ұлт структуралық иерархалық жағынан ерекшеленеді, терең мемлекеттік дәстүрімен, идеократиясымен жоғарғы рухани байлығымен, дәстүрімен ерекшеленеді. Осы территориялардың ең жақсы мемлекеттік идеологиясы – консерватизм, ал қарсы идеологиясы – либерализм. Осы территориялар географиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, Ресейге басым бөлігі еніп тұрды.

Дәл қазіргі тарихи кезеңде Хартленд жүрегі әлі де Ресей иелігінде. Ресей одақтасы Хартленд территориясындағы – Қазақстан, Өзбекстан, Монғолия, Тәжікстан, Белорусия. Ал теңіз мемлекеттері сыртқы жарты ай мемлекеттері – қоғамда энтропикалық өзгерістер өсіміне және өзін-өзі талқандауға әкеліп соқтыратын деп отыр (Грузия, Молдавия, Украина). Ресей Федерациясының қиындатып тұрған жағдайдың факторы, маңызды күш орталықтар мен геосаяси орталықтар арасында қысылып отыр. Олар: Еуропа, Таяу Шығыс және Қытай. Яғни осы мемлекеттер дұшпанды күш болып табылады және олар қақтығысты модельдеуге және мәселе көтеруге толық мұршасы бар.

Ресей мен осы орталықтар арасында «ұлы лимитроф» зонасы жүріп отыр, яғни бұл саяси жағдайлардың тұрақсыздығы белдеуі, басқа мемлекеттердің экономикасымен, геосаясатының болмауымен, цивилизациялық және тарихимиссиялардың, хаос аймағымен байланысты болып отыр. Көптеген елдер 100 жыл шамада әлем карта бетінен жойылып кетуі мүмкін (батыс және шығыс бөліктеріне Украинаның ыдырауы, Шығыс Еуропа елдерінің Еуро Одаққа ассимиляциялануы, Тәжікстанның нашаны белсенді түрде қолдануы елді жоқ болдырып кетуі мүмкін, яғни осы фактілерге сүйене отырып), сонымен қатар келесі елдердің пайда болуы, ол (Приднестровье Молдавиядан бөлініп шығуы, күрдтердің автономия алуы, кейінірек Ирак территориясында өз тәуелсіздігін жария етуі) мүмкін.

Лимитроф территорияларында территориялық қақтығыстардың жиі болып тұруы, антиресейлік бағыттардың өсуі, ислам фундаментализмінің іске қосылуы, қылмыстың өсуі, «түрлі-түсті төңкеріс» оны революция деп атайды оның болуы. Лимитроф елдеріне саяси бағыттардың өзгеріп отыруы қарапайым іс болып саналады. Бұл Шығыс Еуропа бөлігі кеңестік блокқа енбейді, бірақ Еуропа болып саналмайды, Кавказ Республикалары, Орталық Азия елдері. Осы үлкен белдеу, Ресей, Еуропа және Қиыр Шығыс арасындағы буфер аймағы болып табылады. Ресейдің нығаюына қарсы көптеген елдер лимитроф елдерінен «санитарлы кордон» жасап отыруды жөн көреді, яғни бұл антиресейлік маңызда көрініс береді.

Ресейдің сыртқы саясатының соңғы кездері мақсаты санитарлы кордонды бөліп, өз жағына деген қарым-қатынасты бейтарап бағытқа қоймақшы, сонымен қатар Қытайдың орталық күштерімен жақындасу. ШОС-тағы қарым-қатынастың нығаюын – яғни, құрылымын, оның мәнінде Ресей мен Қытайдың Орталық Азияда бірігіп геосаяси бақылауды жүргізіп, сонымен қатар әр ел өз мүддесін қорғауда. Дәл осы уақытта Ресей геосаясатының басты мәселесі мұнай құбыры, орыстың және орыс емес халықтың этникалық қарама-қайшылығы, ядролық қару-жарақтың тарату-таратпау мәселесі бойынша болып отыр. Алайда мұның бәрін

жақсы фактор деп айта алмаймыз, өйткені әлемде геосаяси тұрғыдан көптеген басқа елдер ядролық және этникалық инструменттен бас тартып отыр. Яғни, ядролық емес күшке, идеологиялық, экономикалық инструменттерге мойын ұсынып отыр. Алайда Ресейдің ішкі геосаясатында әлі де көп шешілмеген мәселе бар.

Әдебиеттер:

1. Буторина О.В. Экономический и валютный союз - новая ступень интеграции // Европейский Союз на пороге XXI века: выбор стратегии развития /Под ред. Ю.А. Борко. - М.: Эдиториал, УРСС, 2000. - С. 64-94.
2. Европейский Союз на пороге XXI века: выбор стратегии развития /Под ред. Ю.А. Борко. - М.: Эдиториал, УРСС, 2000. - С. 105-125.
3. Европейская интеграция: правовые проблемы.: Сб. статей /Ред. колл. Т.Г. Топорнин. - М.: 1992. - 123 с.
4. Токаев, К.К. Под стягом независимости. - Алматы: Атамұра, 1997. -467с.
5. Идрысов Е. 10 лет внешней политике Казахстана: основные итоги и новые задачи//Дипломатический курьер, 2001.-Янв -май.-С. 115-118.

Түйін

КСРО тараған уақыттан бастап Ресей өз аймағында қауіпсіздік күшейту мақсатында өзге де көршілес мемлекеттер мен интеграциялық қарым қатынасын арттыруда

Summer

In this article, implemented reforms stipulated by the leaders and skilled labors of the first years of independence of the Republic of Turkey are considered. Turkey as a successor to the Ottoman Empire, the Turkish government made many changes for the religious reforms in the country.

ӘОЖ (343.85)

А. Менлибеков, Е.Т. Бекбосынов

М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

«ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ» ҰҒЫМЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫН ЖАСАУДЫҢ КЕЙБІР НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа: Бұл мақалада «діни экстремизм» ұғымының анықтамасын жасаудың кейбір негіздері қарастырылады. Авторлар отандық және шетелдік зерттеушілердің тұжырымдаған анықтамаларын қарастырып саралай келе, зерттеу нәтижесінде өзіндік анықтамасын ұсынады.

Ключевые слова: Экстремизм, религиозный экстремизм, определение, формирование

Қазіргі таңда заң ғылымдарының жүйесінде «діни экстремизм» ұғымын зерделеу, оның негізгі белгілерін анықтау, оған ғылыми негізде анықтама беру маңызды іс-шара болып табылады. Аталған ұғымға қатысты зерделеуді негізінен қоғамдық пәндердің қарамағында (тарих, әлеуметтану, психология, саясаттану, философия, конфликтология (қақтығыстану), дінтану, құқық, криминология, қылмыстық құқық және өзге жеке ғылым салалары аясында) қарастырылады.

Отандық зерттеуші Е.Т. Бекбосынов «Бұл құбылыс десек те кешенді, объективті, жан-жақты зерттелу деңгейіне әлі жете қойған жоқ. Оның мынандай негізгі себептері мен күрделі мәселелері бар: біріншіден, әлі күнге дейін әртүрлі ғылым салаларының зерттеу жұмыстары кешенді түрде жүргізілмеуде; екіншіден, бұл ұғымның мәнін түсінуде әртүрлі, кейде қарама-қайшы талқылау нық орын алып отыр; үшіншіден, «діни экстремизм» ұғымына қатысты пікір-таластар негізінен теология мен жеке бір ғылым саласы арасында туындап жатқан жайы бар; төртіншіден, зерттеудің теориялық-әдістемелік және тәжірибелік аспектілері кешенді, бірыңғай түрде жүйеленбеуде; бесіншіден, ол осы құбылыстың халықаралық сипат алуымен түсіндіріледі» [1, 43 б.] деп қорытынды жасаған болатын. Отандық зерттеуші жасаған қорытындымен келісеміз, себебі қорытынды жинақталған мазмұнда түйінделген деп білеміз.

Зерттеуші Е.Т. Бекбосынов өзінің зерттеу жұмысында: «экстремизм – Тараптар аумақтарында немесе олардың бірінде, осы тараптардың өкіметтерін немесе олардың бірін зорлықпен басып алуға немесе ұстап тұруға, конституциялық құрылыстарын заңсыз өзгертуге, халықаралық қатынастар пен қоғамдық қауіпсіздікті бұзуға, сондай-ақ халықаралық сипаттағы саяси, діни, ұлттық және қылмыстық экстремистік өшпенділік, араздық пен дұшпандықты қоздыруға бағытталған, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құру, ұйымдастыру немесе оларға қатысқандығы үшін Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес қылмыстық тәртіп жолымен қудаланатын халықаралық сипаттағы экстремистік іс-әрекеттер» деген редакцияда қайта бекітілуі қажет» [1, 58 б.] деп ұсыныс жасаған. Одан кейін автор «Діни экстремизм» – «экстремизм» ұғымының өте ерекше құрамдас бөлігі. Олар ортақ белгілерге тәуелді. Экстремизмнің шартты

түрдегі «ортақ» белгісі экстремистік идеологиялық база болса, діни экстремизмнің тиісінше шынайы дінді бұрмалау арқылы жобаланған негізі бар. Экстремизм жалпы осы объективті бар құбылыс түрлерінің жиынтығын көрсететін, олардың негізгі белгілерін сипаттайтын, радикализмнің салдарынан туындап жалпы терроризм түрлеріне серіппелік саты болатын және халықаралық шарттар мен ұлттық заңнамада – қылмыстық кодекстердің нормаларымен реттелетін әрі жауапкершілікті қарастыратын қылмыстық іс-әрекеттер жүйесі. Діни экстремизм оның негізгі бір түрі болғандықтан осы жалпы түсініктік аппараттың «ажырамас» әрі құрамдас бөлімдерімен тығыз байланыста, бірақ тек өзіне ғана тән ерекшеліктері де бар. Демек, бұл екі ұғымның айырмашылығын мына түйіндеумен түсіндіруге болады: экстремизм – өз «негізін құрайтын» және одан «туындайтын» барлық түрлеріне жалпы, «ортақ» құбылыс болып қарастырылса, діни экстремизм – оның негізгі түрі ретінде өзіндік дербес қалыптасу мен даму ерекшеліктеріне ие» [1, 59 б.]. Бұл автор «экстремизм» мен «діни экстремизм» ұғымдарының анықтамасын бере келе, олардың негізгі белгілерін дұрыс көрсеткен, сонымен бірге олардың құқықтық табиғатының бірқатар тұстарын аша түскен.

Ресейлік зерттеуші В.А. Бурковская «діни экстремизм» ұғымын өзара байланысты төрт нысанда болатын тиісті әлеуметтік құбылыс ретінде түсіну керек. Оның түсінігінше, бұл төрт нысандар тізіміне «1) діни сана (жалпы және жеке); 2) діни идеология (діни доктрина); 3) тек қана шынайы ретінде жарияланған, діни доктринаны жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттер; 4) діни доктринаны іске асырудың ұйымдастыру нысандары, ал жеке тұрғыда діни экстремистік ұйымдар (тоталитарлық секталар)» жатады [2, С. 57]. Бұл орайда, Е.Т. Бекбосынов В.А. Бурковскаяның пікірімен келіспейтін тұсын көрсеткен: «Дегенмен де зерттеуші өз пікірі аясында «діни сана» мен «діни экстремистік сана» арасындағы айырмашылықты ескермеген. Діни сана таза болсын, мейлі жалған болсын, ол жеке адамның субъективтік құқығы. Діни экстремистік санаға келетін болсақ, ол діни экстремистік іс-әрекеттер жасауға бағыт алу мүмкіншілігімен ерекшеленеді» [1, 60 б.]. Автордың бұл пікірімен келісуге болады. Яғни діни сана мен діни экстремистік сананы өзара ажырату керек деп санаймыз.

Отандық зерттеуші А.Д. Дарменов «діни экстремизм – азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қауіп-қатер төндіретін іс-әрекеттерімен көрінетін, діни келіспеушілікті тұтандыруға бағытталған, радикалды нанымдарға берілгендік (жақтаушылық)» [3, С. 27] деп анықтамаға берген. Біздіңше, автор жалпы негізде анықтама берген. Яғни автор анықтама сипаттамалық негізде жасаған деуге тура келеді.

Ресейлік зерттеуші С.Н. Поминов: «діни экстремизм – құқықтық категориялық, қоғамдық өмірдегі құбылыс ретінде, сол немесе басқадай бір діннің базасында құрылған, ең шеткі көзқарастардың жақтаушылары болып табылатын, басқадай дүниетанымдарға шыдамсыздығымен қарайтын, бір не бірнеше конфессия шеңберінде қаталдау қарсы болатын, азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей бұзуға бағытталған, діни топтар мен жекелеген сенушілердің қоғамға қауіпті әрі заңға қайшы іс-әрекеттері» [4, С.7]. Бұл автор діни экстремизмнің бірқатар белгілерін көрсете білген. Дегенмен, мазмұнын толық аша алмаған деп айта аламыз. Өйткені, аталған автор дін мен діни экстремизмнің құқық табиғаты өз алдына бөлек құбылыстар екендігін нақты түрде ажырата алмаған деуге тура келеді.

Отандық зерттеуші Е.Т. Бекбосынов «Діни экстремизм – халықаралық қауымдастық пен қоғам өмірінде бір немесе бірнеше діни экстремистік ұйымдардың және секталардың идеологиялық базасында тікелей не жанама түрде мемлекеттердің қолдауымен пайда болатын халықаралық-құқықтық мәні мен табиғаты бар құбылыс, ол ең шеткі діни экстремистік көзқарастар мен іс-әрекеттердің белсенді жақтаушылары болып табылатын, басқа дүниетанымдар мен өзгедей діни сенімдерге шыдамсыздықпен қарайтын, халықаралық шарттар мен ұлттық заңнамаларда бекітілген талаптарға қарсы қасақана ниет пен мақсаттарға бейімделген қылмыс түрі; негізгі тактикалық және стратегиялық мақсаттарға жетуі үшін, әр түрлі қылмыстық тәсілдер мен құралдар арқылы белгілі бір мемлекеттер азаматтарының не шетел азаматтарының, сондай-ақ тарихи қалыптасқан қоғамның, мемлекеттің және халықаралық ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға, дінаралық, не бір діннің аясында араздық пен дұшпандықты қоздыруға, қоғамдық қауіпсіздік пен халықаралық құқықтық тәртіпті бұзуға тікелей бағытталған, халықаралық, аймақтық және ұлттық соттардың шешімдерімен діни экстремистік ұйымдар деп танылған ұйымдардың, топтардың, секталардың немесе жеке тұлғалардың қауіпті іс-әрекеттері» [1, 27-28 бб]. Автордың анықтамасы кешенді негізде жасалған деп түйіндейміз. Өйткені, діни экстремизмнің бүгінде халықаралық сипаты бар қылмыстық-құқықтық құбылыс екендігін нақты көрсетуге факторлар мен дәлелдемелер жеткілікті жинақталған.

Е.Н. Плужников өзінің зерттеу жұмысында «діндегі экстремизм» делінген ұғымды мынандай ұғымдармен арнайы түрде біріктіру қажет дейді: «діни экстремизм», «этноконфессионалдық экстремизм», «діни-саяси экстремизм» және «діни криминалдық экстремизм» [5, С. 16]. Одан әрі қарай автор «діндегі экстремизм» ұғымы көлемі бойынша кеңдеу болады және діни қатынастарда экстремистік іс-әрекеттердің әртүрлі жақтарын қамтып өтеді, сондай-ақ экстремизмге қарсы іс-қимыл саясатын іс жүзінде асырып жүрген құқық қолдану тәжірибесіндегі тиісті мамандардың жұмыстарын жеңілдетеді» [5, С.16] деп қорытынды жасаған. Автордың пікірімен ешбір келісе алмаймыз. Өйткені, автор біздің пікірімізше ұғымдардың затына емес (құқықтық табиғатына), керісінше олардың атына мән берген сияқты. Демек, жоғарыда аталған ұғымдарды біріктірудің ешбір қисыны жоқ, сонымен бірге «діни экстремизм» ұғымынан басқа

«этноконфессионалдық экстремизм», «діни-саяси экстремизм», сондай-ақ «діни криминалдық экстремизм» деген сөздерді қолданудың қажеті жоқ деп есептейміз.

Ресейлік зерттеуші А.В. Павлинов өзінің диссертациялық жұмысының атауында «мемлекетке қарсы криминалдық экстремизм» [6] делінген сөйлем негізсіз қолданған деп түйіндейміз. Себебі, саяси, діни экстремизмді ұстанған экстремистік ұйымдар мен экстремистер экстремистік іс-әрекеттерді міндетті түрде мемлекетке қарсы бағыттайтындығы баршаға белгілі. Бұл ретте, әлі ғылыми ортада толық мойындала қоймаған «криминалдық экстремизм» деген ұғымдық тіркесті қолдануға болады деп ойлаймыз.

Ресейлік зерттеуші Н.В. Степанов «экстремизмнің» негізгі белгілерін былай көрсетіп берген: «1) экстремизмді жақтаушылар тарапынан ең шеткі (радикализмді) көзқарастар мен әрекеттердің болуы; 2) қоғамдағы нормалар мен ережелерге қатысты мойындамаудың нақты бар болуы; 3) экстремистік құбылыстардың идеологиялық бүркемеленуі, яғни экстремизмнің негізінде қандай бір идеяның, доктринаның (саяси, діни, олардың есептелуі және т.б.) немесе қандай бір өзге көзқарастар жүйелерінің бар болуы; 4) экстремизмнің сыртқа бағытталуы, яғни экстремистер тек экстремистік көзқарастарды ғана емес, сонымен қатар аталған көзқарастарды өз айналасындағыларға жеткізуге және жекеше оларды тікелей жүзеге асыруға талпынуы; 5) экстремизмнің құрылымсыз, бұзушы сипаты жүйелі және тәртіпті қызметке қарама-қайшы келуі» [7, С. 8]. Автор экстремизмнің бірқатар белгілерін көрсетіп берген деп айтуға болады. Сондықтан автор өз тұжырымын дұрыс бағамдаған деп түйіндейміз.

Зерттеуші Э.Т. Жәнібековтың пікірінше: «1) діни көзқарастарда және оны жақтаушы жеке тұлғалар іс-әрекеттерінде шеткіліктің болуы; 2) діни және діни-экстремистік идеяларды жүзеге асыру үдерісінде бұзушылық сипаттың барлығы, радикалды тәсілдер мен әдістерді марапаттайтын немесе ақтайтын діни сипаттағы қайнар көздерді талқылау; 3) өзге де діни идеялар мен діни көзқарастар жүйелерін мойындамау; 4) өз тараптарына көпшілікті қарату мақсатында діни қайраткерлер беделі арқылы арнайы үгіт-насихаттық әдісті пайдалануы жатады» [8, С. 10-11]. Автор өз пікірін дұрыс бағамдаған деп білеміз. Яғни автор діни экстремизмнің негізгі белгілерін көрсеткен.

Сонымен, жоғарыда жасалған жалпы қорытындыларды түйіндей келе, мынадай қорытынды жасаймыз: біріншіден, бірқатар зерттеу жұмыстарын зерделеу көрсеткендей, заң ғылымдарының жүйесінде зерделеу жұмыстары көп болмаса да біршама ғылыми еңбектер қалыптасуда; екіншіден, қазіргі заң ғылымдарының жүйесінде «діни экстремизм» ұғымына нақтырақ қатысты ғылыми зерделеу жұмыстары негізі «қылмыстық құқық», «криминология» деп аталған құқық салаларында қалыптасқан, ал өзге құқық салаларында әлі де толық қалыптаса қойған жоқ; үшіншіден, қазіргі кезде пәнаралық зерделеу және кешенді (ұжымдық) түрдегі ғылыми зерттеу жұмыстарына объективті қажеттілік бар деп түйіндейміз. Осы тұста, айта кетер жайт, қазіргі кезде діни экстремизмге қатысты ғылыми еңбектер өте аз. Себебі, санаулы зерделеу жұмыстары жеткілікті емес. Әсіресе, қазақ тілінде (мемлекеттік тілде) нақты жазылған еңбектер тапшы болуда. Сол себептен отандық зерттеушілер өзге шетелдік еңбектерге жүгініп жатыр. Сондықтан да діни экстремизмге нақты қатысты ғылыми еңбектерді тиімді пайдалануға және іс жүзінде қолдануға мүдделі уәкілетті мемлекеттік органдар түйіні шешілмеген аталған мәселені қолға керек деп қорытындылаймыз.

Жоғарыда зерделенген, тұжырымдалып жасалынған құқықтық, сондай-ақ ғылыми мазмұндағы анықтамаларды жалпы назарға ала отырып, өзіміздің анықтамамызды ұсынамыз:

Діни экстремизм – құқықтық генезисі (шығу тегі) дәстүрлі діндерден емес, керісінше харизмалық тұлға мен тұлғалар тобының санасынан, діни экстремистік ұйымдардың идеологиялық базасынан туындайтын, әртүрлі әлеуметтік-психологиялық факторлардан және саяси-құқықтық оқиғалардан өзіндік діни экстремистік психологиялық түрткісін алатын, діни сипаттағы терроризмге серіппелік деңгей ретінде болатын, дәстүрлі діндердің, қасиетті жазбалардың мағыналарын бұрамалау арқылы насихатталатын, қылмыстық белгілері мен қылмыс құрамының барлық элементтері жинақталған, қазіргі халықаралық қауымдастық пен нақты қоғамдар үшін қоғамдық қауіп бар, халықаралық құқық пен ұлттық заңнамаларға тікелей қарама қайшы болып табылатын, іс жүзіндегі қылмыстық заңнаманың нормаларына сәйкес кінәлі деп танылатын, сол нормаларға сәйкес жазаланатын адамдардың, сондай-ақ діни экстремистік ұйымдардың іс-әрекеттерімен жалпы көріністе болатын, әлеуметтік-психологиялық және саяси-құқықтық себептері бар қылмыстық-құқықтық құбылыс.

Әдебиеттер

1. Бекбосынов Е.Т. Діни экстремизммен күресу мәселелерін халықаралық-құқықтық реттеу. 6D030200 – «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Астана, 2011. – 134 б.
2. Бурковская В.А. Криминальный религиозный экстремизм: уголовно-правовые и криминологические основы противодействия: дис. ... докт. юрид. наук: – М., 2006. – 469 с.
3. Дарменов А.Д. Криминологические аспекты борьбы с экстремизмом: дис. ... канд. юрид. наук. – Алматы, 2006. – 212 с.
4. Поминов, С.Н. Организация деятельности органов внутренних дел в сфере противодействия проявлениям религиозного экстремизма: автореф. ... канд. юрид. наук. – М.: Акад. упр. МВД РФ, 2007. – 22 с.

5. Плужников Е.Н. Религиозный экстремизм в современной России: Проблемы теоретической интерпретации и политической практики: автореф. ... канд. полит. наук. – М.: Рос. акад. наук Института социологии РАН, 2010. – 34 с.
6. Павлинов А.В. Криминальный антигосударственный экстремизм: уголовно-правовые и криминологические аспекты: дис. ... докт. юрид. наук. – М.: Институт государства и права РАН, 2008. – 584 с.
7. Степанов Н.В. Криминологические проблемы противодействия преступлениям, связанным с политическим и религиозным экстремизмом: автореф. ... канд. юрид. наук. – НИИ проблем законности и правопорядка при Генеральной прокуратуре РФ, 2003. – 26 с.
8. Жээнбеков Э.Т. Уголовно-правовые и криминологические меры противодействия религиозному экстремизму: дис. ... канд. юрид. наук. – М.: 2006. – 234 с.

Резюме:

В данной статье изучены некоторые определения понятие «религиозный экстремизм», и авторы сформировали определение данного термина.

Summary

In this article some determinations are studied concept «Religious extremism», and formed authorial determination of this term.

УДК 342.2

А.Оразалиева, Е.Кыдыров, К.Жумагул
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
e-mail: zara3372@mail.ru

ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ ГОСУДАРСТВА

Ключевые слова: государство, правовая политика, правовое регулирование, правотворчество, правовая идеология, правосознание, правовое воспитание

Под правовой политикой государства понимается правовая деятельность государства как носителя верховной власти, в результате которого происходит разработка и принятие общеобязательных норм. В этих нормах выражаются основные направления жизнедеятельности общества и власти.

Понятие "правовая политика" многозначно, что предопределяется факторами как объективного, так и субъективного свойства. По своей природе правовая политика представляет собой деятельность государства в сфере правового регулирования. Специфика этой деятельности состоит в выработке и претворении в жизнь правовых идей стратегического характера, то есть идей, определяющих направления развития общества в целом. В основе правовой политики лежит правовая идеология. Процесс правотворчества определяется правовой политикой. В то же время созданные в результате правотворчества нормы позволяют судить о правильности стратегии деятельности государства в сфере правового регулирования, в частности, о том, насколько она соответствует или не соответствует общепризнанным международным принципам и нормам, теории и практике построения правового государства. Правовая политика государства имеет несколько характеристик, которые в совокупности своей представляют часть общей политики конкретного государства, реализуемой во всех сферах общественной жизни и, прежде всего, в экономической.

Как отмечает ряд казахстанских исследователей, особенно важно подчеркнуть, что именно на переломных этапах развития правовая политика государства становится доминирующей силой социального воздействия на сознание граждан. Тем более на такое состояние общественного сознания приходится обращать внимание тогда, когда и ученые, и общественность констатируют кризис права, кризис социальных, а следовательно, правовых ценностей, что напрямую связано с кризисом правовой политики государства. [1, с. 10].

Таким образом, правовая политика государства имеет следующие характерные черты: она исходит из реальных объективных возможностей не только самого общества, но и из реальных возможностей самой государственно власти, связанной как объективным развитием, также и субъективными факторами, порождаемыми интересами разных социальных групп, как стоящих у власти, так и обслуживающих эту власть; правовая политика может быть обусловлена историческими, национальными, социальными приоритетами, нашедшими отражение в формах правления, состоянии политического режима, состоянии и уровне правовой культуры; она напрямую обуславливается состоянием и внутренней направленностью правовой реформы, обогащаемой демократическими или авторитарными процессами; также правовая политика может быть нереализованной, если гражданское общество не готово к достижению целей, к

которому стремится государство как власть. Правовая политика напрямую влияет на правосознание общества и личности.

Правовая политика государства проводится, прежде всего, через государственные структуры власти. При этом большую роль играет Президент, который определяет главные направления правовой политики, а также Парламент, который принимает важнейшие нормативные акты – законы. В законах определяются конкретные направления реализации правовой политики государства. Деятельность Правительства можно охарактеризовать как деятельность проводника в жизнь основных направлений правовой политики.

Все правовые формы деятельности ветвей государственной власти направлены в первую очередь на правовое воздействие на сознание своих граждан и на реализацию норм в правовом поведении.

Полноценная реализация правовой политики государства немыслима без правового воспитания, целью которого является изменение правовых установок и воззрений как среди населения, так и среди профессиональных юристов. Поскольку прежняя система правового воспитания оказалась разрушенной, должна быть создана новая, включающая в себя грамотную информационную политику государства, направленную на просвещение населения в вопросах права, правовую пропаганду, создание резерва профессиональных юридических кадров.

Составной частью правовой политики является правовое регулирование научной и образовательной деятельности. В свою очередь составной частью научно-образовательной деятельности является правовое образование, правовая пропаганда, формирование положительного правосознания. В этой связи следует продолжать работу по повышению правосознания граждан, особенно среди молодежи. Полагаем необходимым расширять объемы и повышать качество правовой пропаганды среди населения через средства массовой информации, включая интернет-ресурсы, активизировать научные исследования по актуальным проблемам законодательства и правоприменения, особенно в тех отраслях права, которые наиболее востребованы в повседневной жизни граждан.

Одним из вопросов, тесно связанных с мероприятиями организационно-правового характера, являются вопросы юридического образования. Обществу и государству нужны юридические кадры новой формации, патриотично настроенные и ориентированные на защиту прав и свобод человека и гражданина, интересов общества государства. Именно такой подход должен лежать в основе системы юридического образования.

Государственная власть не просто определяет приоритеты правовой политики через законодательную деятельность парламента, она стремится широко оповещать о своих правовых программах, используя все виды социальной власти. Качественное состояние правовой жизни общества на каждом этапе его развития зависит от правового прогресса, за что в первую очередь отвечает государство, а именно государство разрабатывает правовую политику (к примеру в виде концепции правовой политики на несколько лет) и выделяет ее основные параметры: степень использования общечеловеческих правовых ценностей в правовой практике; стабильность правовой системы общества, ориентирующегося на эти ценности и применяющего их на практике; степень демократизации общества; правовое положение личности в обществе, мера ее свободы и защищенности от произвола в любой его форме; уровень преемственности в праве или уровень использования правовых традиций в праве; уровень выражения в праве общенациональных ценностей.

Эти критерии правовой политики государства и определяют, на наш взгляд, особенности правовой политики государства в современном обществе.

В современный период развития при построении правового государства в условиях преодоления кризисных процессов в обществе на первое место должны выдвигаться вопросы формирования духовности, нравственности, правовой культуры и правосознания. Государство в первую очередь должно обращать внимание на развитие различных социальных программ, разработку новых концепций правовой политики на определенный временной период своего социально-экономического развития. Преодоление коррупции, правового нигилизма, преступности несовершеннолетних, недоверия к проводимым государственным и правовым реформам требует от государства формирования и проведения такой правовой политики, которая бы существенно влияла на формирование позитивного правового сознания граждан. «Изменение функциональной роли государства в жизни общества и приведение ее в соответствие с общечеловеческими ценностями дают возможность по-новому взглянуть и на роль права в обществе. Правовая либерализация общества требует ныне юридически грамотного поведения, основанного на устойчивом положительном правосознании, навыках ,правомерного поведения» [2, с. 3].

Общество является для государства не только объектом правового регулирования, но и основным объектом социальной защиты. Как пишет профессор Ибраева А.С., «построение в Казахстане правового государства требует адекватного развития институтов гражданского общества, всех сфер жизни социума: политической, экономической, правовой, нравственной, культурной, идеологической. Становление гражданского общества невозможно без модернизации ценностей, в том числе и правовых» [3, с. 102].

По большому счету созидательное начало правовой политики государства, правового состояния общества зависит от уровня правового сознания его граждан, когда в совокупности формируется такая правовая культура народа, которая становится в свою очередь предпосылкой и созидательным

источником правовых реформ в обществе. И в таком контексте можно согласиться с указанными казахскими учеными, которые утверждают о том, что правовая культура есть необходимое и созидательное начало правового состояния общества, его цель и составная часть, но вместе с тем это степень и характер правового развития как самого общества, так и личности, которые находят выражение в уровне ее правомерной деятельности. Правовая культура, являясь органичной составной частью общечеловеческой культуры, представляет собой творческую деятельность, соответствующую прогрессивным достижениям в правовой сфере, благодаря которой и происходит постоянное правовое обогащение индивида. Можно лишь добавить, что в результате такого обогащения правового сознания гражданина правовой политикой государства правовая культура, а также правовое сознание граждан, являясь категориями общечеловеческих ценностей, становятся в то же время неотъемлемыми компонентами цивилизованности общества и выступают как важнейшими критериями становления правовой государственности.

Государство при формировании своей правовой политики через систему нормативных актов, механизмов их реализации, толкования деятельности правоприменительных органов обязательно должно использовать и такие формы объективизации положительного опыта, как мораль, нравственность и правовое сознание граждан, а также закрепление в праве прогрессивных моральных принципов, что означает создание государством необходимых политико-правовых условий для социально адекватного, законопослушного поведения граждан в условиях демократического государства. Это можно достигнуть через влияние на нравственное и правовое сознание одновременно.

Право и правовая политика должны содействовать развитию экономики и правовой культуры, обеспечивать планомерность и оперативность в деятельности государства и его органов. Право в состоянии воздействовать на сознание и поведение граждан и через правовую политику государства, направлять их соответствующим образом, вызывать в правосознании граждан те или иные изменения. Правовое регулирование поведения людей является одним из эффективных факторов воздействия права на общественную жизнь. Воздействие права на социальную действительность осуществляется опосредованно через поведение людей, так как человек является окончательным реализатором предписания данной нормы [4, с. 10].

Таким образом, право через правовую политику государства опосредованно воздействует на все важнейшие сферы жизни и деятельности своих граждан, влияет на их сознание и поведение, и по мере укрепления правовой политики государства такое воздействие будет усиливаться с положительной стороны.

Литература

1. Атабек А. Казахская национальная идея, или как нам обустроить Казахстан // <http://zonakz.net/articles/?artid=8063>
2. Нурпеисов Е.К. Психология правомерного поведения. – Алма-Ата: Изд-во Наука КазССР, 1984. – 224 с.
3. Оразалиева А.М. Правосознание и правовая культура: проблемы соотношения. Монография
4. //Изд.Юридического Института г.Санкт—Петербург.2014 г
5. Ибраева А.С. Значение научной классификации коррупции для выработки мер противодействия и снижения ее уровня // Профилактика коррупционных правонарушений в системе общественных отношений: Материалы Республиканской научно-практической конференции. – Талдыкорган, 2009

Түйін:

Мақала құқықтық стратегиялық сипаттағы идеялар мен процесінің сипатынанықтайтын факторлар қалыптастыру процесіретінде мемлекеттің құқықтық саясатын қалыптастыру мәселелері мен айналысады.

Summary:

The article deals with the problems of formation of legal policy of the state as a process of formation of legal ideas of a strategic nature, as well as the factors determining the nature of the process are analyzed.

ӘОЖ253/85

Ж.Т.Орманов - магистрант
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ РУХАНИ ДАМУ МӘСЕЛЕРІ

Аңдатпа: Қазіргі мемлекет дамуы, қалыптасуы негізгі белгілері мен ерекшеліктері туралы айтылады. Бірінғай мемлекеттік биліктің тармағы болып мемлекет билігінің тәуелсіздігі, ол биліктің ұйымдық, атқарушылық және қардылық дербестігі көрініс табады. Конституция нормаларын бірыңғай мемлекеттік билік ретінде қарастыруға болады. Ел Ата Заңы егемен мемлекет құру жолында қазақ ұлтының тарихы, жері, тілі ең басты объективті алғышарттар және факторлар болғандығын, болып отырғандығын және бола беретіндігін ресми түрде мойындап қана қоймай, олардың осы ресми дәрежелерін одан әрі бекіте және дамыта түсу керек екендігін де паш етіп отыр. Ата Заңның талабы – жалпы адам құқықтарын құрметтеу, нақты адамды қадірлей білу қағидалары туралы және Қазақстан халқы және қазақстан қоғамы үшін де адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең асыл құндылықтары туралы айтылады.

Кілттік сөздер: Республика, Конституция, құқықтық мемлекет, заң, тарих, ұлт

Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптастыру мақсаттарының бекітілуі – ең алғашқы кезеңдерінің бірі күшті, стратегиялық мемлекет құру міндетін қояды.

Республика стратегиясын 2050 жылға дейін белгіленген Қазақстан халқына арнаған жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті былай деп аттап көрсетті: «біз нені құрғымыз келеді, таңдаған мақсатымызға жеткізетін дамуымыздың траекториясы, магистраль қандай болуы тиіс, біз анық білуіміз және айқын түсінуіміз керек. өзіміздің басым мақсаттарымызды дұрыс анықтау, тиісті стратегияларды таңдау, осы жолмен жүру кезінде күш-жігеріміз бен төзімділігімізді көрсету арқылы біз өзімізді құр седелуден, қуатымызды, уақытымызды және ресурстарымызды бекер жұмсаудан сақтап қаламыз» [1,1].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, дербес ел болып еңсесін көтергелі бері әлемдік кеңістікпен қарым-қатынасты жаңа сатыға көтеру стратегиясы мемлекеттік саяси бағдарламаның ең басты шарттарының біріне айналып отыр. Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіру үшін экономика, саясат, білім беру, мәдениет және т.б. шараларды іске асырып, дамыған азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құруды көздейді.[1].

Тәуелсіз Қазақстан көптеген терең реформаларды жүзеге асырды, оның нәтижесі жеке адамның және қоғамның құқығында негізделген нағыз мемлекеттің құрылуы болды. Осы бостандық пен тәуелсіздік жолында Қазақстан Республикасы дүние жүзіндегі барлық халықтардың мүдде-мақсатын қамтитын мәселелерді шешуіне толық кірісті деп айта аламыз.

Сонымен, бүгінгі таңда жеке адам және қоғам, құқықтық мемлекеттің негіздерін құру мәселелері ойдағыдай шешіліп жатқанына өзіміз куәміз. Біз жолдың басында тұрмыз, және оның бағытын нақты айқындап алдық.

Құқықтық мемлекет теориясының негізгі сұрақтарының бірі – адам құқығының теориясы. Адам құқығының әлеуметтік тамырлары адамзат дамуындағы әлеуметтік-мәдени “мәңгі” мәселесі. Мыңдаған жылдар бойы саяси, құқықтық, этикалық, философиялық және діни ойларының ортаңғы сұрағы болды. Тарихтың әр түрлі кезеңдерінде бұл мәселе саяси-құқықтық болғанымен, билік басындағы әлеуметтік позицияға байланысты біресе діни, біресе этикалық, біресе философиялық бағытта дамиды. Адам құқығы – жан-жақты құбылыс[2, 766.].

Құқықтық мемлекет құру мен қоғамды демократияландыру – қайшылықты, ұзақ та күрделі процесс.

Елімізде құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру жолында адамның рухани дүниесінің қалыптасуы ерекше орын алады. Жеке тұлғаның еркін рухани дамуы елімізде жаңа қоғам құрудың негізі ретінде қарастырамыз. Ұлттық сананы дамыту жолында алдыңғы қатарлы мемлекеттік білім беру, денсаулық сақтау, демалыс, неке және отбасы, еңбек, қоршаған орта және т.б. қатынастарды ескерген жөн. Әр ұлттың өзіне тән психологиясы, менталитеті бар екендігіне ешқандай күмән жоқ, бірақ жалпы адамзаттың өмірге деген әлеуметтік жағдайына деген қатынасы бір десек, қателеспеген болар едік. Себебі, қандай да болсын адам, жеке тұлға жақсылық пен жамандық категориясына келгенде, олардың көзқарастары бір екендігін ұмытпаған жөн. Ертедегі шығыс ойшылдары Конфуций, Лао-цзы, антик дәуірінің ойшылдары Сократ, Платон, Аристотель және т.б. қандайда адам болмасын оның табиғи және рухани сұраныстары бір екендігін айтып кеткен. Бұл себепке байланысты құқықтық мемлекет құрудың жолында ең алдымен оның негізі - еркін рухани дамуы.

Ұлттық идеяның мәні дүниежүзілік қауымдастықтың сұраныстарына сай келуі қажет, яғни қоғамдық сананы өзгерту, әр жеке тұлғаның мемлекетке, заңға, құқықтық және моральдық нормаларға, саясатқа қатынасы және де мемлекеттің адамдарға деген қатынасы. Мысалға, И. Бентамның ойынша, заң

шығарушылардың мақсаты қоғамның игілігі және заңдарды қабылдаудың негізі барлығының игілігі үшін болып табылады.

XX ғасырдың басында пайда болған «өмір сүру философиясының» мәні адам өмірі, оның әлеуметтік мәні ең бірінші құндылық екенін дәлелдеді. Әлеуметтік мемлекеттің негізгі қағидасы осы философияға сай келеді. Бұдан 25 ғасыр бұрын өмір сүрген әйгілі қытай философы Конфуций өз ілімінің негізі ретінде «адамсүйгіштік» (жэнь) мәселесін алды. Платонның «Мемлекет» деген еңбегінде де идеалды мемлекет құру мақсатын алға қойып, ол адам игілігі, болашағы үшін керектігін атап өткен [3, 726.].

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құру жолында 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Ата Заңы Жоғарғы Кеңесті республиканың бірден-бір заң шығару және жоғары өкілді органы деп таныды. Ол мейлінше кең өкілеттіктерді еншіледі, бұл мемлекеттік билікті бөлу және тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін құру қағидаттарын жүзеге асыруды қиындата түсті. Әйтсе де Жоғарғы Кеңес қабылдаған заңдар жаңа мемлекеттік құқықтық жүйенің негізгі элементтерінің іргесін қалады.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Ата Заңы заң шығару функцияларын жүзеге асыратын Парламентті айқындады. Біздің Парламент екі палатадан – Сенат пен Мәжілістен тұратын болды. ҚР Парламентінің қос палаталы құрылымы саяси тұрғыдан әлеуетті болып шықты, еліміздің саяси болмысында принципті түрде жаңа элементке айналды және парламентаризмнің әлемдік тәжірибесіндегі жалпыға ортақ қағидаттарына сай келеді. Құқықтық демократиялық мемлекетте Ата Заңның аса жоғары мәнге ие екендігі белгілі. [4, 1256.].

З.Кенжалиевтің пікірі бойынша, «конституциялық-құқықтық мұраттар, құндылықтар мен қағидаттар Ата Заңның ғана негізін қалап қоймай, сол арқылы еліміздің құқықтық нормативтік жүйесінің, бүкіл заңнамалық кешенінің негізін құрайды». Ғалымның жазуына сәйкес, «өз мемлекеті бар кез келген халық үшін (қазір дүние жүзінде 200-ден астам мемлекет бар) ең басты нәрсе – сол мемлекеттілігін сақтап, соның тұрақтылығын, мызғымас беріктігін қамтамасыз етіп, күшейте беру. Дүние жүзінде үш мыңнан (кейбір деректер бойынша алты мыңнан астам) астам ұлт пен ұлыстар болса, солардың екі жүзден астамының ғана мемлекеті бар. Сондықтан, өз мемлекеттігін орнатқан кез келген ұлт үшін осы мемлекетті сақтап қалу, оны нығайтып өркендете беру – оның ұлт есебіндегі басты міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда Ата Заң – елдің мемлекеттік және құқықтық жүйесінің нормативті бастауы әрі негізі ретінде – мемлекеттілікті сақтап, оны көркейте берудің басты да пәрменді ресми құралдарының бірі».

Ел Ата Заңы егемен мемлекет құру жолында қазақ ұлтының тарихы, жері, тілі ең басты объективті алғышарттар және факторлар болғандығын, болып отырғандығын және бола беретіндігін ресми түрде мойындап қана қоймай, олардың осы ресми дәрежелерін одан әрі бекіте және дамыта түсу керек екендігін де паш етіп отыр. Ата Заңның талабы – жалпы адам құқықтарын құрметтеу, нақты адамды қадірлей білуден бастау алатыны. Әрине, бүгінгі Қазақстан халқы және қазақстан қоғамы үшін де адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең асыл құндылықтар болып табылады. БҰҰ декларациясында әр түрлі әлемдік, аймақтық және мемлекетаралық келісімшарттар мен өзге де құжаттардағы оның негізгі жағдайларының іске асуы, глобалды ауқымдағы тәжірибелік іс болуда. Әлем мемлекеттері құқықтық мемлекет құрудың әр түрлі сатыларын бастан кешуде. Кейбір (мысалы Швеция, Норвегия, Финляндия) елдер оның аяқталу сатысында; Еуропаның басқа елдерінде (Ұлыбритания, ГФР, Франция, АҚШ және Канада, Жапония) оның негізі берік қаланған. Еуропаның кеңестік елдерінде (Венгрия, Польша, Румыния, Словакия) және кеңестік кеңістікте қалыптасқан, жаңа тәуелсіз мемлекеттерде (Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы және т.б.) құқықтық мемлекеттің негізі енді ғана қалануда. Әлемнің басқа бөлігінде бұл қағида басты саяси ілім ретінде меңгеріліп жатыр.

Мемлекет пен құқықтық әлемдік теориясы уақыт өте келе, құқықтық мемлекет елдерінде, оның ішінде Қазақстанның жеке жағдайларында құрудың, теориялық тәжірибесін меңгеру негізінде баи түседі. [5].

Құқықтық мемлекеттің бүгінгі концепциясының келесі бастамаларын айқындайық. Адамның табиғи, тумысынан біткен құқықтары мен бостандықтарын Ата Заңмен бекіту. Оның қалыптасуының мысалы ретінде, толық негізбен адам құқығының жалпыға ортақ декларациясын (БҰҰ, 1948) тануға болады. Әрбір іс жүзіндегі демократиялық мемлекет өз Ата Заңы мен ағымдық заңдарына сүйенуі тиіс.

Халықаралық-құқықтық стандарттарға жауап беретін, әлемдік қауымдастықпен танылған, адам құқықтары мен бостандықтарының тізімі 1995 жылғы ҚР Ата Заңының «Адам және азамат» атты 2 бөлімінде көрініс тапқан. Ресей Федерациясының Ата Заңында да (1993) оның «каталогы» бекітілген. «Адам, оның құқығы мен бостандығы – ең үлкен байлық. Адам құқығы мен бостандығын тану, сақтау және қорғау – мемлекеттің міндеті» деп РФ Ата Заңының 2 бабында жазылған. Ресейлік қоғамның дамуының бүгінгі сатысында бұл құқықтар әлсіз қорғалса да, тұлғаның жоғарғы мүмкіндіктері, оның автономиясы, саналы индивидуализм конституциялық жағдайлар мен нормаларда мойындалды.

Мемлекеттік биліктің, оның демократиялық қалыптасатын, өзара қарама-қайшылық пен шыдамдылық жүйелері балансталған, заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну принципінің іске асуы. Адам құқы мен бостандығының сақталуына кепілдікті тек осы бастаманың сақталуы береді.

ҚР Ата Заңы осы принципті, оған өзгерістер енгізу арқылы ұстанады. Ол мынамен байланысты: Қазақстан бүгінгі таңда күрделі өтпелі кезеңді бастан кешуде, сол себепті биліктің барлық тармағының қызметін бағыттайтын, басқарудың мықты президенттік түріне мүдделі. ҚР Ата Заңында оны

қалыптастырудың демократиялық негіздері, сонымен қатар, Президентті жалпыхалықтық тікелей дауыс беру жолымен сайлау қарастырылған.

Жалпыны қамтитын, қарама-қайшылықсыз, иерархияға құрылған ұлттық құқықтық жүйенің қалыптасуы. Осындай күрделі, еңбекті көп қажет ететін және ұзақ мерзімді үрдіс Қазақстанда басталды.

Заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ететін органдар мен конституциялық бақылаудың арнайы органдарын құру. Көптеген елдерде мұндай органдар болып Жоғары сот (АҚШ-та) немесе конституциялық сот табылады.

Қазақстан Республикасында бұл Ата Заңның жаңа қабылданған заңдармен сәйкестігін куәландыратын, Конституциялық кеңес (оған арналған Конституцияның 4 бөлімі) және осы сәйкестікті бақылайтын Прокуратура. Конституциялық кеңестің бұрынғы төрағасы Ю.А. Ким атап өткендей, Конституциялық Кеңес «ұлттық құқық жүйесіндегі Конституцияның басымдығын қамтамасыз етеді, сәйкесінше, заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайын, елдегі адам мен азамат құқығы мен бостандығының қорғалу деңгейін қадағалайды...».

Жалпы және құқықтық мәдениеттің, әсіресе азаматтар мен қоғамның құқықтық санасының міндетті деңгейі. Құқықтық мемлекет қоғамдық ұйымдарға адам және азаматтардың құқықтарын қорғауға, жария етуге жағдай жасайды, мемлекеттік шенеуніктерді, әсіресе құқық қорғау органдары қызметкерлерін Ата Заңды, заңдарды және азаматтарды сыйлауға тәрбиелеуге көмектеседі. Әрине, халықтың құқықтық санасының жоғарылау үрдісі ұзақ уақытты және көп қаражатты талап етеді. Бұл іс Қазақстанда басталған.

Азаматтардың құқықтарын, бостандығы мен мүдделерін, қоғамдық ұйымдарын, өндірістік және өзге де кәсіпорындарын тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз ету. Оларсыз дамушы елдердің тәжірибесі көрсеткендей, құқықтық мемлекеттің қағидалары тиімсіз болады. Егемен Қазақстандағы президенттік институт қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуына және қоғамның дамуына шешуші әсер етеді. Саяси, экономикалық, әлеуметтік қайта құрулар кезінде дәл осы институт мемлекеттік биліктің жоғары органдарының барлық жүйесі үшін, оның тармақтарға бөліну принципі жүзеге асқан жағдайда, жүйені қалыптастырушы бола алады.

Азаматтық қоғам мен демократияның арақатынасы өте өзекті мәселе болып табылады. Азаматтық қоғам демократияның құрамдас бөлігі ретінде біртіндеп өсіп, барлық қоғамды біріктіреді.

Демократия – «көпшіліктің басымдығы» принципі жүзеге асатын іс-шаралар жиынтығы. Демократиялық тәртіп азаматтық қоғам жоқ жерде де бекітілуі мүмкін (Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін американдықтар императорлық Жапонияға демократиялық конституциялық құрылым енгізеді).

Қазақстан Республикасында жалғасып келе жатқан құқықтық мемлекетті құру үрдісі, мемлекеттік биліктің ҚР Ата Заңына сай бөліну принципіне негізделген. Онда интеграциялық, баланстық орталық президенттік институт болып табылады.

1995 жылдағы Қазақстан Республикасының Ата Заңына сәйкес ҚР мемлекеттік құрылымы ең алдымен биліктің “заң шығарушы, атқарушы және сот тармағын салмаққа қайшы және ұстамды жүйені қолдану” (3 бап, 4 т.). Құқықтық мемлекеттің негізі болып табылатын бұл принцип Республикада мемлекеттің ауыспалы кезеңді өмір сүруі ерекшелігіне байланысты классикалық түрден сәл ауытқыған түрде жүзеге асады. Бұл жерде мемлекеттік биліктің үш тармағы басында Ата Заңға сәйкес президент тұрады.

Ата Заң республикада мемлекеттік биліктің қалыптасуының демократиялық принциптерін толық қамтамасыз етеді.

ҚР жоғарғы өкілетті органы парламент болып табылады, ол заң шығару қызметін атқарады. Парламентті биліктің тармағы ретінде есептеуге болады, өйткені Президент барлық тармақтарды “үйлестіруші” ретінде парламентті тарата алады, парламенттің, үкіметтің қызметіне бақылауын шектейді және т.б. Бұл ҚР Ата Заңының парламент туралы қағидасының ерекшелігінде көрсетіледі.

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және болашақ жақсы өмірдің дұрыс жолын тандай білу үшін адамдар әр уақытта, әр дәуірде өзіне дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенген. Өткен тарихты және адамзаттың ұзақ ғасырлық тәжірибесін пайдалану тарихи қажеттілік болып табылады. Қазіргі кезде елімізде алуан түрлі саяси бағыт-бағдар ұсынған партиялар мен қозғалыстар дүниеге кедді, Олар дүниеге келіп ғана қойған жоқ, белгілі-бір мақсат ұстанған нақты күш ретінде саяси аренаға шықты. Сондықтан да еліміздің құқықтық мемлекет ретінде дамуы, саяси қызметі мемлекет ісіне, құқыққа, саясатқа белгілі бір дәрежеде ықпал да жасауы шарт болып табылдық.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. // Қазақстан Республикасы Президентінің <http://www.akorda.kz>. ресми сайты.
2. Мұхамедов М., Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2003.
3. Руссо Жан Жак. Қоғамдық келісім-шарт туралы немесе саяси құқық принциптері. / Ауд. Б.Ж. Смағамбет. – Алматы: Үш Қиян, 2004.
4. Аюпова З.К., Сабикенов С.Н. Концепция правового государства. – Алматы: Ғылым, 1996.

5. Кенжалиев З. Конституция және қоғамдық сана. // Егемен Қазақстан. – 2012. - 25 тамыз.
6. Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Білім, 2004.
7. Жоламан К.Д. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004.

Резюме

В статье обращается внимание на усиление роли казахстанской политико-правовой мысли. В этом контексте поднимаются проблемы дальнейшего развития правовой политики, построения правового государства.

Summary

Attention on strengthening of role of the Kazakhstan politics-legal idea applies in the article. In this context rises problems of further development of legal politics, construction of the legal state.

ӘОЖ 340,0(075.8)

Ж.Т. Орманов - магистрант
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ САЯСИ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ДАМУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа: Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдер тарихы — адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды құрамдас бөлімдері мен адамзаттың өткен заманнан бүгінгі күнге дейінгі саяси-құқықтық ілімі мен тәжірибесі жинақталған, мемлекет, саясат, заң жүргізу, құқық, бостандық мәселелерінің негізгі қағидалары және ілімдері анықталғандығы туралы айтылады. Адамзаттың өткен уақыттағы саяси-құқықтық тәжірибесі, идеялары, ойлары қазіргі замандағы саяси және құқықтық ілімнің дамуына аса көңіл болып зерттеледі. Ата-Занның талабы — жалпы адам құқықтарын құрметтеу, нақты адамды қадірлей білу қағидалары туралы және Қазақстан халқы және қазақстан қоғамы үшін де адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең асыл құндылықтары туралы айтылады.

Кілттік сөздер: Республика, Конституция, құқықтық мемлекет, заң, тарих, ұлт, философия, билік, мораль.

Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдер тарихы — адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды құрамдас бөлімдерінің бірі. Мұнда адамзаттың өткен заманнан бүгінгі күнге дейінгі саяси-құқықтық ілімі мен тәжірибесі жинақталған, мемлекет, саясат, заң жүргізу, құқық, бостандық мәселелерінің негізгі қағидалары және ілімдері анықталған. Адамзаттың өткен уақыттағы саяси-құқықтық тәжірибесі, идеялары, ойлары қазіргі замандағы саяси және құқықтық ілімнің дамуы мен оның бағытына едәуір ықпал етеді, біздің қазіргі іс-әрекетімізге бағыт береді.

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және болашақ жақсы өмірдің дұрыс жолын тандай білу үшін адамдар әр уақытта, әр дәуірде өзіне дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенген. Өткен тарихты және адамзаттың ұзақ ғасырлық тәжірибесін пайдалану тарихи қажеттілік болып табылады. Қазіргі кезде елімізде алуан түрлі саяси бағыт-бағдар ұсынған партиялар мен қозғалыстар дүниеге келді, Олар дүниеге келіп ғана қойған жоқ, белгілі-бір мақсат ұстанған нақты күш ретінде саяси аренаға шықты. Олардың саяси қызметі мемлекет ісіне, құқыққа, саясатқа белгілі бір дәрежеде ықпал да жасауда.

Қоғамдық бірлестіктердің пайда болуы, дамуы және саяси платформасы әлемдік тарихтың және Қазақстанның бұған дейінгі әр кезеңінде болған партиялар мен қозғалыстар тарихына сипаттас, мазмұндас және үндес болып келеді. Сондықтан да олардың Отан тарихында алатын орны мен құқықтың көзқарастары жиынтығын қарастыру мен шешуде әлемдік саяси-құқықтық ілім тарихының саяси тәжірибесі мен ғылыми тұжырымдарын ескерудің пайдасы зор болмақ.

Өйткені, мемлекет және құқық тарихының білімінсіз соған сәйкес саяси-құқықтық теорияның нақты мазмұнын анықтау мүмкін емес. Немесе, бұған керісінше саяси-құқықтық теориялар мен концепцияларсыз сол кезеңдегі мемлекет және құқық тарихының нақты шындығын бағалау қиынға соғады.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихына заңгерлермен қатар гуманитарлық пәндер өкілдері, ең алдымен философтар едәуір үлес қосты. Философиялық ойдың бүкіләлемдік ойшылдары Пифагор, Гераклит, Демокрит, Протагор, Сократ, Платон, Аристотель, Эпикур, Фома Аквинский, Падуанский, Спиноза, Гоббс, Локк, Кант, Фихте, Гегель, Бердяев, Н.Макиавелли, жаңа дәуірдің ойшылдары Ж. Ж. Руссо, Т. Джефферсон, Пейн, Бентам, Штейн және т. б. ойшылдар саяси-құқықтық ілімге зор мұра қалдырды.

Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдер тарихын зерттеудің өзіндік ерекшелігі бар. Танымның ғылыми әдісі саяси және құқықтық ілімдер тарихының бай қазынасын зерттеуге және танып білуге мүмкіндік береді. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістемесі әртүрлі ойларды, көзқарастарды және идеяларды нақтылы тарихи тұрғыдан дұрыс түсінуге көмектеседі. Мемлекет пен құқық

саласындағы әлемдік саяси құқықтық ілімдік тарихты меңгеру, ұлттық құқықтың міндеті болып табылмақ. Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік- құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси - құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрену.

Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдер тарихының дамуына заңгерлермен қатар еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев, сонымен қатар Алаш партиясының негізін қалаған Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев сияқты тұлғалар едәуір үлес қосты.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев - қазақ халқының маңдайына біткен біртуар тұлға. Өйткені, Тәуелсіздік пен Н.Ә.Назарбаев сөздерін бөлектеп айту мүмкін. Бұл екі сөз Тәуелсіз Қазақстанымыздың төл тарихында төрден орын алып, біртұтасып жатыр. Тарих толқынымен келген Тәуелсіздіктің тұғырының беки түсіп, тамырының тереңге жайыла түсуіне Нұрсұлтан Әбішұлының қосқан үлесі мол. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы да көрегенді саясатының арқасында Қазақстан мемлекеті тәуелсіздіктің 21 жылы ішінде өзге елдердің ғасырлық тарихын басынан өткерді. Бүгінде қарқындап дамып келе жатқан Тәуелсіз елімізді бүкіл ел таныды. Елбасымыз өз сөзінде «Қазақстанды әлем қауымдастығы аймақтың көшбасшысы, құрметті де жауапты әріптес, шынайы дос, сенімді де қайырымды көрші ретінде» деп атап өткені белгілі. Бұл тұжырымның өзі әр қазақстандықтың жүрегіне жылылық орнатып, ертеңгі күнге деген сенімдік тудырады.

Қазақстанның 21 жылда қол жеткен табыстары ұзақ жылдар бойы салмақты да салиқалы ұстанып келе жатқан Елбасымыз, Ұлт көшбасшысы - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей еңбегінің жемісі.

Қазақстан республикасының дамуы, еліміздің конституциялық дамуы мен құқықтық мемлекет болып қалыптасуында. Сондықтан да еліміздің саяси құқықтық дамуы біріншіден конституциялық нормалардың кеңістіктегі күші мен құқықтық табиғатынан басталады. Құқықтық мемлекет ретінде билік қағидаларымен Ата заңның үстемдігін зерттеу міндет бодып табылмақ.

Жоғарғы билік органы жүйесінде маңызды орынды конституциялық кеңес алады. ҚР Ата Заңның 71-74 бб. Сәйкес конституциялық кеңес 7 мүшеден тұрады, оның 3 – төраға және 2 мүшесі – президентпен тағайындалған, 2 – мәжіліс төрағасымен тағайындалады. Олардың құзіреттілігінің мерзімі 6 жыл деп көрсетілген. Конституциялық кеңес заңды Ата Заңға сәйкес, арнайы түсінік беру құқығына ие. Конституциялық кеңес қалыпты түрде билік тармағы арасында салмаққа қайшылықты реттеу қызметін атқарады, мемлекеттің маңызды мәселелерді шешу құқығына ие. Күшті президенттік билікте бір ғана тұрақтылық пен салмаққа қайшылық жүйесі демократиялық жүйенің жұмысын атқаруға жеткіліксіз іс-тәжірибелік шаралар мен процедуралар кешені толық көлемде қалыптасуы мен іске алуы үшін уақыт пен тәжірибе қажет.

Президенттік Республика биліктің бөліну принципі оның әр тармақтарының заңдық теңдігінде көрініс табады., бұл, мысалы, АҚШ Ата Заңында бекітілген. Алайда, бұл билік тармағының толық автономдығын көрсетпейді. Олардың заңдық теңдігі нақты неде көрініс табады? Ең алдымен әрбір тармақ “заң шығарушы, атқарушы, соттық - өз қызметіне ие. Оған басқа тармақ араласпауы тиіс. Биліктің бөліну принципі барлық билік тармақтарының бағыты мен негізі біртұтас екендігін көрсетеді. Мемлекеттік органдардың құрылымымен қызмет механизмі осы мақсатқа бағынышты. Биліктің бөлінуі биліктің узурпациясына жол бермеуге және құқық пен еркіндікке қолсұқпауға негізделген, билік жағынан азаматтарға зиян жасаудан шектейді. Бұл принципке құқықтық мемлекеттің конституциялық кепілі ретінде үлкен орын беріледі. Ауыспалы кезеңінің жағдайындағы күшті президенттік билік – объективті фактор. Егер біріккен қылмысты белсендіру мен сыбайластық сияқты құбылыстарға орталытанған тайтарыс беру қажеттілігін ескерсек, ҚР конституциясында атқарушы билікті күшейтуге акцент жасалған [6, 306б.].

Президенттік және заң шығарушы билік қатынастарында Ресей Федерациясы президенті мен федералдық органдар актілер арасындағы бақтыластық ерекше назар аударады. Бұл жерде заңдағы үлкен олқылықтар негізінде құқықтық мемлекет шеңберіндегі құқық көздерінің иерархиясы принципі толық бұзылған. Заңның жоғары тұру принципі Қазақстанның нормативтік құқық актілер жүйесінде кездеседі.

Өз заманында Дж. Локк былай деген: “... үкімет билігі халықтың еркіндігі өмір үшін тұрақты құқық иеленуге, осы қоғамда заңдық билікте бекітілген және құқыққа негізделеді, бұл заң тиім салмайтын барлық жағдайда өз ықыласымен жүру және басқа адамның тұрақсыз белгісіз билігінен тәуелсіз болу еркіндігі”. Қазіргі уақытта қалыптасқан азаматтардың қоғамның өзіндік ұйымдасу мәселесін шешуді талап етеді.

Құқықтық мемлекет адамға қатысты, оның құқықтық бостандығына жағдай жасап, мынадай қағидаға негізделеді: “Дозволено все, что не запрещено законом”. Адам автономдық субъект ретінде өзінің күшімен, мүмкіндіктерімен және мүлкімен пайдалануға ерікті. Құқық, бостандықтың түрі және өлшемі ретінде жеке тұлғаның шектеу шекарасын максималды түрде ашу. Осы қағиданың пайда болуы және дамуы саяси билікті өзінің мүддесіне пайдалануға қарсылық ретінде болады. Себебі мемлекет әр түрлі әлеуметтік институт сияқты, әр түрлі мақсатта пайдаланылуы мүмкін. Кейбір жағдайда жеке топтардың мүддесін іске асыру үшін, онда ол қоғамның «қожайыны» ретіндегі рөлді атқарады. Басқа жағдайда барлығының мүддесін іске асырған жағдайда ол қоғамның құл ролін атқарады. Сондықтан қоғам алдында мемлекетті «қожайыннан құлға» айналдыру құралын іздестіру мәселесі әрқашан тұрған.

Ондай құрал ретінде құқықты ойлап тапты, себебі басқа әлеуметтік нормаларға қарағанда, құқықтық норма өз мүддесін іске асыру қолайлы жағдай туғызады. Бір жағынан, мемлекеттік билікті шектеп бақылап отырады, екінші жағынан – азаматтардың бостандығы мен міндеттерін бекітеді.

Мемлекеттік билікті құқықпен байланыстыру қағидасын іске асырудың мынадай құралдары мен әдістері бар. Билік бөлінісі. Оның негізгі талабы, саяси бостандықты бекіту, қандайда әлеуметтік топ жағынан билікті өз еркімен пайдалануға тиым салу, заңдылықты қамтамасыз ету, сондықтан билікті заң шығарушы, атқарушы және сот билігі етіп үшке бөліп тастау. Ол биліктер өз алдына бір-бірінен тәуелсіз болуы тиіс. Халықтың тәуелсіздігін мойындау. Алғашқыда жоғарғы билік халықтың қолында болуы, кейін сайлау арқылы мемлекеттің жоғарғы органы парламентке беріледі. Мемлекет құқыққа бағынуы. Осы шарт құқықтық мемлекеттің негізгі және жалғыз белгісі ретінде саналады. Мемлекеттің құқыққа бағынуы құқықтық мемлекеттің тәжірибелік тұжырымының мәні. Ғылымда осы қағиданың екі негізгі қағидасы қалыптасқан:

1) Мемлекеттің өздері шығарған құқықтары арқылы іс-әрекетін шектеу.

2) Мемлекеттің іс-әрекетін идеалды, әділетті құқық арқылы шектеу.

Кейінгі кездері осы қағидаға сәйкес, құқыққа мемлекеттік органдар ғана емес, сонымен қатар азаматтар мен олардың ұйымдары бағыну керек деген көзқарас айтылып жүр. Азаматтардың құқықтары мен міндеттері бір болу, яғни мемлекет пен жеке тұлғаның жауапкершілігі бір. Мемлекеттік билік қана емес, қоғамдық өмірдің өзі құқықтық бастаманы ұйымдастырып іске асыру қажет.

Мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі. Бұл қағида мемлекет, яғни саяси билікті алып жүруші және азамат осы билікті іске асыруға қатысушы ретінде заңды-құқықтық қатынастарының бастамасы. Жеке тұлға мен қоғамдық бостандықтың заңды түрін құру арқылы мемлекеттің өзі өзінің шешімдері мен іс-әрекетінде шектеулі. Заң арқылы өзінің іс-әрекетінде азаматпен, қоғамдық ұйымдар және басқа мемлекеттермен әділетті қарым-қатынасты қамтамасыз етуді мойынына алу.

Құқықтық мемлекетті саяси-құқықтық тұрғыдан қарастырғанда, оның ерекшелігін байқауға болады. Құқықтық мемлекетті саяси-құқықтық тұрғыда қарастырғанда, оның мораль, ізгілік, намыс, әдептілік, салт-дәстүр, тәлім-тәрбие, адамгершілік және т.б. құндылықтар алдыңғы қатарда тұратынын көрдік. Құқықтық мемлекет құру барысында жоғарыда аталған құндылықтарды ескерген жағдайда әділетті, яғни құқықтық мемлекет құруға жол ашылады. Сондықтан, аталған құндылықтарды ескерген жөн екендігін байқаймыз.

Құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолының ерекшелігі құқықтық сана және құқықтық мәдениеттің қалыптасып дамуымен тығыз байланысты. Ал құқық моральмен байланысты. Құқықтық нормалар моральдық нормалар сияқты әдет-ғұрыптардан туындайды. Осы тұрғыда құқық мораль сияқты позитивті. Құқық пен мораль туралы мәселеге келгенде, олар әлеуметтік тәртіпті қалай қадағалайды деген сұраққа назар аудару қажет. Осыдан келіп, олардың арасындағы айырмашылықты байқауға болады. Сондықтан құқықтық мемлекеттің саяси-құқықтық негізін қарастырғанда моральға көңіл бөліп отырмыз. Құқық өзінің табиғаты бойынша моральді, яғни құқықтық нормаларда моральдың нормаларына қарама-қайшы келетін іс-әрекет жок. Сондықтан, құқықтық мемлекет құруда моральдың алатын орны ерекше.

Басқа мемлекеттермен шаңырағы тең екендігін дәлелдеп, Қазақстан құқықтық мемлекет құруға жол ашты. Қазақ халқының саяси-құқықтық ойларында құқықтық мемлекет құру ертеден бастап дамыған. Ол кезде құқықтық мемлекет туралы нақты мәселе қозғалмаса да, осындай мемлекетке жетудің жолдары бекітілді. Кеңестер Одағы тұсында осы мәселені кеңінен зерттеуге мүмкіндік болған жоқ. Қазір осындай мүмкіндіктер пайда болғаннан бастап, көптеген бізге беймәлім мәліметтердің бегі ашылды.

Құқықтық мемлекетті құқықты моральдандыру арқылы құруға болады. Себебі көптеген заңгерлер, саясаттанушылар және басқа да ғалымдардың ойынша, мемлекетте мықты, қатал заң болса ғана құқықтық мемлекет болады деген тұжырым бар. Біздің ойымызша, ол қате көзқарас. Өйткені қоғам тірі организм, оның өзінің тәуелсіз заңдылықтары бар. Сондықтан ең бірінші тәлім – тәрбиелік, ізгіліктікке назар аударған жөн.

Ең бірінші, ол өзін сыйлап барып қана, басқаларды да сыйлайды. Заңға қорқыныш сезімі арқылы бағынбай, керісінше, сыйластық арқылы өзінің болашағы, қоғамның болашағы деген көзқараспен қарау қажет. Жеке тұлға мен мемлекет арасында өзара сүйіспеншілік пайда болу, сыйластық пайда болудың рөлі ерекше.

Тарихтан белгілі тоталитарлық режим өкіметке деген сенбеушілік, өкімет алдында адамдардың қорқыныш сезімін тудырады. Не себептен көнеден бастап қандай да болмасын ойшыл әділетті мемлекет моделін іздеп, соны құруға тырысты. Осы себептен екені айдай ашық.

Құқықтық мемлекет құрудың ел үшін маңызы зор, болашағы бар. Қазақ халқында көнеден мәдениетке, салт-дәстүрге деген көзқарас ерекше болған. Міне, сондықтан қазіргі таңда өткендегі салт-дәстүрімізді жаңғырту арқылы, соны құқықтық мемлекет идеясымен байланыстыру арқылы нәтижеге жетеміз.

Құқықтық мемлекет азаматтық қоғаммен тығыз байланысты, сондықтан азаматтық қоғамсыз құқықтық мемлекет құруға болмайды. Қандай мемлекет болмасын, оның өз алдына тәуелсіз ұйымдар, партиялар, жеке кәсіпорындар, қауымдастықтар болу шарт. Мемлекеттен тәуелсіз осы субъектілер өз алдына құқықтық мемлекет құруға себептігін тигізеді. Азаматтық қоғам арқылы әлеуметтік қоғам пайда болады, өйткені олар бірін-бірі толықтырып отырады. Сондықтан, жеке адамдар өздерінің құқықтарын

қорғау арқылы құқықтық мемлекет құра алады. Осыған орай құқықтық мемлекет құру жолында ең алдымен қоғамдық сана формаларының бірі – моральдық санаға ерекше көңіл бөлген жөн. Құқықтық мемлекет құруда моральдық сананың ролі артады. Өйткені біз өмір сүріп тұрған қоғамда әртүрлі әлеуметтік топтар арасында қайшылық көп, сондықтан бір-біріне деген адамгершілік сезімін дамыту, сол қоғамды материалдық, рухани жағынан дамытып жетілдіреді.

Құқықтық мемлекет құруда моральды негізге алатын болсақ, моральдық сананы ізгілікке негіздеп дамытатын болсақ, онда құқық жазалаушы түрі ретінде емес, қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін формалардың бірі болады. Моральдық принципі жоғары тұрған адамға құқықтық нормалардың қажеті жоқ. Оған сот та, жазалаушы орган да, оның өзінің ар ұяты. Міне, сондықтан қоғамда заңға бағынушы, құқықтық нормаларды сыйлайтын индивидті тәрбиелеп шығарғымыз келсе, оны моральдық жағынан тәрбиелеуіміз керек. [7, 1066.].

Моральдық принциптерді негізге ала отыра, заңдарды қабылдау керек. Осыған орай құқықтық нормалардың негізінде моральдық принцип жатыр. Бірақ ол жеткіліксіз, сондықтан құқықтық мемлекет құру үшін оны жетілдіру керек. Қабылданған заңдарға моральдық сипат беру қажет.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. // Қазақстан Республикасы Президентінің <http://www.akorda.kz>. ресми сайты.
2. Мұхамедов М., Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2003.
3. Руссо Жан Жак. Қоғамдық келісім-шарт туралы немесе саяси құқық принциптері. / Ауд. Б.Ж. Смағамбет. – Алматы: Үш Қиян, 2004.
4. Аюпова З.К., Сабикенов С.Н. Концепция правового государства. – Алматы: Ғылым, 1996.
5. Кенжалиев З. Конституция және қоғамдық сана. // Егемен Қазақстан. – 2012. - 25 тамыз.
6. Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Білім, 2004.
7. Жоламан К.Д. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004.

Резюме

В статье в общем контексте построения в Казахстане правового государства поднимаются некоторые проблемы развития духовности. С точки зрения теории прав человека раскрываются некоторые философские этические, духовные аспекты совершенствования государственного аппарата, конституционного строительства

Summary

In the article in the general context of construction some problems of development of spirituality rise in Kazakhstan of the legal state. Some philosophical ethic, spiritual aspects of perfection of state machine, constitutional building open up from the point of view of theory of human rights

ӘОЖ 343.2/.7

М.С.Садиекова, А.Құлымбет, Б.Сарибаева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ЖАСТАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа: Мемлекетіміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасап жатқан іс қимыл әрекеттердің маңыздылығы туралы және жастардың атқаратын ролі мен құқықтық мәдениеті туралы кеңінен айтылады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі туралы айтылады. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтері туралы ашылады.

Кілттік сөздер: Республика, Конституция, құқықтық мемлекет, заң, жемқорлық, ұлт, құқық, мәдениет.

Сыбайлас жемқорлық әлемнің барлық елдеріне жағымсыз көрініс ретінде таныс. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық қай жерде аз жинақталса, сол мемлекет қана шын мәнісіндегі экономикалық өркендеуге қол жеткізетіні ақиқат. Бүгінгі күні жемқорлық, ол - өз мүддесі үшін заңдарды айналып өту жолдарымен материалдық және заңды артықшылықтарды алу, ол - «өз» адамдары есебінен жеке проблемаларын шешу. Ең басты салдары - мемлекеттік қызмет көрсету сапасын төмендету, көлеңкелі экономиканың өсуіне тиімді

алғышарттарды құру, криминалды құрылымдардың бағыттарын, халықаралық терроризм мен экстремизм бағыттарын нығайту сияқты сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз зардаптарының бар болуы.

Жемқорлық қоғамның барлық саласына - экономикаға, әлеуметтік салаға, саясатқа іріткі салуға ықпал етеді, ал оның осы көріністерден туындайтын жағымсыз зардаптары алға басқан қоғамның дамуына бөгет болады, сонымен бірге, ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне де нақты қатер төндіреді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жуықта «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіне ерекше мән берді. «Қазір қазақстандық мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңі бастау алды. Менің Жарлығыммен Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрлік, оның құрылымында – Жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ұлттық бюросы құрылды. Осылайша, тек мемлекеттік қызмет жүйесі ғана емес, сондай-ақ, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл танытатын, яғни жемқорлық көріністерінің барынша алдын алуға бағдарланған жүйе де жаңғыртылып отыр. Бұл жерде жемқорлықпен күрестің өзі барынша дәйекті бола түседі және жүйелі сипатқа ие болады», деп атап көрсетті.

Біздің мемлекетімізде сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған негізгі нормативтік құқықтық акт - Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы қабылданды, сонымен қатар Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы жасалып, ол қоғам өмірінде сәтті түрде жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының бұл мәселеге қатысты бірнеше Жарлықтары қабылданды. Бұдан да бөлек Елбасы Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы халыққа Жолдауында бұл мәселеге ерекше тоқталатынын да айтсақ болады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген.

Жалпы, сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі . Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады.

«Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімі» КММ мемлекеттік тапсырыс шеңберінде «Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы» ЗТБ ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру» тақырыбы бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша Департаменті бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Әулиеата-транспас» ЖШС мекемесінде Ішкі істер департаменті әкімшілік полиция басқармасының өкілдерімен кездесу өтті.

Бүгінгі күнде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру мәселелерін жастардың жастайынан мектеп кезеңінен бастап арнаулы және жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттердің арасында көптеп өткізетін болсақ, бұл ел болашағы жастардың былайша айтқанда осындай мемлекеттің дамуына тежеу болатын факторларға қарсы иммунитеті қалыптасқан ұрпақ тәрбиелейтін боламыз. Яғни, сауаттандыру жұмыстары бүгінгі күнде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бірден-бір шешуші фактордың бірі болып табылады.

Тараз қаласындағы №5 мектеп-гимназиясының 11 ә сыныбымен өткізілген тәрбие сағаты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: білім және тәрбие» тақырыбында өрбіді. Ашық сабақ барысында мамандар жемқорлық бір ғана тұлғаның болашағына қауіп төндіріп тұрмағандығын бірнеше мысалдар арқылы жеткізді. Жастар да індеттің дендеп, ертенгі өмірлеріне зиянын тигізбес үшін барлығы бір кісідей жұмылып алдын алуға өз үлестерін қосатындықтарын жеткізді.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен аудандық орталық және жасөспірімдер кітапханасының оқу залында «Жемқорлықпен күрес – жалқының емес, жалпының ісі» атты сұхбат кеш өткізілді. Сонымен қатар, «Жемқорлықпен күрес – маңызды мәселе», «Жемқорлық – қоғамның азғындауына соқтыратын әлеуметтік індет», «Жемқорлыққа – жол жоқ», «Жемқорлық – індет, жою міндет» атты тақырыбында кештер мен көрмелер ұйымдастырылды.

Ембі қаласында «Парасат» клубының ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлыққа ел болып күресу» атты дөңгелек үстел өткізілді. Сонымен қатар, «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – басты міндет» атты дөңгелек үстел кітапхана оқырмандары арасында өткізілді.

2014 жылдың 30 наурызында Жем қалалық мәдениет үйінде мектеп оқушылары арасында «Жемқорлықпен күрес – барлық Қазақстандықтардың ісі болуы тиіс» дөңгелек үстел өткізілді. Ал, сәуір айының 8-ші жұлдызында «Мақсатымыз – жемқорлыққа тосқауыл қою» атты дөңгелек үстел өтті. Ембі қалалық мәдени орталығында 2014 жылдың 24 шілде күні «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермейік» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Алматы облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы, «Жас Отан» ЖҚ Алматы облыстық филиалы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен «STOP-қылмыс» партиялық жобасы аясында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегияның негізгі ережелерін, функциялары мен міндеттерін түсіндіру негізінде дөңгелек үстел өтті.

Аталмыш кездесудің басты мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың құқықтық сауаты мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениеті деңгейін көтеру, сондай-ақ еліміздің халықаралық рейтингін жақсарту, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыру, нөлдік төзімділік, сондай-ақ жауапкершіліктің пайда болу жағдайларын белгілеу болып табылады.

Дөңгелек үстелге жастар саясаты орталығының қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, блогерлер, жастар, үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері, аудан, қалалық жастар ресурстық орталықтарының жетекшілері жоғары және арнаулы білім беру орындарының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, жастар саясаты орталығының бөлім басшылары қатысты.

Қорыта айтқанда, біздің қоғамда жемқорлыққа жол жоқ екендігін айтқымыз келеді. Қолданылып жатқан шаралар қоғамымызда алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеуде елеулі қорытынды беретініне сенеміз. Салық қызметі органдарының бедел-бейнесін көтеру салық төлеушілердің сенімін арттыруға және салық органдарының жемқорлық көріністерін бағалау кезінде көрсеткішті кемітуге әкеп соғады.

Жалпы, қоғамдағы қандай да болсын келеңсіздіктің алдын алуды әрбір азамат өзінен бастаған жөн деп есептеймін. Бұл ретте, мен өзін отанымыздың патриотымын деп есептейтін әрбір замандасыма айтарым, еліміздің биік белестерді бағындыруы, мемлекетіміздің 50 дамыған елдердің қатарына кіруі сынды асыл мұраттарға қол жеткізуіміз біздің отан алдындағы еңбегімізді адал атқаруымызбен тікелей байланысты.

Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға жиырма бес жылдай уақыт өтті. Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орынын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын тандап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол - Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Жемқорлықты жою үшін ең алғашқы азамат өзінен бастауы керек. Егер әрбір өскелең ұрпақ күрес жұмыстарын өзінен бастап алса, онда біз үлкен қоғам арқылы белсенділікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсылық білдіреміз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық саясат: оқу құралы/ Е.Алауханов.-Алматы: Заң әдебиеті, 2009. -256б.
3. Адамгершілік мемлекеттік қызметшілердің жаңа генерациясы ретінде. / Каыкенова Б.С., Шаханов Е.А., Джусупова Р.С./ . 2011.
4. Бюрократия, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік басқарудың тиімділігі/ В.Д. Андрианов. – М.: Вотерс клубер, 2009. -248б.- Библиогр.: 234б.
5. Сыбайлас жемқорлық және мемлекет: себептер, салдар, реформалар: О.А. Алякринский / С.Роуз-Аккерман. Ағыл. Ауд. – М.: Логос, 2003.- 356б
6. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлықтың психологиялық тетіктері//Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет №1,2015.

Резюме

В статье обращается внимание на проблемы борьбы с коррупцией в Казахстане. В этом контексте поднимаются проблемы развития правовой культуры среди молодежи.

Summary

Attention on strengthening of role of the Kazakhstan patriots idea applies in the article. In this context rises problems of further development of legal politics, construction of the legal state.

ӘОЖ 340

М.С.Садибекова, С.Д. Калышев
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨКЕЙКЕСТІЛІГІ

Аңдатпа: Қазіргі жағдайда жас ұрпақтың жоғары патриоттық сезімдерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін тәрбиелік жұмыстарды жүйелеу қажеттігі мемлекет пен қоғамның өзекті міндеттері, мемлекеттің отбасының, қоғамдық ұйымдар мен мектепке дейінгі барлық деңгейдегі оқу орындарының кешенді түрде өзара әрекет тиімді жұмыстары туралы кеңінен баяндалады. Қазіргі уақыттағы мемлекет патриоттық тәрбие жүйесін аймақтық және республикалық мақсатты жастар бағдарламалары түрінде жаңарту бойынша ведомствалар мен ұйымдардың шоғырландыруға бағытталған тиімді шаралары туралы айтылады.

Кілттік сөздер: Республика, Конституция, құқықтық мемлекет, заң, тарих, ұлт, патриот,

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев жаңа Жолдауында: «Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады... Әрбір қазақстандық биліктің қолдайтынын және тірек екенін сезінуге тиіс» делінген. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ұрпақ тәрбиесін келешек қоғам қамын ойлау тұрғысынан қарастырып, М. Дулатов “Бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсері күшті, сіңімді болуы қай халықтың мектебінде болса да, оқу кітапшасы ана тілінде өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғатынан жазылып, баяндап оқытуды, осылай біліп баяндап оқытқанда, жас баланың ойына, қанына, сүйегіне керекті мағлұмат алып шығады”, - деген болатын. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған соңғы Жолдауында жаңа қазақстандық патриотизм туралы: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтанш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. 2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» деп патриотизм мәселесіне жан-жақты тоқталып өткен болатын. Отаншылдық патриотизм – бұл елдікті, мемлекеттілікті саналы түрде сезіну. Мәселен, кез келген адамның өзі туып-өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен қарауы, өз Отанының мүддесін ойлау, туған жеріне деген адалдық, өз елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерін мақтан ету, өз Отанының бостандығы мен Тәуелсіздігін қорғау, ата-бабаларың мен Отаныңның тарихына құрметпен қарау, сондай-ақ, өзіңнің табанақы, маңдай теріңді туған еліңнің гүлденуіне арнау – бұлардың барлығы да қазақстандық патриотизм деген ұғымның ішіне сияды. Жастардың бойына жоғары патриоттық сезімді және Отанына деген адалдықты қалыптастыру қажет. Ол үшін әр адам өз Отанының мүддесін қорғауда азаматтық борыштары мен конституциялық міндеттерін атқаруға әрқашан дайын болуы тиіс. Парасатты қоғам құру, қазақстандық балалардың тәрбиесін қалыптастыру - әрбіріміздің қасиетті парызымыз болуы тиіс. Патриотизм -Отанға деген іңкәрлік, өз халқыңның табыстарына,жеріңнің игілігіне қуана білу болса, “қазақстандық патриотизмнің” еркшелігі қандай?. Біздің көзқарымыз тұрғысынан алғанда,ол тек қазақтардың ғана емес, осынау кең-байтақ кеңістікті мекендейтін барлық ұлт пен ұлыс өкілдерінің ортақ тілегі-өз елінің тағдырына қобалжуы, жанашыры болуы керек. Әрине, ешкімге де елін, жерін, Отанын зорлықпен немесе жалынып-жалбарынып сүйгізе алмайсың. Елжандылық, туған жерге деген құрмет-әркімнің дербес парызы, ар-ұятының ісі. Ол ана құрсағын жарып шыққан пенденің пешенесіне бірден ұялай

қалмайтыны тағы да ақиқат. Патриотизм- санаға біртіндеп қалыптасатын, тынымсыз тәрбиенің нәтижесінде орнығатын ұлы сезім.

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысы өтіп, онда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланды.

Аталған құжат Елбасы Н.Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде және Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында берген тапсырмаларын іске асыруға бағытталады. Осыған орай, елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылық және этносаралық қатынастар саласында қолданыстағы заңнаманы жетілдіру ұсынылған.

Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық рөлін күшейтетін, қазақстандықтардың қоғамдық келісімі мен ұлттық бірлігін нығайту үшін жағдайлар жасайтын, «Мәңгілік Ел» біріккен жалпыұлттық патриоттық идеялар негізінде бүкіл қазақстандық азаматтық бірдейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыруға ықпал ететін өзгерістер енгізілген. «Қазақстан халқы Ассамблеясының 22-ші сессиясында ел Президенті «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы базасында қазақстандықтарды азаматтық теңдік, еңбек сүйгіштік, әділдік, ғылымдылық культі және білім сынды құндылықтар төңірегіне топтастыруды айқындады. Мемлекет басшысының 5 институттық реформасы аясындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының «Бірдейлік және бірлік» атты 4-ші бағыты жалпықазақстандық бірдейлікті, қоғам бірлігін, «Мәңгілік Ел» құндылықтары жүйесін нығайтуды көздейді. Аталған міндеттерді шешу мақсатында біздер қолданыстағы заңнаманы қоғамдық-саяси тұрақтылық саласын жетілдіруді ұсынамыз», - делінген. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясымен байланысты бірқатар норманы қосуды қамтиды. Мәселен, Заңның «Ассамблеясы мақсаты» атты бабы мынадай редакцияда жазылады: «Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени орталығы ретінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясымен біріктірілген қазақстандық азаматтық бірдейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімі қамтамасыз ету болып табылады».

Өркімнің өскен ортасына, қалыптасқан қоғамына қарай түрліше дамып, алуан сатылы деңгейде болатын, үздіксіз тәрбиенің жемісі. Сырт қараған адамға елімізде “қазақстандық патриотизм” мәселесі жоқ тәрізді елес береді. Біріншіден, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мәлімдегеніндей, қазақстандықтардың 90 пайызы, қай ұлттық өкілі болғанына қарамастан, өздерінің Отаны Қазақстан деп мойындайды. Екіншіден, Қазақстан бұрынғы Кеңестер Одағынан бөлінген мемлекеттер арасында ұлтаралық, саяси, мүдде аралық, конституциялық тәртіп, т.б. жағынан алғанда тұрақтылығымен ерекшелінген. Бұның екеуіде тамаша көрсеткіш өлшемдері. Көп елдерде патриотизм сезімі ерекше жоғары дамыған, қоғамда мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау қалыптасқан. Мысалы, “Американдықтар өз елдеріне қатысты нәрсенің бәрін дүние жүзінің ең үздігі деп есептейді: мемлекеттік рәміздерін - ту, елтаңба, әнұраннан бастап, шайнайтын сағызға дейін”. Жоғарда айтып өткеніміздей, патриотизмдердің ең алғашқы шарты- мемлекеттік рәміздерге – туға, елтаңбаға, әнұранға құрмет. Өйткені, оларда халқымыздың өткен өмір тарихы, бүгінгі игіліктеріміз, болашақ мақсаттарымыз айшықталған. Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының құрамында болған ұлттармен ұлыстар арасында ерлік көрсету көрсеткіші жағынан қазақтардың шоқтығы биік. Ресми деректерге сүйенсек, қыркыншы жылдардың қырғынына қатысқан қазақ ұлты перзентінің жүзбіріне Кеңес Одағының батыры атағы беріліпті. Яғни, жалпы көрсеткіш бойынша, Одақтың негізін құраған үш славян халқы мен еврей және татарлардан кейінгі орындарда қазақтар тұр. Өктемдігі жүріп тұрған ұлттың кейбір өкілдерінің тарапынан болған кейбір әділетсіздіктерді солақай саясатты есепке алсақ, халқымыздың қаһармандығы күмәнсіз. Бұл - патриоттық тәрбиенің жемісі. Оның ішінде ізгілікке, адамсүйгіштікке, парасаттылыққа негізделген идеяның игілігі. “Қоғамда Қазақстан - біздің Отанымыз, бұл ұғымға өте көп нәрсе кіреді деген қарапайым ойды қалыптастыру керек” - деген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзі терең ойдан туындаған пікір.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері балалардың, жасөспірімдердің оқу- тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Оқу- тәрбие ісінде назар аударып отырған тәрбие салаларының бірі- патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасы көп ұлтты іргелі ел. Интернационалдық және патриоттыққа тәрбиелеу - күрделі педагогикалық үрдіс. Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жету қазақ халқының және республикада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүниетанымының өсуіне жағдай жасады. Жас жеткіншектерді Отанын сүюге тәрбиелеу бір кезендік іс емес. Интернационалдық және патриоттық тәрбиені қалыптастыру процесінің өз идиологиясы және айқын жүйесі бар. Мектептерде жас жеткіншектерді Отанын сүюге тәрбиелеу қазақ халқының батырларының өмірі мен ерліктерін олардың туған жерін жауларынан қаймықпай қорғағандықтарын баяндау арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан батырлары мен танымал тұлғалары көп ел екені даусыз. Ал оларды тәрбие беру құралына айналдыру елтану бағытында жасалған онды шара. Мысалы, Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Ер Көкше, Баян батыр, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек батырлар. Тарихты бағалау жастарға Отан қорғаудың үлгілі жолын көрсетіп тұрғандай әсер қалдырады. Сондықтан ұстаздар Қазақстан патриотизмін арттыруды өз дәрістері мен ізденістерінде басты назарда ұстауы тиіс.

Жас жеткіншектерді Отанын сүюге тәрбиелеуде ақын, жыраулардың тағылымдарын оқытудың мәні зор. Қорқыт ата жеткіншек, жас өспірімдердің жаны мен қоса тәнінің шынығуына, елі мен жерін жан тәні мен сүйіп, осы қасықтай қаны қалғанша жаудан қорғайтын жаужүрек батыр болғанын аңсайды. XIX ғ. 30-40 жылдарында Қазақстанның батыс аймақтарын мекендеген ақын және батыр Махамбет Өтемісұлы мен оның жерлесі Исатай Таймановтың ерліктері елі үшін күресуде және туған халқына қызмет етуде интернационалдық және патриоттық тәрбиенің жарқын үлесі болады.

Білім негіздерін меңгеруші шәкірттер үшін Әбу Насыр Әл-Фарабидің өз басында, еңбектері де теңдесі жоқ өнеге. Ол өзінің туған жұртын, кір жуып кіндік кескен кең даласын жанындай жақсы көріп, барынша қастерлеп өткен нағыз патриот ғалым еді. Сонымен қатар әлемдік озық мәдениеттің шоқ жұлдыздары: Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев еңбектерінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі мол. Осы ғасырдың басында тәлімдік ой пікірмен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың педагогикалық тұжырымдары өмір шендігімен жұртты қайран қалдырады.

Жеткіншектерді интернационалдық және патриоттыққа, Отанын сүюге, елін қорғауға бұрынғы Кеңес Одағы кезеңінде жүргізілген іс шараларды жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы туралы айтпауға мүмкін емес десекте Кеңес Одағының ыдырауы, алғашқы кездегі халықтың белсенділігі, артынша өмір сүру деңгейінің төмендеп кетуі, экономикадағы дағдарыс құбылысы адам көңіл-күйіне әсер етті. Жаңа құрылып жатқан Қазақстан Республикасына оның нарықтық экономикаға өтуіне қалыпты жағдай жасаған жалпы халықтың қолдауы осы отаншылдықтың арқасында болды. Алайда Қазақстанның Тәуелділік алуымен жас өспірімдерді тәрбиелеуде және оларды отаншылдық көз-қарасын қалыптастыруда жаңа бағыт пайда болды.

Тәрбие - халықтың ғасырлық бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, өмірге деген көз-қарасын және оған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Соның ішінде азаматтық тәрбиенің тірегі отаншылдық болып табылады. Мектеп барлық кезде оқушыларды Отанды сүю және қорғау сезімдерін дамытты және дамытып келеді. Интернационалдық және патриоттық тәрбие деген кең мағыналы, қасиетті ұғым. «Отан от басынан басталады» - деп айтады халқымыз. Әрбір адамның от басы, туған жері өскен ортасы, ауылы, елі - оның Отаны. Өмірге келген адамдардың бәрінде міндетті түрде, рефлексіті тұрғыда интернационалдық және патриоттық сезімі туа қалмайды. Патриотизм, отаншылдық сезімі ананың құрсағынан даритын биологиялық құбылыс емес, бұл психологиялық құбылыс.

Басты назар оқу орындарындағы тәрбиелік жұмыстар органдарының барлық тізбегіндегі кешендік істер проблемаларына аударылуы тиіс, мұнда студенттің алғашқы досы болып, оның тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер ететін ұстаз-тәлімгер қызметі бірінші кезекте шығарылады. Тәлімгер жұмысының тиімділігі тұлғалық қасиеттеріне ғана емес, қызметінің ынталандыру деңгейіне жұмысының үнемі мониторингіленуіне байланысты екені даусыз.

Адам бүгінгі өзі басып жүрген топырағын, суын қадір-қасиетін жете сезініп, өз еліне деген мақтаныш сезімі күшейе бастайды. Халықтың патриоттық сезімін қалыптастыру үшін алғышарттар пісіп-жетілуі керек. Сол алғышарттардың пісіп-жетілуін сабақтаса адамдардың сана-сезімі артып, жаңа құндылықтарды, оның ішінде интернационалдық және патриоттық сезімді бойына молырақ, сезінетін болады. Қазақстанда мекендеген халықтардың тіліне, дініне, аз-көптігіне қарамастан тең құқықтығын, іс-жүзіндегі теңдігін жария етіп, ешкімге де артықшылық жасамайтынын атап көрсетеді. Қазақстанды барша жұртшылықтың сүюіне жетелейтін бірінші саяси фактор-Конституцияның негізі. Екінші арнасы-экономикалық негіз. Ұзақ мерзімді басым мақсаттар негізінде-экономикалық өсіп-өркендеуін алға қойды. Интернационалдық және патриоттық сезімді қалыптастырудың тағы бір алғышарты-халық пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту.

Қазақстандық патриотизм идеясының, халқымыздың сапасын кеңінен билеуі өз тарапынан республиканың, өсіп-өркендеуіне, жап-жақсы гүлденуіне Елбасы Н.Ә.Назарбаев стратегиясының іске айналуына қызмет ететіні сөзсіз. Жас ұрпақты ұлттық бірлікке, Отанын, елін, жерін сүюге, ұлттық тәуелсіз мемлекетті нығайтуға өз үлесін қосуға тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Көркем шығармаларда патриоттық сезімді ардақтап, батырлық, ерлікке мадақталу, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген. Бұл тақырыпта әңгіме, ертегі, өлең, жырлар туғанын, оларда халықтық батырлық, ерлік істерді және оны жасаушыларды ардақтағанын білуге болады. Егер, бала жас кезінен ұлттық жырларымыздың сұлулығын сезініп, мазмұнындағы адами құндылықтарды бағалай білсе, оның өз Отанына, халқына, төл өнеріне сүйіспеншілігі артатыны сөзсіз. Ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі - ертегілер. Қазақ халқы, оның ішінен шыққан дана адамдар өз заманының адамдарына да, кейінгі ұрпақтарына да жақсы тәрбие беруді көздеген. Көп ертегілерде суреттелетін әділдік пен жауыздық арасындағы күрес бастауыш сынып оқушыларының патриоттық сезімдерін оятуға септігін тигізеді. Ертегілер оқушылардың қиялын дамытып, жақсы мінез-құлық қалыптастырады, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге шақырады, өзінің елін, жерін қорғауға, сүюге тәрбиелейді. Еліміздің азаматтарын, қазақ жігіттерін жан-жақты, "сегіз қырлы, бір сырлы" азаматтар етіп тәрбиелеуде ұлттық ойындардың атқарар маңызы жайлы іс жүзінде Отан қорғауда, күрес үстінде көріп-біліп, оның күш-қуатына көзі жеткен батыр Б.Момышұлы өзінің "Соғыс психологиясы" еңбегінде ұлттық әдет-ғұрыпты сақтай отырып, жеңіске жетуге болатындығын айтады. Өзінің күрес үстінде сыналып, шыңдалған

тәжірибесінде байқалған, өз елін, жерін сүйетін азаматтар тәрбиелеуді халықтың дәстүрінен бастау керек екендігіне көзі жеткен батыр Қазақстан Халық кеңесі төрағасынан жастар тәрбиесінің бөліміне хат жолдағаны тағы бар: "Мен өз тәжірибемнен көзім жетті, жауынгерлік қасиеттерді дарытуда халықтық ұлттық салт-дәстүрлердің үлкен маңызы бар. Олар ойын, көкпар, бәйге, аударыспақ, күрес" деп жазған. Сондықтан біз ел қорғайтын ер азаматтар - тәрбиелеуде халықтың дәстүрлік тәжірибесін мектеп табалдырығында қазіргі әскери тәрбие саласына терең енгізіп, жауынгерлердің қазақ батырларының ерлік істерін оқып, үйренуіне баса назар аударсақ, сондай-ақ сөз құдіретін түсіну - ер азамат үшін керек болса, мұның бәрі жауынгерлерді сабырлылыққа, ұстамдылыққа үйретіп, отанды сүю тәрбиесіне өзіндік үлесін қосары даусыз. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру барлық пәндердің үлесіне жатады. Сондықтан пәнге оқушылардың ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімді. Егемен ел атанып, Тәуелсіздіктің арайлы ақ таңы атқан күннен бастап, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, мемлекетшілдікке, ұлтжандылыққа баулу ісі күн тәртібіне қойылды. Кең байтақ қазақ даласын пана еткен тілі басқа болса да тілегі бір, түрі басқа болса да жүрегі бір барша халықтың бойына қазақстандық патриотизмді дарыту өте-мөте маңызды дүние. Бүгінде бұл мәселе барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың өзегіне айналууда. Патриотизмнің негізгі мағынасы әр азаматтың ұлтын, Отанын сүюден туындайды. Тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көздейтін патриотизм белгілі бір уақытпен шектелетін науқандық шара емес. Сондықтан стратегия – патриоттық тәрбие жүйесін нысаналы дамыту арқылы азаматтардың бойындағы жоғары патриоттық сананы қалыптастыруды, өз елі үшін мақтаныш сезімін оятып, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтың борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға деген дайындығын тәрбиелеу мақсатын алға қояды.

Әдебиеттер

1. Кыверялг А.А. Методы исследования в профессиональной педагогике.
2. Таллин: Валгус. 2001.-335 с.
3. Загвязинский В.И. Методология и методика педагогического
4. исследования.-М.: Педагогика.-2002.-160 с.
5. Подласый И.П. Педагогика: Новый курс: Учеб. для студ. высш. учеб.
6. заведений: В.2 кн. – М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, 2002 – 576 с.
7. Прокопьев И.И. Основы общей педагогики. Дидактика/ Учеб. И.И.
8. Прокопьев, Н.В. Михалкович. – Мн.: ТетраСистемс, 2002. – 265 с.
9. Пуйман С.А. Основные положения курса педагогики / С.А.Пуйман. –
10. Мн.: «ТетраСистемс», 2001. – 256 с.

Қосымша әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. // Қазақстан Республикасы Президентінің <http://www.akorda.kz>. ресми сайты.

Резюме

В статье обращается внимание на усиление роли казахстанского патриотизма. В этом контексте поднимаются проблемы дальнейшего развития патриотизма, построения правового государства.

Summsry

Attention on strengthening of role of the Kazakhstan patriots idea applies in the article. In this context rises problems of further development of legal politics, construction of the legal state.

М.С.Садиекова, А.Дусбаева, М.Қалыбай
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ПЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа: Қазіргі жағдайда еліміздегі сыбайлас жемқорлық әрекеттері мен оның алдын алу жолдары туралы баяндалады. Мыңжылдықтар тоғысындағы тарихы тереңнен бастау алатын сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отырғаны туралы мәлімделеді. Өз кезегінде, Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті туралы кеңінен айтылып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте іс-қимыл жүйесін жасауда, заңнамалық база әзірлеуде еліміздің жасаған еңбегі мен заң жұмысының мәселелері туралы кеңінен айтылады.

Кілттік сөздер: Республика, Конституция, құқықтық мемлекет, заң, жемқорлық, ұлт, құқық, әділет

Жалпы дүниежүзінде жемқорлық әлемдік масштабтарға ие болды. Сыбайлас жемқорлық мәселесін шешуге БҰҰ, Еуропа Одағы, Еуропа Кеңесі, Америка мемлекеттерінің ұйымы, сонымен қатар, Экономикалық Ұлтымақтастық және Даму Ұйымы қосылады. Тарихи дамудың қазіргі кезеңінде жемқорлықтың трансұлттылығы бүкіл қоғамдастық қауіпсіздігі үшін төндіретін қауіпті бейтараптандыру үшін халықаралық деңгейде жаһандық шаралар қабылдауды талап етеді. Халықаралық жемқорлыққа қарсы мыналарға бағытталған құқықтық, саяси, ұйымдастырушы шаралар кешені ретінде стратегия қажет: 1) қоғамдық жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру; 2) жемқорлықтың зияны туралы хабардарлықты көтеру; 3) жемқорлық құқық бұзушылықтарды сыныптаудың халықаралық стандарттарын қамтамасыз ету, заң құзыреті әділет параметрлерін унификациялау; 4) жемқорлық әрекеттерді айқындау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін оның алдымен қаржы саласында ашықтық атмосферасын жасау.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жетуде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат әр түрлі халықаралық ұйымдардың халықаралық-құқықтық актілеріне бағытталған. Жемқорлық мәселесіне Біріккен Ұлттар Ұйымы үлкен көңіл бөледі. Әлемдік құбылыс ретінде жемқорлыққа қарсы бағытталған бірнеше декларация мен конвенциялар қабылданғанын төменде байқауға болады. 2003 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» Конвенциясын қабылдады. Конвенцияның жағымды жақтары көп, бірақ та Конвенцияда қарастырылған сыбайлас жемқорлықпен күресудің көптеген шараларына қарамастан, оларды орындау құқық бұзушыға деген тиісті санкциялармен қамтамасыз етілмеген. БҰҰ қарамағында құрылған ұйымдар жемқорлыққа қарсы құралдарды жасауда белсенді қызмет атқарады. Халықаралық қылмысты алдын алу орталығы, Біріккен Ұлттар Хатшылығының қылмысты алдын алу және нашарлықты қадағалайтын басқарма аймақаралық қылмыс бойынша Біріккен Ұлттар Институтымен бірге «Жемқорлыққа қарсы әлемдік бағдарламаны» жасады.

Шетелдік мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының парақорлығымен күресу жөнінде Экономикалық Ұлтымақтастық және Даму Ұйымының 1997 жылғы 21 қарашада қабылданған және коммерциялық іс-әрекет жүргізу барысында шетелдік мемлекеттік шенеуніктерге пара беруді қылмыс деп жариялау мәселесіне арналған «Халықаралық іскери операцияларды жүргізу барысында шетелдік мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының парақорлығымен күресу жөнінде» Конвенция. Бұл конвенция коммерциялық ортада салауатты бәсекелестікті қалыптастыруда алғышарт болып есептеледі. ЭЫДҰ сипатталған құқықтық бастамасының маңыздылығы үш кезеңмен анықталады. Біріншіден, ол Солтүстік және Оңтүстік елдерге сыбайластық төлемдердің ағылып келуін қысқартады. Бұл тиісті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру үшін және сауда-саттықтың әділ жағдайларын сақтау үшін қолайлы ахуал жасауға тікелей септігін тигізеді. Екіншіден, ол жаһандық масштабта басқару нормаларын дайындау үшін үлгі бола алады. Еуропа Одағы 1995 жылы «Өзінің қаржы мүддесін қорғайтын Конвенцияны» қабылдады. Осы құжатқа қосымша ретінде 1997 жылы Еуропа Одағы «Еуропа қоғамы және осы қоғамдардың мүше-мемлекеттерінің лауазымды адамдары кірген жемқорлыққа қарсы күрес туралы Конвенция» қабылдады. Еуропамен салыстырғанда 1996 жылы Америка мемлекетінің ұйымы көлемді құжатты қабылдады. Америкааралық Конвенция жемқорлыққа қарсы күресті кең түрде қолдайды. Бұл аймақтық келісім (АҚШ-ты қоса, АМҰ мүшелерінің көпшілігі қол қойған) мүше мемлекеттің өз аумағында конституцияға бағындырылған жемқорлық әрекетті жоюға бағытталған шараларды қолдануды, отандастарының және резиденттерінің шет елдегі әрекеттеріне жауап беруді талап етеді. Бұл Конвенцияны Оңтүстік және Солтүстік Американың 20 мемлекеті бекітті. Осы құжат мемлекеттің ішінде жасалған қылмысқа ғана емес, трансұлтты қатынастарға да таралады. Аталған құжаттардың әрқайсысына үшінші бөлімде жеке-жеке тоқталатын боламыз.

Мыңжылдықтар тоғысындағы тарихы тереңнен бастау алатын сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отырғаны мәлім. Өз кезегінде, Қазақстан тәуелсіздік алған кезден

бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті етіп қойып, мәселені күн тәртібіне жиі шығаратын болды. Кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте іс-қимыл жүйесін жасауда, заңнамалық база әзірлеуде еліміздің көшбасшылық жағдайды иеленіп отырғаны кездейсоқ емес. 1998 жылы Қазақстан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды бірінші болып қабылдады, онда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялық саясаттары белгіленді. Оның жүзеге асырылуына 10 жылдай уақыт өтті. Содан бері заңға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, заман талабына сай күресудің жаңа жолдары қарастырылды. Алайда осы заңға дейін де ел Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты бірқатар нормативтік актілерге қол қойған. Сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күреске арналған бірқатар жарлықтар бұл бағыттағы жұмыс сабақтастықта, өскелең түрде жүріп жатқандығына дәлел. Сөйтіп, 1992 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті күшейту жөніндегі іс-шаралар туралы» Жарлығы қабылданып, сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестің ұйымдастырушылық және өзге де алғышарттарын қалыптастырды. Осындай қылмысқа ықпал ету шаралары айқындалды, оның ішінде тәртіптік, мүлкітік және әкімшілік сипаттағы қылмыстың алдын алу шаралары. Жарлықта республикамызда қылмыстық кәсібиліктің нығайып, ұйымдасқан сипатқа ие болып келе жатқандығы, баяндалады. Осы Жарлықтан кейін мынадай қаулылар қабылданды: 1992 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік басқару органдарындағы лауазымды тұлғалардың тәртіп, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік ахуалы үшін жауаптылығын арттыру туралы» қаулы, 1994 жылғы 11 ақпандағы «Қылмысқа қарсы күресті күшейту туралы» қаулы, сондай-ақ 1994 жылғы 9 маусымдағы «Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар туралы» қаулы және тағы басқа. Осы құжаттардың барлығында парақорлық пен сыбайлас жемқорлық қоғамның, мемлекеттің мүдделеріне қайшы келетіндігінен, Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттарымен сыйыспайтындығы туралы және ерекше аталып өтіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 қарашадағы «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі іс-шаралар туралы» Жарлығы ұлттық қауіпсіздік органдарына, дәстүрлі міндеттерін шешуімен қатар, сыбайлас жемқорлық жолына түскен жоғары қызметтегі шенеуніктерге, әскери қызметкерлерге, прокурорларға, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, арнаулы қызмет пен судьяларға, сондай-ақ контрабанда және есірткі бизнесіне қарсы күреске барлық күштерін жұмылдыруды міндеттеді. Ел басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бет алысы батыл әрі дәйекті екенін атап өту қажет. Сөйтіп, 1998 жылғы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіне арналған Үндеу жолдады. Елбасының осы Үндеуі 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылданғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды және біздіңше, Үндеу аталған заңның кіріспесі ретінде қабылдануы тиіс. Аталған заңның негізіне БҰҰ және ТМД-ның Парламентаралық ассамблеясының аясындағы халықаралық ұйымдар әзірлеген модельді актілер алынған. Заңның мақсаттары: Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының негізгі ережелерін жүзеге асыру; ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық мүдделерді қорғау. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және қылмысты ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және өзге де тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз ету.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық саясат: оқу құралы/ Е.Алауханов.-Алматы: Заң әдебиеті, 2009. -256б.
3. Адамгершілік мемлекеттік қызметшілердің жаңа генерациясы ретінде. / Каыкенова Б.С., Шаханов Е.А., Джусупова Р.С./ . 2011.
4. Бюрократия, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік басқарудың тиімділігі/ В.Д. Андрианов. – М.: Вотерс клубер, 2009. -248б.- Библиогр.: 234б.
5. Сыбайлас жемқорлық және мемлекет: себептер, салдар, реформалар: О.А. Алякринский / С.Роуз-Аккерман. Ағыл. Ауд. – М.: Логос, 2003.- 356б
6. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлықтың психологиялық тетіктері//Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет №1,2015.

Резюме

В статье обращается внимание на проблемы борьбы с коррупцией в Казахстане. В этом контексте поднимаются проблемы дальнейшего развития законов о борьбе с коррупцией.

Summary

Attention on strengthening of role of the Kazakhstan patriots idea applies in the article. In this context rises problems of further development of legal politics, construction of the legal state.

ӨОЖ 514.14.12

Ж.А. Сарсенбеков, Г.Ж. Есіркепова
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Мемлекеттік басқаруда Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үшін ең алдымен мемлекеттік басқару түсінігі мен оның тиімділігін анықтай келе, мемлекеттік басқару жүйесінің жаңғырту бағыттарын сатылы-сапалы түрде жүзеге асыру керек. Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мен дамыту мәселелерін қарастырғанда, міндетті түрде ұлттық патриоттықты қалыптастыру тарихындағы мемлекет басшылары мен зиялы қауым өкілдерінің тәжірбиесін ескере отырып Жаңа Қазақстандық патриотизмнің негіздерін шегелеу керек.

Кілттік сөздер: Қазақстан, Президент, патриотизм, жаңғырту, демократия, мемлекеттік басқару, жолдау, Мәңгілік ел, стратегия.

Бүгінгі уақытта Қазақстан Республикасында болып жатқан саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мемлекеттік басқаруда Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мен жаңғыртуды талап етуде. Әсіресе, елімізде демократияландыру үрдістері жүріп жатқан кезде, мемлекеттік басқаруда білім мазмұнын ұлттық ерекшеліктер негізінде құру, мемлекеттік қызметкерлердің бойында патриоттық сезімді ұялату мен мемлекеттік тілдің құндылықтарын қалыптастыру, сонымен қатар өсіп келе жатқан жас ұрпақты рухы биік, саналы, отансүйгіштік сезімі жоғары тұлға етіп тәрбиелеу қажеттігі туындап отыр.

Қазіргі таңда, мемлекеттік басқарудағы қазақстандық патриотизмнің негіздері мен дамуын зерделеп, оның маңызы мен құндылықтарын мемлекеттік басқару қызметкерлерінің бойында кеңінен насихаттау арқылы қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті тақырыбы екенін және мемлекеттің басты мәселесі екенін ескергеніміз жөн.

Мемлекеттік басқаруда Қазақстандық патриотизмді жаңғырту мақсатында Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев, өзінің «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде халықтар арасындағы бірлікті нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, тіл мәдениетін орнықтыру мәселелеріне тоқталып: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы Отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді» - делінген.

Мемлекеттік қызметті және мемлекеттік басқару құрылымын құру ел Президентінің «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауында, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында шешуші міндеттерді айқындағаны белгілі.

Мемлекеттік басқару жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметтерді одан әрі кәсібилендіруде Жаңа Қазақстандық патриотизмнің негіздері бүгінгі қоғамда жаңғырту бағытында. Мемлекеттік басқаруда қызметтің жаңа моделі қалыптасуда. Мұндай мемлекеттік басқарудағы қызметтің жаңа моделін қалыптастыру мақсатында мемлекеттік қызметте адами капиталды басқару тетіктері қалыптасты.

Мемлекеттік басқарудың өзіне тән қасиеті мемлекет жүргізген халықаралық саясат шеңберінде қарастырылады. Мемлекеттік басқару тиімділігін бағалау биліктің мемлекеттік органдары үшін де, қоғам үшін де өте қажет екені белгілі. Сондықтан да, қоғамға ол мемлекеттік институттардың қызметінің сапасын бақылауға үлкен мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы Қазақстан мемлекетінің базалық құндылықтары – бұл саяси демократия, мемлекеттің егемендігі, өндірістің құралдарына меншіктің алуан түрлілігі мен плюрализмге негізделген оның тұтастығы мен қауіпсіздігі, құқықтық заңы, саяси және әлеуметтік құқықтары мен адамның бостандығы, еркін еңбек етуі болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Біздің мақсатымыз – мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру дей келе, ол қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа міндеттеріне сай болуы тиіс» деп, еліміздегі мемлекеттік басқару жүйесін барынша заңды түрде жаңғыртуға міндеттеді.

Шындығында атап өтуіміз керек, Елбасының сарабал саясатының барысында егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасы қаланды, басты әлем мойындаған ұлтаралық келісім құндылықтары қалыптасты.

Мемлекеттік басқарудағы мемлекеттік тілдің маңызы мен Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы Мәңгілік Ел болу еді. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану мен қатар ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Әрине ата-бабаларымыздың арманы ол заманда белгілі бір тарихи-саяси қайшылықтардың нәтижесінде жүзеге аспады, ал біздің ұрпақ Елбасының саликалы саясатының арқасында бұл арманды ақиқатқа айналдырды. Біз Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық деп келешек ұрпаққа мақтана әрі сенімді айта аламыз.

Егемен ел жағдайында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың елін-жерін сүйетін, ана-тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету бүгінгі мемлекеттің басты мақсаты.

Жаңа Қазақстандық патриотизм – ол өзінің туған жеріне, ана тіліне, мемлекетке деген сүйіспеншілік сезімі, сол мемлекеттің, Отанының гүлденуіне, өсіп өркендеуіне өз үлесін қосу, қызмет ету болып табылады.

Жалпы, еліміздің тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан мемлекеттік басқару жүйесінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін саралай отырып, ұлттық патриоттықты қалыптастыру тарихындағы мемлекет басшылары мен зиялы қауым өкілдерінің ролін және мемлекеттік басқарудағы Жаңа Қазақстандық патриотизмді жаңғыртудағы мемлекеттік тілдің маңыздылығын біртұтас заңды жүйе ретінде қарастыру бұл тақырыптың құқықтық-саяси деңгейін барынша ашуда.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасын іске асыру Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру саласында қоғамның қажеттіліктерін, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қанағаттандыру деңгейін арттыруға бағытталған бірыңғай, сындарлы саясат жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Мемлекеттік басқаруды реформалаудың негізгі мақсаты 2015 жылға қарай корпоративтік басқару, нәтижелілік, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттары негізінде мемлекеттік басқарудың жаңа сапалы моделін құру арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандығын барынша іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуге бағдарлай мемлекеттік қызмет жүйесін одан әрі кәсібилендіру қажеттігі туындады.

Жалпы қорыта айтқанда, мемлекеттік басқаруда Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үшін ең алдымен мемлекеттік басқару түсінігі мен оның тиімділігін анықтай келе, мемлекеттік басқару жүйесінің жаңғырту бағыттарын сатылы-сапалы түрде жүзеге асыру керек. Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мен дамыту мәселелерін қарастырғанда, міндетті түрде ұлттық патриоттықты қалыптастыру тарихындағы мемлекет басшылары мен зиялы қауым өкілдерінің тәжірибесін ескере отырып Жаңа Қазақстандық патриотизмнің негіздерін шегелеу керек. Ал, мемлекеттік басқару мен патриотизмді қалыптастыруда мемлекеттік тілдің ролі мен орнын айқындау барысында оның заңды әрі құқықтық маңыздылығын ұстану қажет.

Зерттеліп отырған мәселе күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын терең қамтып шығу мүмкін емес. Бірақ бұл мәселенің айқындалған жағдайлары келешекте мемлекеттік басқаруда мемлекеттік тілдің маңызы мен Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, жоғары оқу орындарының студенттеріне патриоттық тәрбие беру мәселесін зерттеуге негіз бола алады деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә, ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылдың 15 қарашасындағы № 1226 Жарлығы.
3. Назарбаев Н.Ә, Елбасының Қазақстан халықтары Ассамблеясының 2006 жылғы 24 қазандағы XII сессиясында сөйлеген сөзі.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
5. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданды.

Резюме

В этой статье рассматривается политическо-правовые, социально-экономические изменения в государственной управлении Республики Казахстан происходящие на сегодняшний день, которые требуют становления и возрождения идей Нового Казахстанского патриотизма. Особенно, когда в стране проводятся процессы по модернизации государства, образовательное содержание в государственной управлении на достроитна основе национальных особенностей.

Summary

In this article on considered political and legal, social and economic change in state management of the Republic of Kazakhstan occurring on today which demand formation and revival of ideas of New Kazakhstan patriotism. Especially, when in the country processes on democratization of the state in carried out, educational contents is state management is necessary builds based on national peculiarities.

ӘОЖ 342.751.5:341.615

Ж.С. Калканова, К.Б. Усипбаева
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**ОСОБЕННОСТИ ПРАКТИКИ ПРИМЕНЕНИЯ И РЕАЛИЗАЦИИ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И СТРАН СНГ ОБ УСЫНОВЛЕНИИ**

Аннотация: Реализация на практике новых положений законодательства, направленных на защиту прав и законных интересов детей при усыновлении, позволит избежать злоупотреблений в этой важной социальной сфере деятельности государства, поможет детям под контролем суда с учетом их интересов обрести нормальную полноценную семью.

Ключевые слова: усыновление, защита прав, усыновитель, усыновляемый, семейные отношения, семья, брак, законодательство

В соответствии с международным и казахстанским законодательством обеспечение интересов детей - основополагающая задача семейного права. Ребенок является самостоятельной личностью, имеющей с момента рождения определенные права. Условия усыновления по законодательству показывают, что многие нормы универсальны, проверены временем, имеют много общего и целесообразность их существования не вызывает сомнений.

Проблемы и сложности, связанные с усыновлением детей, существовали на всех исторических этапах становления этого института и были присущи практически всем правовым системам. Это связано как со сложностью самого института усыновления, так и с внутренней политикой государства на определенном этапе его развития; существующим уровнем развития законодательной техники, накопленным и обобщенным опытом решения практических задач в области усыновления; меняющейся геополитической обстановкой в мире [1].

Законодательство государств бывшего СССР об усыновлении имеет общие черты с современным законодательством Республики Казахстан. Но есть и особенности, обусловленные спецификой и индивидуальностью развития семейных правоотношений в конкретной стране. Анализ общих тенденций развития института усыновления в странах, которые имели единую правовую, политическую, социальную систему, имеет большое значение для наиболее полного освещения рассматриваемой темы. По законодательству стран СНГ семейное воспитание детей является приоритетным. В большинстве стран СНГ прямо провозглашена цель усыновления - интересы несовершеннолетнего [2].

Так, в Семейном кодексе Молдовы приоритет воспитанию детей в семье, проявление заботы о воспитании и содержании несовершеннолетних, защита их прав и интересов названы принципами семейного законодательства Республики [3]. Законодатели устанавливают целый ряд условий, соблюдение которых необходимо для усыновления. Основным является условие о возрасте усыновляемых и усыновителей.

В большинстве стран СНГ усыновление допускается только в отношении несовершеннолетних. В Семейном кодексе Молдовы уточняется: усыновление в отношении детей, которые стали полностью дееспособными до достижения совершеннолетия, не допускается. Однако семейное право Латвии разрешает усыновление совершеннолетних при условии, если к моменту усыновления между усыновителем и усыновляемым уже сложились отношения родителей и ребенка [4]. А в Семейном кодексе Украины указано: "В исключительных случаях суд может постановить решение об усыновлении совершеннолетнего лица, которое не имеет матери, отца или было лишено их заботы". Кроме перечисленных условий о возрасте усыновляемого ребенка, Семейный кодекс Украины дополнительно устанавливает: "Дети, от которых родители отказались в родильном доме, могут быть усыновлены только по достижении ими двухмесячного возраста" Законодательство всех рассматриваемых государств особое внимание уделяет случаям усыновления тех, у кого есть братья (сестры). Усыновление братьев разными лицами не допускается, за исключением случаев, когда оно отвечает интересам детей. Такое правило существует в Таджикистане, Казахстане, Молдове, Армении и Азербайджане. В Молдове, помимо того, раздельное усыновление возможно, когда один из братьев не может быть усыновлен по состоянию здоровья. Аналогичная норма установлена Гражданским кодексом Литовской Республики, в котором также указано на возможность разлучения братьев (сестер) при усыновлении - "...когда вследствие каких-то обстоятельств сестры и братья уже были разделены и нет возможности обеспечить их совместное проживание".

Наиболее детальной представляется формулировка условия об усыновлении братьев (сестер) в законодательстве Беларуси. Как и в других странах СНГ, их раздельное усыновление не допускается, за исключением случаев, когда оно отвечает интересам детей. Однако разъединение братьев и сестер возможно, если усыновители не настаивают на сохранении тайны усыновления и обязуются не препятствовать общению усыновляемого ребенка с братьями и сестрами. В случае их разъединения при усыновлении суд возлагает на усыновителя обязанность сообщать ребенку об имеющихся у него братьях и сестрах и их местонахождении.

Усыновителем в исследуемых странах может быть только совершеннолетний. В Эстонии, Латвии, Молдове установлено абсолютное условие о возрасте - 25 лет. С разрешения суда в Эстонии этот возраст может быть уменьшен, минимальной разницы в возрасте не устанавливается. В других странах законодатели устанавливают минимальную разницу в возрасте между усыновителем и усыновляемым. В Казахстане, Азербайджане, Кыргызской Республике, Таджикистане, Грузии и Беларуси необходима разница в 16 лет, в Молдове и на Украине - 15 лет, в Латвии и Литве - 18 лет. Во всех указанных случаях она может быть сокращена судом по причинам, признанным уважительными. Только в Таджикистане суд не наделяется правом уменьшать разницу в возрасте между усыновителем и усыновляемым. При усыновлении отчимом (мачехой) ее наличие, как правило, не требуется.

В законодательстве Украины существует еще одно исключение: при усыновлении детей родственниками такая разница не требуется. Тем самым усыновление этими лицами поощряется. Семейный кодекс Республики Молдова и Гражданский кодекс Литовской Республики запрещают усыновление лицам, достигшим возраста 50 лет, но "в исключительных случаях суд может разрешить усыновлять и лицам более старшего возраста". Таким образом, предусмотрен ценз в отношении максимального возраста усыновителя. Подобные условия в законодательстве об усыновлении направлены на создание такой семьи, в которой возраст всех ее членов максимально соответствовал бы возрасту членов естественной биологической семьи.

Необходимым условием для установления усыновления является соблюдение требований, предъявляемых к личности усыновителя. Недееспособность (ограниченная дееспособность), лишение или ограничение в родительских правах, отстранение от выполнения опекунских обязанностей за ненадлежащее их выполнение, отмена усыновления по вине усыновителя являются фактами, наличие которых исключает возможность усыновления в Азербайджане, Казахстане, Таджикистане, Эстонии, Беларуси, Молдове. Правительства Кыргызской Республики, Армении, Беларуси, Казахстана, Молдовы, Таджикистана полномочны устанавливать перечень заболеваний, при наличии которых лицо не может усыновить ребенка. В Республике Молдова кроме указанных ограничений установлен запрет на усыновление для лиц, ведущих себя аморально, а также представивших подложные документы и желающих оформить фиктивное усыновление.

На Украине, кроме того, не могут усыновлять лица, состоящие на учете в психоневрологических и наркологических диспансерах или лечась в таких учреждениях, лица, злоупотребляющие спиртными напитками или наркотическими средствами, лица, которые на момент усыновления не имеют постоянного дохода, желающие оформить усыновление с целью получения материальной или иной выгоды.

Условие о необходимости дохода, обеспечивающего усыновляемому прожиточный минимум, закреплено и в белорусском законе, и в Кыргызстане наряду с запретом усыновлять лицам, имеющим на этот момент судимость за умышленное преступление и не имеющим постоянного места жительства и жилого помещения, отвечающего установленным санитарным и техническим требованиям.

Перечисленные условия направлены на недопущение усыновления теми, кто не в состоянии обеспечить ребенку нормальную моральную и материальную обстановку в семье, привить ему принятые в обществе нравственные ценности. В Казахстане, Армении, Кыргызстане и Таджикистане недееспособность (ограниченная дееспособность) супруга усыновителя является препятствием для усыновления. В законодательстве Украины, Молдовы, Эстонии, Латвии такого запрета нет. Думается, состояние недееспособного (ограниченно дееспособного) супруга усыновителя может стать причиной дискомфортной обстановки в семье, причинения моральной травмы усыновляемому, поэтому усыновление не должно допускаться.

Обеспечению благоприятной моральной обстановки в семье служит и норма о необходимости получения согласия супруга усыновителя, которое, как правило, требуется, если ребенок усыновляется только одним из супругов. Не требуется согласие, если супруги фактически прекратили семейные отношения, проживают раздельно более года (по украинскому законодательству - более шести месяцев) и место жительства другого супруга неизвестно. Эти нормы аналогичны в законодательстве Казахстана, Латвии, Молдовы, Таджикистана, Кыргызстана, Армении, Украины, Эстонии. Гражданский кодекс Литовской Республики гласит: "Письменное согласие на усыновление от другого супруга не требуется, если суд принял решение насчет проживания супругов порознь или если супруг объявлен находящимся неизвестно где или признан недееспособным".

Еще одно важное условие усыновления - согласие ребенка. Оно необходимо, если ребенок достиг возраста семи лет (Эстония), десяти (Казахстан, Таджикистан, Беларусь, Молдова, Украина), двенадцати лет (Латвия), за исключением случая, когда ребенок проживал в семье усыновителя и считал его своим родителем. Согласие ребенка, достигшего десяти лет, требуется также на изменение его фамилии, имени,

отчества и на запись усыновителей в качестве родителей. В Эстонии имя и фамилия усыновляемого, достигшего возраста семи лет, могут быть изменены только с его согласия. Исключения из этого правила не устанавливаются. Латвийский Гражданский закон гласит, что "усыновляемому присваивается фамилия усыновителя". Это требование не ставится в зависимость от желания усыновителя и усыновляемого. Перечисленные нормы гарантируют ребенку, достигшему определенного возраста, с которого, по мнению законодателя, он в состоянии принимать решения по наиболее важным вопросам в своей жизни, право выражать свое мнение, определять, в какой семье жить и воспитываться.

Необходимым условием усыновления является согласие законного представителя ребенка. Для усыновления ребенка, родители которого живы и не лишены родительских прав, необходимо их согласие. Оно может быть дано на усыновление ребенка конкретным лицом или без указания такового. Согласие необходимо заверить у нотариуса, руководителя органа опеки по месту производства усыновления, руководителя учреждения, в котором находится ребенок, или выразить непосредственно при производстве усыновления.

Получение согласия родителей (иных законных представителей ребенка), безусловно, необходимо при установлении усыновления и обеспечивает соблюдение прав и законных интересов этих лиц, таких как право на проживание с ребенком, воспитание, определение имени, иных неимущественных, а также целого ряда имущественных прав (например, наследственные, алиментные), вытекающих из наличия родительских правоотношений. Рассмотренные особенности законодательства стран СНГ и Балтии об усыновлении показывают, что многие нормы универсальны, проверены временем, наличие общих тенденций развития и целесообразность их существования не вызывает сомнений.

Таким образом, усыновление дает возможность создать ребенку максимально близкие к семейным условия жизни и воспитания. Реализация на практике новых положений законодательства, направленных на защиту прав и законных интересов детей при усыновлении, позволит избежать злоупотреблений в этой важной социальной сфере деятельности государства, поможет детям под контролем суда с учетом их интересов обрести нормальную полноценную семью.

Әдебиеттер

1. Кустова В. В. Актуальные проблемы установления усыновления в российском праве // Журнал российского права. 2002. N 7. С. 81.
2. Семейный кодекс Украины от 10 января 2002 г. N 2947-III 1 // Ведомости Верховной Рады. 2002. N 21 - 22. Ст. 135; [www. minjust. Ru](http://www.minjust.Ru); Семейный кодекс Республики Таджикистан от 13 ноября 1998 г. // Ахбори Маджлиси Оли Республики Таджикистан. 1998. N 22. Ст. 303; 2006. N 4. Ст. 196; [www. minjust. Ru](http://www.minjust. Ru); Закон Эстонской Республики "О семье" от 12 октября 1994 г. // Государственный вестник. 1994. N 75. Ст. 1326; [www. minjust. Ru](http://www.minjust. Ru); Закон Республики Казахстан от 17 декабря 1998 г. N 321 "О браке и семье" // Казахстанская правда. 1998. N 241; [www. minjust. Ru](http://www.minjust. Ru); Семейный кодекс Республики Армения от 8 декабря 2004 г. N HO-123; [www. minjust. Ru](http://www.minjust. Ru); Семейный кодекс Азербайджанской Республики от 28 декабря 1999 г. N 781-ПГ // [www. minjust. Ru](http://www.minjust. Ru); Гражданский кодекс Литовской Республики (Третья книга. Семейное право) от 18 июля 2000 г. N VIII-1964 // [www. minjust. Ru](http://www.minjust. Ru); Семейный кодекс Кыргызской Республики от 30 августа 2003 г. N201 // [www. minjust. ru](http://www.minjust. ru); Гражданский кодекс Грузии (Книга Пятая. Семейное Право) от 26 июня 1997 г. N 786-Пс // [www. minjust. ru](http://www.minjust. ru).
3. Семейный кодекс Республики Молдова от 26 октября 2000 г. N 1316-XIV // Мониторул Официал ал Р. Молдова. 2001. N 47 - 48; [www. minjust. ru](http://www.minjust. ru).
4. Гражданский закон Латвийской Республики (Первая часть. Семейное право) от 25 мая 1993 г. // Zinotajs. 1993. N 22/23; [www. minjust. ru](http://www.minjust. ru).

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының және ТМД Достастық елдерінің бала асырап алу туралы заңдарын іске асыру және қолданылу практикасының ерекшеліктері қаралады.

Summaru

In article features of practice of application and implementation of the legislation of the Republic of Kazakhstan and the Commonwealth countries of the CIS about adoption (adoption) are considered.

Ж.С.Калканова -к.ю.н., доцент, **К.Б.Усипбаева** -магистрант,
ЮКУГ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

УСЫНОВЛЕНИЕ И ОПЕКА В МЕЖДУНАРОДНОМ ЧАСТНОМ ПРАВЕ

Аннотация: Правовое регулирование усыновления, особенности процедуры усыновления, судебного порядка установления усыновления детей, специфика усыновления детей иностранцами – до конца не изучены и проанализированы, в связи с чем, все эти вопросы требуют дальнейшего исследования учеными и практиками нашей страны, а также совершенствования законодательства Республики Казахстан, регулирующего данный круг общественных отношений.

Ключевые слова: усыновление, защита прав, усыновитель, иностранный элемент, семейные отношения, семья, брак, дети, родственники, детские дома

Проблемы и сложности, связанные с усыновлением детей, существовали на всех исторических этапах становления этого института и были присущи практически всем правовым системам. Это связано как со сложностью самого института усыновления, так и с внутренней политикой каждого конкретного государства на определенном этапе его развития; существующим уровнем развития законодательной техники, накопленным и обобщенным опытом решения практических задач в области усыновления; меняющейся геополитической обстановкой в мире.

В соответствии с международным и казахстанским правом и законодательством обеспечение интересов детей - основополагающая задача семейного права. Ребенок является самостоятельной личностью, имеющей с момента рождения определенные права.

